

12009

14754

бай Құрманбайұлы


АЛАШ

ЖӘНЕ ТЕРМИНТАНУ



1854

1854





811.218
ББК 81
К 77

Шерубай Құрманбайұлы

АЛАШ

ЖӘНЕ ТЕРМИНТАНУ

Монография



Алматы 2008
"Ел-шежіре"

ББК 81.2-3
Қ 77

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті «Әлеуметтік маңызды әдебиет
түрлерін шығару» бағдарламасы*

Пікір жазғандар:

Ә. Ахметов, филология ғылымдарының докторы, профессор
Б.Әбілқасымов, филология ғылымдарының докторы, профессор

Қ 77 Құрманбайұлы Ш.

Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы.
1910-1930 жылдар). (монография). Алматы, «Ел-шежіре» ҚҚҚ, 2008. 240 бет.

ISBN 978-601-7011-71-0

Бұл монографияда XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы қарастырылады. Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Халел Досмұхамедұлы, Жұмахан Күдерин, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Міржақып Дулатұлы сынды қазақ білімпаздарының терминологияны қалыптастырудағы рөлі, терминжасам тәжірибесі жан-жақты талданады. 1910-1930 жылдар аралығындағы терминологияның даму бағыты, сол кезеңнің сипаты, ерекшеліктері көрсетіледі.

Ғылыми еңбек тілші ғалымдар мен оқытушыларға, филология факультеттерінің студенттері мен магистранттарына, докторанттарға, сондай-ақ қазақ терминологиясының ғылым тілінің даму тарихы қызықтыратын көпшілік қауымға арналған.

ББК 81.2-3

Қ 460200000
00(05)-08

ISBN 978-601-7011-71-0

© Құрманбайұлы Ш. 2008
© «Ел-шежіре» ҚҚҚ 2008

КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ терминологиясы өзінің даму, қалыптасу тарихында бірнеше кезеңдерден өтті. Ол кезеңдердің әрқайсысы қоғамымыздың саяси-экономикалық, тарихи-мәдени өмірінде болған өзгерістермен тығыз байланысты. Қоғам өмірінде болған ондай өзгерістер терминологиялық лексиканың қалыптасуына тікелей әсер етті.

XX ғасырда қазақ халқының қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өмірі елеулі өзгерістерге каншалықты толы болса, ондай өзгерістер терминологияның, ғылым тілінің дамуына да соншалықты әсер етті, із қалдырды. Өткенімізден сабақ алып, атқарылған ісіміздің дұрысы мен бұрысын сарапқа салып, елеспекшеп алу ең алдымен, болашақта істелер істеріміздің баянды болуы үшін қажет. Ұлттық терминкордың әр кезеңінің ерекшелігін, өзіндік сипатын анықтаудың маңыздылығы да сонда. Сол себепті жаңа ғасыр басталып, терминтанудың алдына да жаңа міндеттер жүктеліп отырған қазіргі шақта қазақ терминологиясының даму, қалыптасуының айрықша бір кезеңі болып саналатын өткен ғасырдың 20-жылдарын арнайы қарастырудың өзектілігі еш дау туғызбайды. Ұсынылып отырған зерттеу еңбегімізде терминология дамуының аталған кезеңіне тікелей тоқталып, ой-пікірлеріміз бен тұжырымдарымызды ортаға салуды өзімізге міндет санағандығымыз да сондықтан.

Бүгін «Алаш», «Алашорда» десек, XX ғасырдың 20-30 жылдары еліне қалтқысыз, қызмет еткен, үркер шоқжұлдызындай бір топ қазақ зиялылары, мемлекетшіл тұлғалар, халқымыздың қайраткер ұлдары ойымызға оралады. Ел мүддесі, ұлттық мемлекеттілік үшін қажымай күресіп, аянбай еңбек еткен олардың есімдері ұзақ жылдар бойы аталмай келсе, ал қазір «алаш қайраткерлері», «алаш зиялылары» деп айрықша құрметпен аталатын болды. Алашының азаттығы жолында басын бәйгеге тіккен нар тұлғалардың, алаш зиялыларының соңында қалған мұраларын жан-жақты зерттеп, тарихтан сабақ ала отырып, сол мұраны олар армандаған тәуелсіз

Жоғарыда келтірілген пікірінде Қ.Кемеңгерұлы геометрия десе, қазақтың «көзіне түк елестемейді» депті. Бұл бір қарағанда аса көңіл аударуды қажет етпейтін сөз сияқты болып көрінуі мүмкін. Шындығында олай емес. Керісінше, ғалымның осы пікірі айрықша назар аударуды қажет етеді. Терминологияда «термин мағынасының ұғынықтылығы» (прозрачность значения термина) деген ұғым бар. Кеңес ғалымдарының өзі бұл мәселеге кейіннен 70-80 жылдары ғана ден қойды. Қ.Кемеңгерұлының жиырмамыншы жылдары-ақ ұлт тілін тұтынушыға терминнің белгілейтін ұғымы жөнінде ашық мәлімет беріп тұруы керек деуі айрықша құнды пікір. Алаш зиялыларының лингвистикалық мұрасына тереңірек үнілген сайын мұндай ғылыми құндылығын жоймаған тұжырымдарды әлі кездестіре беретіндігімізге күмән келтіре алмаймыз.

Қошқе мұрасын зерттеуші О.Жұбаева «Мұрағат деректеріне зер салсақ, Қ.Кемеңгерұлы жаратылыстану, химия пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударғанынан хабардар боламыз. Сонымен қатар мұрағат қорында Қ.Кемеңгерұлының 1925 жылдың 16 қарашасында «Ауылшаруашылық ғылымы» атты кітапты аударуға келісім беретіні жайында хаты сақталған» деп көрсетеді. Ғалымның осы аталған және өзге де аудармалары мен «Орысша-қазақша сөздігі» табылып жатса, оның қаламынан туындаған көптеген терминдерін де анықтаудың, оның терминжасам, аударма тәжірибесінің ерекшеліктерін көрсетудің де мүмкіндігі туындары сөзсіз. Сондықтан тілші ғалымдардың, Қошкетанушылардың бұл бағыттағы ізденістері әлі де жалғаса беруге тиіс.

20-жылдардағы қазақ терминографиясы

III .1. Термин, терминология мәселелерінің мерзімді
баспасөз беттерінде сөз болуы

Қазақтың ғылым тілінің, терминологиясының қалыптасу тарихында ХХ ғасыр басындағы жарық көрген мақалалардың, оқу құралдарының, сөздіктердің алатын орны айрықша. Бұл кезеңде терминологияны қалыптастыру ісімен қазақ тіл білімінің негізін қалаушы аса көрнекті ғалым А.Байтұрсынұлы және онымен замандас, мұраттас алаш оқығандары айналысқандығы белгілі. Бұл кезең оныншы жылдардан басталғанымен алаш зиялыларының қарқынды жұмыс істеген уақыты 1920 жыл мен 1930 жылға дейінге он жылдай уақытты қамтиды. Соңғы он-он бес жыл көлемінде Алаш зиялыларының шығармалар жинағы жарық көрді. Сол кезеңде жарық көрген терминдер сөздігі мен зерттеу еңбектері қайта басылып шықты. Олардың қатарына «Тән сөздері», «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі», Н.Төрекүлұлының «Жат сөздер туралы» сияқты еңбектерді қосуға болады. Кезең келбетін айқындау бағытында жүргізілген ізденістеріміз де жоқ емес. Бұл кезеңнің ерекшелігі, Аханның терминологияны қалыптастырудағы рөлі туралы бірқатар мақалалар жарық көргенімен, жүйелі жазылған, терең лингвистикалық талдау жасалған осы кезеңнің толық сипатын ашып көрсететін іргелі ғылыми еңбек әлі жариялана қойған жоқ. Ондай іргелі еңбек осы кезеңде жазылған ірілі-ұсақты еңбектерді, мақалаларды, сөздіктерді жинақтап, оларды ғылыми сараптау арқылы жазылары сөзсіз. Біздің жиырмасыншы жылдары жарық көрген бірқатар еңбектерді қайта бастырып шығарып, сол жылдары жарық көрген мақалалардың жинағын құрастырудағы басты мақсатымыз – алаш зиялыларының қазақ терминологиясын дамыту бағытында атқарған істерін, жұртшылыққа таныстыра отырып, олардың қалдырған мұрасы арқылы сол кезеңнің тұтас келбетін айқындау болатын. Олай дейтініміз, кенестік дәуірдің 30-жылдардан кей-

Жоғарыда келтірілген пікірінде Қ.Кемеңгерұлы геометрия десе, қазақтың «көзіне түк елестемейді» депті. Бұл бір қарағанда аса көңіл аударуды қажет етпейтін сөз сияқты болып көрінуі мүмкін. Шындығында олай емес. Керісінше, ғалымның осы пікірі айрықша назар аударуды қажет етеді. Терминологияда «термин мағынасының ұғынықтылығы» (прозрачность значения термина) деген ұғым бар. Кеңес ғалымдарының өзі бұл мәселеге кейіннен 70-80 жылдары ғана ден қойды. Қ.Кемеңгерұлының жиырма бесінші жылдары-ақ ұлт тілін тұтынушыға терминнің белгілейтін ұғымы жөнінде ашық мәлімет беріп тұруы керек деуі айрықша құнды пікір. Алаш зиялыларының лингвистикалық мұрасына тереңірек үнілген сайын мұндай ғылыми құндылығын жоймаған тұжырымдарды әлі кездестіре беретіндігімізге күмән келтіре алмаймыз.

Қошқа мұрасын зерттеуші О.Жұбаева «Мұрағат деректеріне зер салсақ, Қ.Кемеңгерұлы жаратылыстану, химия пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударғанынан хабардар боламыз. Сонымен қатар мұрағат қорында Қ.Кемеңгерұлының 1925 жылдың 16 қарашасында «Ауылшаруашылық ғылымы» атты кітапты аударуға келісім беретіні жайында хаты сақталған» деп көрсетеді. Ғалымның осы аталған және өзге де аудармалары мен «Орысша-қазақша сөздігі» табылып жатса, оның қаламынан туындаған көптеген терминдерін де анықтаудың, оның терминжасам, аударма тәжірибесінің ерекшеліктерін көрсетудің де мүмкіндігі туындары сөзсіз. Сондықтан тілші ғалымдардың, Қошкетанушылардың бұл бағыттағы ізденістері әлі де жалғаса беруге тиіс.

20-жылдардағы қазақ терминографиясы

III .1. Термин, терминология мәселелерінің мерзімді баспасөз беттерінде сөз болуы

Қазақтың ғылым тілінің, терминологиясының қалыптасу тарихында ХХ ғасыр басындағы жарық көрген мақалалардың, оқу құралдарының, сөздіктердің алатын орны айрықша. Бұл кезеңде терминологияны қалыптастыру ісімен қазақ тіл білімінің негізін қалаушы аса көрнекті ғалым А.Байтұрсынұлы және онымен замандас, мұраттас алаш оқығандары айналысқандығы белгілі. Бұл кезең оныншы жылдардан басталғанымен алаш зиялыларының қарқынды жұмыс істеген уақыты 1920 жыл мен 1930 жылға дейінге он жылдай уақытты қамтиды. Соңғы он-он бес жыл көлемінде Алаш зиялыларының шығармалар жинағы жарық көрді. Сол кезеңде жарық көрген терминдер сөздігі мен зерттеу еңбектері қайта басылып шықты. Олардың қатарына «Пән сөздері», «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі», Н.Төреқұлұлының «Жат сөздер туралы» сияқты еңбектерді қосуға болады. Кезең келбетін айқындау бағытында жүргізілген ізденістеріміз де жоқ емес. Бұл кезеңнің ерекшелігі. Аханның терминологияны қалыптастырудағы рөлі туралы бірқатар мақалалар жарық көргенімен, жүйелі жазылған, терең лингвистикалық талдау жасалған осы кезеңнің толық сипатын ашып көрсететін іргелі ғылыми еңбек әлі жариялана қойған жоқ. Ондай іргелі еңбек осы кезеңде жазылған ірілі-ұсақты еңбектерді, мақалаларды, сөздіктерді жинақтап, оларды ғылыми сараптау арқылы жазылары сөзсіз. Біздің жнырмасыншы жылдары жарық көрген бірқатар еңбектерді қайта бастырып шығарып, сол жылдары жарық көрген мақалалардың жинағын құрастырудағы басты мақсатымыз – алаш зиялыларының қазақ терминологиясын дамыту бағытында атқарған істерін, жұртшылыққа таныстыра отырып, олардың қалдырған мұрасы арқылы сол кезеңнің тұтас келбетін айқындау болатын. Олай дейтініміз, кенестік дәуірдің 30-жылдардан кей-

Жоғарыда келтірілген пікірінде Қ.Кемеңгерұлы геометрис десек, казактын «көзіне түк елестемейді» депті. Бұл бір карағанда аса көңіл аударуды қажет етпейтін сөз сияқты болып көрінуі мүмкін. Шындығында олай емес. Керісінше, ғалымның осы пікірі айрықша назар аударуды қажет етеді. Терминологияда «термин мағынасының ұғынықтылығы» (прозрачность значении термина) деген ұғым бар. Кеңес ғалымдарының өзі бұл мәселеге кейіннен 70-80 жылдары ғана ден қойды. Қ.Кемеңгерұлының жиырмамыншы жылдары-ақ ұлт тілін тұтынушыға терминнің белгілейтін ұғымы жөнінде ашық мәлімет беріп тұруы керек деуі айрықша құнды пікір. Алаш зиялыларының лингвистикалық мұрасына тереңірек үнілген сайын мұндай ғылыми құндылығын жоймаған тұжырымдарды әлі кездестіре беретіндігімізге күмән келтіре алмаймыз.

Қошқа мұрасын зерттеуші О.Жұбаева «Мұрағат деректеріне зер салсақ, Қ.Кемеңгерұлы жаратылыстану, химия пәндері бойынша оқулықтарды казак тіліне аударғанынан хабардар боламыз. Сонымен қатар мұрағат қорында Қ.Кемеңгерұлының 1925 жылдың 16 қарашасында «Ауылшаруашылық ғылымы» атты кітапты аударуға келісім беретіні жайында хаты сақталған» деп көрсетеді. Ғалымның осы аталған және өзге де аудармалары мен «Орысша-казакша сөздігі» табылып жатса, оның қаламынан туындаған көптеген терминдерін де анықтаудың, оның терминжасам, аударма тәжірибесінің ерекшеліктерін көрсетудің де мүмкіндігі туындары сөзсіз. Сондықтан тілші ғалымдардың, Қошкетанушылардың бұл бағыттағы ізденістері әлі де жалғаса беруге тиіс.

20-жылдардағы қазақ терминографиясы

III .1. Термин, терминология мәселелерінің мерзімді
баспасөз беттерінде сөз болуы

Қазақтың ғылым тілінің, терминологиясының қалыптасу тарихында ХХ ғасыр басындағы жарық көрген мақалалардың, оқу құралдарының, сөздіктердің алатын орны айрықша. Бұл кезеңде терминологияны қалыптастыру ісімен қазақ тіл білімінің негізін қалаушы аса көрнекті ғалым А.Байтұрсынұлы және онымен замандас, мұраттас алаш оқығандары айналысқандығы белгілі. Бұл кезең оныншы жылдардан басталғанымен алаш зиялыларының қарқынды жұмыс істеген уақыты 1920 жыл мен 1930 жылға дейінге он жылдай уақытты қамтиды. Соңғы он-он бес жыл көлемінде Алаш зиялыларының шығармалар жинағы жарық көрді. Сол кезеңде жарық көрген терминдер сөздігі мен зерттеу еңбектері қайта басылып шықты. Олардың қатарына «Пән сөздері», «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі», Н.Төреқұлұлының «Жат сөздер туралы» сияқты еңбектерді қосуға болады. Кезең келбетін айқындау бағытында жүргізілген ізденістеріміз де жоқ емес. Бұл кезеңнің ерекшелігі. Аханның терминологияны қалыптастырудағы рөлі туралы бірқатар мақалалар жарық көргенімен, жүйелі жазылған, терең лингвистикалық талдау жасалған осы кезеңнің толық сипатын ашып көрсететін іргелі ғылыми еңбек әлі жариялана қойған жоқ. Ондай іргелі еңбек осы кезеңде жазылған ірілі-ұсақты еңбектерді, мақалаларды, сөздіктерді жинақтап, оларды ғылыми сараптау арқылы жазылары сөзсіз. Біздің жнырмасыншы жылдары жарық көрген бірқатар еңбектерді қайта бастырып шығарып, сол жылдары жарық көрген мақалалардың жинағын құрастырудағы басты мақсатымыз – алаш зиялыларының қазақ терминологиясын дамыту бағытында атқарған істерін, жұртшылыққа таныстыра отырып, олардың қалдырған мұрасы арқылы сол кезеңнің тұтас келбетін айқындау болатын. Олай дейтініміз, кенестік дәуірдің 30-жылдардан кей-

Жоғарыда келтірілген пікірінде Қ.Кемеңгерұлы геометрия десе, қазақтың «көзіне түк елестемейді» депті. Бұл бір карағанда аса көңіл аударуды қажет етпейтін сөз сияқты болып көрінуі мүмкін. Шындығында олай емес. Керісінше, ғалымның осы пікірі айрықша назар аударуды қажет етеді. Терминологияда «термин мағынасының ұғынықтылығы» (прозрачность значения термина) деген ұғым бар. Кеңес ғалымдарының өзі бұл мәселеге кейіннен 70-80 жылдары ғана ден қойды. Қ.Кемеңгерұлының жиырма бесінші жылдары-ақ ұлт тілін тұтынушыға терминнің белгілейтін ұғымы жөнінде ашық мәлімет беріп тұруы керек деуі айрықша құнды пікір. Алаш зиялыларының лингвистикалық мұрасына тереңірек үнілген сайын мұндай ғылыми құндылығын жоймаған тұжырымдарды әлі кездестіре беретіндігімізге күмән келтіре алмаймыз.

Қошқа мұрасын зерттеуші О.Жұбаева «Мұрағат деректеріне зер салсақ, Қ.Кемеңгерұлы жаратылыстану, химия пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударғанынан хабардар боламыз. Сонымен қатар мұрағат қорында Қ.Кемеңгерұлының 1925 жылдың 16 қарашасында «Ауылшаруашылық ғылымы» атты кітапты аударуға келісім беретіні жайында хаты сақталған» деп көрсетеді. Ғалымның осы аталған және өзге де аудармалары мен «Орысша-қазақша сөздігі» табылып жатса, оның қаламынан туындаған көптеген терминдерін де анықтаудың, оның терминжасам, аударма тәжірибесінің ерекшеліктерін көрсетудің де мүмкіндігі туындары сөзсіз. Сондықтан тілші ғалымдардың, Қошкетанушылардың бұл бағыттағы ізденістері әлі де жалғаса беруге тиіс.

20-жылдардағы қазақ терминографиясы

III .1. Термин, терминология мәселелерінің мерзімді
баспасөз беттерінде сөз болуы

Қазақтың ғылым тілінің, терминологиясының қалыптасу тарихында ХХ ғасыр басындағы жарық көрген мақалалардың, оқу құралдарының, сөздіктердің алатын орны айрықша. Бұл кезеңде терминологияны қалыптастыру ісімен қазақ тіл білімінің негізін қалаушы аса көрнекті ғалым А.Байтұрсынұлы және онымен замандас, мұраттас алаш оқығандары айналысқандығы белгілі. Бұл кезең оныншы жылдардан басталғанымен алаш зиялыларының қарқынды жұмыс істеген уақыты 1920 жыл мен 1930 жылға дейінге он жылдай уақытты қамтиды. Соңғы он-он бес жыл көлемінде Алаш зиялыларының шығармалар жинағы жарық көрді. Сол кезеңде жарық көрген терминдер сөздігі мен зерттеу еңбектері қайта басылып шықты. Олардың қатарына «Пән сөздері», «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», «Қазақ білімпаздарының тұңғыш снесі», Н.Төреқұлұлының «Жат сөздер туралы» сияқты еңбектерді қосуға болады. Кезең келбетін айқындау бағытында жүргізілген ізденістеріміз де жоқ емес. Бұл кезеңнің ерекшелігі. Аханның терминологияны қалыптастырудағы рөлі туралы бірқатар мақалалар жарық көргенімен, жүйелі жазылған, терең лингвистикалық талдау жасалған осы кезеңнің толық сипатын ашып көрсететін іргелі ғылыми еңбек әлі жариялана қойған жоқ. Ондай іргелі еңбек осы кезеңде жазылған ірілі-ұсақты еңбектерді, мақалаларды, сөздіктерді жинақтап, оларды ғылыми сараптау арқылы жазылары сөзсіз. Біздің жиырмасыншы жылдары жарық көрген бірқатар еңбектерді қайта бастырып шығарып, сол жылдары жарық көрген мақалалардың жинағын құрастырудағы басты мақсатымыз – алаш зиялыларының қазақ терминологиясын дамыту бағытында атқарған істерін, жұртшылыққа таныстыра отырып, олардың қалдырған мұрасы арқылы сол кезеңнің тұтас келбетін айқындау болатын. Олай дейтініміз, кеңестік дәуірдің 30-жылдардан кей-

отырған кезенді зерттеу тілші ғалымдар назарынан тыс қалды дей алмаймыз. Алайда алаш зиялылары белсенді қызмет еткен жылдарға сәйкес келетін ХХ ғасырдың басындағы қазақ терминологиясы дамуының өзіндік ерекшеліктері мол осы кезені терминтанушылық тұрғыдан тұтас қамтылған жүйелі зерттеу нысаны бола алмай келді. Сол себептен терминология дамуының осы кезенінің негізгі сипатын ашып, алаш оқығандарының терминжасам тәжірибесі мен ұстанған қағидастарына ғылыми-лингвистикалық талдау жасап, олардың «терминологиялық көзқарастарын» анықтау міндеті алдымызда тұр.

Біздің пікірімізше, терминологияның қалыптасуына қазақ баспасөзінің де өзіндік ықпалы болғанына қарамастан, салалық терминологияның сараланып, тілдің терминологиялық жүйесінің қалыптасуы – ғылымның жеке салалары бойынша жазылған алғашқы оқулықтардың, ғылыми еңбектер мен терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен тікелей байланысты.

Өткен ғасырдың 10-жылдарынан бастап, ғылымның түрлі салалары бойынша қазақ тіліндегі жекелеген зерттеу еңбектері, түрлі оқулықтар мен оқу құралдары жазылып, қазақ баспасөзінің ел арасына ғылым-білімді кеңінен насихаттауы – қазақтың ғылым тілінің, ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына негіз қалады.

I.2. Алаш зиялыларының терминологияны қалыптастырудағы негізгі мақсаты мен ұстанған бағыты

I.2.1. Алаш зиялыларының терминқор қалыптастырудағы басты мақсаты

Алаш зиялылары терминологияны қалыптастыруда қандай мақсат көздеді? Сол мақсаттарына жету үшін қай бағытта жұмыс істеп, нендей қағидастарға сүйенді? деген сұрақтардың жауабын күтері сөзсіз. Алдымен, олардың термин жасауда, термин шығармашылығында не мақсат көздегендігіне тоқталудан бастаған орынды болса керек. ХХ ғасырдың 20-жылдары термин, терминология мәселелерімен айналысқан ұлт зиялыларының термин шығармашылығы мен олардың жазған еңбектері, мақалалары, баяндамалары, түрлі жиындарда (съезд, конференция) айтқан пікірлері негізінде олардың көздеген мақсатын анықтауға болады. Бұл тұрғыдан келгенде осы кезенді зерттеу барысында біз мынаған көз жеткіздік:

Өткен ғасыр басында ғылым-білім саласында еңбек еткен алаш оқығандары терминологиялық қорды қазақ тілі негізінде жасап, ұлттық ғылым тілін қалыптастыруды мақсат етті.

Олар қазақ балалары ана тілінде білім алып, ғылымды өз тілінде игеруі қажет деп санап, оған өте үлкен мән берді. Қазақ білімпаздары аталған мақсаттарына сәйкес жұмыстар атқарды. Оны ең алдымен, ғасыр басында (20-30-жылдары) алаш оқығандарының қаламынан туындаған оқулықтар мен оқу құралдарынан анық көруге болады. А.Байтұрсынұлының – «Тіл – құрал», «Әліппе», «Әдебиет танытқыш»; Е.Омарұлының – «Пішіндеме» Х.Досмұхамедұлының – «Жанұарлар», «Адамның тән тірлігі», «Табиғаттану», Ж.Аймауытұлының – «Психология», Ж.Күдериннің – «Өсімдіктану», М.Жұмабайұлының – «Педагогика», М.Дулатұлының – «Есеп тану» сынды оқулықтары мен оқу құралдарындағы терминдердің орта есеппен 90 пайызы қазақ тілінің төл сөздері немесе солардың негізінде жасалған жаңа атаулар болып келеді. Кірме атаулар 10-15 пайыздан аспайды. Олардың дені тіліміздің дыбыстық ерекшеліктерін ескеріп, үндестік заңын сақтай отырып өзгертіліп алынған. Осы деректің өзі алаш оқығандарының қазақ тіліндегі термин шығармашылығына басымдық бергеніне дәлел бола алады.

Екіншіден, сөз болып отырған кезеңде жарық көрген алғашқы терминологиялық сөздіктер де алаш зиялытарының терминқор қалыптастырудағы мақсаттарын айқындай түседі. Онда да біз «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», «Пән сөздері», «Атаулар сөздігі» сияқты қазақ тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздіктерді түзуде алаштықтардың ұлт тіліндегі термин шығармашылығына барынша басымдық бергенін көреміз.

Сондай-ақ алаш оқығандары өздері жазған төл оқулықтармен қатар ғылыми, танымдық және оқулық әдебиеттерді орыс тілінен аудару кезінде де оларда қолданылған терминдерді қазақша атауға, тілімізде бұрын болмаған ғылыми ұғымдардың атауларын білдіретін жаңа баламалар жасауға көп мән берді. Сол жылдардағы аударма әдебиеттерден мұны анық аңғаруға болады. Рас, жасалған баламалардың бәрі бірдей сәтті, ұғым мазмұнын дәл берді дей алмаймыз. Мысалы, «жауыздық низамнамасы», «шошақ», «бокша», «кара айғыр», «бейбауырмал», «атым оқ дәрі» сияқты бірқатар сәтті жасалмаған, дәл аударылмаған терминдер де болды. Соған қарамастан, 20-жылдарда қазақ оқығандары термин-жасам үрдерісінде қазақ тілінің барынша тиімді пайдаланылуы-

на үлкен мән берді. Олардың бұл бағытта елеулі іс тындырғанын ғылым тілінің тарихын, тіл білімінің ғасыр басындағы дамуын зерттеушілердің қай-қайсысы да мойындаса керек.

Жалпы терминологияны қалыптастыруға қатысты алаш оқығандарының өз арасында кейбір мәселелерге қатысты өзіндік пікірлері, жеке көзқарастары болғанмен, дәл терминқорды ұлт тілінде қалыптастыруға келгенде олар ортақ ұстаным төңірегіне топтасты. Яғни, қазақ тілінің терминологиялық лексикасының негізгі басым бөлігін ұлт тілінде жасап қалыптастыру – олардың ортақ мақсаты болды.

Бұл тұрғыдан келгенде, бізге алаш зиялыларының ісінен тағылым алуға тура келеді. Қазіргі кезеңде ұлт тілінде термин жасаудың жанданып отырғаны белгілі. Көптеген жаңа терминдер жасалып қолданысқа көше бастады. Бұл ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметін атқара бастауының бір көрінісі. Оны «пуризм», «псевдопатриотизм» деп танып, қазақ тілі ғылымға, термин шығармашылығына шектен тыс көп араласып кетті деуге болмайды. Бұл, түлтеп келгенде, онсыз да мүмкіндігі шектеліп келген тілдің ғылым саласындағы қызметінің қалыптасуына жол бермеу болып табылады. Рас, жасалып жатқан терминдердің бәрін бірдей мінсіз деп айта алмаймыз. Олардың ішінде терминологиялық жүйе мен терминдерге қойылатын талаптарға жауап бере алмайтындарының да бар екендігі даусыз. Ондай терминдердің қолданылуына жол бермеу дұрыс. Алайда, сәтсіз жасалған кейбір терминдерді мысалға келтіре отырып, қазақ тілінің термин жасауға икемсіздігін, ғылыми ұғымдарды дәл беруге мүмкіндігінің жетпейтіндігін дәлелдеуге тырысқысы келетіндермен келісуге болмайды.

Егер белгілі бір ұлттың тілі қоғамдық өмірдің кандай да бір саласындағы қызметін атқара алмай жатса, ол үшін тілді кінәлау мүлде дұрыс емес. Оның себептерін сол тілдің дамуына мүмкіндік бермей отырған қоғамнан іздеу немесе өз тілін қажетті деңгейде дамытып, тиісті салада қолдана алмай отырған ұлт зиялыларының өзінен көргені жөн. Сондықтан, мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілін термин шығармашылығында тиімді пайдаланып, оны шын мәніндегі ғылым мен техниканың тілі ете білу өзімізге тікелей байланысты. Бұл істе жалпы ұлттық кадрлардың, оның ішінде, ғалымдардың, салалық мамандардың рөлі айрықша.

Ал сәтсіз терминдердің жасалу себебіне келсек, ол термин жасаушының терминге қойылатын талаптарды білмеуінен, тілді дұрыс пайдалана алмауынан, ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекше-

лігін ескермеуден, тәжірибесіздіктен немесе жауапкершілікті сезінбеуден туындайтын әрекет. А. Байтұрсынұлы айтқандай, тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару екінің бірінің қолынан келе беретін жұмыс емес.

1.2.2. Алаш зиялыларының терминалмасу жөніндегі көзқарастары

Жалпы тілдер арасындағы өзара сөзалмасу, терминалмасу кашанда болып отыратын табиғи құбылыс. Өзге тілден сөз қабылдамай, тек өз ішінен байып отыратын тілді кездестіру қиын. Әлем халықтары тілдерінің қай-қайсысы да сөзалмасу құбылысынан тыс қала алмайды. Қазақ тілі де солай. Біздің лексикалық қорымызда да әр кезеңде түрлі халықтардың тілдерінен қабылданған сөздер едәуір. Мәселен, тілімізде араб-парсы, моңғол, орыс, қытай т.б. тілдерден енген сөздердің үлесі де тілімізге қабылдануына себеп болған факторлар да әрқелкі.

XX ғасыр басында қазақ тілінде білім беру ісі қарқынды түрде қолға алына бастағандықтан, ең алдымен мектеп оқулықтарында қолданылатын терминдерді жасау, оларды аудару (негізінен орыс тілінен) мәселесі туындады. Бұрын ұлт тілінде болмаған көптеген ұғымдардың атауларын түгелдей қазақша жасау оңайға соқпасы белгілі. Сондықтан, ондай бейтаныс, жат ұғымдардың атауларын алмастыратын ұтымды сөз, сәтті балама табылмаған жағдайда түпнұсқа тілдегі сөзді қабылдауға тура келеді. Осы мәселе бастапқыда алаш зиялыларының да алдынан шықты. Олар ғылыми ұғымдардың атауларын қай тілдерден алғанымыз дұрыс деген мәселенің шешімін іздесі. Алғашқыда түрлі пікірлер болды. Бірқатар оқығандар терминқорымызды қалыптастырудың өнімді сыртқы көзі ретінде араб-парсы тілдерін тануымыз керек деді. Олар негізінен мұсылманша білім алғандар болды. Енді бір топ білімпаздар түрік тілдеріне басымдық беру керек деген пікірге тоқталды. Келесі бірқатар зиялылар орыс, еуропа тілдеріне неқ арту қажет деп санады. Олар негізінен орысша білім алғандар болатын. Осы ұстанымдарына қарай олар «исламистер» немесе «арабшылдар», «түрікшілдер», «еуропашылдар» болып жіктелді. Бастапқыда осындай түрлі көзқарастар болғанымен, кейінірек олар пікірталастыра келіп, шет тілдерінен терминалмасу мәселесінде ортақ ұстанымға бір тоқтамға келді. Олардың мұндай ортақ ұстанымға келуіне тіл білімінің аса көрнекті ғалымы Ахмет Байтұрсынұлының ықпалы зор болғанын айту керек. Ол осы мәселеге қатысты пікірін ғылыми

тұрғыдан дәлелдеп, алғашқыда өзгеше көзқараста болған кейбір әріптестерін өз жағына шығара білді.

Араб пен парсы сөздерін термин ретінде көбірек пайдаланды жақтаушы мұсылманша оқығандар – «біз шығыс, мұсылман мәдениетінің бір бөлшегіміз, бірнеше ғасырға созылған тарихи байланысымызды үзуге негіз жоқ» – деген уәжді алға тартты. Ал оларға қарсы пікірдегілер – «араб елдері (мұсылман әлемі) бір кезде дәуірлеп дамығанмен, қазір олар өркениет көшінің соңында қалып отыр, әлемдік ғылымға қосары шамалы болып отыр, сондықтан олардан ғылым үйренеміз, термин аламыз деу қателік» деген ұстанымда болды. Оның үстіне КСРО орнағаннан кейін дінге деген коммунистік көзқарастың үстемдік етіп, қоғамға атеизмнің кеңінен насихаттала бастағаны белгілі. Сондай-ақ кеңес қоғамында орыс тілінің үстемдігі жыл санап артып, славян мәдениетінің үлгі ретінде ұсыныла бастауына байланысты бұл бағытты жақтаушылардың үні бәсең шықты. Олар 20-жылдарға дейін әлсің-әлсің мәселе көтергенімен, кейінірек мүлде тынышталып қалды.

Бұл жерде мына мәселені атап айту керек. Рас, XX ғасырда араб-парсы тілдері қазақ тілі үшін термин алудың сыртқы көзі өнімді пайдаланылған жоқ. Алайда тіліміздің оған дейінгі даму ретінде кезеңдерінде, айталық 7-9 ғасырлар мен орта ғасырларда бұл тілдің жалпыхалықтық лексикамыз бен ғылыми ұғымдар атаулардың қорын байытатын негізгі сыртқы көз болғанын ұмытуға болмайды. Біздің тілімізге әбден сіңіп, төл атауларымызға айналып кеткен мындаған араб-парсы сөздері бар. Шығыстанушы-арабист ғалымдар араб-парсы сөздері бүтінгі лексикалық қорымыздың шамамен 30 пайыздайын құрайтынын атап көрсетеді. Ендеше, лексикалық байлығымыз, терминқорымыз туралы сөз еткенде мұндай елеулі деректі, тарихи факторды ескерусіз қалдыру әділетсіздік болар еді. Қазақтың терминологиялық қорын қалыптастыруға аса қомақты үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлы да наху (грамматика), әріп (хариф) сынды араб сөздерін термин ретінде пайдаланудан қашпаған.

Тәуелсіздік алған 90-жылдардан кейін тілімізде араб сөздерін термин ретінде пайдалану үрдісі жаппай қарқын алып кетпесе де біршама жанданды. Әрине, қазіргі уақыттағы араб сөздерінің термин ретінде қолданысқа ене бастауын 7-9 ғасырлар мен орта ғасырлармен салыстыруға келмейді. Дәлірек айтқанда, қазіргі уақыттың үлкен ерекшелігі бар. Біз бүгінгі таңда ертеректегідей араб тілін термин алатын сыртқы көз ретінде тікелей пайдаланып отырған жоқпыз. Яғни, осы мерзімде терминалмасу қазіргі

араб әдеби тілінен қазақ тіліне тікелей термин қабылдау жолымен немесе бір делдал тілдің көмегімен жүзеге асып жатқан жоқ. Терминқорымызға соңғы он-он бес жыл көлемінде енген атаулар негізінен XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде тілімізде қолданылған атаулар. Кеңес дәуірі тұсында тілімізден шеттеп қалған сол атаулардың бірқатарын біз термин ретінде қайта пайдалана бастадық. Мысалы, мәтін (текст), құқық (право), құжат (документ) сияқты атаулар сол қатарға кіреді.

Ал түрікшілдер – «терминдерді туысқан түрік тілдерінен алғанымыз дұрыс, түбі бір тілдердің сөздері тілімізге тез кірігеді, мағынасы да түсінікті, көмескі емес» деген дәлел ұсынды. Түрікшілдерге қарсы пікірдегілер – «түркі халықтарының өзінде ғылым дамымаған (оның ішінде түріктерде де), өздері араб пен еуропаға жүгініп отырғандардан сөз іздеп әуре болудың қандай қажеті бар» – деді.

Ерекше назар аудартатын мәселенің бірі – алаш зиялыларының өздері түрік тілдерін терминжасамның сыртқы көзі ретінде тани отырып, термин алмасу үрдісінде пайдаланбағандығы. Бұл мәселенің лингвистикалық, тілден тыс (экстралингвистикалық) қырларына тереңірек үңілу қажет деп санаймыз. Бізге белгілі кейбір деректер негізінде әзірге мынадай болжамдар айтуға болады деп ойлаймыз. Алаш зиялыларының XX ғасыр басында түркі тілдестер арасында, жалпы Орта Азияда ғылымды дамытуда, саясатта көшбасшылық рөлге ұмтылғаны байқалады. Сондай-ақ алаш оқығандарының көпшілігі қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең бай және таза сақталған тіл деп санды. Сондықтан туысқан тілдестердің терминологиясын қалыптастыруда қазақ тіліне көбірек жүгінгені жөн деген де көзқарас болды. Осындай себептер көрші өзбек, қырғыз, татар және өзге де түрік тілдерінен терминалмасудың өріс алмауына негіз болған факторлардың қатарын құрады деп пайымдаймыз. Біз бұл тұста кейбір өзімізге мәлім деректерге ғана сүйеніп пайымдап отырғандықтан, мәселенің барлық қырын қамтыдық дей алмаймыз. Түркі тілдерінің терминалмасу мәселесі әлі де жан-жақты, терең лингвистикалық талдауларды қажет етеді. Біз атамаған басқа да көптеген факторлар мәселені арнайы зерттеу арқылы айқындалуы тиіс деп білеміз. Туыстас тілдердің өзара терминалмасуының күні бүгінге дейін жолға қойылмай келе жатқаны анық. Жалпы бұл тек тілдік тұрғыдан ғана сөз етіп қоймай, түркі тілді халықтардың болашағымен, еларалық ынтымақтастығымен де байланысты саяси-мәдени, ғылыми тұрғыдан кешенді түрде мән беруді қажет ететін маңызды мәселе.

Кез келген халық даму, өркендеу үрдісінде өзінен озық тұрған, ғылым-білімі, экономикасы жақсы дамыған жұрттардан көбірек үлгі алып, соларға қарап бой түзеуі, ұмтылуы да табиғи құбылыс. Терминалмасуда бұл да сөзсіз ескерілуі тиіс мәнді фактор.

Алаш оқығандарының арасында еуропа тілдеріне кең тараған терминдерді қабылдаудан қашпау керек дегендері де болды. Олар ғылымы дамыған жұрттардың сөздерін түпнұсқа тілдегіден көп өзгертпей қабылдау керек деген тұжырымға табан тіреді. Бірақ олардың бұл пікірі алаш оқығандарының көпшілігінің қолдауына ие болмады. Керісінше, Ахаң, Халел, Елдес сынды оқымыстылар шет тілдерінің сөздері адам танымастай өзгеріске ұшырап, қазақ сөзінің кейпіне еніп қабылдануы керек деген ұстанымда нық тұрды. Түбі солардың пікірі үстемдікке ие болып, термин қабылдауда 30-жылдарға дейін басымдық танытты. Сонымен алаш зиялылары терминалмасудың сыртқы көздерін екіге бөліп қарады. Біріншісі әрі негізгісі – түркі тілдері. Екіншісі – еуропа халықтары тілдері. Онда олардың кең тарған, халықаралық сипатқа ие болғандарын ғана қабылдау қажет деп санады. Ал орыс тілінің атауларын аударып, оларға балама табу қажет деген пікірде болды. Олар орыс тілін терминкор қалыптастыруда пайдаланылатын сыртқы көз ретінде атап көрсетпеді.

Алаш зиялылары қазақ тілінің терминологиялық қорын қалыптастыруда бірінші кезекте тіліміздің ішкі мүмкіндігіне сүйене отырып термин жасауға барынша басымдық берді. Алайда олар шет тілдерінен сөз алуға үзілді-кесілді қарсы болды деуге болмайды. Жалпы шет тілдеріне көп жүгінуге, кірме терминдердің басымдыққа ие болуына келіспеді десек, орынды болады. Олар еуропа сөздерін қабылдауды түркі тілдерінен ғылыми ұғымды атауға лайықты сөз табылмаған жағдайда ғана қабылдау керек деген ұстанымға тоқтады. Нәзір Төреқұлұлы оларды «ауропаның ортақ сөздері» деп атады. Араб тіліне қарағанда еуропа тілінен термин қабылдау дұрыс деушілердің пікірі басымдыққа ие болып отырды. Мәселен, Н.Төреқұлұлы «Білім ордасы ауропа терминдеріне қарағанда араб-парысқа қарағанда кеңірек жол ашсын. Ауропаның терминдеріне кеңірек жол ашсын дегенде барлық ауропа елдеріне ортақ терминдерді ойлап айтамыз» – деп жазды.

Әр ұлт тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес түрлі дәрежеде өзгеріске ұшырағанымен, негізінен түпнұсқа тілдегі қалпы мен мағынасын сақтап, аударылмай бірқатар тілдерде ортақ қолданылып жүрген терминдер бар. Қазақ терминологиясының тарихында он-

дай терминдерге деген көзқарас әр кезеңде әр түрлі болған. Оны терминология дамуының әр кезеңінде осы терминдердің қалай аталғандағынан да көруге болады. Өткен ғасырдың жиырма-сыншы жылдарының бас кезіндегі қазақ оқығандары өзге тілден қабылданған сөздерді “жат сөздер”, “кірме сөздер”, “бұратана сөздер”, “бөгде сөздер”, “қотыр сөздер”, “бұралқы сөздер” деп атап, бұл сөздердің тілімізге көптеп кіруін тілімізді шұбарлау ретінде қабылдады. Нәзір Төреқұлұлы «Жат сөздер» деген кітап жазса. Қошқе Кемеңгерұлы «қотыр сөздер» деген мақала жазды.

Өзге тілдерден енген сөздерді төл сөздеріміздей көрмей, оларды бөтенсініп *жат, кірме, бөгде, қотыр, бұралқы, бұратана* деген анықтауыштармен беру тіл тұтынушыларының, зиялылардың бұл сөздерге деген сол кезеңдегі көзқарасын білдіреді. Ал 30-жылдардан бастап бұл атауларға “интернационалдық терминдер”, “халықаралық терминдер” деген ат беріп, мұндай атаулардың көптеген халықтардың тілдеріне ортақтығын, ғылым-білім саласындағы қарым-қатынасты жеңілдететіндігін баса айта бастадык. Ондай сөздерді белгілі бір халық тілінің шеңберімен ғана шектелмейтін, бірнеше тілге қызмет ететін әмбсбап сөздер ретінде оларға “халықаралық” деген айрықша мәртебе беріп тілімізге көптеп қабылдаудың прогрессивтік жағын атап айтатын болдық. Қоғам дамуының, терминология қалыптасуының әр кезеңіндегі шет тілдерінен енген сөздердің түрліше аталуы бір қарағанда соншалықты назар аудара қоятындай мәселе сияқты көрінбеуі де мүмкін. Ал шын мәнінде бұған елеусіз қалдыра салатын ұсақ-гүйек нәрсе деп қарауға болмайды. Өйткені дәл сол атаулар арқылы ұлт зиялыларының, ғылыми жұртшылықтың, көпшілік қауымның кірме сөздерге берген бағасын, оларға деген көзқарасын көруге болады. Өзге тілден енген терминдердің мұндай атаулары тек атауыштық қана емес, сонымен бірге бағалауыштық қызмет те атқарып тұр. Бұл әлеуметтік лингвистикалық, психоллингвистикалық тұрғыдан қарастыруды, арнайы мән беруді қажет ететін тіл үшін маңызды мәселе. Мұндай нәрсеге қоғамдық сананың экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен немесе табиғи жолмен өзгергендігін, болмаса мәжбүрлеу жолымен өзгертілгендігін анықтауға негіз болатын тілдік-тарихи дерек ретінде қараған абзал. А. Байтұрсынұлы, Н. Төреқұлұлы, Х. Досмұхамедұлы сияқты ұлт зиялылары бастаған қазақ қауымы өзге тілден енген термин сөздерді “жат сөздер”, “кірме сөздер” десе, кейінгілер неліктен оларды “интернационализмдер”, “халықаралық терминдер” деп атайтын болғаны жөнінде шындап ойланып, оның себептерін іздеп те көрмеген екенбіз.

Өзге тілдерден сөз қабылдамай, сөз алмасу, термин алмасу процесіне мүлде тосқауыл қойып тастау мүмкін де, қажет те емес. Тілдер арасындағы өзара сөз алмасу қашанда болған, бола да береді. Шет тілдері терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде орнымен пайдаланылса дұрыс, ал ұлт тіліндегі термин шығармашылығын шектеп, өзге тілдерден термин қабылдауға жаппай жол беріп қарап отыру – шарасыздық. Ұлт тілінің бағын байлайтын, мүмкіндігін шектейтін ондай әрекетсіздіктің жалғаса беруіне немқұрайды қарауға болмайды.

Ғылымды игеру сол ғылым тілінің негізгі кілті болып табылатын (терминдерді) жұмбақ атауларды жаттаудан, жадына тоқудан, алдымен сол атаулардың мәнін ашып, не мағына беретіндігін біліп алудан басталатынын бізде мектеп оқушысынан бастап академикке дейін білсе керек. «Бастауыш» деген терминнің сөйлемнің басында тұратын бас мүше екендігін, ал «анықтауыштың» анықтайтын сөздің алдынан келетін сөйлем мүшесі екенін, ана тілінде тілі шыққан кез келген оқушының алғаш естігенде-ақ тұлғасына қарап тұспалдайтынын, ал кейін оның сөйлемдегі қызметі мен анықтамасын білген соң ешқашан ұмытпайтынын дәлелдеп жату артық болар. Себебі *бастау*, *анықтау* сөздерінің мағынасын тіл ғылымын әлі оқымағанына карамастан, әр бала біледі. Термин мағынасының ұғынықтылығы (прозрачность термина) мен тұлғасы таныстығы ғылым-білімді игеру кезінде ғана емес, оның ұзақ уақыт есте сақталуына, оңайлықпен ұмытылмауына да себеп болады. Мәселенің бұл қырына мән бермеу үлкен қателік.

1.2.3. Алаш зиялылары және кірме терминдерді жазу мәселесі

Жат сөздерді жазу да алаш оқығандары тарапынан әңгіме арқауы болған мәселелердің бірі. Кірме терминдерді жазудың тәртібін белгілеу шет тілдерінен термин қабылдау үдерісінде туындайтындықтан, мұны термин алмасу құбылысының бір қыры деп тануға болады. Жалпы кірме терминдерді жазу мәселесі ХХ ғасыр басында да, жалпыкөненстік терминқор қалыптастыру бағыты басталған 30-жылдардың ортасында да көтерілді. Қазақ терминологиясын дамытудың кеңестік қағидаттарына қайта қарай бастаған 90-жылдардың басынан бастап, бұл мәселе қайта күн тәртібіне шықты. Қазір де терминологиядағы шешімін күтіп отырған мәселенің біріне айналып отыр.

ХХ ғасыр басында қазақ зиялылары бұл мәселені қалай шешті

дегенге келсек, олар қай тілден сөз алса да қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкестендіріп қабылдау керек деген қағидатты ұстанды. Алаш оқығандары жат сөздер тілімізге «қазақтың шапанын жауып», «қазақтың тымағын киіп» снуі тиіс деген тұжырымды басшылыққа алды.

“Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар” деп жазды Ахмет Байтұрсынұлы. Мұны қазақтың бас тілшісінің сол кезеңдегі кірме терминдерді жазуға қатысты ұстанымы деп тануға болады. Кірме терминдерді жазу мәселесін алғаш арнайы зерттеп, терең талдау жасағандардың бірі – Нәзір Төреқұлұлы. Ол өзінің «Жат сөздер туралы» деп аталатын еңбегінде араб сөздерін жазуды, еуропа сөздерін жазуды жеке-жеке бөліп қарастырды. Н.Төреқұлұлының бұл еңбегін қазақ терминологиясының тарихындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі деп тануға толық негіз бар. Бірнеше тілді жетік білетін ғалым мәселенің мәніне терең үңіліп, ғылыми-практикалық құны зор тұжырымдар жасай білген. Мәселен, ол, тәшдид арқылы таңбаланатын қосарланып келген дауыссыздары бар араб сөздерінің қазақша қалай жазылуы керектігін көрсетеді. «Тәшдид мәселесі де жеңіл. Л, М, Н әріптері қатар келмейді. Қабат келіп қалғанда Л, Н-ның екіншісі Д болып кетеді. *Алла, молла, селле, міндет* (бұл сөздер түпнұсқада арабша берілген – Ш.Қ.) сықылды сөздер қазақшада *Алда, молда, селде, міндет* болып айтылады» – деп жазады ол.

Ғалым араб сөздерін өзгертпей алу дан сақтандырады. Мұндай әрекеттің өз тіліміздің заңдарына қайшы келетінін айрықша атап өтеді. «Біздің тілімізге соңғы заманда кірген я енді кірейін деген араб-парыс сөздері толып жатыр. Бұл сөздер көбінше «тымақ» кимей кіріп барады. Мұның себептері бар. Ең бірінші себебі: Арқадағы прессе араб-парыс сөздерін көбірек татардан үйренеді. *Ғылым, гибрат, гиззат, Құсейін, Ғазыза, ғараб, әлібба, әдабиат*, мәданиат деп қазақ тілін бұзу әдеті татардан Арқа қазағына өтіп, жалпы қазақ әдебиетіне күйедей жұғып барады. Бұл әдетті жою керек. Бұл жараны күйдіріп тастау керек. Татарда араб-парыс сөздерін бұзбай алу, бұзбай айту мінезі бар. Бұл мінез қазаққа жарамайды. Басқаның сөзін бұзбай айтам деп тіліңді бұрап жүргенде, өз тіліңнен айырылып қаласың» – дейді ғалым.

Араб тілін жетік меңгерген ғалым араб-парсы сөздерінің мағынасы мен жазылуын жіктеп-жіліктеп көрсете отырып, оларды қазақ тілінде қалай жазу қажеттігін екі тілдің дыбыстық жүйесін салыстыра отырып нақты көрсетіп береді.

Кірме сөздерді жазу мәселесіне «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы» атты белгілі мақаласында Халел Досмұхамедұлының да арнайы тоқталып, көптеген ғылыми құнды тұжырымдар жасағаны мәлім. Ол да «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек» деген қағидағты берік ұстанды. Өз ұстанымының дұрыстығын жан-жақты дәлелдеді.

Елдес Омарұлы да шет тілдерінен кірген терминдерді жазу мәселесін талқылаудан шет қалмады. Ол түбір сөздермен ғана шектелмей, кірме қосымшалардың да төл жұрнақтарымызбен алмастырылуы қажет деп санады. «Жаңа сөзді түбірге жат жұрнақ жалтап шығарғаннан өз жұрнағымызбен шығарған артық» - деп жазды ғалым.

Көріп отырғанымыздай, алаш зиялылары кірме терминдерді жазу мәселесіне ерекше мән берді. Оқығандардың көпшілігі мәселені шешу жолдарын ұсынып, өз пікірлерін ортаға салды. Алаштың көрнекті тілші ғалымдарының, тіл мәселесіне терең бойлай білген зиялылардың көпшілігінің кірме атауларды жазу туралы пікірлері бір арнаға тоғысты. Олар кірме терминдерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бағындырып (үндестік заңын, дыбыстар тіркесімін сақтай отырып) жазу қажет деп санады. Бұл – кірме терминдерді жазудағы олардың ортақ ұстанымы болды.

1.3. Алаш зиялылары және қазақ тілінің терминқорын қалыптастырудың бағыты

Тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болған бүгінгі таңдағы термин жасаудағы жаңа үрдіс ХХ ғасыр басында болған құбылысқа өте ұқсас. Сол себептен де алаш зиялыларының термин шығармашылығын жүзеге асыруда таңдаған жолына ерекше мән берген абзал. Қазіргі термин жасау ісіндегі жаңа үрдісті біз мүмкіндігі шектеліп келген тіліміздің еркіндікке ие болған тұстағы жаңа қарқыны, табиғи құбылыс деп танимыз. Тәжірибесіздік пен жауапсыздық салдарынан сөтсіз жасалған терминдердің лексикалық қорымызға енуіне жол бермеу дұрыс. Алайда ондай терминдерді мысалға ала отырып, бұл үрдістің астарынан «пурризм» іздеп, ұлт тіліндегі термин шығармашылығына қалайда тосқауыл қоюға ұмтылушылардың қарекетін құптауға негіз бар деп айта алмаймыз. Жаңадан жасалып жатқан терминдердің арнаулы ұғымды дәл бере алатындарын іріктеп алып, ресми бекітуге ұсынған жөн. Сөтті жасалғандарын дұрыс саралап алып, олар бе-

кітілгеннен кейін жатсынбай, бірізді қолданып, қалыптасып кетуіне мүмкіндік туғызсақ, төл терминологиямыздың ұлттық сипаты арта түскен болар еді. Тілші ғалымдар мен салалық мамандардың қазіргі таңдағы міндеттерінің бірі де осы болса керек.

Ана тілінің негізінде жасалынып, терминологиялық жүйеден орын алған терминдердің өзінің жасалуына негіз болған жалпы тілге қайта өту мүмкіндігі мол. Терминологияның ұлттық тілді байытудың бір көзі екенін мойындасақ, шет тілдерінің сөздерін шектен тыс көп қабылдау және оларды тіліміздің дыбыстық жүйесіне бағындырмау сол бұлақтың көзін бітеумен бірдей. Өзге тілдік қалпын бұзбай қабылданған терминдердің бейтерминдену мүмкіндігі өте төмен. Олар терминологиялық өрістен шыға алмай, арнаулы лексика шеңберімен ғана шектелетіндіктен де терминология мен жалпы лексиканың арасы алшақтай түседі. Нәтижесінде тілдің жалпы лексикасы мен арнаулы лексикасының арасында үздіксіз жүріп жататын табиғи үдеріске нұқсан келеді. Қазіргі кезде тіл білімінде кейбір белгілі тілші ғалымдардың «Жалпы лексика мен арнаулы лексика арасындағы байланыс қандай, терминология әдеби тілдің құрамына кіре ме» – деген мәселені қоюы жайдан-жай болмаса керек.

Түптеп келгенде, терминология дамуының қағидаттары «Ұлттық терминқор қалыптастыруда қандай бағыт-бағдар ұстанамыз?» және «Терминологиялық лексиканы қалыптастырудың ішкі және сыртқы көздерін қалай пайдалануымыз керек?» деген бір-бірімен тығыз байланысты негізгі екі сұраққа жауап беруге тиіс деп ойлаймыз. Ал барлық терминологиялық жұмыстардың жүргізілуі, бүкіл термин шығармашылығы біздің осы екі мәселеге қалай жауап бергенімізге байланысты шешімін таппақ. Терминологиямыздың даму тарихына теренірек үңілер болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы мен Елдес Омарұлынан бастап Әбдуәли Қайдарға дейінгі қолданыста болған немесе іс жүзінде қолданылмаса да мамандар тарапынан әр кезеңде ұсынылған терминология қағидаттарының барлығы да жоғарыдағы екі сұраққа берілген түрлі жауаптар екенін көруге болады. Ғылым мен техниканың даму деңгейі мен жалпы қоғам өміріндегі өзгерістерге сәйкес бұл сұрақтардың әр кезеңде қайта қойылуы да заңдылық болса керек. Өйткені кез келген ұлт тілінің дамуына немесе оның мүмкіндігі шектеліп, қоғам өмірінен ығысып шыға бастауына тілдік және тілден тыс факторлардың түрлі дәрежеде әсер ететіні белгілі. Ел тәуелсіздігі тіл тәуелсіздігіне де жол ашып, ұлт тіліне оның иеленген мәртебесіне сәйкес жаңа

міндеттер де жүктеп отыруына байланысты қоғам өмірінің барлық саласына қатысы бар аса қомақты қабат болып саналатын терминқорымызды жетілдіру, толықтыру жолында ендігі жерде қандай бағыт ұстанатындығымызды тағы да бір анықтап алуымыз керектігін уақыттың өзі көрсетіп отыр.

Бұған дейін де қазіргі кезеңде де терминтану саласындағы зерттеулерде әр түрлі елдердің ғалымдары тарапынан негізінен екі түрлі үрдісті ұстану қажеттігі айтылып келеді. Оның біріншісі – терминологияны халықаралықтандыру (интернационализация) да, екіншісі – терминологияның ұлттық сипатын арттыру (деннтернационализация).

Алайда ұлт тілдерінің бәрі терминологияларын дамытуда осы екі бағыттың бірін ғана қатаң басшылыққа алып отыр екен деген түсінік тұмауға тиіс. Ғалымдар атап көрсеткен бұл бағыттар ұлттық тілдердің терминологиясын дамытуда көбінесе жалпы басшылыққа алынады. Жекелеген елдерде кейде түрлі экстралингвистикалық факторлардың әсерінен бір үрдіске басымдық беріліп жатуы да мүмкін. Біздің терминологиямыздың 30-90 жылдар аралығындағы даму кезеңінде терминологияны халықаралықтандыруға үлкен маңыз берілді. КСРО халықтарына ортақ жалпысоветтік терминқор қалыптастыру арқылы көпұлтты елдегі ғылыми, кәсіби қарым-қатынасты жақсартамыз дедік. Мұндай таңдау біздің терминологиямызды дамытудағы басым бағытымыз ретінде танылды. Терминологиямызды халықаралықтандырудағы негізгі үлгі тұтқан тіліміз орыс тілі болды. Қазір ол көзқарасымызды өзгерттік. Орыс әліпбиін латын әліпбиімен алмастыру мәселесі күн тәртібіне қойылып, тілші ғалымдар мен салалық мамандардың көбі «орыс тілінен енген терминдерді түгелдей өз тілімізге аударайық, балама табайық» деген пікірге келіп отыр.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ терминологиясының даму бағытын белгілеу міндеті алғаш рет алаш зиялыларына жүктелді. Олар мәселенің мәнісіне терең үніліп, ашық пікірталастар мен талқылаулар өткізе отырып, терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру үрдісін таңдады. Қазақ зиялылары ғылымы дамыған, ғылым тілі орныққан тілдерге орынсыз жүгініп, термин қабылдағыш тілге айналмау үшін термин шығармашылығында о бастан өз тіліміздің мүмкіндіктерін пайдалануымыз қажет деп санады. Пән терминдерін жасауда олар осы бағытты ұстанды да. Олардың он-он бес жыл көлемінде мыңдаған терминдер жасап, ондай атаулардың көпшілігін қолданысқа енгізіп кеткендігі соның айқын дәлелі.

Сонымен қатар алаш зиялылары бұл жолдарының дұрыстығын ғылыми негізделген дәйектеме әрі ресми құжат түрінде бекітіп, терминдерді жасау мен қабылдау үдерісінде оны басшылыққа алды. Ол – 1924 жылы съез қаулысымен бекітілген терминологияны дамыту қағидаттары. Ол қағидаттар төменде Елдес Омарұлы жөнінде сөз болғанда толық берілді. Бұл жерде оның алғашқы үш тарамағын ғана берсек те жеткілікті деп білеміз:

«1. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын.

Қазақша сөздерден түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда, – жұрнақтарды Елдестің баяндамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс.

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, – ондай сөздер жатырқамай алынсын.

3. Иауропа халықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын, – жалпы Иауропа сөзі мен қазақша сөз түбінде екеуі қатар жазылып отыратын болсын».

Терминология қағидаттарының осы негізгі үш тарамағынан алаш зиялыларының өткен ғасыр басында ұстанған бағытын, таңдаған жолын айқын көруге болады.

Терминология дамуының бұл кезеңінде білім беру мен ғылым саласында қазақ тілінің ішкі ресурстарын, лексикалық байлығын, сөзжасам тәсілдерін барынша пайдалануға айрықша мән беріліп, соның нәтижесінде терминқорымыздың ұлт тілі негізінде қалыптаса бастады.

1.4. Терминологиядағы алаш зиялылары қалыптастырған дәстүрдің үзілу себептері

Алаш зиялылары негізін қалап, орнықтыра бастаған терминқор қалыптастыру дәстүрі жалғасын таба алмады. Көп ұзамай-ақ оның бағдары өзгертіліп, басқа арнаға бұрылды. Олар атқарған іске, олар белгілеген терминологияны дамыту қағидаттарына деген басқаша, жанаша көзқарас пайда болды. XX ғасыр басында-ақ терминологиялық қордың негізі қаланып, оны дамыту қағидаттары белгіленіп, терминжасам дәстүрі орныға бастағаны рас болса, ол неге үзілді? Дәстүрдің негізі берік қаланбағаны ма, әлде сол дәстүрді қалыптастыруға тірек болған ғылыми тұжырымдардың осал болғаны ма? Бұл сұрақтардың жауабы қазақ терминологиясы дамуының әр кезеңі жан-жақты зерделенгенде ғана беріледі.

Біздің терминдер қорымызға зер салып қараған адам одан еліміздің қазақ тілінің, қазақ ғылымының даму тарихын, басынан өткен кезеңдерін айқын көре алады. Терминологиялық қорымызда кешегі жүріп өткен жолымыздың іздері сайрап жатыр. Жуырда ғана аяқталған ХХ ғасырдың 20-сыншы, 30-ыншы және 90-ыншы жылдары қазақ терминологиясының даму бағыты үш рет өзгерді. 1920-жылдарды қамтитын алғашқы кезеңде терминологияның даму бағытын Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары белгіледі. Ал 30-жылдардан басталған екінші кезеңде оның даму бағытын Кеңес Одағының жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес Мәскеу айқындады. Сол кездегі біздің саяси және ғылыми элита КСРО орталығы белгілеген бағытты барынша қолдап, оның дұрыстығын дәлелдеп, солар көрсеткен жолмен жүруді таңдап алды. Қазақтың ұлттық ғылым тілі, терминдер қоры 60 жылдай уақыт кенестік қағидаттарға сәйкес дамып, қалыптасты. Ол жолдан жаңылуымызға сол бағытты белгілеп берген КСРО-ның өзі ыдырап кетуі себеп болды. Сөйтіп, біз тәуелсіздігімізді жариялаған 90-жылдары терминология дамуының жаңа кезеңі басталды. Терминология дамуының бұл кезеңдерінің әрқайсысына біз болашақта жеке тоқталу ниетіндеміз. Әзірге терминология дамуының алаштық кезеңі арнайы сөз болып отырғандықтан, қалған кезеңдер туралы кейде сөз арасында, жалпылама, мейлінше қысқа ғана айтылуы мүмкін.

Ұлттық мемлекет құруды көздеген алаш зиялылары қазақ терминологиясын да ұлттың өз тілінің негізінде жасауды мақсат еткенін атап айттық. Айналдырған он шақты жыл ішінде аз ғана алаш оқығандары жүздеген терминдер жасап, қолданысқа енгізді. 20-жылдары жасалған терминологияның ұлттық сипаты мейлінше басым болды. Бұл кезеңде ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыруда басшылыққа алынуға тиіс ғылыми қағидаттарды ешқайда жалтақтамай, ешкімнің нұсқауын күтпей қазақ зиялыларының өздері белгіледі. Олар терминдерді де өзге тілдерден дайын күйінде өзгертпей қабылдай беруге әуестенбей, сол қағидаттарға сәйкес өздері жасады. Кеңес өкіметі тұсында қолданыстан шеттетілгендігіне қарамастан, Ахмет Байтұрсынұлының жасаған тіл мен әдебиет терминдерінің, Халел Досмұхамедұлының биология-медицина терминдерінің, Жұмахан Күдериннің өсімдіктану терминдерінің елеулі бөлігін біз осы уақытқа дейін пайдаланып келеміз. Қазақтың ғылым тілінде берік орныққан ондай атаулар қатарында Е.Омарұлы, Қ.Кемелгерұлы,

Ж.Аймауытұлы, Т.Шонанұлы, М.Жұмабайұлы сынды өзге де алаш зиялыларының қаламынан туындаған терминдер де бар.

Алаш арыстары сол 30-жылдары қуғын-сүргінге ұшырап, абақтыларға камалып, жазықсыз жазаланбағанда біз де өз жолымызбен дамыған болар едік-ау деген ойдың туындауы да табиғи нәрсе.

Латын әліпбиіне көшуге қарсы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының 20-жылдары өз ұстанымдарын табандылықпен қорғағаны тарихтан белгілі. Орта Азия елдерінің ішінде, тіпті КСРО-ны құраған ұлттық республикалардың арасында терминология дамуының өзіндік бағыт-бағдарын алғаш белгілеген де алаш зиялылары болды. Қазақ терминологиясын дамытудың тұңғыш ғылыми қағидаттары 1924 жылы сол кездегі ел астанасы Орынбор қаласында өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің» қаулысымен бекітілген еді. Термин комиссиясын Аханның өзі басқарып, алаш зиялылары бірлесіп белгілеген бағытта қарқынды қызмет етіп жатты. Олар бұл бағытынан ешқашан бас тартқан жоқ. Таңдаған жолдарының дұрыстығына сенімді болды. Бастары оққа байланып тұрған тұста да таңдаған бағытынан таймады. Егер 30-жылдары терминологияның дамуын ғылыми негізге сүйеніп, өркениетті жолмен белгілегенде алаш білімпаздарының ұсынған бағытының дұрыстығы сөзсіз дәлелденер еді. Бірақ олай болмады. Оның себептерін іздеуде алаш зиялыларының о баста қате жолды таңдады деген пікірдің негізі жоқ. Мәселе – алаш зиялыларына өздері таңдаған жолдарының дұрыстығын дәлелдеп, қалыптастыра бастаған дәстүрлерін жалғастыру мүмкіндігінің мүлде берілмегендігінде. Кез келген ұстанымның, ғылыми тұжырымның дұрыс-бұрысын анықтау ашық талқылау арқылы жүзеге асуы керек еді. Әміршіл жүйе олай істемеді. Ашық пікірталасқа, диалогқа бармады. Өктемдікке жол беріп, мәселені күшпен шешті. Алаш зиялыларын, олардың таңдаған жолын негізсіз қаралады. Әсіре советшіл жергілікті белсенділерді алаш үшін жанын аямаған ұлтымыздың аса көрнекті тұлғаларына қарсы айдап салды. Солардың қолымен от көседі. Ахметті айыптағандар, Халелді қаралағандар, Міржақыпқа мін тағып, Жүсіпбекті жау санағандар олардың атқарған істерінің бәрін терістеп, билеушілер ұсынған сара жолды дәріптеу арқылы олар негізін салған дәстүрдің де жалғасын табуына бөгет жасады.

Егер алаш арыстары сол 30-жылдары қуғын-сүргін құрбаны болмағанда, олар негізін салған қазақ лингвистикасы бастапқы бет алған бағытында дамып, солар қалыптастырған терминологиядағы ұлттық дәстүр үзілмеген болар еді. Олай болмады. Әміршіл жүйе,

коммунистік партия басшылығы ұлттық ғылымның да даму бағытын өз мақсаттарына қарай икемдеп бұрып, кеңестік даму жолын, моделін ұсынды. Сөйтіп, қазақ терминологиясы дамуының алаш оқығандары белгілеген қағидаттары теріске шығарылып, орыс тілінің КСРО-дағы басты тіл ретіндегі орнын нығайтуға бағытталған жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру бағытына қарай бет бұрды. Кеңестік идеология мен тіл саясатына сәйкес келетін терминология дамуының жаңа бағытын, жаңа қағидаттарын белгіледі.

Алаш зиялылары жасаған терминдердің сәтті-сәтсізін, олар белгілеген терминологияны дамыту қағидаттарының дұрыс-бұрыстығын анықтауға біз араға 60-70 жыл уақыт салып барып қана мүмкіндік алдық.

Сонымен алаш зиялылары қалыптастырған терминологияны дамыту дәстүрінің үзіліп қалуына мынадай себептер негіз болды:

– алаш зиялылары белгілеген терминология қағидаттары КСРО орталығы белгілеген саяси курсқа сай келмеді;

– ұлттық республикалардың терминологиялық қорды әрқайсысы өздерінің тіл байлығы негізінде қалыптастыруға ұмтылған бағыты орыс тілін Кеңес Одағының мемлекеттік тіл, ұлтаралық қатынас тілі мәртебесіне не дара тіл, кеңес халқына ортақ тіл ретінде қалыптастыру саясатына қайшы келді;

– қазақ терминологиясы дамуының бағыт-бағдарын, ғылыми қағидаттарын белгілеп, ұлт тіліндегі терминжасам мәселесімен және терминологиялық жұмыстарды жүргізу ісімен тікелей айналысқан білікті ұлттық кадрлардың барлығы дерлік саяси қуғын-сүргін құрбаны болды;

– алаш оқығандарының терминологиядағы дәстүрін жалғастыратын, оны қорғай алатын ұлттық ғылыми элита, зиялы қауым, тілшілер шоғыры болмады. Бірлі-жарым табандылық танытқандар, ұлтшылдардың ізбасарлары, «халық жауларының» жақтастары ретінде қуғындауға ұшырады. Керісінше, кеңестік тіл саясатына сәйкестендірілген бағыт кеңінен насихатталды. Оны жақтағандарға сенім артылып, жол ашылды.

Негізінен осы аталған себептер терминологиядағы алаш дәстүрінің жалғасын таппауына, алаш зиялылары атқарған істерге біржақты теріс баға беріліп, 90-жылдарға дейін олар белгілеген терминология қағидаттары елеусіз қалып келуіне негіз болды.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНҚОРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

XX ғасыр басындағы 10-жылдардың ортасы мен 30-жылдардың басына дейінгі уақыт аралығы қазақ терминологиясы дамуының тарихындағы айрықша кезең екендігі анық. Зерттеуіміздің алғашқы тарауында ол жөнінде сөз болды. Ал енді осы кезеңнің өзіндік сипатын толық ашу – аталған мерзім аралығында еңбек еткен, терминология мәселелеріне арнап үлкенді-кішілі еңбектер жазған, терминжасам ісіне, терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыруға араласқан авторлардың шығармашылығын зерттеу арқылы ғана жүзеге аспақ. Терминологияны қалыптастырудағы ұлт зиялыларының ролін де олардың атқарған істері мен жазған еңбектерінің айқындай алмасымыз анық. Сондықтан төменде XX ғасыр басында қазақтың ғылым тілінің қалыптасуына, ұлттық терминологиялық қордың жасалуына өзіндік үлес қосқан зиялылардың еңбектеріне жеке-жеке тоқталамыз.

II.1. Қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы Ахмет Байтұрсынұлының ролі

Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, алдымен Ахмет Байтұрсынұлының есімі ойымызға оралады. Әрине, басқаша болуы да тиіс емес. Себебі – қазақтың ұлттық ғылым тілінің, терминологиялық қорының дамып, қалыптасуының тұтастай бір кезеңі ғалым еңбектерімен, оның ғылыми-педагогикалық, ағартушылық және көшбасшылық-ұйымдастырушылық қызметімен тікелей байланысты. Сондықтан да қазақ терминологиясының тарихы, оның даму, қалыптасу кезеңдері туралы сөз қозғағанда Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми шығармашылығы мен қоғамдық қызметіне жан-жақты тоқталу, оны терең зерттеу өте маңызды. XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы мен алаш зиялыларының ұлттық ғылым тілін қалыптастырудағы ролі туралы

сөзді Ахмет Байтұрсынұлынан бастайтындығымыздың себептерін нақты тілдік-тарихи деректерге негіздей отырып айта алсақ қана біз ғалым мұрасының қадіріне жетіп, оның озық ойлары мен терминжасам тәжірибесін қажетімізге жарата аламыз. Сондай-ақ ол бастаған жолды жалғастырып, ғылым тілін дамытудағы ол қалыптастырған лингвистикалық дәстүрді сабақтастыру мүмкіндігіне не боламыз. Сол себептен де Ахмет мұрасына аса мұқият қарап, оған әр қырынан үйіліп, жан-жақты зерделеу – қазақ тіл білімінің кешегі тарихы үшін ғана емес, оның алдағы уақыттағы дамуы үшін де қажет іс. Біз төменде ғалымның қазақтың ұлттық терминологиялық қорын қалыптастыруда ұстанған бағыты, қалыптастырған қағидаттары, айтқан ойлары мен терминжасам тәжірибесі төңірегінде ой өрбітпекшіміз.

Терминологияның қалыптасуы жөнінде сөз қозғағанда мына мәселе туралы айта кеткен орынды. Ол жекелеген сөздердің терминдік мәнде қолданыла бастауы мен арнаулы салалардың терминологиялық жүйелерінің қалыптасуының бір емес екендігі. Қазақ тілінің терминологиялық қорының қалыптасуына негіз болған басты көз ұлт тілінің өз байлығы екендігі сөзсіз. Оның бастауларын әріден, түркі тілдерінен, төл тіліміздің тармақталып дербес даму тарихымен байланыста қараған жөн. Бұл терминология тарихын диахронды зерттеу барысында зерделенетін мәселелер. Ал бүгінгі қолданыстағы арнаулы лексикамызды құрайтын жекелеген сөздердің терминдік мәнде жұмсала бастауын Абайдың қара сөздерінен, XIX ғасырдың екінші жартысында шыққан кітаптар мен осы кезеңде басылып тұрған “Дала уәлаяты”, “Түркістан уәлаяты” газеттерінің беттерінен кездестіруге болады. Ал салалық терминологияның қалыптасуы белгілі бір арнаулы саланы құрайтын ұғымдар жүйесінің тілде таңбалануы болып табылады. Өз алдына дербес терминологиялық өріс құрайтын қазіргі қолданысымыздағы арнаулы салалардың атаулар жүйесінің бөлініп шығуы негізінен өткен жиырмамыншы ғасырдың 10-жылдарынан бергі кезеңде қалыптаса бастады.

Нақты бір ғылым салалары бойынша терминологияның қалыптасуы алғашқы ғылыми еңбектердің, оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен, олардың өзге тілдерден аударылуымен тығыз байланысты. Бізде қазақ тілінде жазылған ондай еңбектердің жарық көруі аяқталған ғасырдың бірінші онжылдығынан басталады. Яғни, бұл дегеніміз, қазіргі қазақтың ғылыми терминологиясының тұтас жүйе ретінде қалыптаса бастауы да дәл осы кезеңмен байланысты деген сөз.

Бұл істің басында кімдер тұрды дегенге келер болсақ, осы кезеңде қазақ тілінде алғашқы оқулықтар, оқу құралдары мен түрлі деңгейдегі ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер жазған А.Байтұрсынұлы, Е. Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Ж.Күдерин, С.Қожанұлы, М. Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, Н.Төреқұлұлы, К.Кемеңгерұлы, Ғ.Қараш, К.Жәленов, Т.Шонанұлы сияқты қазақ зиялыларының есімдері аталуға тиіс.

Осы аталған авторлардың әрқайсысының қазақтың ғылым тілінің, салалық терминологияның қалыптасуына өзіндік үлестерін қосқандығы дау тудырмайды. Оған аттары аталған зиялылардың қазақ тілінде жазған еңбектерінде кездесетін ғылыми атаулар куә бола алады. Соған қарамастан, олардың арасынан А.Байтұрсынұлының есімін ерекше атаған орынды.

Кезінде М. Әуезов, Е. Омарұлы, С. Сәдуақасұлы, М. Дулатұлы, С.Сейфуллин, Т. Шонанұлы сияқты қазақ зиялылары негізін қалаған Ахметтану ілімі араға алпыс жылдан астам уақыт салып барып жалғасын тауып отыр. А. Байтұрсынұлы ақталғаннан бергі он бес-жиырма жыл уақыт ішінде ұлы тұлғаның соңына қалдырған еңбектері әр түрлі қырынан зерттеле бастады. Бұл істен тілші ғалымдар да шет қалмай өз үлестерін қосып келеді. Р.Сыздыкова, Ә.Қайдаров, Ә.Айтбаев, М.Жүсіпов т.б. ғалымдардың жариялаған еңбектері соның дәлелі бола алады.

Бір басынан бар мамандық табылатын, халқымыздың “рухани көсемі”, “ұлт мәдениетінің Хан тәңірі” атанып жүрген алып тұлғаны тереңірек таныған сайын ұлтымыздың рухы биіктеп, тарихымыздың тасада қалып келген тұстары айқындалып, ғылыми санамыз да өсе түспек. Сондықтан ғалымның қаламынан туған әр еңбегіне, әр терминіне, туындаған әр сөзіне жете мән берген жөн.

Ахметтануға атсалысып жүрген белгілі тілші ғалым Р.Сыздыкова ғалымның тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы және жаңашыл ағартушы, ірі көсемсөз шебері, дарынды ақын екендігін айта келіп, былай дейді: “Әрине, біздің сипатымыз өте жалпы айтылып, қысқа қайырылған түйін. А.Байтұрсынұловтың ағартушылық, ғылыми еңбектерімен қатар, оның поэтикалық творчествосын, саяси-әлеуметтік көзқарастарын нақтылы, арнайы және терең зерттеу – алдағы міндет, әр сала мамандарының жұмысы”¹.

Сөз жоқ, ғалымның атап көрсеткеніндей, А. Байтұрсынұлының

¹ Сыздыкова Р. Ахмет Байтұрсынұлов/Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 28-б.

мұрасын сала-салаға бөліп, арнайы зерттегенде ғана оның бай әлеміне терең бойлап халқымыздың игілігіне жаратумен қатар, қайталанбас тұлғаның қазақ ғылымының дамуына қосқан үлкен үлесін анықтап, тарихымыздың төрінен алатын орнын да нақты көрсетіп беру мүмкіндігіне ие бола аламыз.

А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясын қалыптастырудағы рөлін көрсетуде де оның бұл саладағы еңбектері жан-жақты қарастырылып, сондай зерттеулер нәтижелерінің негізінде тиісті қорытындылар жасалуы қажет. Ғалымның ұлттық терминологияны жасауға, ғылым тілін қалыптастыруға қосқан үлесі туралы мәселеге арнайы тоқталып отырған бір ғана біз емеспіз. Осыған дейін де тіл мамандары тарапынан мақалалар жарық көріп, түрлі пікірлер айтыла бастады. Сондай-ақ өзге де салалардың мамандары еңбектерінен де ғалымның қаламынан туындаған терминдер туралы айтылған пікірлерді кездестіруге болады. Алайда ғалымның бұл салаға қатысты еңбектері жүйелі түрде зерттеліп, түбегейлі қарастырылды деуге әлі ертерек. Қайта ғылыми тұрғыдан ара-жігі ажыратылуға, айқындалуға, нақтылануға тиісті жайттардың жетерлік екені дау тудырмайды. А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясын қалыптастырудағы рөлі туралы айтпас бұрын алдымен «терминология» терминінің өзіне тоқтала кетудің қажеттілігі байқалып отыр. Себебі, «терминология» көп мағыналы термин. Тілші ғалымдар оның бес түрлі мағынасын көрсетіп жүр².

Олардың ішінен терминологиялық мағыналары әбден орныққан негізгі еш мағынасын бөліп алуға болады. Біріншісі – белгілі бір ғылым саласындағы (өсімдіктану терминологиясы, химия терминологиясы т. б.) терминдердің жиынтығы, екіншісі – тілдегі бүкіл термин сөздердің (немесе көлемі белгісіз көптеген терминдердің) жиынтығы; үшіншісі – жалпы терминологиялық ілім. Яғни, зерттеу нысаны логика, философия, онтология, классология, информатика, тіл білімі (оның ішінде семасиология мен номинация теориясы тұрғысынан қарастырылатын) ғылымдары тұрғысынан қарастырылатын ғылым саласы. Бұл ғылым қазір терминтану (терминоведение) деп аталып жүр.

Біз А.Байтұрсынұлының ғылыми терминологияны қалыптастыруға қосқан үлесі де осы бір ғана терминмен таңбаланып жүрген ғылыми ұғымдар тұрғысынан жіктеліп, аражігі ашыла отырып қарастырылуы арқылы айқындалуы қажет деп санаймыз. Бұл

² Суперанская А. И др. Общая терминология: Вопросы теории. – М., 1989. – Стр. 14.

тұрғыдан келгенде, біріншіден, мынаны айтуға болады: Ғалым жекелеген немесе бір топ терминдердің ғана авторы емес, ол бірнеше ғылым саласының терминдер жүйесінің негізін қалаушы.

Ең алдымен, **А. Байтұрсынұлы** — қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған.

Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-онай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық процесс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бірмағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға (яғни, жасауға емес қабылдауға) мәжбүр ететін себептердің бірі.

Бұл тұрғыдан келгенде, ғалым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткен.

А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген “Оқу құралының” (қазақша әліппе) өзінен *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп)* сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915-жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған “Тіл-құрал” оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты жүздеген терминдердің кездесетіні белгілі. Бұл терминдердің терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне карамастан, уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе — А.Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жанынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің

ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ахаң калыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде.

Ғалымның осындай тұтас терминдер жүйесін калыптастыруы оның қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы екендігінің дәлелі бола алады.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым Р.Нұрғалиев өзінің «Алашординцы» атты кітабында «Книга А.Байтұрсынова «Тіл құрал» (Пособия по языку) содержит множество разделов, посвященных фонетике, морфологии, синтаксису и орфографии, – заметим, каждый из этих терминов дан на казахском языке, автор, кроме того, воссоздал несуществовавшие до него понятия – такие, как «гласный звук», «согласный», «подлежащие», «сказуемое» и др. Ученый снабжает термины четкими, емкими и образными определениями, и в то же время, определения эти имеют строго научный характер» (С.19) – деп жазады.

Әрине, «гласный звук», «согласный», «подлежащие», «сказуемое» сынды ұғымдар лингвистикада Ахана дейін де белгілі болған, алайда қазақ тіліндегі осы дыбыстар мен сөлем құрылысының табиғатын анықтап, олардың қазақша баламалары мен анықтамаларын дәл де айқын бергенін академик ғалым өте орынды атап көрсетіп отыр.

А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігі мойындалған шындық. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында М.Әуезов “Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды¹, – деген болса, әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев оның “Әдебиет танытқышы” туралы айта келіп, “...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта калыптастырылған”² – деп әділ көрсетеді.

Сонымен, екіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым сала-сының ғылыми терминологиясын да жасаған.

Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән дефинициясын да (ғылыми анықтамасын) берген. Ол дегеніміз – ғылыми ұғымның, өзіне ғана тән белгілерін айқын көрсетумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы, “Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады.

¹ Әуезов М.О. Ақанның 50 жылдық тойы // “Ақ жол” газеті. 1923, 4 ақпан.

² Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // А.Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы, 1991. –12-13 бб.

Жұрттың бір ауыз өлең дейгіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады”³.

Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын (түр-тұрпатын – А. Б.) анықтаған, екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни, әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін анықтаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын) жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, айшықтың – шумактан, шумактың – тармақтан, тармақтың – бунақтан, ал бунақтың – буыннан құралатындығын сатылай көрсету арқылы ұғымдың микрожүйенің өзіндік табиғатын танытқан.

Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы анық көрініп тұр. “Әдебиет танытқыштан” мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады. Жеке ұғымдардың өзара байланысынан барып ұғымдар жүйесі құралатыны сияқты соларға сәйкес келетін жекелеген термин сөздердің жиынтығы терминдер жүйесін, яғни салалық терминологияны құрайды.

“Әдебиет танытқыштағы” ғалым қаламынан туындаған біртұтас жүйе құрайтын терминдер оның әдебиеттану ғылымының ғылыми терминологиясын қалыптастырғанын көрсетеді.

Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген терминдерді жасаған. Олардың қатарына *әдіс*, *әдісқой*, *сауаттау әдісі*, *жалқылау әдісі*, *жалтылау әдіс*, *жалқылау-жалтылау әдіс* сияқты терминдерін де жасаған.

Бұлармен қоса А. Байтұрсынұлының тарих, этнография Мұхтар Әуезов 1923 жылы (жоғарыда аталған мақаласында) ғалымның “Мәдениет тарихы” атты кітап жазып бітіргенін айтқан болатын.

³ Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // А. Байтұрсынов шығармалары. – Алматы, 1989. – 192-б.

Ғылым, білім саласында қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне мақсатты түрде үлкен мән берген және термин шығармашылығында ұлт тілінің өз мүмкіндігін шебер қолдана білген ғалымның әлі баспа бетін көрмеген немесе кезінде жарияланып, қазір қолға түспей жүрген ондай еңбектері табылып жатса, олардың ішінде де көптеген терминдер мен жаңа қолданыстардың болатындығына еш күмәндануға болмайды.

Сонымен, үшіншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым сала-ларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған ғалым.

Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді. Алайда, А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясының қалыптасуына қосқан үлесі бұлармен ғана бітпейді. Оның Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі ғана емес, солардың ішіндегі аса ірісі, бірегейі екендігін дәлелдейтін деректер ғалым мұрасына тереңірек үнілген сайын табыла береді.

Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе – ғалымның терминжасамның тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі. Яғни төртіншіден, А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, оларды өзінің терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым.

Терминжасам тәсілдерінің аражігі ашылып, олардың термин шығармашылығында іске қосылуы қазақ тілінің грамматикасының (сарфы) жазылуымен тікелей байланыста қарастыруды қажет етеді. Бүгінгі терминжасам тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне қарамастан, ол негізінен қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерінің құрамына енеді.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның *жұрнақ, жалғау, буын, иумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс* т. б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, *жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, гуреленіс, күліс, алектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтананыс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік тәрізді* көптеген терминдері морфологиялық

тәсілмен, ал *дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жасайлма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем* сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған.

Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз т. б.) жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады.

Г.Ц.Пюрбеев “Калькалау арқылы термин жасау өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілдегі сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек”¹ – деген болатын.

А. Байтұрсынұлы жоғарыдағы терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиеттерін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, сәтті терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып әбден қалыптасып кеткендігі олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады.

Ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін *аңдау, ауыстыру, әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бернелеу, бұкпелеу, дамыту, кейіптеу, көріктеу, мезгеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру* сияқты әдебиеттану терминдері мен *демеу, жалғау, үстеу, шылау* тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады. Заттық ұғым мен процестік ұғымды ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау Ахаңнан бастау алып, бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлгісіне айналғанын аңғарамыз. Бұл терминдердің қайсыбірі (мысалы, ауыстыру, теңеу т. б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбіреулері (мысалы, лептеу, ойламалдау т. б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне – у жұрнағын жалғау жолымен жасалынған.

Терминделуші ұғым мен терминденуші сөзді сәйкестендіру үшін ұғымдар жүйесіне де, терминдер жүйесіне де бірдей мән беру термин жасаушыға аса қажет. А. Байтұрсынұлы жасаған термин-

¹ Пюрбеев Г.Ц. Современная монгольская терминология. – М., 1984. –Стр. 101

дердің түгелге жуық сәтті шығуының сыры – оның нағыз терминші ретінде терминге лексикология тұрғысынан да, концептология тұрғысынан да қарай білуінде жатса керек.

Кезінде А. Байтұрсынұлы пуристік бағыт ұстады деп, ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Соған қарамастан, Ахаң жасаған терминдердің көпшілігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттетілген терминдердің арасында бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтындары аз емес.

Әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев Ахаңның еңбегіне жазған алғы сөзінде “сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап сара-лауға мүмкіндік беретін *сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, сұрыптама, қалыптама* деген терминдер қазіргі ұғым-ымызға өзі сұранып тұр”¹ – дейді.

Шындығында да А. Байтұрсынұлы жасаған ондай терминдерді құнға қолдана білсек, талай терминдеріміз қазақы қалпына түскен болар еді.

Белгілі тілші ғалым Р.Сыздықованың “... жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көпшілігі Байтұрсынұлы қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткендігін де айту керек”² – деген пікірі назар аударарды.

А. Байтұрсынұлының термин жасауда ұстанған бағыты мен оның қаламынан туған басы ашық терминдері-ақ Ахаңның қазақ терминологиясының негізін қалаушы және ғасыр басындағы бүкіл ғылыми ой-сананың қалыптасуына ықпал ете білген зор тұлға екенін дәлелдей алады. Алайда, оның қаламынан туған терминдер мен сөздер мүмкіндігінше анықталып жатса, тарихи әділеттілік болмақ. Сондықтан ғалым мұрасын зерттеушілердің оны естен шығармағаны абзал.

Академик Ә.Қайдар термин жасауда “Қазақ тілінің байлығын сарқа пайдалана алмадық. Ең басты себеп – замана үрдісі, тіл саясаты мен идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі. Екінші себеп – “еліміздегі ұлт, ұлыс тілдері өздерінің, дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып, орыс тілімен терезесі тең тұра алмайды” деген пікірдің орталықта да, жергілікті мамандар арасында да қалыптасуы. Үшіншіден, терминдік ұғымдардың қайнар көзі орыс тілі болып саналады да, қалған жүздеген тілдердің бәрі тек “қабылдаушы”

1 Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек//А.Байтұрсынұлы. Ақ жол. Алматы, 1991. -13 бб.

2 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы//Тіл тағылымы. –Алматы, 1992. -33-б.

пассив тілдер болып келді. Төртінші себеп – ғасырлар бойы өз дәстүрімен еркін дамып келген тілдерді ғылыми-техникалық прогреске икемдеумен шұғылданбағандықтан бірден лап берген терминология тасқынына бұл тілдер төтеп бере алмады. Бесінші себеп – ана тілінің мүмкіншілігін толық ашып, терминология тасқынына қарсы қоярлықтай ұлт кадрлары тоталитарлық үкімет тарапынан кезінде жойылған болатын”¹ – деп жазады.

Біз автор атап көрсеткен себептердің соңғыларының барлығын біріншісінен туындаған, яғни сол басты себептің нәтижесі, салдары деп білеміз. Тоталитарлық жүйе қазақ халқын Ахмет Байтұрсынұлы сынды аса білікті ұлттық кадрларынан айырды. Олар бастаған игілікті іс өз деңгейінде жалғасын табуына жол берілмеді. XX ғасыр басында ұлттық негізде іргесі қаланған ғылыми лингвистикалық мектептің шаңырағы шайқалып, бағыт-бағдары өзгертілді. Егер ондай өктемдікке жол берілмей, термин жасаудағы Ахандар бастаған үрдіс жалғасын тапқанда, орталықта да, жергілікті мамандар арасында да “орыс тілімен терезесі тең бола алмайды” деген пікір қалыптаспаған болар еді. Өйткені қазақ зиялыларының өзгеше пікірде болғаны белгілі. Қазақ тілі “қабылдаушы” пассив тілдер қатарына қосылмас еді. Себебі – А.Байтұрсынұлы барлық тіл мен әдебиет терминдерін (сондай-ақ, мәдени, саяси, әлеуметтік атауларды), Ж.Күдерин өсімдіктану терминдерінің түгелге жуығын ана тілінің негізінде жасағаны, олар ғана емес, көптеген өзге де авторлардың ғылыми ұғым атауларын ана тілінің негізінде жасағаны соны айғақтайды.

Дәл осы кезеңде қазақ тілі білікті ұлттық кадрлардың арқасында ғылыми-техникалық прогреске шапшаң икемделіп, лап берген терминдер тасқынына тойтарыс беріп, оларды игеруге мүмкіндігі мол тіл екендігін дәлелдей бастаған болатын. Өкінішке қарай, өктемдік етушілерге осы бағыт үрей туғызғандықтан да оған күшпен тосқауыл қойылды. Ал кейінгі жаңа заман талабына толық сәйкес келетін бағыт қазақ терминологиясын бүгінгідей жағдайға жеткізіп, термин жасаудан гөрі дайын терминдерді қорытпай қабылдай беруге үйретті.

Тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болған бүгінгі таңдағы термин жасаудағы жаңа үрдіс XX ғасыр басында болған құбылысқа өте ұқсас. Айырмасы – онда қазақ жұрты ғылым әлеміне енді аяқ басқан болса, қазір біздің халық та ғылыми-техникалық дамудан шет қалмай, әлемдік ғылыми кеңістіктен өзіндік орнын алып,

¹ Қайдаров Ө.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. –9-10-бб.

үн қосып отырған жайымыз бар. Алайда өткен ғасыр басында А. Байтұрсынұлы бастаған ғалымдар термин жасау қағидаттарына келісіп, бір бағытта жұмыс істеген болса, бүгін олай болмай отыр. Оның себептері жеткілікті. Ең алдымен, лек-легімен өзгеріссіз қабылдап алған мыңдаған терминдеріміз әбден орнығып, бірнеше ұрпақтың санасына сіңіп, көзімізге ыстық көрінетін дәрежеге жетті. Сондықтан да оларды шаң жуытпай қорғаушылар аз емес. Екіншіден, өз тілімізде термин жасаудағы тәжірибеміздің жеткіліксіздігінен, ұлттық терминжасау дәстүріміздің орнықтап қалмағандығынан, терминжүйені қалыптастыру мен жетілдіру бағытындағы жұмыстар тиісті деңгейде жүргізілмей отыр. Ондай жұмыстар тиісті кәсіби деңгейде жүзеге аспаған жерде кемшіліктердің орын алмай қоймайтыны белгілі.

Өзіміз қазақ тілі бай тіл деп дәлелдегенімізбен, іс жүзінде сол байлықты А. Байтұрсынұлдары мен оның замандастары тәрізді шебер пайдалана алмауымыздан, термин жасау ісінде тіліміздің мүмкіндігін сарқа пайдалануға дағдыланбағандығымыздан және әлі де кешегі кенестік терминжасау қағидаттарынан шыға алмай отырғандығымыздан да термин жасау ісі өз бағытын анықтап, жүйелі даму жолына түсе алмай отыр. Қазіргі ғалымдарымыз бен салалық мамандарымыздың бәрі бірдей ғасыр басындағы қазақ зиялылары сияқты ана тілін жетік білмейтіндігі, сондықтан да оны термин шығармашылығында пайдалану мүмкіндігінің төмендігі тағы бар.

Қалай болғанда да қазіргі термин жасау ісіндегі жана үрдісті біз мүмкіндігі шектеліп келген тіліміздің еркіндікке ие болған тұстағы жана қарқыны, терминологиясы дамыған ұлт тілдері тәрізді ғылыми ұғымдар жүйесін атау қабілетін қалыптастыру жолындағы табиғи құбылыс деп танымыз. Тәжірибесіздік пен жауапсыздық салдарынан сәтсіз жасалған терминдердің қолданысқа енуіне жол бермеу дұрыс. Алайда сондай сәтсіз жасалған терминдерді мысалға ала отырып, бұл үрдістің астарынан пуризм іздеп, оған тосқауыл қою керек деушілерді құптай алмаймыз. Тілші ғалымдар мен салалық мамандардың қазіргі таңдағы міндеті — ұсынылып жатқан терминдердің арнаулы ұғымды дәл бере алатындарын тіл табиғаты мен терминжүйе талаптарына сәйкес іріктеп алып, ресми бекіту арқылы қолданысқа енгізу. Сәтті жасалғандарын дұрыс саралап алып, олар бекітілгеннен кейін жатсынбай, бір ізді қолданып, қалыптасып кетуіне мүмкіндік туғызсақ, төл терминологиямыздың ұлттық сипаты арта түскен болар еді.

Ана тілінің негізінде жасалынып, терминологиялық жүйеден орын алған терминдердің өзінің жасалуына негіз болған жалпы тілге қайта өту мүмкіндігі мол. Терминологияның ұлттық тілді байытудың бір көзі екенін мойындасақ, шет тілдерінің сөздерін шектен тыс көп қабылдау және оларды тіліміздің дыбыстық жүйесіне бағындырмау сол бұлақтың көзін бітеумен бірдей. Ондай өзге тілдік терминдердің бейтерминдену мүмкіндігі өте төмен. Олар терминологиялық өрістен шыға алмай, арнаулы лексика шеңберімен ғана шектелетіндіктен де терминология мен жалпы лексиканың арасы алшақтай түседі. Нәтижесінде тілдің жалпы лексикасы мен арнаулы лексикасының арасында үздіксіз жүріп жататын табиғи үрдіске нұқсан келеді.

Жалпы алғанда, ғалым термин шығармашылығында синтаксистік және морфологиялық тәсілдерді көбірек пайдаланған. Ахан қаламынан туындаған терминдердің құрамына назар аударсақ, оған анық көз жеткізуге болады. А. Байтұрсынұлының лингвистикалық терминдерін жинақтап, шағын кітапша түрінде жариялаған Ш. Жалмаханов былай деп жазады: “Ахан пайдаланған терминдердің ішінде ең көп қолданылғаны күрделі тұлғалы терминдер – 245, ал дара тұлғалы терминдер – 65, оның 20-сы түбір сөзден, 45-і туынды сөзден болған”.

Мұны кездейсоқ нәрсе деуге болмайды. Ғалым ұғымдар жүйесінің ерекшелігін терең түсіне отырып, әр ұғымның көлемі мен мазмұнын дәл қамтитын атау жасауды көздеген. Яғни, ғалымның әр ұғымның өз таңбалаушысы болуына мән бергендігі байқалады. Сондықтан да ол аталған тәсілдерді пайдалану арқылы көптеген қазақша жаңа терминдер жасаған.

Бесіншіден, А. Байтұрсынұлы жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға.

Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға катысты терминдер жасауы – ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. Бұл пікіріміздің негізсіз емес екендігіне А. Байтұрсынұлынан кейін әр түрлі ғылым салалары бойынша еңбектер жазған қазақ зиялыларының жасаған терминдері дәлел бола алады. Оны мына кесте арқылы көрсетуге болады.

А.Байтұрсынұлы “Тіл құрал”. Орынбор, 1914, 1915...	С.Қожанұлы Есентану құралы” Ташкент, 1924	Ж.Күдерин “Өсімдіктау”. Москва, 1927.	Е.Омарұлы “Пішіндеме” (геометрия) Қызылорда, 1928
Сызықша, есімше, көсемше	Жақша	Сабақша, тұқымша, қайықша, тостағанша т.б.	Текше, тікше, қиықша
Сұраулық, етістік, жалғаулық, есімдік	Құралғыштық, барабарлық, бөлінгіштік	Тұқымдық, аналық	өлшемдік, құрылымдастық, ұқсастық
Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш пысықтауыш, толықтауыш т.б.	олшеуіш	қаптауыш	өлшеуіш
Оралым	Айырым, алым, бөлім	Бітім	

Бұл кесте арқылы біз кейінгі оқулықтар жазған авторлардың А.Байтұрсынұлының кейбір термин жасау үлгілерін (модельдерін) қалай пайдаланғанын немесе ұлт тілінде бұрыннан бар тұлғалас сөздерді терминдік мағынада жұмсағандығы арқылы олардың арасындағы сабақтастықты көрсетуге тырыстық.

Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады.

Мұндай мысалдарды әлі де келтіруге болады. Мысалы, А.Байтұрсынұлының қаламынан туындаған тұрлаусыз мүше, тұрлаулы мүше, одағай сөз, сабақтас сөйлем терминдері Е.Омарұлының көрсетілген оқулығындағы тұрлаусыз шама, тұрлаулы шама, одағай сан, сабақтас пішін терминдерінің жасалуына себеп болғандығына да дау айту қиын ғой деп ойлаймыз. Ал мәселенің екінші қырынан қарағанда мұны ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қанаттасып қатар қызмет еткен қазақ тіл білімінің қос ғұламасының термин жасау ісіндегі шығармашылық сабақтастығының көрінісі деп тануға да негіз бар.

Алтыншыдан, А. Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы, ол Е.Омарұлы екеуі қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми қағидаттарын белгілеушілер.

1924 жылды маусым айында Орынборда “Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі” болып, онда терминологияны қалыптастырудың қағидаттары съез қаулысымен ресми бекітілді. Араға екі жылдай уақыт салып, 1926 жылы Бакуде өткен “Түрікшілердің 1-інші құрылтайында” жасаған баяндамасында А.Байтұрсынұлы катынасушыларға осы қағидаттарды таныстыра отырып, өзге түркілерге де ғылыми терминологияны қалыптастыруда қазақ білімпаздары жасаған осы қағидаттарды басшылыққа алуды ұсынды.

Бұл жерде А.Байтұрсынұлының терминологияны дамытудағы жетекшілік қызметінің тағы бір қыры көрініс береді. Ол – ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастырудың бағыт-бағдарын көрсетумен шектелмегендігі.

Сонымен жетіншіден, Ахан қазақ оқығандары жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым.

Ол қазақ өз баяндамасында қазақ білімпаздары жасаған қағидаттарды түркология съезіне қатысушыларға таныстыра келіп, өз ойын былай түйіндейді: “Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и отчистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе и другим тюркским народам”¹.

Бұдан ғұлама ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаумен қатар, бүкіл түркі халықтары терминологиясының дамуына көңіл аударып, термин жасауда ортақ қағидаттар ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара тілдік, ғылыми және рухани-мәдени байланыстарының тереңдей түсуін көздегенін көруге болады. Сонымен қатар қазақ оқығандарының өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы ғылыми-ағартушылық саладағы жетекшілік рөлін, ықпалын, ұлттық және түркілік терминкор жасау, ғылым тілін қалыптастыру мәселелерінде туыстас халықтардан біршама озық тұрғанын да аңғаруға болады.

XX ғасыр басында жасалып, сол кезеңдегі термин шығармашылығында он шақты жыл тікелей басшылыққа алынған бұл қағидаттарды «ескіріп қалды», «бүгінгі күн талабына жауап бер-

¹ Байтұрсынұлы А. Шығармалар. – Алматы, 1989. –141-б.

мейді» деуге ешқандай негіз жоқ. Кезінде солақай саясаттың салдарынан олардың орынсыз шеттетілгені белгілі. Кейінгі жылдары қоғамдық-саяси өмірімізде болған түбегейлі өзгерістер қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың жаңа қағидаттарын белгілеудің қажеттілігін туғызып отыр. Уақыт талабына сәйкес кейбір толықтырулардың болу мүмкіндігіне қарамастан 20-жылдары жасалған сол қағидаттардың алдағы уақытта бекітілетін жаңа қағидаттар қағарынан орын алуға тиістілігі күмән туғызбайды.

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің өміршендік танытуының сыры неде деген сұраққа жауап іздесек, ол ең алдымен ұғымға атау беруге ұлттық таным тұрғысынан келген. Сондықтан оны қазақ қауымы алғашқыда аздап жатсынғанмен, тез қабылдап санасына сіңіре алған. Екіншіден, сол кездегі Ахаңның зиялылар арасындағы зор беделі мен тіл саласындағы бірегей ірі оқымысты ретінде мойындалуы да оның жасаған терминдерінің шығармашыл қауым тарапынан көп талқысыз қабылдануына себеп болды. Онымен нықтас тұрып, ой жарыстырып, пікір таластырып, өз терминдерін ұсына қоятын тіл мамандары қалыптаса қоймап еді. Оның маңайындағы тіл мәселелеріне жетік деген Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрекұлұлы сынды алаш білімпаздарының да ғалым пікіріне құрметпен қарағаны байқалады. Үшіншіден, ол қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнактарды, байырғы лексикалық қорды, жалпы алғанда сөз тудыру тәсілдерін өте ұтымды, шебер пайдалана білген. Тілдік нормаларға сай, айтуға ыңғайлы, естуге жағымды, көңілге қонымды, бір сөзбен айтқанда қолдануға қолайлы атаулар жасай білгендіктен, оның қаламынан туындаған терминдері уақыт сынына төтеп беріп, ұрпақтан-ұрпаққа қызмет етіп келеді.

«30-жылдардың аяғына қарай толық салтанат құрған сталинизм ұлт зиялысын қаусатып салғанмен Алаш идеясын өлтіре алмады. Ол хрущевтік «жылымық», брежневтік тоқырау тұсында да қазақ даласын елес болып шарлады» – деп жазады белгілі тарихшы ғалым Х.Әбжанов.¹

Бұл орайда көрнекті тілші ғалым Мәулен Балақаевтың А.Байтұрсынұлының терминдері туралы мына төмендегі пікірі де тарихшы ғалым ойымен астасып жатыр. Ол былай деп жазады:

«Тіл құрал» кезінде «алашордашылардың, ұлтшылдардың» кі-

¹ Әбжанов Х. Алаш аманаты және ұлттық идея // Алаш және Әуезов. Алматы, 2007. 96-б.

табы болғандықтан, оны пайдалануға тыйым салынса, жаңа грамматика авторы да «халық жауы» атанып, кітабы қолданудан қалып қойды. Енді қайту керек?

Тірі қалғандарымыз мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету үшін еңбектенгенде, алдымен грамматикалық атауларды қалай атаймыз деген проблема туды. Біз бұрыннан үйреншікті болған Ахмет терминдерін қазақ тілінің, қазақша айтылған бұрынғы сөздері деп танып, солай атай бердік. Себебі басқаша жазу мүмкін емес, әдеби нормаға айналып, қалыптасып кеткен еді. Ахмет Байтұрсынов шығарған терминдер екенін білсек те, қазақ тілінің сөз байлығы деп танығанбыз. (Ахмет Байтұрсынов// Зерде баспалдақтары. Алматы, 1992. 152 б.).

Бүгін баршамыз алаш ардақтысы Ахаң қаламынан туындаған терминдердің де алаш идеясы сияқты өміршеңдік танытқанының күәсі болып отырмыз.

А.Байтұрсынұлының 125 жылдығына арналған ғылыми жинақтың жауапты редакторы, филология ғылымдарының докторы Е.Жанпейісов: “Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы қырық-отыз жылы – қазақ өркениетінің ең бір қарқынды дамыған, гүлденген тұсы. Олай дейтіміз: ұлт мәдениеті, үлкен әдебиет, қазақтық ғылым, білім де – бәрі шын мәнінде осы кезде ірге көтере бастады. Бәрінің де кейін қаз тұрып кетуіне, қалыптасуына Ахмет Байтұрсынұлы тікелей мұрындық болды. Сондықтан да осы қырық-отыз жылды қазақ өркениетінің “Байтұрсынов дәуірі”, “Байтұрсынов ғасыры” десе де болады” – депті.

Дәл осы сөз болып отырған кезеңде қазақ тіл білімінің ғылым ретінде іргесі бекіп, ұлттық ғылыми терминология жасала бастады. Ахаң бастаған алаш зиялылары тарапынан алғаш рет терминологияны дамытудың бағдары белгіленді. Терминологияға қатысты айтқанда отыз-қырық жылды дей алмасак та, жиырма жылдай уақытты дәлірек келгенде, 1910-1930 жылдар аралығын «қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынұлы кезеңі» деуге толық негіз бар. Өйткені ғасыр басынан 30-жылдарға дейінгі қазақ терминологиясының дамуы Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Өйткені ол өзі жүздеген терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізіп, ұлт тілінде термин жасаудың үлгісін көрсетті. Осы аталған уақыт аралығында қазақтың ғылым тілінің, ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына Ахаңның өзі тікелей басшылық етті. Ал “Байтұрсынов дәуірі”, “Байтұрсынов ғасыры” дегенге келсек, терминологияға қатысты тұтас дәуірді, ғасырды

А.Байтұрсынұлы есімімен байланыстыра қарасақ, онымыз тарихи шындықпен қабыса қоймайды. Себебі, Ахаң терминология мәселелерімен 10-жылдардың орта тұсынан бастап, жиырмасыншы жылдардың аяғына дейін он бес жылдай белсенді айналысты. 30-жылдардың бастапқы жылдарына дейін ол бастаған іс жалғасын тауып отырды. Одан кейінгі уақытта ол негізін қалаған бағыт, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы тосқауылға ұшырап, оның бағдары күрт өзгертілді. 30-жылдардың орта тұсынан бастап, терминологияны дамытудың жаңа бағыты қарқын алды. 90-жылдарға дейін Ахаң дәстүрі жалғаспақ түгілі оның атын атауға тиым салынғаны белгілі. Сондықтан біз қанша қаласақ та, Ахаң есімін терминологияға қатысты айтқанда «дәуір», «ғасыр» ұғымдарымен байланыстып, қолдана алмаймыз. Рас, 30-жылдары алаш зиялыларына қатысты әділетсіздік, қуғын-сүргін орын алып, Ахаң ісі жалғасын тапқанда, сөз жоқ тұтас бір дәуір “Байтұрсынов дәуірі”, ал XX ғасыр “Байтұрсынов ғасыры” болар еді. Бірақ, олай болуын Кеңестік жүйе қаламағаны, оған жол бермегені тарихтан белгілі. Сол себепті біз қазақ терминологиясының XX ғасыр басындағы 10-15 жылдық мерзімді «А.Байтұрсынұлы кезеңі» деп атаған орынды деп санаймыз.

“Тілдің міндегі – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді”¹ – деп, тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз.

Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М.В.Ломоносовты “орыс ғылыми терминологиясының атасы”² – дейтін болса, Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлтымыздың бағына туған перзенті аса дарынды ғалым Ахмет Байтұрсынұлы иеленіп тұр.

1 Байтұрсынов А. Шығармалар. – Алматы, 1989. –141-б.

2 Даниленко В.П., Канделаки Т.Л. Русская терминология// Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. М., 1986. –Стр.182.

II.1.1. Ахмет Байтұрсынұлы және XX ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстардың жүргізілуі

Ұлтқа сіңірген еңбегі мен ел мүддесі, халқының болашағы жолындағы қалтқысыз қызметі Ахаң мен онымен замандас, мұраттас алаш зиялыларына деген жұртының шынайы құрметін туғызды. Олардың атқарған істері жөнінде оқып-біліп, шығармашылығымен тереңірек танысқан сайын есімдерін ерекше ескеріп, аттарын айрықша құрметпен атайтындар артқан үстіне арта берері хақ. Өйткені олар халқының камын жеп, ел мүддесі үшін адал да шынайы қызмет етті. XX ғасыр басында қызмет еткен аз ғана ұлт зиялылары ұрпақтары ұлағат аларлық істер атқарып, өнеге боларлық өмір кеше білді. Біз әдетте, перзенттік парыз, азаматтық ұстаным, мемлекетшілдік, отаншылдық сынды қастерлі ұғымдар туралы ойлансақ, ұлтқа қызмет етудің үлгісін іздесек, Ахана, алаш зиялыларына жүгіне беретініміз де сондықтан болса керек. «Алаштың Ахаңы» атанған Ахмет Байтұрсынұлы атқарған істердің бірі – қазақ терминологиясы дамуының бағыт-бағдарын белгілеу, ұлттық терминологиялық қор қалыптастыру десек, ол бұл іске де ел мен тіл мүддесі тұрғысынан қарай білді. Оны ғалымның ұстанған жолынан, белгілеген бағытынан, өзі бас болып атқарған істерінен айқын көруге болады.

Ахаң ұлт ғылымының көшбасшысы Академиялық орталықтың (“Акцентр”) тұңғыш төрағасы, өзге тілдерден енген терминдерді ұлт тіліне аударып, термин жасап, қазақ терминологиясын қалыптастыру үшін 1922 жылы құрылған комиссияның төрағасы ретінде ғылым тілінің даму үрдісін белгілей отырып, термин-корымыздың ұлт тілі негізінде жасалуына өлшеусіз үлес қосты.

1924 жылдың маусым айында Орынборда “Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1- съезі” болып, онда қазақ терминологиясын қалыптастырудың алғашқы қағидаттары бекітілді. Съезде терминологияны қалыптастырудың басты қағидаттарын белгілеу жөніндегі баяндаманы Елдес Омарұлы жасады. “Қазақша пән сөздер тақырыпты Елдестің баяндамасы” негізінде съез қаулы қабылданды.

Е.Омарұлының баяндамасында ұсынылған жобаға Нәзір Төрекұлұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Халел Досмұхамедұлы, Ишанғали Арабайұлы сияқты съез делегаттары өз тараптарынан пікір білдіріп, ұсыныстарын егізген. Қабылданған қаулыда сол ұсыныс-пікірлердің де ескерілгенін айту керек.

жылғы сиезінде қаулымен бекітілген қағидаттардың өзгелерге үлгі ретінде ұсынылып, оның түркі тілдестер тарапынан да қолдау тапқаны жөнінде ғалымның өз сөзінде былай баяндалады: «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөздеріне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу даражаға жеткен».

Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың қат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіріп алмас үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды. Ол тәртіп қазақ білімпаздарының тұңғыш тобында қабылданғаны айтылды.

Сол жол басқа түріктер қолдануына да теріс болмас делінді. Құрылтай қарары да осы негізді болды. (Қою әріппен ерекшелеген біз – Ш.Қ.) Бірақ жалғыз қазақ емес, басқалар да қолданатын болғандықтан, біздің қолданған тәртібімізге қосқандары мынау болды: түрік жұрттары тілдерінің жақындығына қарай топталып бөлінсін, пән сөз топ ішіндегі жұрттардың бәріне ортақ түрде алынсын.

1-ші басқыштағы мектептерде қолданатын пән сөздер әр жұрттың өз тілінен алынуы абзал; 2-ші басқыштағы мектептерде қолданылатын топқа ортақтастырып алған пән сөздер болсын. Жоғарғы мектептерде әлемге жайылған Европа пән сөздері қолданылсын делінді» (сонда. 413-б.).

Еңбекші қазақ газетінің 1926 жылғы 12 тамыздағы санында жарияланған “Қазағыстан оқу кемесеретінің орынбасары Жолдыбайұлы Молдағалимен әңгіме” деп берілген “Қазақ тілін байытамыз” атты шағын сұхбатта сол кезеңде термин жасаумен кімдер айналысқандығы және өзге тілдерден термин қабылдауда қандай қағидат басшылыққа алынғандығы, осы істі жүзеге асырудағы Аханның рөлі атап көрсетіледі.

“1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшыландыратын кемесие құрылған. Кемесіенің құрылғаннан бергі жұмысы аз емес. Мың-мыңдаған сөздер қазақ тіліне аударылып, нә қазақ тіліне үйлестіріліп, қазақ тілі байытылды. 1924 жылғы қазақ білімпаздарының сиезі мен бныл Бакудегі түрік тілінің сиезі біздің кемесіенің жұмысын дұрыс тапты”³.

³ Қазақ тілін байытамыз // “Еңбекші қазақ”, 1926 жылғы 12 тамыз. (Қазағыстан оқу кемесеретінің орынбасары Жолдыбайұлы Молдағалимен әңгіме)

Сұхбатта жат сөздер қазақ тіліне сол күйінде алына берсе, жұртшылықтың олардың мағынасын түсінбей, тек дағдылы түрде салдырлатып айта беретіндігі туралы сөз бола келіп, былай делінеді:

“Жат сөздер қалай алынады? Алдымен, жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзі алынады. Оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түрік сөздері алынады. Түрік сөздері де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріліп, ауropa сөздері алынады. Кемесиеде қазақ тіліне жетік 5-6 қазақ қызметкерлері жұмыс істейді. Оның үстіне кемесиенің жұмысына түрлі білімінің басын ұстаған мамандар қатыстырылады. Кемесиенің ағасы қазақ елінің әсіресе тіл заңына жетік оқымысты данышпаны Байтұрсынұлы Ақымет. (қою әріпен ерекшелеген біз – Ш.Қ.) Мүшелері партиядағы жауапты қызметкерлер. Кемесиенің қазақ тіліне аударып, қазақ тіліне үйлестіріп алған атаулары газет-журналға басылып, көптің талқысына салынады. Алынған атауларды Қазағыстанның білімпаздар сиезі бекітеді.

Кемесие жұмысының бүкіл қазақ елі үшін маңызы зор. Кемесиенің иждиаты мен қазақ тілі байып, мәдениетті тілдер қатарына қосылады. Қазақ елінің ұлт мектебін, ұлт әдебиетін жасауға алдымен қазақ тілінің кедейлігі қамашау. Кемесие шамасынан келгенше осы кемшілікті жоюға тырыспақ. Кемесиенің негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу”.

Барлығы 5-6 адамнан тұратын комиссия үлкен іске мұрындық болып, көп іс тындыра білді. Оқу комиссариатының орынбасары атап көрсеткеніндей сол жылдарда қазақ тілі, оның терминологиялық қоры байыды, ғылым ұлт тілінде сөйлей бастады. Қазақ тілі термин шығармашылығында пайдаланылып, термин жасам тәжірибесі, дәстүрі қалыптаса бастады. Ахаң төрағалық еткен бұл комиссия – қазақ тілінің терминологиялық қорын қалыптастырудың негізін салды, іргетасын қалады. Бұл істің ілгері басуына көрнекті көшбасшы, тіл, терминология жайын терең білетін ірі тілші ғалым, тарихи тұлға А.Байтұрсынұлының жеке үлесінің зор болғанын атап айтқан абзал.

Жолдыбайұлы Молдағалидың әнгімесінен көріп отырғанымыздай, қазіргі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмыс тәртібінің, құрамын жасақтаудағы өлшемдердің (критерийлер) сонау 20-жылдардағы Ахаң төрағалық еткен комиссиядан айтарлықтай айырмашылығы жоқ деуге болады. Нақтырақ айтар болсақ, комиссия құрамына

1924 жылы съезде жасалған баяндамада көрсетілген қағидаттарды Е.Омарұлы өзі ғана дайындады ма, ол баяндама Ахандармен ақылдаса отырып термин комиссиясының атынан жасалды ма, нақты деректерді кездестірмегендіктен ол жайында кесімді пікір айту қиындау. Бірақ термин комиссиясының сол кездегі төрағасы А.Байтұрсынұлының ол жобамен съезге ұсынылғанға дейін таныс болмауы, оған атсалыспауы мүмкін емес екендігі анық. Жоба талқыланған кезде оған Ахаңның араласпауы да осындай ойға жетелейді. Осы жайттарды және сол кезеңдегі бүкіл терминологияны қалыптастыру ісінің басы-қасында Ахаңның жүргенін, жетекшілік жасағанын, термин жасаудың үлгісін көрсеткенін және съез бекіткен қағидат негізінде біршама толықтырылып, жүйеленген терминология қағидаттары жөніндегі баяндаманы Бакуде өткен Бірінші бүкілодақтық түркологиялық құрылтайда А.Байтұрсынұлының жасағанын ескерсек, оның бұл іске тікелей қатысы болғанын, қосқан үлесінің үлкен екенін көруге болады. Ондағы Ахаңның ұсынған қағидаттары мыналар:

А) Ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу. Бұл қазақ тілінің жоғарыдағылар мен төмендегілердің, дәлірек айтқанда сауаттылар мен сауатсыздардың тілі болып жіктелмесі үшін керек. Қай жерде және кім бастырып шығарса да баспа өнімдері, газет-журналдар, кітапшалар пайда әкелуі үшін, тіл қалың көпшілікке түсінікті болуға тиіс. Сонда аз ғана пайызды құрайтын сауаттылар көптеген сауаты жоқтарға қызмет көрсете алады.

Б) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу. Олай етуіміздің себебі: 1) туыстас тілдердің көптеген сөздерінің тұлғалары бірдей болмаса да олар ортақ түбірден тараған, сол себепті туыстас емес тілдердің сөздеріне қарағанда оларды түсіну жеңіл және естігенде де айқанда да бөтен болып сезілмейді; 2) түркі халықтары қашанда өзара қарым-қатынаста болған және бола да береді, сондықтан да бір тілдің көптеген сөздері ортақ түбірден өрбімесе де өзге тілдің тұтынушыларына таныс болуы мүмкін.

В) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек. Оларды алмастыруға болатын қазақ сөздері болған жағдайда таңдауды қоғамның өзі жасауы үшін, екеуі де қатар алынуға тиіс. Жаппай қолданылатын деп біз араб сөздерін емес, қазіргі кең тараған еуропа сөздерін айтып отырмыз. Араб сөздеріне қарағанда оларға басымдық беріп отыруымыздың себебі біз қазір араб емес евро-

па мәдениетіне ден қойып отырмыз. Европа мәдениетінің барлық жетістіктері тұтастай еуропа тілдерінде атала алады. Алайда кірме терминдер біздің қазақ тілінің айтылуына бағынуға тиіс, яғни оларға тілдің калыпты артикуляциясынан бастау алатын біздің тіліміздің дыбыстық заңдылықтары үстемдік етуі (таратылуы) керек. Шет тілдерінің сөздерін өзіміздікі ету үшін, бұл міндетті түрде солай болуы қажет.

Г) Қазақ тілінің табиғатына сәкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек. Бұл дегеніміз, біріншіден, құрамында қазақ тіліне жат дыбыстары бар барлық сөздердің тиісті төл дыбыстарымызбен алмастырылады, екіншіден, кірме сөздердің жұрнақтары қазақ жұрнақтарымен алмастырылады, үшіншіден, қосарлы дыбыстардың біреуі ғана қабылданады, төртіншіден, қазақ тіліне жат қосымшалар Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовский – Адамау т.б. сияқты тілге қажетті талап шеңберінде өзгертілуге тиіс”.

Осы түрікшілдер құрылтайының күн тәртібіндегі 14 мәселенің 6-сы терминология мәселелері болғанын, онда қандай баяндамалар жасалғанын Ахаң өзінің «Жаңа мектеп» журналына жазған мақаласында көрсеткен болатын. «6) Пән сөздерінің жүйесі туралы. Баяндамашылар: Шобан зада профессор мен Зиенат деген. Түрік тілінің пән сөздері туралы. Баяндамашылар: Зайналы, Одабаш, Байтұрсынұлы»².

Бірнеше елдердің көрнекті тілші ғалымдары жиналған халықаралық мәртебеге ие бұл алқалы жиында қазақ тілінің терминдері, түрік терминологиясы жөнінде ғылыми баяндама жасап, терминологияның даму бағытын белгілеуі, өзге түркілерге біздің жолымызды ұсынуы, олардың терминологияны калыптастырудағы кемшіліктерін атап айтуы – Ахаңның кең ауқымды түрколог ғалым, терминология жайын терең білетін терминтанушы екендігін көрсетеді.

Бұл орайда Ахаң туралы К.Мұсаұлының “А.Байтұрсынұлы – түркологияның төрінде отырған ғалым” деген пікірі өте орынды айтылған деп білеміз.

Бірінші бүкілодақтық түркологиялық құрылтайда жасаған А.Байтұрсынұлының баяндамасында қазақ білімпаздарының 1924

² А.Байтұрсынұлы. Түрікшілер құрылтайы. «Жаңа мектеп», 1926, №7-8, 43-50бб.

Ескерту: Бұл мақаланың қазіргі жазуға көшірілген нұсқасы 1992 жылы Р.Сыздықова мен Ш.Сарыбаевтардың редакторлығымен жарық көрген «Тіл тағылымы» атты А.Байтұрсынұлы еңбектерінің жинағында (411-416 беттерде) берілген.

қазақ тілін жетік білетін мамандардың, партияның жауапты қызметкерлерінің, әр түрлі сала мамандарының тартылуы, сондай-ақ терминдерді газет-журналдарға жариялап көпшіліктің талқысына салу тәжірибесі бүгінгі Мемтерминкомға да тән сипаттар. Өткен ғасыр басында жаңа жасалған немесе өзге тілдерден аударылып алынған терминдер білімпаздар съезінде бекітілген болса, бүгін де Мемтерминком қараған терминдерді үкіметтің қаулысымен немесе Парламентте қарап бекіту туралы ұсыныстар айтылып жүр. Бұл фактілер бір жағынан Ахаң басқарған комиссия жұмысының жан-жақты ойластырыла отырып ұйымдастырылғанын көрсетсе, екінші жағынан арада ғасырға жуық уақыт өткеніне қарамастан, оның жұмыс тәжірибесінің күні бүгінге дейін пайдаланылып отырғандығының куәсі.

“Кемесненің негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу” дегеніне келсек, Ахаң басқарған комиссия мақсатына адал болып қана қойған жоқ, қазақ тілін білім-ғылым тілі ету жолында қыруар іс тындырды. “Байтұрсынұлы кезеңінде” қазақ тілінде жазылған көптеген оқулықтар мен, оқу құралдары, сөздіктер соның дәлелі бола алады. Оның бәрі азғантай ғана қазақ зиялыларының атқарған үлкен ісі, солардың қажырлы еңбегінің, мақсатты жұмыстарының нәтижесі. “Қазақша-орысша тілмаш”, Н.Қаратышқанов құрастырған “Тән сөздері” мен «Орысша-қазақша әскерлік атауларынан» бастап 1931жылы жарық көрген “Атаулар сөздігіне” дейінгі екі тілді және терминологиялық сөздіктер Ахаңдар ұстанған қағидаттарға сәкес жасалған.

Ахаң басқарған жылдарда комиссия жұмысының нәтижелі болғанын Қазақ АССР Оқу Халық Комиссариатының 1921-1923 жылдардағы Академиялық Орталықтың атқарған қызметі туралы есебінен де көруге болады. Онда былай делінген:

“Қазақ өлкесін зерттеу жөніндегі ғылыми жұмыстармен қатар, Академиялық Орталықтың өткен жылдарда екінші бір маңызды жұмысы мынау болды:

а) қазақ ғылыми тілін жасау,

б) жалпы жұртқа түсінікті, саяси әдебиетті қазақ тіліне аудару.

Қазақ ғылыми-әдеби советі өткен жылдарда қазақ тілінің дәл ғылыми терминологиясын жасаумен айналысты, оны жергілікті қазақ баспасөз орындарында жариялап отыру арқылы жалпы жұрттың міндетті түрде қолдануын қадағалап отырды”.⁴

⁴ Қазақ ССР архиві, фонд 81, опись 1, №56 іс.

Бұдан Ахаң бастаған қазақ зиялыларының терминдерді жасап қана қоймай, олардың қоданысын, қалыптасып, тілде орнығып кетуіне де ерекше мән беріп, істің барысын қадағалап отырғанын да көруге болады. Термин комиссиясінің қадағалау, бақылау құқығы болғаны айтылады. Олардың бұл тәжірибесін бекіткен терминдерінің елеулі бөлігі әрқелкі қолданылып жататын бүгінгі Мемтерминком жұмысында пайдалануға әбден болады.

Сонымен қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстардың ел ішіндегі жүргізілуіне басшылық етіп, терминалмасу мен терминологияны халықаралық (түркі тілдері арасындағы) біріздендіру жолдарын ұсынушы. Сондай-ақ ол ұлттық терминқор қалыптастыруда ұстанатын бағыт-бағдарды айқындап, қазақ терминологиясын дамытудың тұңғыш қағидағтарын белгілеуге тікелей атсалысып, осы істің басы-қасында болған аса көрнекті тілші ғалым.

II.2. Елдес Омарұлы және қазақ терминологиясын дамыту қағидағтары

ХХ ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы туралы сөз еткенде Елдес Омарұлының есімін ерекше атауға тиіспіз. Ол ұлттық ғылым тілінің дамуына, қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей атсалысқан, бұл салаға қатысты құнды ғылыми еңбектер жазған алаш зиялыларының бірі. Ол алғашқы күндерінен бастап Алашорда жұмысының бел ортасында жүріп, белсене қызмет еткен жетекшілер қатарында болды. 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында «Жалпы қазақ-қырғыз съезін» өткізгенде оны ұйымдастырып, шақырғандар қатарында Елдес Омарұлы да болды. Съез қаулысында «Съез шақырушылар: Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Сағындық Досжанұлы, Міржақып Дулатов»⁵. Осы съезде Алашорда басшысы болып, Әлихан Бөкейханұлы, ал оқу комиссиясына А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы, Е.Омарұлы, Б.Сәрсенұлы, Т.Шонанұлы сайланды.

Алаш зиялыларының білім беру мен ғылым саласындағы жұмысын ұйымдастыруда бұл комиссия үлкен рөл атқарды. Комиссия хатшысы ретінде Е.Омарұлы комиссия төрағасы Ахаңмен тығыз байланыста жұмыс жүргізе отырып, білім саласының, тілдің көптеген мәселелерін бірлесіп, пікірлесіп, талқылай келіп шеш-

⁵ Жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы// Алаш қозғалысы. Алматы, 2005. – 21 б.

кен. Ғалымдардың бізге жеткен еңбектері олардың әліпби, терминология, емле төңірегіндегі көзқарастары бір арнаға тоғысып, ойлары бір жерден шығып, пікірлері үнемі үндесіп отырғандығын көрсетеді. Аханмен қатар еңбек еткен алаш оқығандарының арасында тіл білімінің аса көрнекті маманы, оның ішінде терминология мәселелерін ең терең білетіндердің бірі де Елдес Омарұлы болған еді. Тек терминология ғана емес, жалпы қазақ тіл білімінің көптеген мәселелерін арнайы зерттеген, бірқатар құнды ғылыми еңбектер жазып, мектептер мен жоғары оқу орындарында қазақ тілінен дәріс оқыған, сабақ берген Елдес Омарұлын қазақтан шыққан алғашқы кәсіби лингвист ғалымдардың, білікті педагогтің бірі деп тани отырып, оның лингвистикалық мұрасын арнайы зерттеу бүгінгі ұрпақтың міндеті. Біз ғалымның терминологияға қатысты еңбектеріне ғана тоқталамыз.

Ал қазақ, орыс, неміс, татар және түркі тілдерін жақсы білген, тіл білімі, математика, физика, заң, география, медицина сияқты салалар бойынша еңбектер жазған кең тынысты, жан-жақты білімді, кезінде замандастары «қазақтың Ломоносовы» деп атаған ғалымның мұрасын жан-жақты зерттеу алдағы күндердің ісі болып қала бермек. Оның сан салалы еңбектерін сол салалардың білікті мамандары терең зерттегенде ғана елін сүйіп өткен Елdestей азаматтың ғалымдық қыры мен азаматтық тұлғасы мейлінше айқындала түседі. Бұл бір жағынан тарихи, ғылыми әділеттілік үшін атқарылуға тиіс шаруа болса, екінші жағынан бүгінгі ұрпақтың өзі үшін аса қажетті іс.

Елдес Омарұлының XX ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстарды жүргізуге ерекше атсалысқан, осы іспен тікелей айналысқан алаш оқығандарының бірі екенін оның тергеушіге берген мына жауабынан да соны байқауға болады. Онда ғалым былай дейді: «Мен онымен (Қаныш Сәтбаев) 1923 жылы, ол Қазақ Оқу-ағарту комиссариатының академиялық орталығына қазақ тілінде жазылған алгебра оқулығының қолжазбасын табыс еткен кезінде таныстым. Мен академиялық орталықтың жанындағы ғылыми комиссияның хатшысы ретінде алгебра терминдерін жасау жөніндегі жұмысқа қатыстым және Сәтбаевтың қолжазбасы жөніндегі хабарламашы болдым» (Тұрсын Жұртбай, Абақтыдағы алаш «ЕҚ», 7 желтоқсан 2007 жыл).
Жан-жақты білімділігімен, көп тіл білетіндігімен ерекшеленген ғалым математика, геометрия, физика, тіл білімі сияқты бірнеше саланың терминдерін жасауға белсене араласқан. 90-жылдар

дан кейін Е.Омарұлы еңбектерінің бірқатарын жинақтап, алғаш жариялаушылардың бірі М.Шуақбаев: «Елдегі медицина институтында сақтаулы жеке ісінде оның медицина қызметкерлеріне арнап қазақ тілінде сөздік дайындағаны туралы анықтама бар. Сөздік күні бүгінге дейін табылмай отыр» деп жазады. Бұл деректер оның медицина терминдерін жасаумен де айналысқандығынан хабардар етеді.

Елдес Омарұлы тіл маманы, ұлт тілінің үлкен жанашыры ретінде қоғамдық өмірдің өзге де салаларына қатысты жаңа сөздерді, терминдерді жасауға атсалысқан. Мәселен, Г.Әлімбаева ғалымның физика оқулығы туралы сөз еткен мақаласында «Сол кездегі Министрлер Советі Председателін» тұңғыш рет «Кіндік Үкімет Төрағасы» деп өзі аударып, жоғарыға арнайы ұсыныс құжатын түсіртеді»⁶ деп жазады. Термин қалыптастыру ісінің үнемі басы-қасында болған ғалым қаламынан туған атаулар мұнымен де шектелмесе керек. Ғалым мұрасын жинақтап, арнайы зерттесек, әлі де оның қаламынан туындаған көптеген терминдердің табылатындығына күмән келтірмейміз.

Елдес Омарұлы пән сөздерінің баспасөзде қолданылуына, ерекше мән берген. Ол өзінің білімпаздардың тұңғыш сөзінде пән сөздері туралы жасаған баяндамасын баспасөз тіліне тоқталудан бастайды. «Басылып шыққан газет, журналдарды қазақ оқи алатын болуы үшін, оның пән сөздері де қазаққа түсінікті болуы керек» деп жазады ғалым. Баспасөздің қоғамдағы атқаратын рөлі қашан да айрықша. Ал XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы хат таныған, білімі барлардың саны халықтың белгілі бір бөлігін құраған кезеңде баспасөздің орны тіптен айрықша болды. Ғылымның түрлі салаларын меңгерген ғалымдар мен жоғары білімді мамандар қауымы жаңа-жаңа қалыптасып келе жатқан уақытта қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттер де көп болған жоқ. Барларының өзін жаппай қолданатындай сауатты қауым әлі қалыптаса қоймап еді. Қалың жұртшылық қоғам өмірінде болып жатқан күнделікті жаңалықтармен қатар ғылым-білім саласындағы жаңа ақпараттарды да негізінен газет-журналдар арқылы алып отырды. Көптеген жаңа терминдердің баспасөз беттерінде жиі қолданылуына да осындай факторлар әсер етті. Терминдерді алғашқы сәттен ба-

6 Әлімбаева Г. Ана тіліміздегі тұңғыш физика оқулығы // Елім деп өткен Елдес. Алматы, 1998. — 53 б.

стап дұрыс қалыптастыру мен жұртшылықты жаңылыстырмау үшін термин қолданысына ерекше мән беру керек те еді. Осыны жақсы түсінген Е. Омарұлының өз баяндамасында бұл мәселеге арнайы тоқталуы да сондықтан. Терминдердің негізгі қолданылатын жері арнаулы мәтіндер, ғылыми әдебиеттер мен оқулықтар, оқу құралдары. Алайда қазақ тіліндегі ондай әдебиеттердің де, оларды кәсіби қызметінде пайдаланатын ғылыми қауымның да қалыптаса қоймауы себепті баспасөздің осы кеңістікті толтыруына тура келді. Е. Омарұлының «газет, журналдарды қазақ оқи алатын болуы үшін, оның пән сөздері де қазаққа түсінікті болуы керек» деген сөзі сол кезеңдегі қазақ баспасөзінде терминдердің көптеп қолданылғанынан хабардар етсе, екінші жағынан терминологияны қалыптастыруда терминдерді ұлт тілінде жасауға ерекше мән беру керектігін атап көрсетіп отыр.

Біздің ғалымдарымыздың көпшілігі қазір ғылым мен техника саласындағы жаңа ұғымдардың атаулары туралы сөз бола қалса, мұндай ұғым қазақта болмаған, сондықтан оны басқа-ша атап бас қатырып жатпай, ең дұрысы сол ұғымның атауын да өзге тілдегі қалпында өзгеріссіз қабылдау деп жатады. Мұндай уәжде тоқталатындар аз емес. Тілші ғалымдар мен сала мамандарының арасында жаңа термин жасауға мейлінше қарсы, еуропа халықтары тілдерінің сөздерін өзгертпей алуға бейілділер жиі ұшырасады. Ал жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ ғылымы мен білім саласының дамуына аянбай еңбек еткен алаш оқығандарының көпшілігі бұл мәселеде басқаша ұстанымда болды. Соның ішінде алаш зиялы қауымының көрнекті өкілі, тіл білімпазы Елдес Омарұлының пікірі айрықша көңіл аудартады. «Пән кітебтері үшін пән сөздері керек. Ондай сөздер қазақтың өз тілінде бұрын болмаған; Оны жаңадан ойлап шығару керек» – деп жазады ол. Ғалым бізде бұрын болмаған сөздерді ала берейік деген ойдан мүлде аулақ. Ол керісінше, ондай атауларды «жаңадан ойлап шығару керек» дейді. Жоқты бар етуді, өзгенікін дайын қалпында қабылдай бермей, өзіміздікін жасауды міндет санайды. Алаш зиялылары «осылай істеу керек», «жаңадан жасау керек» деп өзгелерге жол сілтеп, ақыл айтып қана қоймай, өздері пән атауларын жасап, қолданысқа енгізіп үлгі көрсете де білді. Олардың сөзі мен ісінің арасында қайшылық, алшақтық болмады. Елдес Омарұлы да өзінің бұрын қазақта болмаған терминдерді «жаңадан ойлап шығару керек» деген сөзіне сәйкес іс істеді. Ол көптеген геометрия, физика, медицина терминдерін қазақша тұңғыш рет өзі жасап, жазған

оқулықтары, мақалалары мен құрастырған сөздіктері арқылы тілдік қолданысқа енгізді. Айтып қана қоюмен шектелмей, ол өз айтқандарын ісімен де дәлелдей білді. Мәселен, оның «Пішіндеме» (геометрия) оқулығындағы мына атаулардың барлығы да автордың қаламынан туындаған терминдер: *аудан, аттас көбкіл, берне, бернелес шама, бет, бөлу амалы, буын, доға, дөңгелек, жанана, жарма, жиек, екінші дәрежелі өрнек, еселік арасы, керме, кесе, кесінді, көбкіл, көлденең, кіндік сызығы, кіші кесінді, кіші өріс, қабырға, қар, қатар сызық, қима, қиықша, қия, қоршаулы бұрыш, қостабан, құрылымдастық, одағай сан, ортан бөлек, өлшемдестік, өлшеуіш, өріс, өрістік, өсінді, пішін, ұқсастық, ұлы өріс, сүйір бұрыш, табан, ен, пішіндеме, сабақтас пішіндер, сабақ кіндігі, саты, сыртынан сабақтас пішін, текше, тетік, төбе, түбір, тікше, тұрлаулы шама, тұрлаусыз шама, тұзу сызық, түйін, теңгіл, тік бұрышты үшкіл, тең бүйірлі үшкіл, үлес, үшкіл, шаршы, шек, шеңбер, ыңғайластық, ыңғайлас пішін, ішінен сабақтас пішін т.б.*

Ғалым тілде бұрыннан бар бірқатар *бет, буын, жиек, өріс, табан, ен, төбе, түбір* іспеттес сөздерді пән сөзі ретінде қолданып, оларға терминдік мағына жүктесе, енді бірқатар терминдерді жаңадан жасайды. Ондай жаңа терминдерді өзге тілдерге жүгіне бермей, қазақтың өз сөздерінен өрбітеді. Е.Омарұлының жасаған геометрия терминдеріне математик-филолог ғалым Ш.Біләл арнайы тоқталып, талдау жасаған болатын⁷. Сондықтан біз бұл мәселеге көп аялдамаймыз.

Елдес Омарұлының жаңа терминдердің түсініктілігі туралы сонау жиырмамыншы ғасыр басындағы айтқан пікірі күні бүгінге дейін құнын жоғалтқан жоқ. Ол былай деп жазады: «Бұрын естілмеген жаңа сөз елге бірден түсінікті бола қоймайды. Бірақ пән сөз қазақтың өз тілінен алынып, мағанасы аз да болса тиісті ұғымды сездіретін болса, оны түсіну қиын болмайды. Сондықтан пән сөзді қолдан келгенше қазақтың өз тілінен алу керек».

Бұл тұжырымы арқылы ол алдымен «пән сөзді қолдан келгенше қазақтың өз тілінен алу керек» дей отырып, екіншіден, неліктен сол пән атауларын ұлт тілінен алу керектігіне жауап береді. Қазақ зиялысының терминтану ғылымы едәуір дамыған кейінгі кезеңдерде сөз болған мәселелерін ерте ұғынып, тіліміздің терминологиясын қалыптастырудың алғашқы жылдарында-ақ айтып

⁷ Біләл Ш. Елдес Омаров – пішіндемедегі ұлттық таным өрнегін жасаушы // Елім деп өткен Елдес. Алматы, 1998. 36-48 б.

кеткендігі ерекше назар аудартады. Бұл оның асқан аңғарымпаз, өресі биік, зерделі жан екендігін көрсететін фактор. Біздің бұл жерде айтып отырғанымыз – «термин ұғынықтылығы» мәселесі. Бізде күні бүгінге дейін «терминді өзге тілден алғанда тұрған ештеңе жоқ» деген пікір үстемдік етіп келеді. Кенестік дәуірде көп насихатталған осы пікірді жақтаушылар қазір де аз дей алмаймыз. Ұлт тілінде термин жасауды қолдамайтындар, терминологияны, ғылым тілін халықаралықтандыру қажет деп санайды. Жалпы бұл өз алдына жеке қарастыруды арнайы сөз студі қажет ететін мәселе. Ал Елдес Омарұлының айтып отырғаны – терминнің атау болған ұғымы жөнінде мәлімет беріп тұруы. Ол дегеніміз – сол терминнің жасалуына негіз болған сөздің мағынасы тілді тұтынушыға түсінікті болып, ұғым жөнінен хабардар стүі. Ұлт тілінің өзінен алынған сөздің мағынасы сол тілде сөйлейтіндер үшін көмескі, жат болмайды. Сондықтан да белгілі бір ұлттың тіліне негізделіп жасалған атау жаңа сөз болса да, тез ұғынылады, оңай түсініледі. Елдес Омарұлының «пән сөз қазақтың өз тілінен алынып, мағанасы аз да болса тиісті ұғымды сездіретілік болса, оны түсіну қиын болмайды» деп отырғаны осы. Орыс, неміс терминтанушы ғалымдарының кейінгі 15-20 жыл көлемінде айтып жүрген «термин мағынасының ұғынықтылығы» (прозрачность термина) дегені осы. Көріп отырғанымыздай, қазақ тіл білімінің мамандары бұл мәселеге жиырмасыншы ғасыр басында-ақ назар аударған.

Елдес Омарұлы термин жасау кезінде жұрнақтарды дұрыс пайдалануға алғаш мән берген қазақ зиялыларының бірі. Ол сөзге жалғанғанда тұрақты мағынаны білдіретін **-лық, -шы, -шыл, -лы, -сыз, -уын, -тар** сияқты жұрнақтарды «тұрлаулы жұрнақтар» деп, ал ондай тұрақты мағынасы жоқ **-қ, -н, -ақ** тәрізді жұрнақтарды «тұрлаусыз жұрнақтар» деп екіге бөледі.

Елдес Омарұлының «тұрлауы жұрнақ» және «тұрлаусыз жұрнақ» терминдері Ахмет Байтұрсынұлы жасап қалыптастырған «тұрлаулы мүше», «тұрлаусыз мүше» терминдерінің үлгісімен жасалған. Сондай-ақ жоғарыда атап көрсеткеніміздей, оның 1928 жылы Қызылордада жарық көрген «Пішіндеме» оқулығындағы «тұрлаулы шама», «тұрлаусыз шама», «сабақтас пішін» (сабақтас сөйлем), «одағай сан» (одағай сөз) терминдері де Ахаң үлгісімен жасалған атаулар.

«Қазақ тілінің жұрнақтары жете тексерілген емес. Тұрлаусыз жұрнақтардың да түбір сөздің мағанасына дыбыстарына қарай, айрықша бір мәнісі болуы мүмкін, сондықтан түбірге тұрлаусыз

мүше жалғағанда аса сак болу керек. Қазақша түбір сөзге жұрнақ жалғап жаңа сөз шығарғанда – қолдан келгенше тұрлаулы жұрнақпен шығару керек; тұрлаусыз жұрнақтарды тексеріп сырын біліп алу керек» дейді ғалым.

Бізде қазір терминжасам барысында төл жұрнақтарымызбен қатар көптеген латын, грек терминбөлшектері мен кірме жұрнақтар да пайдаланылады. Алайда сол жұрнақтардың терминжасам үрдісіндегі үлесі мен пайдаланылу жиілігі анықталып, статистикалық есеп жүргізіліп жатқан жоқ. Елдес Омарұлының өткен ғасыр басында-ақ жұрнақ жалғау арқылы термин жасау мәселесіне ерекше көңіл бөлуі назар аудартады. Ол тіліміздегі жұрнақтардың жете зерттелмегендігін айта отырып, жаңа атаулар жасағанда оларды орнымен пайдалану керектігін ескертеді. Ғалым термин жасағанда мүмкіндігінше тұрлаулы жұрнақтарды жалғаған дұрыс деп санайды. Оның тұрлаусыз жұрнақтарды пайдаланғанда аса сак болу керек дегенінде үлкен мән жатыр. Мәселе мұнда жұрнақтың тұрлаулы немесе тұрлаусыз болуында емес. Автордың өзі атап көрсетіп отырған тұрлаусыз жұрнақтардың мағыналарының анық ажыратылмағандығында. Лингвистика тілімен айтқанда сөз жұрнақтардың семантикасы туралы болып отыр. Ғалымның бұл пікірі күні бүгінге дейін құнын жойған жоқ. Бүгінгі уақытта морфологиялық тәсілмен термин жасау барысында ең бір жиі кездесетін кемшіліктің бірі сөз тудырушы жұрнақтардың мағынасын білмей жалғау. Тіл мамандарынан гөрі терминологиялық сөздік жасаушы өзге салалардың мамандары бұл кемшілікке көп жол береді. Елдес Омарұлының «тұрлаусыз жұрнақтарды тексеріп сырын біліп алу керек» деуі олардың семантикасын анықтап алу керек дегені.

Ғалымның төл жұрнақтар мен кірме жұрнақтарды пайдалану мәселесіне қатысты да өзіндік ұстанымы бар. «Үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтардың көбі қазақ тіліне сініп кеткен жат жұрнақтар. Олармен мәнілес түбірмен үндесіп жалғанатын қазақтың өз жұрнақтары бар. Жаңа сөзді түбірге жат жұрнақ жалғап шығарғаннан өз жұрнағымызбен шығарған артық» деп жазады ол. Мұнда алаш зиялысы екі мәселеге қатысты өз пікірін ашық білдіріп отыр. Біріншіден, ол тілімізде кірме жұрнақтармен мағыналас, үндестік заңын бұзбайтын төл жұрнақтар бар екендігін ескертіп отырса, екіншіден, терминжасам үрдісінде төл жұрнақтарды пайдаланған артық деп көрсетеді.

Елдес Омарұлы да өзге замандас әріптестері сияқты қазақ тілінен терминге лайық сөз табылмай жатқан жағдайда, еуропаға

кен тараған латын сөзін алуға болады деп санайды. «Пән сөзді өз тілімізден таба алмаған күнде, наурыпа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, оны тіліміздің заңына келтіріп, өзгертіп алу керек» дейді баяндамашы. Ғалымның өз сөзін келтірсек, баяндамада былай делінген: «Жат сөздің асыл түрін бұзбай алсақ, ондай сөзге қазақтың тілі келмейтұн болады. Жана қазақ тілінің заңына келмеген сөзді, оған қазақша жұрнақ, жалғаулар жалғап өзгертуге де болмайды. Ондай сөз қазақ тіліне қазақтың өз сөзіндей болып сіңісе де алмайды, бір түрлі ерсі сөз болып қалады. Жат сөз қазақ тіліне сіңіп түпкілікті қазақ сөзі болып шығуы үшін, – мағанасы түсінікті болмаса да, айтуға жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек».

Бір қарағанда баяндамашының бұл пікірінде негізгі бір ғана ой айтылып тұрған сияқты болғанымен, оның осы сөзінде кірме терминдерді қабылдаудың бірнеше мәселесі қамтылып тұр. Ол бұл жерде «Жат сөздерді қазақ тіліне несіктен икемдеп, өзгертіп алу керек?» деген сұраққа лингвистикалық тұрғыдан жауап беріп отыр. Яғни, баяндамада кірме сөздерді ұлт тіліне өзгертіп қабылдаудың себептері атап көрсетіледі. Ал енді ғалымның баяндамасындағы сол айтылған себептерді нақтылып, айтқан тұжырымдарының аражігін ашып, жіктеп көрсетер болсақ, олар мыналар: Біріншіден, өзгертілмей алынған сөзге қазақтың тілі келмейтін болады. Екіншіден, қазақ тілінің заңына бағындырылып алынбаған сөзге төл жұрнақтарымызды жалғап өзгертуге де болмайды. Үшіншіден, өзгеріссіз қабылданған сөз қазақтың өз сөзіндей болып тілге сіңіп кете алмайды. Төртіншіден, сөздің дыбысталуы жағымды және айтылуға жеңіл болуы керек деп түйіндейді.

«Тілдің заңына келмейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, – тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады» деп, ұлт тілінің қадір-қасиетін терсе сезінген, оның негізгі заңдары мен тазалығын, әуезділігін сақтау қажеттігін ғылыми тұрғыдан дәлелдей білген ғалым, өз идеясына, ғылыми ұстанымына беріктігімен де ерекшеленеді. Оны ғалымның шығарамашылығынан және «ұлтшыл», «алашшыл», «пурист» деп айыптаған жылдарда да алған бағытынан бас тартпағандығынан, табандылық танытқандығынан да байқауға болады.

Елдес Омарұлының білімпаздардың тұңғыш сиезінде жасаған баяндамасына ерекше мән беріп, айрықша тоқталып отырумыздың өзіндік себептері бар. Ең бірінші себебі – бұл бүкіл қазақ-қырғыз зиялылары, алаштың ең білімді азаматтарының бас қосқан алқалы

жынында терминология мәселелерін алғаш рет ресми түрде талқылауға ұсынған баяндама. Оған дейін де түрлі басылымдарда жеке ғалымдар мен қазақ оқығандары тарапынан термин, терминология мәселелері туралы сөз қозғалғанымен, бірақ дәл білімпаздар құрылтайындай жоғары деңгейде өткен саликалы жынында арнайы сөз болмаған еді. Сондықтан да терминология мәселелерінің елдегі түрлі көзқарастағы бүкіл ғалымдарының жиналған съездің күн тәртібіндегі негізгі мәселенің бірі ретінде қаралуы – қазақ терминологиясының тарихындағы айтулы оқиға еді. Екінші себебі – осы баяндамада тұңғыш рет ұлттық терминологиялық қорды қалыптастырудың негізгі бағыттары, терминологияны дамытудың қағидаттары ұсынылып, жан-жақты талқылаудан кейін съезд оны ресми бекіткен болатын. Сонымен 1924 жылы съезд қаулысымен ресми бекітілген қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми қағидаттары Елдес Омарұлының баяндамасына негізделді. Нақтырақ айтқанда, пән сөздерге арналған баяндама съезд делегаттары тарапынан қызу талқыланғанмен, баяндамашының ұсынған мәселелері бойынша айтарлықтай өзгеріс енгізілген жоқ. Жалпы көтерген мәселесі, ғылыми құндылығы жағынан да Е. Омарұлының бұл баяндамасын қазақ терминологиясының тарихындағы алатын орны айрықша «Елдегі ерекше баяндамасы» деп атауға толық негіз бар.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде жасаған Елдес Омарұлының «Қазақша пән сөздер» атты баяндамасы туралы айтқанда тағы бір мәселеге ерекше мән беру керек. Ол бұл баяндамаға Ахмет Байтұрсынұлының қатысы жөніндегі мәселе. Мемлекет ісінде де, ұлт мәселесінде де ұстанымдары ортақ мүдделес, идеялас Ахмет Байтұрсынұлының сенімді серігі болған Елдес Омарұлы қай істе де Ахаңмен пікірлесіп, ой бөлісіп отырған. Ахаңды Елдес Омарұлы қандай айрықша құрметтеп, азаматтық тұлғасы мен ғалымдығын жоғары бағаласа, Ахаң да Елдегі дәл сондай ерекше құрмет тұтып, оның білім-парасатын, кісілік келбетін қадірлей білген. Олар көзқарастары бір, мақсат-мүдделері ортақ, ұлт болашағы үшін адал қызмет еткен қазақтың нағыз зиялы, қайраткер азаматтары ретінде бірін-бірі жақсы түсінген, тізе қосып бір жүрген, жақын сырласып, шынайы сыйласа білген. Әсіресе, тіл мәселесінде олар бір-бірін терең түсініп, кеңесіп-келісе отырып қызмет еткен. Оның да өзіндік себептері бар. Ахаң ғасыр басында қызмет еткен қазақ зиялыларының арасына шоқтығы биік тұрған зор қайраткер тұлға болумен қатар, ол – қазақ тіл білімінің негізін қалаған бас тілші

кен тараған латын сөзін алуға болады деп санайды. «Пән сөзді өз тілімізден таба алмаған күнде, наурыпа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, оны тіліміздің заңына келтіріп, өзгертіп алу керек» дейді баяндамашы. Ғалымның өз сөзін келтірсек, баяндамада былай делінген: «Жат сөздің асыл түрін бұзбай алсақ: ондай сөзге қазақтың тілі келмейтұн болады; Жана қазақ тілінің заңына келмеген сөзді, оған қазақша жұрнақ, жалғаулар жалғап өзгертуге де болмайды. Ондай сөз қазақ тіліне қазақтың өз сөзіндей болып сіңісе де алмайды, бір түрлі ерсі сөз болып қалады. Жат сөз қазақ тіліне сіңіп түпкілікті қазақ сөзі болып шығуы үшін, – мағанасы түсінікті болмаса да, айтуға жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек».

Бір қарағанда баяндамашының бұл пікірінде негізгі бір ғана ой айтылып тұрған сияқты болғанымен, оның осы сөзінде кірме терминдерді қабылдаудың бірнеше мәселесі қамтылып тұр. Ол бұл жерде «Жат сөздерді қазақ тіліне несіктен икемдеп, өзгертіп алу керек?» деген сұраққа лингвистикалық тұрғыдан жауап беріп отыр. Яғни, баяндамада кірме сөздерді ұлт тіліне өзгертіп қабылдаудың себептері атап көрсетіледі. Ал енді ғалымның баяндамасындағы сол айтылған себептерді нақтылып, айтқан тұжырымдарының аражігін ашып, жіктеп көрсетер болсақ, олар мыналар: Біріншіден, өзгертілмей алынған сөзге қазақтың тілі келмейтін болады. Екіншіден, қазақ тілінің заңына бағындырылып алынбаған сөзге төл жұрнақтарымызды жалғап өзгертуге де болмайды. Үшіншіден, өзгеріссіз қабылданған сөз қазақтың өз сөзіндей болып тілге сіңіп кете алмайды. Төртіншіден, сөздің дыбысталуы жағымды және айтылуға жеңіл болуы керек деп түйіндейді.

«Тілдің заңына келмейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, – тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады» деп, ұлт тілінің қадір-қасиетін терен сезінген, оның негізгі заңдары мен тазалығын, әуезділігін сақтау қажеттігін ғылыми тұрғыдан дәлелдей білген ғалым, өз идеясына, ғылыми ұстанымына беріктігімен де еркшеленеді. Оны ғалымның шығарамашылығынан және «ұлтшыл», «алашшыл», «пурист» деп айыптаған жылдарда да алған бағытынан бас тартпағандығынан, табандылық танытқандығынан да байқауға болады.

Елдес Омарұлының білімпаздардың тұңғыш сиезінде жасаған баяндамасына ерекше мән беріп, айрықша тоқталып отырумыздың өзіндік себептері бар. Ең бірінші себебі – бұл бүкіл қазақ-қырғыз зиялылары, алаштың ең білімді азаматтарының бас қосқан алқалы

жынында терминология мәселелерін алғаш рет ресми түрде талқылауға ұсынған баяндама. Оған дейін де түрлі басылымдарда жеке ғалымдар мен казак оқығандары тарапынан термин, терминология мәселелері туралы сөз қозғалғанымен, бірақ дәл білімпаздар құрылтайындай жоғары деңгейде өткен салмақты жыныда арнайы сөз болмаған еді. Сондықтан да терминология мәселелерінің елдегі түрлі көзқарастағы бүкіл ғалымдарының жиналған съездің күн тәртібіндегі негізгі мәселенің бірі ретінде қаралуы – казак терминологиясының тарихындағы айтулы оқиға еді. Екінші себебі – осы баяндамада тұңғыш рет ұлттық терминологиялық қорды қалыптастырудың негізгі бағыттары, терминологияны дамытудың қағидаттары ұсынылып, жан-жақты талқылаудан кейін съезд оны ресми бекіткен болатын. Сонымен 1924 жылы съезд қаулысымен ресми бекітілген казак терминологиясының тұңғыш ғылыми қағидаттары Елдес Омарұлының баяндамасына негізделді. Нақтырақ айтқанда, пән сөздерге арналған баяндама съезд делегаттары тарапынан қызу талқыланғанмен, баяндамашының ұсынған мәселелері бойынша айтарлықтай өзгеріс енгізілген жоқ. Жалпы көтерген мәселесі, ғылыми құндылығы жағынан да Е. Омарұлының бұл баяндамасын казак терминологиясының тарихындағы алатын орны айрықша «Елдестің ерекше баяндамасы» деп атауға толық негіз бар.

Қазак білімпаздарының тұңғыш съезінде жасаған Елдес Омарұлының «Қазакша пән сөздер» атты баяндамасы туралы айтқанда тағы бір мәселеге ерекше мән беру керек. Ол бұл баяндамаға Ахмет Байтұрсынұлының қатысы жөніндегі мәселе. Мемлекет ісінде де, ұлт мәселесінде де ұстанымдары ортақ мүдделес, идеялас Ахмет Байтұрсынұлының сенімді серігі болған Елдес Омарұлы қай істе де Ахаңмен пікірлесіп, ой бөлісіп отырған. Ахаңды Елдес Омарұлы қандай айрықша құрметтеп, азаматтық тұлғасы мен ғалымдығын жоғары бағаласа, Ахаң да Елдесті дәл сондай ерекше құрмет тұтып, оның білім-парасатын, кісілік келбетін қадірлей білген. Олар көзқарастары бір, мақсат-мүдделері ортақ, ұлт болашағы үшін адал қызмет еткен казактың нағыз зиялы, қайраткер азаматтары ретінде бірін-бірі жақсы түсінген, тізе қосып бір жүрген, жақын сырласып, шынайы сыйласа білген. Әсіресе, тіл мәселесінде олар бір-бірін терең түсініп, кеңесіп-келісе отырып қызмет еткен. Оның да өзіндік себептері бар. Ахаң ғасыр басында қызмет еткен казак зиялыларының арасына шоқтығы биік тұрған зор қайраткер тұлға болумен қатар, ол – казак тіл білімінің негізін қалаған бас тілші

ғалым еді. Ал Елдес Омарұлы физика, геометрия, математика пәндерін де жақсы меңгерген білімпаз болумен бірге, ол негізінен лингвистикалық білімі өте терең Ахаңмен қанаттасып қатар жүре алатын ірі тілші ғалым болды. Алаштың осы қос арысының бір-біріне қалтқысыз сеніп, өмірлерінің соңына дейін сыйластығы жарасыл, қатар қызмет етуі бір жағынан олардың адамгершілік қасиеттері мен кісілік келбеттеріндегі сәйкестікке байланысты болса, ал тіл мәселесінде бірлесіп, түсінісе жұмыс істеулері олардың тіл мамандары ретінде кәсіби деңгейлерінің биік болуымен де байланысты екендігі даусыз.

Е.Омарұлының баяндамасында ұсынылған жобаға Нәзір Төрехұлұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Халел Досмұхамедұлы, Ишанғали Арабайұлы сияқты сиез делегаттары өз тараптарынан пікір білдіріп, ұсыныстарын енгізген. Қабылданған қаулыда сол ұсыныспікірлердің де ескерілгенін айту керек.

1924 жылы сиезде жасалған баяндамада көрсетілген қағидаттарды Е.Омарұлы өзі ғана дайындады ма, ол баяндама Ахаңдармен ақылдаса отырып термин комиссиясының атынан жасалды ма, нақты деректерді кездестірмегендіктен ол жайында кесімді пікір айту қиындау. Бірақ термин комиссиясының сол кездегі төрағасы А.Байтұрсынұлының ол жобамен сиезге ұсынылғанға дейін таныс болмауы, оған атсалыспауы мүмкін емес деп ойлаймыз. Елдегі баяндамасын талқылау кезінде оған Ахаңның араласпауы да осындай ойға жетелейді. Термин жайын терең білетін Ахаңның айтары болмады деуге негіз жоқ. Керісінше, Ахаң сиезге дейін-ақ өз ұсыныстарын, алып-қосарларын айтқан немесе Елдегі пікірін толық қолдаған десек, шындықтан алшақ кетпейміз. Тағы бір назар аударатын мәселе қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде термин жөніндегі баяндаманы Елдес Омарұлы жасап, қазақ терминологиясын дамыту қағидаттары осы баяндама негізінде бекітілгеніне қарамастан, 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық түркология сиезінде терминология қағидаттары жөніндегі баяндаманы А.Байтұрсынұлының жасағаны. Ахмет Байтұрсынұлы баяндамасын былай деп бастайды: «Основные мои мысли по выработке терминологии мною высказаны в тезисах, с котрыми, полагаю, все делегаты Съезда знакомы. Настоящий мой доклад к ним ничего нового в основе не прибавить».

Көріп отырғанымыздай, баяндамашы тезистегі айтылған ойларды да, баяндаманы да өз атынан айтып отыр. Осы мәліметтерге

сүйенсек. Елдес Омарұлының қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде жасаған пән сөздері жөніндегі баяндамасында Аханның ұсыныс-пікірлері де ескерілген деуге негіз бар. Бір жағынан басқаша болуы да мүмкін емес. Ғасыр басындағы термин шығармашылығының басы-қасында болған, термин комиссиясының төрағасы Ахан мен комиссия хатшысы, бірнеше саланың терминдерін жасауға тікелей өзі қатысқан Елдес Омарұлының қазақ терминологиясының болашақ даму бағытын белгілеп отырған маңызды ғылыми құжат болып табылатын негізгі қағидаттарды өзара ақылдаспай съез карауына ұсынуы да қисынсыз болар еді. Іс жүзінде, 20-жылдардан бастап, термин шығармашылығында алаш зиялылары өздері ұстанып келген жолдарын, жүйелеп, тиянақтап ресми бекітуді қажет деп тапқан. Мұндай маңызды істің Елдес Омарұлына тапсырылып, съезде пән сөздері жайындағы баяндаманы оның жасауы да жайдан-жай емес. Тіл білімпазы, термин жайын жақсы білетін ғалым ретінде ол өзіне тапсырылған міндетті абыроймен атқарып, ғылыми құндылығы аса жоғары баяндама дайындады. Съез делегаттары баяндаманы талқылағанда ол, айтылған сын-пікірлер мен қойылған сұрақтарға нақты дәлелдер келтіре отырып анық та айқын жауап берді. Ұсынылып отырған қағидаттардың дұрыс екендігіне мамандардың көзін жеткізіп, өз ұстанымын дәлелдей білді. Нәтижесінде оның баяндамасы негізінде терминологияға байланысты съез қаулысы қабылданды. Бұл қазақ терминологиясының, ғылым тілінің даму тарихындағы айрықша оқиға болды. Қазақ терминологиясы дамуының алғашқы кезеңінде бекітілген бұл тұңғыш ғылыми қағидаттар алаш зиялыларын әкімшіл-әміршіл жүйе жойғанға дейін он шақты жыл басшылыққа алынды. Қазақтың ұлттық ғылыми терминологиясының негізі дәл осы қағидаттарды басшылыққа ала отырып жасалды. Сонау XX ғасыр басында жасалған бұл қағидаттардың ғылыми негізінің беріктігіне, құндылығын еш жоймағанына бүгін де көз жеткізіп отырмыз. Араға ғасырға жуық уақыт салып барып, біз алаш зиялылары жасаған осы қағидаттарға қайта оралып жатуымыздың да сыры осында. Сондықтан да қазақ терминтануының тарихында Елдестің баяндамасы ерекше ескерілуі тиіс. Бұл баяндама қазақ терминологиясының мәселелерін елдің бүкіл зиялы қауымы бас қосқан алқалы жиында, биік мінберден тұңғыш сөз еткен тарихилығымен құнды. Сонымен қатар Елдес жасаған баяндама ұлттық терминологияны дамытудың 30-

жылдарға дейінгі тұтас бір кезеңінің бағыт-бағдарын белгілеген. қазақтың терминқорын қалыптастыруға ғылыми-лингвистикалық тірек болған тұғырнамалық құжат.

1924 жылдың маусым айында Орынборда “Қазақ ғылыми қызметкерлерінің I-съезінде Елдес Омарұлы жасаған “Қазақша пән сөздер» тақырыпты баяндаманың негізінде бекітілген қазақ терминологиясын қалыптастырудың алғаш рет (съез қаулысымен) ресми бекітілген қағидаттар мыналар:

4. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын.

Қазақша сөздерден түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда, – жұрнақтарды Елдестің баяндамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс.

5. Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, - ондай сөздер жатырмамай алынсын.

6. Иауропа халықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын, – жалпы Иауропа сөзі мен қазақша сөз түбінде екеуі қатар жазылып отыратын болсын.

7. Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің баяндамада байыналап көрсетілген заңдарынша өзгертіп алынсын.

Бұл қағидаттармен қатар, съез қаулысының 5, 6 пункттері ретінде терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мен үйлестіруге қатысты нұсқаулар да енгізілген. Олар мыналар:

8. Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатын орыс, қазақша ілім кеңесі, – жалпы қазақ халқы үшін жалғыз болсын; пән сөздер әуелі ілім кеңесінің жанында өз пәнінің мамандарынан сайланған, өз пәнінің өзіне дербес кемесілерде тексерілетін болсын; Кемесінің қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің сынына түскеннен кейін, ілім кемесінің қарауына тапсырылып, сонда бекіп шығатын болсын;

9. Қазақша сөздер әліпби ретімен тізіліп, лұғат кітебі болып жазылып шығарылсын.

Сондай-ақ қаулыға қосымша есебінде, Әлиқанның : қағаз бетіне кісінің аты-жөнін жазғанда, орысшаға еліктеп, әкесінің атына “оп” деп қосып жазу қалсын – деген ұсынысы тіркелді.

II.3. Мұхтар Әуезов және қазақтың ғылым тілінің мәселелері

XX ғасырдағы қазақ терминологиясының, ғылым тілінің тарихы туралы сөз қозғағанда М.Әуезовтің есімін атамай кетуге болмайды. Өйткені ол ғасыр басынан бастап-ақ ғылым тілінің, терминологияның маңызын терең түсініп, оны дамыту мен қалыптастырудың өзекті мәселелерін арнайы сөз еткен қазақ зиялыларының бірі болып табылады. Оның бұл мәселеге арналған алғашқы мақалаларының 1917, 1918 жылдары-ақ жарық көруі соның айқын дәлелі бола алады. Ғалымның «Қайсысын қолданамыз?» деген мақаласы 1917 жылы Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінде жарияланған.

«Жұрт оянып, көзін ашып, жұрттыққа бетін түзесе, күннен күнге мұқтажы табылып көбеймек. Осы күнгі біздің көп мұқтажымыздың ішінде ең ірісі – ғылым» - деп басталатын осы мақаласында ол «Қазаққа келсек, мектепке арналған ретті бір кітап жоқ. Себебі, мұны ниет қылған талапкерлердің алдынан көлденең шығатын бір зор кедергі барлығы. Ол – ғылым тілі. Ғылым тіліне қазақ сөзі жетпейтіні, жететін болған күнде де, аршылып, арналмағандығы анық. Қандай тілге бай жұрт болсын, ғылым жолына түсе бастағанда тілі кемшілік қылып, қашанғы ескісін алып құрастырып, бөтен жұрттың тілін жамау қылып, неше түрлі болып аламыштанары.

Бір халықтың ғылымсыз күніндегі тілін алып, артынан ғылымды болған күндегі тілін алсақ, соңғы тілі жаңа туғандай болып өзгереді»- деген пікір айтады.

Сол кезде жиырма жастағы жас Мұхтар Әуезовтің баспа бетін көрген қаламалды еңбегінің бірінен саналатын бұл шағын ғана мақаласының құндылығы – өткен ғасырдың бас кезінде-ақ ғылым тілінің мәселесін алғашқылардың бірі болып көтеруінде. Біріншіден, мақала авторы білім беру ісінде кедергі туғызып отырған мәселенің бірі ғылым тілінің, терминологияның қалыптаспағандығы екенін атап көрсетеді. Екіншіден, ғылым ұғымдарды білдіретін қазақ сөздерінің жетісе бермейтіндігі, ал бар сөздердің сұрыпталып алынып (Әуезовше айтқанда аршылып) терминдік мәнде, арнайы мағынада жұмсалмағандығы (арналмағандығы) да дәл сол кезеңнің шындығы ретінде өте орынды айтылған пікір. Үшіншіден, ол ұлттық ғылым тілінің алғашқы қалыптасу кезеңінде болатын қиыншылықтарды атап көрсетеді. Мәселен, көне сөздерге жаңа мағына жүктеп, өзге тілдерден сөз алуға тура келетінін айтуы соның айғағы. Төртіншіден, ғылымның дамып, өркендеуіне бай-

ланысты ұлт тілінің үлкен өзгерістерге ұшырайтынын да («жаңа туғандай болып өзгереді» -М.Ә.) орынды атап өтеді. Тілге сондай өзгерістер енгізу кезені жаңа басталған сол уақытта бұл дер кезінде айтылған пікір еді.

Өткен ғасырдың басында М.Әуезов көтерген мәселелердің бірқатары бүгін де түпкілікті шешімін тапты деп айту қиын. Одан бері арада бір ғасырға жуық уақыт өтсе де ғылым тілінің, терминологияның көптеген мәселелері бүгін де күн тәртібіне өткір қойылып отыр. М.Әуезов мектепке арналған бір ретті кітап жоқ, оны жазуға ғылым тілінің қалыптаспауы кедергі келтіріп отыр деген болса, қазір оқулықтарымыз баршылық, алайда ғылым тілі мен терминология мәселесі тұрғысынан келгенде және олардың сапасын жақсарту бағытында атқарылатын істер әлі де аз емес. Мұндай мәселенің туындарын да ол күні бұрын сезіп, дөп басып айта білген. Оған оның осыдан 90 жыл бұрын жазылған осы мақаласындағы мына пікірі дәлел бола алады: «Бұл, ғылым тілі деген мәселе, - өз мектебіміз, өз мұғалім, үйретушілеріміз бола бастаған сайын «шеш!» деп, дікілдеп қысатын мәселе».

Қазіргі білім беру жүйемізді ХХ ғасыр басындағымен салыстыруға мүлде келмесі анық. Одан бері ғылым-білім жүйесі бір ғасырға жуық даму жолынан өтті, әлдеқайда өркендеді. Бүгінгі заман талабына сай жабдықталған мектептеріміз де білікті ұстаздар қауымы да жоқ емес. Тек 90-жылдардан бергі уақыт ішінде ғана әр түрлі сатыдағы оқу орындарының оқушылары мен студенттеріне арналған қаншама оқулықтар жарық көрді. Алайда уақыт озған сайын заман талабы да күшейсе беретіндігі өркеннеттің бұлжымас заңы екендігі белгілі. Бұл тұрғыдан келгенде қазіргі кезеңде де Мұхтар Омарханұлының сөзімен айтқанда бізге «шеш!» деп, дікілдеп қысып, шешімін күтіп отырған мәселелер жетерлік. Терминдердің қолданысындағы бірізділіктің болмауы, жарыспалылыққа жол берілуі, оқулық тілінің ауыр немесе аударма сарынды болып келуі сияқты кемшіліктердің орын алып отырғандығы жөнінде мамандар тарапынан аз айтылып жүрген жоқ. Ұлт тілінде білім берудің сапасын жақсарту үшін ғалымдар мен ұстаздар қауымы алдында бүгінгі күннің осындай бірқатар мәселелерін шешу міндеті тұр. Ғылым тілінің, ғылыми-техникалық терминологияның қалыптасуы оқулықтардан басталары анық. Ғылыми ұғымдардың атауларымен танысу, олардың мағыналарын ұғынып, санамызға сіңіру алдымен мектеп оқулықтарынан басталса, арнаулы және жоғары оқу орындарының оқулықтары мен оқу құралдарында олардың саны

одан да арта түсері мәлім. Мұндағы бір назар аудартатын мәселе оқулықтарға математика, физика, биология, тіл білімі сияқты басқа да барлық арнаулы салалардың негізгі ұғымдарының атаулары енгізіледі. Салалық терминдердің көпшілігі сол негізгі ұғым атауларынан туындап жатады. Ондай атаулар арнаулы саланың тұтастай терминологиялық жүйесінің қалыптасуына ұйытқы болады. Осыны жақсы түсінген Ахан бастаған ұлт зиялылары ХХ ғасыр басында ғылым тілін халық тілінің негізінде қалыптастыруға айрықша мән берді.

Өткен ғасырдың бас кезінде білім беру және ғылым тілі мәселесі сөз болғанда орысша оқығандар мен мұсылманша оқығандар арасында пікір қайшылығы туындап, әр қайсысы өз ынғайына қарай тартканы белгілі. Бұл мақаласында осы мәселеге басты назар аударып, болашақ ғалым-жазушы өз ойын былай деп білдіреді: «Бізге осы күннен оқу тілі мәселесін ашып, бір жолға бетті түзеу керек. Осы туралы орысша оқыған өз машығына, мұсылманша оқыған өз машығына тартпай, дәлелімен қай тілдің мағынасы орамдырақ, қай тіл қазақтың өмір жөніне қолайлы, осыны салыстырып, біреуін ұстау керек».

Әрине, бұдан кейінгі кезеңде қай бағытты ұстанғанымыз бар-шамызға аян. Өткен ғасыр басында қазақ оқығандарының алдында сондай таңдау тұрса, бұл ғасырдың басында да терминологияның кешегісі мен бүгінгісін сараптап алып, бұдан былайғы даму бағытын айқындау қажет болып отыр. Терминологияны ұлт тілінде қалыптастырудың маңызы мен оның халықаралық сипатын сақтау керектігін дәлелдеп жүрген мамандардың зерттеу нәтижелерін қорыта отырып, соның негізінде қазақ терминологиясының ғылыми қағидаттарын белгілеуге тура келеді.

М.Әуезовтің қаламалды мақалаларының бірін ғылым тілінің мәселесіне арнауы қазақ терминологиясының тарихы мен ғылым тілінің қалыптасуын зерттеушілер назарынан тыс қалуға тиіс емес. Екінші жағынан ғылым тілі мәселесінің өткен ғасырдың басында-ақ арнайы сөз болуы айрықша көңіл аудартады. Тағы бір назар аудартатыны қазақ газеттерін зерттеген ғалым Ү.Сұбханбердинаның еңбектеріндегі мәліметтерге сүйенсек, бұл мақала М.Әуезовтің жеке өз авторлығымен жазылып баспа бетін көрген екінші мақаласы екен. Өйткені ол ең алғаш баспа бетін көрген «Адамдық негізі – әйел» деп аталатын мақаласы туралы өзі жазған өмірбаянында мынандай мәлімет келтірген екен: «Ең алғашқы баспаға шыққан статья «Сарыарқа» газетінде: «Адамдық негізі – әйел» деген нәрсе

еді. Бұл анығында менің жалғыз өзімдікі емес. Тұраш екеуіміздікі болатын... Мақаланы бергенімізде ешқайсымыздың қолымыз жоқ еді. Басқармадағы Сәбит Дөнентай баласы ма, болмаса Әлімбаев пе, біреуі – мен әкеп берген соң «Семинарист Әуезов» деп аяғына қол қойып жіберіпті» (Архив ЛММА. КПП- I, папка №382, стр.2).

«Адамдық негізі – әйел» 1917 жылы «Сарыарқа» газетінің 5 қыркүйектегі № 12 санында жарияланған болса, одан кейінгі «Әуезов оқудағы құрбыларына» деп аталатын мақаласы осы газеттің 1917 жылдың 17 қыркүйегіндегі санында жарық көріпті. Біз сөз етіп отырған «Қайсысын қолданамыз?» атты мақаласы осы газеттің 1917 жылғы 19 қазандағы №17 санында жарияланып, мақалаға «Мұхтар Әуезов» деп қол қойылған. Осы үш мақала бір айдан сәл ғана асатын мерзімінің ішінде жарияланған. Сонда семинарист Әуезовтің ғылым тілі жөнінде жазған мақаласы жеке өзінің авторлығымен жазылып баспа бетін көрген екінші мақаласы болып шығады. Бұдан ғалым-жазушы, академик-жазушы атанып, ғалымдық пен жазушылықтың тізгінін тең ұстап, оны ұстаздықпен ұштастыра білген ірі тұлғаның шығармашылық жолындағы алғашқы қадамынан бастап-ақ қаламгерлік пен ғалымдыққа қатар ден қойғанын айқын аңғаруға болады. Ол ірі әдебиетші ғалым, әлемге әйгілі жазушы болумен бірге кең ауқымды филолог ретінде тіл ғылымының күрделі мәселелері жөнінде құнды пікірлер айтып, оларды шешудің жолдарын ұсынған. Оған ғалымның ғылым тілі, терминология және көркем шығарма тілі туралы жазған ғылыми мақалаларындағы ойлары, тың тұжырымдары айқын дәлел болады.

М.Әуезовтің ғылым тілінің тарихында ескерусіз қалмауға тиісті еңбегінің бірі - «Ғылым тілі (научный термин)» деп аталатын мақаласы. Бұл мақала жоғарыда сөз болған «Қайсысын қолданамыз?» атты мақаладан кейін арада бір жылдай уақыт өткенде 1918 жылы «Абай» журналының №7 санында жарияланған. Мақала соңында «Мұхтар» деп қол қойылыпты. Аты айтып тұрғандай мақала тікелей ғылым тіліне, ғылыми термин мәселесіне арналған. Өткен ғасыр басындағы ғылым тілінің мәселелерін сөз еткен ең алғашқы еңбектердің бірі болғандықтан мақаланың ғылым тілінің тарихы үшін маңыздылығы дау тудырмасы анық. Мақалада көтерілген кейбір мәселелердің бүгін де маңызын жоймағандығы тағы бар. Соған қарамастан термин, терминология мәселелерін зерттеушілер тарапынан М.Әуезовтің бұл мақаласы туралы сөз болмай келуі түсініксіз.

Бұл мақаланы 1917 жылы «Сарыарка» газетінде жарияланған алдыңғы сөз болған «Қайсысын қолданамыз» атты мақаласының заңды жалғасы деуге болады. Автор алғашқы мақалада көтерген мәселелері туралы ойларын одан әрі жалғап, тұжырымдарын тиянақтай түскен. Мақаланың бірінші сөйлемі – «Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі» – деп басталыпты. Мұндай пікір айтылғаннан бері арада тоқсан жыл уақыт өткеніне қарамастан, ғылым тілінің бар мәселесі шешілді деп айту қиын. Тіпті сонау XX ғасыр басында көтерілген кейбір мәселелердің күн тәртібіне бүгін қайта қойылып жатқандығының да күәсі болып жүрміз. Ғылым тілін бір қалыпқа түсіріп, бір негізге құрдық деуге әлі ертерек. Ендеше, Әуезов көтерген мәселенің әлі де құнын жоймағандығы. Ол алғашқы мақаласында алға тартқан мәселені қайтадан қозғап, былай деп жазады: «Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арапшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі – орысша оқығандар, ғылым тілін орысшаға, европа негізіне тартады. Бұл жік тәртіпті бастауыш мектептердің хәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білгеніне тартатыны мәлім нәрсе». Дәл осы ойды ол алдыңғы мақаласында да айттып, бұл мәселеге ерекше мән беру қажеттігін көрсеткен. Бұдан жас зерттеушінің сол кездің өзінде-ақ мәселенің маңызын терең түсінгендігін байқауға болады. Алдыңғы мақаласында ол екі бағыптың бірін таңдап, ғылым тілін бір ізге түсіру қажеттігін айтса, соңғы мақалада өзінің қай бағытты қолдайтынын білдіріп, неге ол бағытты ұстану керектігінің себептерін көрсетеді, өзіндік дәлелдерін алға тартады. Қазан төңкерісінен бастап 30-жылдар ішінде терминологияны қалыптастыру ісінде пантүркішілдер, панисламистер, бұқарашылдар (демократшылдар), европашылдар бағыты болғаны мәлім. М.Омарханұлы бұл бағыттардың қайсысын ұстанған дұрыс екендігін айта келіп, өзгелерін сынға алады. «Қазақтың мәдениетін түрік үлгісіне қарай тарта беретін мұғалімдердің негізгі жолдары – «пан-тюркизм», «пан-исламизм» тағы әр түрлі «пан-пәленизмдерді» жол қылып ұстайтыны белгілі. Бірақ сол «пандардың» жолына қай жұрт болсын надан күйінде ғана мойынсұнады. Мәдениетке бет қойып, басқыштан ілгерілеген сайын пандардан жұрт жиреніп, пайдасыз бір іс деп санап, далада қалдырады. Осы күнде көзін жұмып, аузын ашып, тәтті қиялды қорек қылған адам болмаса, ширақ ақылмен қараған кісіге бұдан

кейінгі «пан» - саясат хаосы екені мәлім боларлық болған. Себебі: қай жұрт болсын, өз бетінде жұрттығы болмаған күнде ғана басқа, өзіне жақын жұрттың тілеуін тілейді. Өз жұрттығы буын бекітіп, бас қалқайтса, алыстағы жұртқа тілеген тілекті қайтып алып, өз жұртына жұмсайды. Бұл адам баласының сүйегіне сіңген табиғи мінезі». Кешегі кеңестік кезеңде «совет халқына» ортақ терминдер қорын құру бағытын ұстансақ, егемендігімізді алып, тәуелсіздігімізді жариялаған күннен бастап, дербес мемлекет ретінде өз мүддемізді көздейтін тіл саясатын жүргізе бастағанымыз белгілі. Ұлт тілінде термин жасау ісінің жандануы, кеңестік кезеңнің 30-ыншы жылдарынан бастап 90-ыншы жылдарға дейінгі алпыс жылдың ішінде жасалмаған терминдердің соңғы он жыл ішінде жасалып, қалыптасып жатуы соның айқын дәлелі бола алады. Өзінің дербестігі, Мұхаңша айтқанда, жұрттығы болмаған елдің өзгенің тілеуін тілейтіндігін өзгелердің жүріп өткен жолынан емес өз басымыздан өткізген халық ретінде өте жақсы білеміз. Өкінішке қарай, біз өзімізге жақын жұрттың емес, сол жақындарымыздың бәрін қосып билеп отырған жұрттың тілеуін тілеуге мәжбүр болған елміз. Соның салдарынан терминологиямыз да өзіміз тілекші болған жұрттың ықпалымен жасалып, солардың терминологиялық қорымен ортақтығы мол, керісінше, ұлттық сипаты әлсіз болып қалыптасты. Ал түбі бір түркі халықтарының арасындағы тілдік туыстастықты ескере отырып терминологияны қалыптастыруды назардан тыс қалдыра тұруымызға тура келді. Ғалымдарымыздың ғылыми-техникалық терминологиямыздың 70-80 пайызын кірме терминдер құрайды деп жүргені соның айғағы болса керек.

Әуезовтің пантүркішілдер туралы көзқарасы да айқын. Ол өздері европа дастарханының шетінен орын алып отырған түріктерді үлгі тұтудың қажеті жоқ деген пікір айта келіп, «Пан-тюркизм» қазақ мәдениетінің жолын өрлетіп, жұрттықтың бойын өсірмейді. Саясат жолына кірген жұрт туыскандық, жақындық деген нәрседен айрылады»-дейді. Түріктің бірінші университеттеріндегі басты тілдер англия, франция, германиянікі екендігін мысалға келтіреді. Бұл мақала жазылған кезеңде түркі терминологиясының біз үлгі аларлықтай болмауы мүмкін. Алайда біз орыс терминологиясын үлгі етіп алуға біржола көшкен 30-ыншы жылдары Түркияда ел басына Ататүріктің келуімен оларда терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру бағытында үлкен өзгерістер болды. Сондай-ақ қазақ терминологиясының атасы атанған Ахан түркі тілдерінде терминалмасуды ұлттық терминологияны дамытудың қағидастарының

бірі ретінде танығаны белгілі. Кейінгі кезеңдерде туыстас тілдер арасында термин алмасу мәселесіне ерекше мән беріп отырған елдердің де аз емес екенін айта кету керек.

Семинарист Әуезов бұл мақаласында ғылым тілін арабшаға негіздеуге де келіспейтіндігін айтады. Бізге ертедегі араб мәдениеті мен XIII-XV ғасырлардағы олардың ғылымын оқумен шектеліп қалмай, қазіргі одан бері көп дамыған еуропа ғылымын игеруге ден қою керек деп санайды. Ол еуропашылдар бағытын қолдай отырып, “Бұл мәселе турасында қарсы пікірде болған кісілер болса, дәлелдерін баяндағаны жөн” - деп, өзінің ашық ғылыми пікірталастан бас тартпайтынын білдіреді.

Мақала авторының демократшылдар (бұқарашылдар) жөнінде сөз қозғамағанына қарағанда сол кезеңде бұл ағымның өзге ағымдар сынды айқын көрініс таба қоймағандығынан болса керек.

Мақаладағы Мұханның орыстар мен жапондардың тіл жолындағы қателіктерін қайталаудан сақтандырған пікірі де айрықша назар аудартады. Ол орыс әдебиеті аяғын апыл-тапыл басып, буынын бекіте алмай жүргенде “шіркеулік-славян” (церковно-славянский) тілімен аламыштанғанын айта келіп, “Орыс ол қатесін бері келген соң зорға түзетті” - дейді. Ал оның жапон тілі жөніндегі пікірімен танысқанда қазақ тілін қандай тағдыр күтіп тұрғанын алдын ала болжай білген екен-ау деген ойға қаласың. Ғалым пікіріне назар аударып көрелік. “... япония жұрты надан күнінде жазу, оқу, аз-аз өнер үлгілерін берген апасы қытай болып, қытайды көсемі қылып алдына салып, етегінен ұстап жүріп, қытай тілін әдеби тіл қылып ұстады. Бұл күнде қытай жұртта қалып, японияға дерт болып, құтыла алмай, әуреді жүр. Қазіргі уақытта японияның баласы өз оқуын оқудан бұрын қытай оқуын оқып, содан кейін басқа жұрттың өнерін, басқа жұрттың ғылым тілдерін оқиды. Қытай оқуы ешбір пайдалы оқу емес; жалғыз-ақ ерте уақыттағы японияның басшыларының ойланбағандығынан өз оқуларын қытай оқуына араластырып алып, өз оқуын өзінің қылып әкете алмағандығынан керексіз бір нәрсені жамап алып отыр. Міне, осындай халге қазіргі бетімізбен жүре берсек, бізде бір күні ұрынатын секілдіміз”.

Кенестік кезеңде біз де орыс тілін үлгі етіп алу арқылы термино-логиялық қорымызға мыңдаған шет тілі терминдерін дайын күйінде қабылдап алдық. Нәтижесінде терминологиямыздың ұлттық сипаты әлсіреді. Ұлттық тілге негізделген термин шығармашылығы дамытылмады. Қазақ тілінің лексикалық

байлығын ұтымды пайдаланып, қосымшаларымызды құптап қолдана алмадық. Терминологияны қалыптастырудың ең басты жолы өзгелердің жасағанын бас қатырмай өзгеріссіз қабылдау деген түсінікті қалыптастыра бастадық. Соның салдарынан шет тілдерінен енген терминдер саны шектен тыс артып кетті. Сол себепті тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болып, ғылым саласындағы қызметін атқаруға көше бастаған соңғы он шақты жыл көлемінде ғалымдар кеңестік дәуірде қалыптасқан терминологиялық лексика төңірегінде әр түрлі сын-пікірлер айта бастады. 60-70 жыл бойы кеңестік тіл саясатына сәйкестендіріп қалыптастырып, екі-үш ұрпақтың санасына сіңіріп үлгерген терминдерімізді өзгертудің оңайға соқпасы анық. *Самолетті – ұшақ, вертолетті – тікұшақ, семьяны – отбасы, спонсорды – демеуші* түрінде қолданысқа енгізудің қиыншылығын қиындықпен жүзеге асып жатқандығын айтсақ та жеткілікті. Санадағы сілкіністен туындаған термин шығармашылығындағы аздаған ізденістер болмаса, өзгенікінің бәрін асылға балап үйренген әдетімізден жаңыла қоймас та едік. Сол үшін тілімізге шет тілдерінің терминдерін қабылдап, әбден қалыптастырып алғаннан кейін оны қалай өзгертудің жолын іздеп әуреленгенше, оны қалыптастырмастан, тілге енгізіп алмастан бұрын алдын ала ойланған дұрыс. Бұл жөнінде де 21 жастағы Мұхтар Әуезовтің салиқалы пікір айтқанын көреміз. Ол “Біреу оңға, біреу солға тартып, илей беруге көне беретін ғылым жолы – терінің пұшпағы емес. Әуелде қалай беттесе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады. Сол себепті қазақ оқуының бетіне қандай жаңалық кіргіземіз десек те, әуелі кеңінен толғап ойланбай іс қылудың артынан талай аурулы мәселе туып кетуін ұмытпау керек” - деп жазды.

Кезінде Мұхтан атап көрсеткен, сақтандырған аурулы мәселенің туындағанын көруімізге тура келіп отыр. Оның себебін КСРО құрамына кірген ұлттар тілдерінің терминологиясын қалыптастырудың жолын көрсеткен тіл саясатынан, терминологиялық қорымызды түзу кезінде 60-70 жыл бойы ұстанған бағытымыздан іздеген жөн. Қазіргі кезеңде де терминологияны дамытудың дұрыс бағытын белгілеп бердік деп айтуға негіз жоқ. Қазір нағыз біреу оңға, біреу солға тартып жатқан кезең. Әркім өз бағытының дұрыстығын дәлелдеуге тырысып бағып, әркім жеке терминологиялық сөздік шығарып, өз терминін қолданысқа енгізуге күш салуда. Бұл үрдіске біржақты теріс баға беруге болмасы анық. Алайда жарыспалылық пен ретсіздікке жол бермей терминологияны жетілдіру, дамыту кезінде қандай критерийлерді

басшылыққа алатындығымызды ғылыми негізге сүйенсе отырып келісе жұмыс жүргізілмесе. Мұхтан айтқандай ғылым тілін "терінің пұшпағындай" жан-жаққа тартқылау тоқтала қоймайды. Бүгін біздің алдымызда 90-жылдарға дейін термин қалыптастыруда орын алған олжылықтардан арылу мәселесі тұрғаны белгілі. Қазіргі термин шығармашылығында жол беріліп жатқан кемшіліктер дер кезінде түзетілмеген жағдайда, онда оларды біз де кейінгілер шешсін деп келер ұрпақтың еншісіне қалдыруымызға тура келеді. Біздің дұрыс қалыптастырмаған атауларымыз тағы да бір ұрпақтың санына сіңсе, терминологиядағы жүйсіздік бұрынғыдан бетер артып, оның ұлттық сипатта дамуы қиындай түспек. Сондықтан М.Әуезовтің "...Әуелде қалай беттесе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады" деген пікірін терминологиямызды жетілдіру мен терминдерімізді қалыптастырудың қай кезеңде де ескеріп отырудың мәні зор.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің ғылым тілі мен терминологиялық қорды қалыптастыру жөніндегі көзқарасын анықтап, оның бұл мәселедегі негізгі ұстанымдарын жан-жақты ашып көрсету үшін оның кейінгі кеңес дәуірі тұсында жазған еңбектеріне де тоқталуға тура келеді. Оның ұстанымдарының қалыптасуына алаш зиялыларының, Ахмет Байтұрсынұлының қаншалықты ықпалы болғанына сонда ғана көз жеткізе аламыз. Сол себептен, біз оның ғасыр басында жазылған мақалаларымен ғана шектелмей, кейінгі кенестік кезеңдегі жазған еңбектеріне де тоқталып отырымыз.

М.Әуезовтің қазақ әдеби тілінің, оның ішінде, ғылым тілінің мәселелерін жан-жақты сөз еткен "Тіл және әдебиет мәселесі" деп аталатын көлемді мақаласынан да терминологияны қалыптастыруда қажетімізге жарататын көптеген құнды пікірлерді табуға болады. Ғалымның бұл мақаласы 1951 жылы "Әдебиет және искусство" журналының № 4 санында жарияланған. Атынан көрініп тұрғандай мақалада тіл мен қатар әдебиет мәселесі де сөз болған. Көтерген мәселелерінің ауқымдылығы, онда жасалған ғылыми тұжырымдардың маңыздылығы жағынан бұл мақаланы бір монографияның жүгін аркалап тұр деуге жақындайды. Ғалымның бұл мақалада көтерген әдебиет туралы және әдеби тілдің қалыптасуы, қазақ жазушыларының сөйлем құрау шеберлігі, сөз қолданысы сияқты мәселелерін жеке әңгіменің арқауы етіп алып, оның ашылмаған қырларын анықтап, бұрынғы зерттеулерді толықтырып жатқанның артықтығы болмасы анық. Тілші ғалымдардың еңбектерінде әрі Б.Исхановтың "М.Әуезов және

қазақ тілі мәселелері” деп аталатын кандидаттық диссертациясында арнайы сөз болғанына карамастан. Әуезовтің тіл мәселелеріне арналған еңбектері тілші ғалымдар тарапынан толық зерттеліп, жан-жақты, терең талдау жасалып болды десек артық айтқандық болар еді. Ғалымның осы мақаласында айтылған ойлары мен жасаған тұжырымдары төңірегінде де талай мәселені қозғап, талдап, таратып көрсететін жайттардың аз емес екендігі аңғарылып-ақ тұр. Тілші ғалымдар тарапынан ондай зерттеулердің әлі жалғасын таба беретіндігіне күмәніміз жоқ. Біз академик жазушының ғылым тілі, термин және терминология туралы пікірлері төңірегінде ғана сөз қозғамақшымыз.

Біріншіден, ғалым кеңестік кезеңге дейін де қазақ тілі арнаулы лексикасының бақташылық, аңшылық немесе балықшылық сияқты кәсіптер мен салтқа қатысты атауларға бай болғандығын айта келіп, керісінше, қай салада ондай атаулардың өте аз ұшырастынын атап көрсеткен. Оған ғалымның “Абай заманындағы ғылым, техника, философия, социология, саясат – баршасынан қазақ тілінің сөздігі мүлде құралақан еді” деген пікірі дәлел бола алады.

Екіншіден, ол төңкерістен кейінгі молыққан терминологиялық лексиканы қамти отырып, терминдер сөздігін шығаруды тіл мамандарының алдындағы міндет деп көрсетеді. Ол Армения, Латвия сияқты одақтас республикаларда бірнеше ғылым салалары бойынша үлкен терминологиялық сөздіктердің шығып жатқандығын мысалға келтіріп, бізде “...проф. Н.Сауранбаевтың басқаруымен терминдік сөздіктер енді-енді шыға бастады... ..бұл күнде аса қажет болып отырған сөздік томдары тұмай келе жатқаны, үлкен өкінішті жай” - деп қынжылыс білдіреді. Бұл ұлттық ғылым тілін дамытудың маңызын терең түсінген, терминографиялық жұмыстардың уақыт талабына сай жүргізілмей, кенжелеп қалып жатқандығына алаңдаушылық білдірген ұлт зиялысының сөзі.

Үшіншіден, термин сөздердің акын-жазушыларымыздың шығармаларында аз қолданылатынын айта келіп, олай болуының себептерін де атап көрсетіп, өзі көтерген мәселеге өз жауабын да береді. “Қазақ тілінде шығып жатқан ғылымдық кітаптарда жаңа атаулар көп, сондай-ақ жұмысшы, колхозшы, интеллигенция арасында мол тараған жаңа сөздер де көп. Бірақ осы сөздік байлықты қазақ жазушылары өз шығармаларына тым сараң кіргізеді. Орыс поэзиясын алсақ, неше алуан ғылым-техника сөздіктерін барынша батыл, мол араластырады” – дей келіп, оның себебін орыс және шет тілдерінен алынған атаулардың бізде әлі дұрыс жолға

қойылмағандығымен түсіндіреді. Орыс сөздері, шетел атаулары орысша қалай жазылса, қазақта да солай жазылуы керек деген қағидамыздың қайшылықтарын көрсетеді. Бұл ереженің мұғалімдер мен оқушыларға үлкен қиындық туғызып жүргенін айтады. “Орыстың тілінде француз, ағылшын, неміс, латыннан кірген ұшан-теңіз сөздер бар екен. Олар орыс тілінің заңына бағына айтылады да, жазылады да. Қазіргі орыс балалары сол сөздердің неміс, француз, ағылшын тілдерін оқи бастағанда, басқаша айтылып жазылатынын жолай қиналмай-ақ түсініп, ұғынып келе жатқан жоқ па? Біздің грамматикамызда осы жөнде асыра сілтеу, сынаржақтық бар сияқты” деп өте орынды пікір айтады. Өкінішке қарай, ғалымның осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын айтылған пікірін ескерусіз қалдырып келеміз. Оның бұл пікірі Х. Досмұхамедұлының 1923 жылы жазылған макаласындағы “Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады” деген пікірімен үндесіп жатыр. Қазақ ақын-жазушыларының кірме сөздерді сирек қолдануының себебін де сұңғыла ғалым дұрыс аңғара білген. “Біз жоғарыда, қазақ жазушылары ғылым, техника сияқты, қазақ тіліне мольнап кірген сан-сала жаңалық атауларды қолданбайды дедік. Соларды тілдің грамматикалық көп түрлеріне өзгертіп, өлең жолына қолданудың ақындарға қиын соғатыны да бар. Әсіресе, орыс сөзі мен шет сөздерді алу, жазудағы біздің бүгінгі орфографиямыз қиындық туғызады. Өлең жолына дәл орысша орфографиясын аудармай кіргізсе, оған қазақтың тіліндегі жаңағы аталған жалғау, жұрнақтар сияқты қосымша буындарды үстемелеп жалғатса, өлең жолына сиямайтын шұбыртпа шығатыны даусыз”-дейді ғалым. Мағыналары көмескі, тіпті көбінің мағынасын салалық мамандардан өзгелер арнайы түсініктеме арқылы ғана түсінуге болатын шет тілдері сөздерінің құрамындағы кірме дыбыстар жатық айтылуға илікпей, қазақ сөздерімен үндесіп, ұйқасқа көнбей тұратыны белгілі. Шет тілдерінің сөздерін қабылдауда орын алған бұл кемшілікті және соның салдарынан олардың тілге сіңбей, қолданысқа еңбей жатқанын әділ атап көрсеткен. Одан әрі ол революциядан кейінгі кезде орыс тіліне көршілес халықтар тілінен еніп жатқан көптеген сөздерді олар өз тілінің заңдылықтарына бағындырып алып жатқандығын нақты мысалдармен көрсетеді. “*Джайлау, ақын* (ақын емес) тәрізді сан сөздер орыс тілінің фонетикалық, грамматикалық жағдайларына бейімделіп алынып отырған жоқ

па?” деу арқылы ол – біз неге осылай істемейміз, біздің тіліміздің заңдылықтары неліктен аяқ асты болады? – деген ойды ашық айттып отыр емес пе? Орыс тілін совет халқының ана тіліне айналдыруды мақсат етіп отырған тіл саясаты үстемдік етіп тұрған сол кезеңде бұдан артық қалай айтуға болады.

Орыс терминологиясы өзге тілдерден өз тілінің заңдылықтарына сәйкестендіріп қабылдаған терминдерді біз олардан сол қалпында өзгертпей алдық. Сөз соңындағы кейбір қосымшаларды ғана қазақыландырған болдық. Бұл кейінгі кенестік кезеңнің термин қалыптастыруда бізге ұсынған принциптерін басшылыққа алу еді. Нәтижесінде Мұхаң атап көрсеткендей, ақын-жазушылардың шығамаларында қолдануға икемсіз, жаттығын жасырмай өзге тілдің заңдылықтарын мойындамай қасарысып тұрған кірме сөздер қатары көбейгенмен олар бейтерминденіп, жалпы қолданысқа көшіп, тілге сіңіп кете алмады. Оларды кезінде самаурын, кереует, бөтенке сынды тіліміздің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп қабылдағанда арада өткен 60-70 жылдың ішінде тек арнаулы лексика шеңберімен шектелмей қолданыс жиілігі де артып, қазіргі кезеңде болып жатқан қарсылыққа ұшырамай Халелше айтқанда, тілге “өзілік” болып кетер еді. Сонау 1923 жылы-ақ Х. Досмұхамедұлы “Тілге кірген жат сөздер сіңу үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бұйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян келтіреді. Жат сөздерді өзгертпей алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатаस्कандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді” – деп жазып еді. Ал Ахаң өзге тілдерден енген сөздердің тіліміздің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес өзгерістерге ұшырауы керектігін термин қабылдаудың бір принципі ретінде атап көрсеткені мәлім. Ол бірінші бүкілодақтық түркология съезінде жасаған баяндамасында “...займствованные термины должны подчиняться нашему казахскому говору, т.е. на них должны распространяться звуковые законы нашего языка, исходящие из привычных артикуляций языка. Для того, чтобы иностранные слова сделать нашими, это необходимо” – дей келіп, “Все неказахские слова, не согласующиеся с природой казахского языка, точно должны подвергаться изменению соответственно казахскому говору” деген терминологияны қалыптастырудың жеке бір принципін ұсынған. Кірме сөздер құрамындағы өзге тілге тән дыбыстардың, қосымшалардың төл дыбыстарымызбен, өз қосымшаларымызбен алмастырылуын, қосар дыбыстардың

орнына жалқы дыбыстарды қолдану қажеттігін атап көрсеткен. М.Әуезов Ахаңның осы принципін толық қолдап отырғанын көреміз. Өкінішке қарай, орыс тілінің заңдылықтарын ғана мойындауды білетін кеңестік тіл саясатының өктемдігімен әліпбиімізге жат дыбыстарды танбалайтын әріптер енгізіліп, өз ғалымдарымыз оны орыс тіліне деген үлкен жанашырлықпен, партияға шын берілгендікпен дәлелдеп, А.Байтұрсынұлы принципін ауытқу арқылы Х.Досмұхамедұлы атап көрсеткендей шатасқан жолға бастап берді. Әр түрлі объективтік және субъективтік жағдайларға байланысты бұл бағыттың дұрыстығын қолдаушылар бүгін де табылып отыр. 20 жылдары А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлы дәлелдеген мәселенің араға отыз жылдай уақыт салып барып, академик М.Әуезов тарапынан қайта көтеріліп жатуы бір жағынан ең көрнекті қазақ зиялыларының ой-пікірлерінің бір жерден шығып үндесіп жатқанын көрсетсе, екінші жағынан, сол пікірдің ғылыми негізінің беріктігін де дәлелдей түссе керек.

Төртіншіден, М.Әуезов тек орыс тілінен ғана емес туыстас түркі халықтарының тілдерінен де сөз алмасу қажеттігін кеңестік кезеңде атап көрсетіп, Ахаңның терминологияны қалыптастырудағы тағы бір қағидатын қолдаған ғалым. Кеңестік дәуірде терминологиямызды қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде біз тек орыс тілін таныдық деуге болады. Еуропа тілдерінен енген терминдерді орыс тілі сіңіріп алғаннан кейін ғана солар арқылы біз қабылдадық. А.Байтұрсынұлының терминологияны қалыптастыру принциптерінің бірінде “В случае отсутствия в казахском языке подобного рода слов, заимствовать таковые из родственных казахскому языков” – дей отырып, оның себептерін де атап көрсетеді. Ал Мұхан “Советтік әдеби тіліміздің байып, өсуіне қосымша қорды біз қазір жалғыз орыс тілінен аламыз да қоямыз деп, кесіп байлау да дұрыс емес. Орыс халқының тілінен алудың үстіне, қазақтың әдеби тіліне көршілес туысқан елдер тілінен келіп араласқан, біте қайнасып кеткен көп сөздерден де жазба әдебиетіміз қашпау керек” – дейді. Бұл мәселеде де қос ғұламаның пікірлері бір жерден шығып, Ахаңның терминологияны қалыптастырудың бір сыртқы көзі ретінде туыстас түркі тілдерін таныған ұстанымының Мұхан тарапынан кеңес дәуірінің күшейіп тұрған кезінде қолдау тауып отырғанын анық көруге болады.

Бесіншіден, М.Әуезов қазақтың жазба әдебиетінде, ғылым тілінде қазақ тілінің бар байлығын, оның ішінде, архаизмдер, кәсіби сөздер мен жергілікті тіл ерекшеліктерін сарқа пайда-

лануды ұсынған. Ғалымның мына төмендегі айтқан пікірлері соның айқын дәлелі бола алады: "...жазба әдебиетіміздің өзіне де әлі халқымыздағы таза қазақ тілінің бар байлығы, барлық ерекшеліктері мен сөздік байлығы түгел кіріп болған жоқ. ...Тарихтық, мәдениеттік жағдай енді бізден қазақ халқының бар шет түкпірлеріндегі бұрын оқшаулық, өзгешелік күйде жүрген сөздік қорлардың бәрін ортаға салып, түгел туыстыра, араластыра қосып, пайдалануды тілейді. ...Әдебиет тілін жасауда, жоғарыдағы саналған жолдармен көп ізденіп, ғылым, техника сөздіктерін және бүгінгі Қазақстанның бар өлкесіндегі халықтық тіл байлықтарын мол пайдалану мәселелерін үнемі шартты талап етіп, сынап отыру керек".

Ғалым қазақ тілінің барлық лексикалық қабаттарын ұтымды пайдаланудың қажеттігін атап көрсетіп отыр. Диханшылық, балықшылық сияқты әр түрлі кәсіптерге байланысты сөздерді шығармаларында молынан пайдаланбай жүрген белгілі ақын – жазушылардың онысын кемшілік деп бағалау керек дейді. Көркем шығармалар мен ғылым тілінде аталған қабаттардың елеусіз қалып жатқанын көрсетудің үлкен жетістік екенін айтқан жөн.

Алтыншыдан, М.Әуезов осы мақаласында ғылым тілін, терминологияны қалыптастырудағы ұлттық кадрлардың, ғалымдардың рөлін атап көрсеткен. Ол қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар мен математиктердің еңбектерін өз халқының тілінде жазбауын еш ақтауға болмайтынын үлкен күйінішпен айта отырып, сол арнаулы салалардағы ұғымдар атауларын, тілін қалыптастыру солардың тікелей міндеті екендігін ескертеді. Ғалымдардың "диссертациялық еңбектерін, ең алдымен қазақ тілінде жазуды шарт етіп қою, анық орынды орайлы шараның бірі болар еді" – дейді. Ғылым тілінің мектеп оқулықтарынан бастап, қоғамдық өмірдің сан түрлі салаларында еңбек етіп жүрген ғалымдардың жазған оқулықтары, ғылыми еңбектері, түзген сөздіктері арқылы қалыптасары сөзсіз. Ал тілдің ғылым саласындағы қызметін қалыптастырады деп жүрген білікті мамандарымыз ғылыми еңбектерін өзге тілде жазса, ұлт тілінің бұл салалардағы қолданысына үлкен нұқсан келері күмәнсіз. Бірақ сол жылдары бұл мәселені көтергеннен гөрі заман ағымының дұрыстығын, кеңестік тіл саясатының көрегендікпен жүргізіліп отырғанын, ұлы орыс тілінің біздің тіліміздің дамуына орасан зор ықпал етіп келе жатқанын жазу әлдеқайда тиімді еді. Сондықтан да мәселенің мәнісін түсінгендер болғанмен олардың бұл мәселені

көтеруге келгенде асыкпағаны түсінікті. XX ғасырдағы әдеби тілдің тарихын зерттеушілер 1947 жылы Қазақстан Орталық Комитетінің “Қазақ ССР ҒА-ның Тіл мен әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателер туралы” қаулы шығарғанын айта келіп, “Бұл жылдары мәдениет пен ғылым, әсіресе қоғамдық ғылымдар, партияның дүркін-дүркін қабылдаған қаулы-қарарларының әсеріне ұшырады. Биология ғылымындағы вейсманнизм-морганизм (1948-1949), ғылым мен өнердегі космополитизм (1949-1950), мәдениет пен әдебиеттегі ұлтшылдық (1951-1952) сияқты науқандар бірінен соң бірі үзіліссіз жүріп жатты”¹ деп жазды. Уақыттың тамыр бүлкілін жақсы сезінген Мұхаң “екінші ана тіліміз орыс тілі” дегенді айта отырып, қазақ тілінің өзекті мәселелерін орайын келтіріп көтере білген. Бұдан тілге деген нағыз ұлт зиялысының жанашырлығы ғана емес, сонымен бірге оның тіл маманы еместігіне қарамастан елдегі тілдік ахуалды, тіл саясатын ескере отырып, ғылым тілінің ең өзекті мәселелерін, орын алған кемшіліктерін дөп басып айта білген кең тынысты, ірі филолог ғалым екендігі айқын көрініп-ақ тұр.

Бұл айтылғандармен қатар, педагогика ғылымының кандидаты Е.Көшербаев өзінің Қазақ әдебиеті” газетінің 1972 жылдың 29 қыркүйегіндегі санында жариялаған “Техникалық термин бастамасы” деген шағын мақаласында “М.Әуезов профессор В.Эвальдтің “Құрылыс материалдары” деп аталатын көлемді еңбегін қазақшаға аударып, 1933 жылы Қызылорда қаласында бастырып шығарыпты. Сөйтіп, біз М.Әуезов қазақ тілінде тұңғыш техникалық термин жасаушылардың бірі болғанына көз жеткізіп отырмыз” дей келіп, оның құрылысқа байланысты терминдерді жүйеге келтіруде жаңа бағыт ұстанғанын, аудару барысында 7 түрлі принципті басшылыққа ала отырып жұмыс істегенін атап көрсетіпті. Мақала авторы “Техникалық терминдердің М.Әуезов ұсынған қазақша баламаларының дені қазіргі сөз қолданысымызда берік орын алып келеді” деп сөзін аяқтапты. Автордың атап көрсеткен мәселелерін ескере отырып, Мұхаңның аудармасын тілдік тұрғыдан қарастырып, терминдердің қолданысы мен жасалуын әлі де жан-жақты зерделей түссек, ғалымның терминологияны дамытуға қосқан үлесі нақтылана түсер еді.

Мұхаңның ғылым тілін, терминологияны қалыптастыру мәселеріне арналған мақалаларын жазылған жылдарына қарай хроно-

1 XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. Астана, 2000. -291-б

логиялық тұрғыдан алып қарар болсақ, семинарист Әуезов пен академик Әуезов жазғандарынан ғалымның кемелдену кезеңіне қарай сөз етіп отырған мәселе төңірегіндегі көзқарасының ауқым аясы кеңейіп, жасаған тұжырымдарының салмактанып, тереңдей түскенін аңғаруға болады. 1918 жылы жазылған мақалада ол панисламизм, пантүркизм ағымдарын сынға ала отырып, “Саясат жолына кірген жұрт туыскандық, жақындық деген нәрседен айрылады” – деп негізінен суропаға қарап бағыт-бағдар ұстануды ұсынса, кейінгі мақалада көршілес туыстас түркі халықтарының тілдерінен сөз алудан қашпау қажеттігін алға тартады. Бұл тұста оның семинаристен академиктікке дейінгі өсу жолын, ірі ғалым ретінде қалыптасуын, кемел шакқа келуін ескерудің орынды екендігі талас тудырмаса керек. Сонымен бірге оның ғылым тілін қалыптастырудағы көзқарасының орнығуына А.Байтұрсынұлы ұсынған ұстанымдардың әсері болмады деп айтуға негізіміз жоқ. Дәлірек айтқанда, Әуезовтің соңғы мақаласындағы айтылған ойлары мен тұжырымдары негізінен Ахаң қағидаттарымен үндесіп, Ахаң ойымен астасып жатқанын аңғаруға болады. Бұл сабақтастықты ұлылардың ұғынысуы, тұлғалардың түсінісуі деуден гөрі нақтылай түсер болсақ, 50 жылдары терминологияны дамытуда кеңестік саясаттың талабына толық сәйкес келетін бағыттың үстемдік етіп тұрған тұсында Әуезов еңбегінен 20-жылдары А.Байтұрсынұлы ұсынған қағидаттардың қолдау тауып отырғанын көреміз. Сондықтан қазақ терминологиясының дамуы, қалыптасу тарихын сөз еткенде де, қазіргі кезеңдегі даму бағытын белгілеу кезінде де мұны ескерусіз қалдырмаған жөн.

Қазақ жазушыларының, әдебиетші ғалымдарының тілдің әр түрлі мәселелеріне еңбек жазғандары аз емес. Сөз зергері, академик-жазушы Ғ.Мүсіреповтің, қаһарман қаламгер Б.Момышұлының тіл жайында жазғандарын кім білмейді? Ал тікелей ғылым тілінің, терминологияның мәселелерін ең алғашқылардың бірі болып көтеріп, шығармашылығының әр кезеңінде арнайы сөз етіп, оның даму бағытын белгілеуге белсене араласып, өзекті мәселерін көтеріп, салмақты ой, салмақты пікір айта білген М.Әуезовтің орны айрықша. Ол қазақтың ғылым тілінің қалыптасуына атсалысып, өзіндік үлес қосқан ғалым. Сондықтан ғылым тілінің, оның терминологиясының дамуы мен қалыптасуы туралы сөз болғанда М.Әуезов есімі ерекше аталуға тиіс.

II.4. Халел Досмұхамедұлы және қазақ терминологиясының мәселелері

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының арасында тіл мәселелеріне арналған еңбектер жазып, термин жасау ісіне айрықша атсалысқан тұлғалардың бірі. Алаш қозғалысының қайраткері, белгілі ғалым-ұстаз – Халел Досмұхамедұлы. Ол Санкт-Петербург императорлық әскери-медициналық академиясын үздік бітірген (1903-1909), негізгі мамандығы дәрігер болғанымен, тіл мәселелеріне қатысты бірнеше еңбектің авторы. Жан-жақты білім иесі болған ғалымның тіл мәселелеріне арналған еңбектерін арнайы қарастырудың мәні зор. Бұл орайда Ш.Сарыбасов, Р. Сыздықова, Ғ.Әнес сынды тілші ғалымдар Халел Досмұхамедұлының лингвистикалық еңбектерін жинақтап, жарыққа шығарумен бірге оны зерттеуді де қолға алып, оның шығармашылығы жөнінде мақалалар жариялады. Халелтануға дәрігер, тарихшы, саясаттанушы ғалымдармен қатар тілшілер қауымы да өз тарапынан үлестерін қосып жатыр деуімізге болады. Халел Досмұхамедұлының тіл саласындағы еңбектері негізінен емле, фонетика, термин, әліпби, әдеби тіл, жер-су аттары, аударма, түркі тілдерінің тарихы, көне сөздердің мағыналарын, этимологиясын ашуға арналған. Оның 1922 жылы алғаш жарияланған «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы» деп аталатын еңбегі күні бүгінге дейін құндылығын жоймаған аса маңызды зерттеу деп саналады. Ғалымның лингвистикалық мұрасын түгел қамтып, жан-жақты талдау үшін ол жөнінде арнайы зерттеу еңбегін жазуға тура келеді. Біз төменде өз тарапымыздан Х.Досмұхамедұлының терминологияны дамыту мен терминжасам тәжірибесіне қатысты ғана сөз қозғамақшымыз.

Халел Досмұхамедұлының еңбектерімен танысқан ғалымдардың барлығы да оның табиғи талантын, ғалымдығын айрықша атап көрсетеді. Мысалы, көрнекті тарихшы ғалым, академик К.Нұрпейісов қоғамдық-саяси қызметі, қайраткерлігі жайында жан-жақты айта келіп, мынадай пікір айтады: «Халел Досмұхамедовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметінен оның ғылыми-ағартушылық және шығармашық еңбегі әлдеқайда қомақты да жемісті болды. Жалпы алғанда, Халел Досмұхамедов өзінің табиғи таланты, жеке басының өзіне тән ерекшеліктері бойынша қоғамдық-саяси қызметтен де әмбебап ғалым болу үшін жаратылған тұлға сияқты»[1].

1. Нұрпейісов К. Қайраткер Халел//Халел тағылымы. Алматы, 1994 32-б.

Белгілі тарихшы ғалым Алаш партиясының белді мүшесі, Алашорда үкіметінің Батыс бөлімі жетекшілерінің бірі болған тұлғаның қоғамдық-саяси қызметіне де кеңінен тоқтала келіп, «Қайраткер Халел» дей отырып, оны әмбебап ғалым болу үшін жаралған деуінің үлкен мәні бар. Академик К.Нұрпейісовтің Халелдің ғалымдығы туралы пікірінің өте әділ айтылғандығын ғалымның көзін көрген. Алаш үкіметінің құрамында болған қазақтың аса көрнекті тұлғаларының бірі Мұхамметжан Тынышбаевтың 1931 жылғы қарашаның 5-інде ОГПУ тергеушісіне берген жауабынан анық аңғаруға болады. «Досмұхамедовтердің скеуі де аса ерекшеленіп тұрағын. Мәселен, Халел – үлкен теоретик, кабинеттік қызметкер, ұйымдастырушы; практикалық мүмкіндігіне карағанда ұйымдастырушылық қабілеті жоғары. Ессіне практикалық жұмысқа Жанша икемдірек көрінетін» – депті қазақтан тұңғыш шыққан ірі инженер ғалым, тарихшы М.Тынышбаев. Сондықтан ғалым мұрасын мұқият зерделеу арқылы оның ғылымға қосқан үлесін көрсетіп, қазақ ғылымының даму тарихындағы орнын айқындау – бүгінгі ғылыми қауымның міндеті. Жалпы Халел мұрасы туралы сөз қозғаушылардың қай-қайсысы да оны көп қырлы энциклопедиялық білім иесі деп таниды. Оған дау айтудың реті де жоқ. Ғалымның медицина, биология, табиғаттану, әдебиет, тарих, лингвистика салаларына қатысты мәселелерді зерттеуге арналған еңбектері, оқулықтары мен оқу құралдары оның таным ауқымының кеңдігін, әмбебаптығын көрсетеді.

Соның ішінде қайраткер ғалымның тіл білімінің мәселелерін сөз еткен еңбектері, тілшілік қыры өз алдына бір төбе. Бұл жөнінде белгілі тілші ғалым, Халел мұрасын зерттеуге алғашқылардың бірі болып араласқан академик Ш.Сарыбаев былай деп жазады: «Халел Досмұхамедовты біз негізінен дәрігер, биолог, әдебиетші, қоғам қайраткері деп келдік. Енді міне, қазақ тілінің терминологиясы, фонетикасы, емле, түркі тілдерінің тарихы, әдеби тіл, әдебиет тілі туралы пайымдаулары оның лингвист-ғалым екенін еріксіз мойындатып отыр. Байқап отырсақ, осы күнде өткір қойылып отырған зәру, көкейтесті мәселелердің көпшілігі жезінде Халекеннің еңбектерінде сөз болған. Сондықтан ғалымның қаламынан туған еңбектері, пайымдаулары осы күні де мәнін жоймай келе жатқан еңбектер деп есептейміз»². Қазақтың көрнекті қаламгері Ө.Кекілбаев та Халел Досмұхамедовтің бірнеше тілді меңгерген лингвист

² Сарыбаев Ш. Тіл біліміміз. Халел тағылымы. Алматы, 1994. 41-б.

ғалым екендігін айрықша атап айтады. «Өзіне табиғат аямай берген дарынды терең біліммен толықтырып, ана тілімізге коса латын, араб, парсы, түрік, орыс, неміс және француз тілдерін қажетті дәрежеде меңгеріп, сол тілдерде еркін оқып, сөйлеп, жаза білген Х. Досмұхамедұлы көзінің тірі кезінде ғажайып лингвист, фольклорист, тарихшы-этнограф, аудармашы болған»³ дейді ол.

«Түркі тілдері туралы», «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заны», «Диуани лұғат түрк», «Алаш не сөз», «Жат сөздер» туралы сияқты еңбектері Х. Досмұхамедұлының қазақ лингвистикасының тарихында өзіндік орны бар ғалым екендігінің көрінісі. Сондықтан ол лингвист ретінде 1998 жылы жарық көрген «Қазақ тілі энциклопедиясынан» орын алды. Оның терминжасам тәжірибесі бойынша кандидаттық диссертация қорғалды.

XX ғасыр басында еңбек еткен зиялылардың көпшілігі тіл мәселелерін талқылауға белсене қатысып, жазу, емле, әліпби жөнінде мақалалар жазды. Ол кезеңде ғылым мен техниканың барлық салалары бойынша жоғары білім алған білікті мамандар санаулы-ақ болды. Бүгінгідей академиялық ғылыми орта, тәжірибелі ұстаздар қауымы әлі қалыптаса қоймап еді. Сондықтан да қазақ қоғамын ғылым-білімі дамыған өзге жұрттардың қатарына қосуды міндет санаған аз ғана алаш зиялылары өздері маманданған салалар бойынша да, жекелеген өзге пәндер бойынша да оқулықтар мен оқу құралдарын жазып, сөздіктер жасады. Сондай-ақ ғылыми және танымдық еңбектер жариялады немесе оларды өзге тілдерден қазақшаға аударды. Олар ғылыми-ағартушылық, ұстаздық қызметтер атқара жүріп, қоғамның саяси-мәдени өміріне де белсене араласты. Елдің оқыған білімді азаматтары ретінде ұлтқа қызмет студі өздеріне парыз санады. Ұлт мүддесін бөрінен жоғары қойып, ол үшін аянбай күресе білді. Азаматтыққа адалдық таныта білген осы бір шоғыр ұлт зиялыларының арасында Халелдің алатын орны айрықша. Оның қоғамдық-саяси, ұстаздық қызметтерін өз алдына, ал ғалым ретіндегі ғылымның әр түрлі салалары бойынша жазған еңбектерін жеке-жеке қарастыру арқылы қазақтың мемлекеттілігі мен ұлттық ғылымының қалыптасу тарихындағы орнын айқындауға болады.

Қазақтың ғылым тілінің, терминологиясының дамуы мен қалыптасуының өзіндік тарихы бар. XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары ұлттық терминологиялық қордың қалыптасуындағы

3. Кекілбайұлы Ә. Есімі мен еселі еңбегі халқымызға қайтып оралған қайран Халел «Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы. Алматы, 1998. 5-6.

айрықша кезең болып саналса, осы кезеңде еңбек еткен казак зиялыларының сол терминдер қорын жасауға, қалыптастыруға қосқан үлесі де мол болды. Ғылымның бірнеше салалары бойынша ғылыми еңбектер мен оқулықтар, оқу құралдарын жазған ғалым-ұстаз ретінде Х. Досмұхамедұлы да бұл істің бел ортасында жүріп, көптеген терминдерді алғаш жасап, қолданысқа енгізді.

Ең алдымен, Халел Досмұхамедұлы казактың ғылым тілін қалыптастырудың маңызын терең түсініп, бұл іске саналы түрде араласқан ұлт зиялыларының бірі. «Қазак тілі – ғылым жолына шалынбаған, сөздері ғылым іретіне қарай жөндікпеген тіл. Сондықтан казак тілін ғылыммен таныстырып, ғылым жолына салатын заман келді» – деп жазады ғалым. Ол осы пікірі арқылы сол кезеңде ұлттық ғылым тілінің қалыптаспағанын мәселе етіп көтере отырып, казактың ғылым тілін қалыптастыратын уақыттың жеткенін айтады. «Жануарлар» атты еңбегінің алғысөзінде ол бұдан әрі былай деп жазады. «Ғылымды өз тілімізге аударғанда, ең кереметі ғылым тіліндегі атауларды (термин) дұрыстап түсінікті қылып аудару. Ғылым тіліндегі қолданылған атауларды казак тіліне дұрыстап түсінікті қылып аудару – өте қиын жұмыс. Ғылым атауларына келісті ат тағу деген алғашқы уақытта қиын болса да, өте мұқтаж нәрсе. Сөздің жүйесін келтіріп, көркем қылып жазу да керекті нәрсе. Ғылым атауларына ылайықты ат қою алғашқы уақытта тым мұқтаж, бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе: сондықтан алғашқы жазылған кітептерде, әсем қылып, сөздің жүйесін келтіріп жазудан көрі, ғылым атауларына ылайықты атак тағу жағын қарастыру кереметірек дейміз» (Жануарлар. Бірінші бөлім. Алғысөз).

Бұл жерде ғалым терминдерді ұлт тіліне дұрыс аудару керектігін айта отырып, ғылыми стилді қалыптастыру мәселесіне көңіл бөлу керектігін алға тартады. Оның «сөздің жүйесін келтіріп, көркем қылып, әсем қылып жазу керек» деп отырғаны – шығарылатын кітаптардың тілі, стилі де дұрыс болуы тиіс дегені. Алайда ғалым алғашқы кезде кітаптардың стилінен гөрі ғылыми ұғымдарға атау беріп, терминдерді жасап алу (ылайықты атак тағу) маңызды, басты мәселе деп атап көрсетеді. Бұл да істің мәнін терең түсініп, бірінші кезекте тұрған мәселені, екінші, үшінші орынға шығаруға болмайтынын, алдымен неден бастау қажеттігін айқындап отырған білікті маман сөзі. Автордың терминдерді жасап қалыптастыру ісіне алғашқы күннен бастап мән беру керектігін атап көрсетуі өте маңызды пікір. Ол «бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе» деу

арқылы. терминдерді бүгін қалай қалыптастырсақ, келешекте терминологиямыз сондай болады деп отыр. Қазақ терминологиясының ғылым тілінің болашағы, оның қалыптасуы бүгіннен басталады деген дәл осындай пікірді, қазақтың аса көрнекті ұлдарының бірі М. Әуезов те айтқан болатын. Ол 1918 жылы жарық көрген «Ғылым тілі» атты мақаласында «Біреу онға, біреу солға тартып, илей беруге көне беретін ғылым жолы – терінің пұшпағы емес. Әуелде қалай беттетсе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады» деген еді. Мұнда да терминологияны дамытуда бастапқыда қандай бағытты белгілесек, ол тұрақтап, орнығып қалады деген пікір айтылып отыр. Қазақтың ең тандаулы ұлдарының өз ұлтының ғылым тілінің ертеңі үшін алаңдап, оны бастан дұрыс қалыптастыруға ерекше мән беруді де таби нәрсе болса керек.

Екіншіден, Х. Досмұхамедұлы қазақ терминологиясын қалыптастыруда Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы ұсынған ғылыми қағидаттарды басшылыққа алған, сол бағытты барынша қолдаған. Ахандармен ұстанымдары бір, көзқарастары ортақ болған ғалым. Оны ғалымның жасаған терминдерінен, жазған еңбектері мен термин мәселесін талқылау кезінде сөйлеген сөздерінен анық көруге болады.

Халел де ғасыр басында еңбек еткен өзге алаш зиялылары сынды термин шығармашылығында тіліміздің төл лексикалық байлығын барынша тиімді пайдалануды дұрыс деп санады. Ол «Қазақ тілі тексеріліп болған жоқ. Біз жат тілдерге қызығуды қойып, әуелі өз тілімізді дұрыстап тексеруіміз керек. Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтын көп сөздер табылады» – деп жазды. Бұл алаш зиялыларының терминологияны қалыптастырудағы басты қағидаты еді. Осы қағидатты берік ұстана отырып ол, өз тіліміздің лексикалық қорынан термин болуға жарайтын сөздердің көптеп табылатынын атап көрсетеді. Оның «Қазақ тілінен табылмаған сөздерді басқа түріктерден алу керек» деген сөзі де, қазақ білімпаздарының екінші съезінде ресми бекітілген терминология қағидаттарының бірі. Сондай-кірме терминдерді қабылдау мәселесінде де ол алаш зиялыларынан өзге бағыт ұстанған жоқ. Жалпы бұл мәселеге ол ерекше назар аударып, арнайы тоқталды.

Сонымен, үшіншіден, Халел Досмұхамедұлы шет тілдерінен термин қабылдаудың, кірме терминдерді жазудың жолдарын ұсынды. Ол өзінің «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты белгілі еңбегінде былай деп жазады: «Осы күнгі қазақтың әдебиетінде шеттен кірген сөздер көбейіп кетті. Төңкерістен кейін

шыққан журнал-газеталардың іші толған жат сөз. Білім, оқу әдебиеті де жат сөзге байыды. Заманымыздың көркем әдебиетіміз де жат сөзден күр емес. Оқушыға да, үйренушілерге де, үгіттеушілерге де, жазушыға да, білімдіге де, шешенге де, ақынға да жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды. Топан судай қаптап тілімізді жат сөздер басып бара жатқан мезгілде ескерілмей, ұмытылуға айналған тіліміздің бір негізгі заңын еске салғымыз келеді».

Ғалым тілде болып жатқан құбылысты, кірме сөздер тасқынының күшейгенін айта отырып, бұл үрдістен шет қалу мүмкін болмайтын уақыт туындады дейді. Ол өзге тілдерден сөз қабылдағанда өз тіліміздің заңдылықтарын сақтауды ең басты мәселе ретінде көтереді. Бұл орайда тіліміздегі үндестік заңы катал сақталуы қажет деп есептейді. «Тілге кірген жат сөздер де сіңу үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай хәлге келуі керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді... Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді... зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады». Өз сөзінен көрініп тұрғанындай, ғалымның жат сөздерді қабылдауға қатысты пікірі айқын. Кірме сөздер тілімізге қабылданғанда танымастай болып өзгеріп, қазақ тілінің заңдарына бағынуы керек дейді. Ол өзі қолданған кірме терминдерді қазақтың айту мәнеріне лайықтап, өзгертіп жазды. Мысалы, оның авторлығымен жарық көрген оқу құралдарында терминдер *неріб (нерв)*, *амоби (амеба)*, *дезентерие (дизентерия)*, *мекірескөп (микроскоп)*, *пизиелогияе (физиология)*, *доқтыр (доктор)*, *элемент (элемент)*, *мүлиен (миллион)* түрінде қолданылады.

Жат сөздерді қабылдау туралы арнайы еңбек жазған ғалымдардың бірі Нәзір Төрекұлұлы. Ол бір пікірінде «жат сөздерді асылын өзгертпей алу керек» деген еді. Мұндағы оның «асылын өзгертпеу» деп отырғаны – терминнің түпнұсқа тілдегі қалпын бұзбау. Халел Досмұхамедұлы ғалымның осы пікірімен келіспейді. Ол өз пікірін былай түйіндейді: «Нәзірдің жат сөздерді асылын өзгертпей алу керек дегені қата. Біз тілімізге жат сөз кіргізгенде, оның түбірін ғана кіргізуіміз керек жана түбірінің өзін де қазақ тілінің заңдарына келтіріп, өзгертіп алуымыз керек. Жат тілдің

жұрнақтарын алудың жөні жоқ. жат тілден алынған түбірге біз өз жұрнақтарымызды жалғайтын болуымыз керек».

Халел Досмұхамедұлы бұл тұжырымы арқылы шет тілдерінің сөздерін қабылдауға қатысты екі мәселені атап көрсетеді. Біріншісі – кірме сөздердің тек түбірін ғана қабылдау. Екіншісі – өзге тілдерден жұрнақтар алмай, кірме сөздердің барлығына төл жұрнақтарымызды ғана жалғау. Ол кірме түбірлерді өзгертпей қабылдауға қарсы, оларды қазақ тілінің заңдарына сәйкестендіріп алуды ұсынады. Мұны ғалымның кірме терминдерді қабылдаудағы берік ұстанымы деуге болады. Олай дейтініміз – ол бұл пікірін шет тілдерінің сөздерін қабылдауға қатысты сөз еткен тұстарының бәрінде қайталайды. Мысалы, кітаптарының алғы сөзінде, үндестік заңына арналған мақаласында, термин мәселесін талқылаған пікірталаста, Нәзір Төреқұлұлының еңбегіне жазған рецензиясында ол осы ұстанымынан айнымайды. Шет тілдерінен термин қабылдау жөніндегі бұл тоқтамын үнемі алға тартып, түрлі деректер келтіріп отырады. Айталық, ол суропа халықтары, орыс халқы терминдерді өзге тілдерден қалай алып отырғанын да мысал етіп көрсетті. «Аурупа жұрты латын сөздерін термин қылып қолданғанда бұлжытпай алып отырған жоқ, әр сөзді әркім өз тіліне бейімдеп өзгертіп қолданып жүр, сөзді өзгерткендер әрқайсысы өз тілдерінің заңымен өзгертеді» деген ғалым пікірінен оның ізденіс ауқымының кеңдігін, жан-жақты білімділігін аңғаруға болады. Одан әрі ғалым сөз етіп отырған мәселеге қатысты өз ойын былайша сабақтайды. «Аурупа сөздерін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес. Аурупа сөзін асыл нұсқасынан алып, өзгертіп қолдану керек... Күнбатыс Аурупа сөздерін алғанда түбірін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі несінің сөйлеуіне жақындатып алу керек. Сөз франсоздікі болса, франсоздың айтуына, немістікі болса, немістің айтуына жақындатып алу керек. Көпке дейін аурупамен біздің арамызға орыс тілі дәнскер болады. Орыстар Аурупа сөздерін өзінше өзгертіп алады. Мұны үнемі ұмытпасқа керек. Аурупа сөздерін орыс арқылы алғанда өте сақтық керек. Аурупа сөзін орыс өзгертіп, орыстың өзгерткенін біз тағы өзгертсек, ақырында Аурупа сөзі танымастай болып кетіп, аурупаша да болмай, орысша да болмай шатақ болуы мүмкін».

Ғалымның сонау 20-жылдары айтқан бұл пікірі бүгін де құнын еш жойған жоқ. Өкінішке қарай, шет тілдерінен термин алудың аса бір нәзік тұсын дәл аңғара білген ғалымның білімдарлықпен айтылған осы пікірі ескерілмей келді. Біздің көп уақытқа дейін суро-

па халықтарының сөздерін қабылдауда орыс тіліне жүгінетінімізді ол сол кезде-ақ болжай білген. Болжап қана қоймай, орыс тілінің ықпалында кетіп қалудан сақтандырған да болатын. Бірақ біз сақтана алмадық. «Аурупа сөздерін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес» деген ғалым пікірі о баста-ақ айтылса да, одан қорытынды шығара алмадық. Керісінше, ол ескерткен, сақтандырған мәселе кеңес дәуірінде біздің тіліміздің сөз қабылдау дәстүріне, қағидатына айналды. Сондықтан да енді оны бұзу, өзгерту өте қиын да күрделі мәселе ретінде көрініс тауып отыр. Ғалымның «Жат сөз тілдің заңына бағынбаса сінбейді, қазаққа мұра бола алмайды» деген сөзінің өміршеңдігін уақыт өзі дәлелдеп отыр. Өзгеріссіз қабылданған сөздердің терминқорымызға еніп, біз оларды жатқа біліп, жаппай қолданып жүргенімізге елеулі уақыт өтсе де, тілімізге сінісер емес.

Халел Досмұхамедұлы өз замандасы Нәзір Төреқұлұлының 1926 жылы жарық көрген «Жат сөздер туралы» атты еңбегіне рецензия жазады. «Жат сөздер туралы» деп аталатын оның осы рецензиясы Н.Төреқұлұлының кітапшасын терең талдап, әділ пікір айтып, өз деңгейінде бағалай білген өте құнды мақала. Оның осы рецензиясынан да ішкі мәдениетінің жоғарылығын, ғылыми әдепті сактай білетін ғалымға тән зиялылығын аңғаруға болады.

Төртіншіден, Х. Досмұхамедұлы терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жолдарын ұсынып, бұл іске айрықша атсалысқан зиялылардың бірі. Ғалымның өткен ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыруға қатысты пікірлері бүгінге дейін құнын жойған жоқ. Ол қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде терминология мәселелерін талқылауға қатысты жарыссөзде былай дейді: «Пән сөздерін қабылдау реті мынадай болу керек: бүтін қазақ халқы үшін жалғыз Білім кеңесі болу керек. Ол Білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған кемесіелер болу керек. Пән сөздер әуелі тиісті кемесіенің сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің талқысына түсуге тиіс, ол пән сөздер сонан соң ғана барып Білім кеңесінің қарауына түсіп, бекіліп шығуға тиіс».

Шындығында біздегі терминдерді бекіту реті ғасыр басынан бастап, күні бүгінге дейін ғалым айтқан тәртіппен жүзеге асырылып келді. Қайта кейінгі уақыттарда терминдерді баспасөзде жариялап пікір білдіру мен сала мамандары тарапынан талқылау формалдық сипат алып, Мемтерминком қарауына ұсыныла беретін болды. Мемлекеттік комиссияда да әр терминді талқылауға

жете мән беріледі дей алмаймыз. Сол себептен де бүгін бекіткен терминдерді ертең терістеп, бір терминге байланысты қайта-қайта шешім шығару жиілеп барады.

«Жазылған кітаптар тез басылып шығуы керек. Жазылған сөз тез басылып шығып тұрса, арналғандарға тиетін төте пайдасынан басқа да көп әсер береді. Ішіндегі сөздері сыналып, әсіресе, ғылым атаулары (терминдері) көптің сынынан өтіп, қолданып, білім тілін байытып, ғылым тілінің бір жолмен жүруіне себеп болады» деп жазыпты ғалым. Әрине, қазақша кітап қоры мүлде тапшы болған ол кезеңде солай ету керек еді. Бүгін мұндай мәселе туындап отыр деуге негіз жоқ. Керісінше, оқулықтар мен ғылыми әдебиеттер, терминологиялық сөздіктер көптеп шығып, оларды сараптан өткізу, ондағы терминдердің дұрыс-бұрысын дер кезінде анықтап отыру жағы кемшін түсіп жатқаны анық.

«Елдің тілін бұзатын – көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған мәдениетті елдердің әсері. Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады. Оқығандар өзіне лайық әдебиет тілі деген тіл түзеді. Түзеген жаңа тілін ел ішіне жая бастайды, көбіне зорлап кіргізеді» деген ғалым пікірі де шындықтан алшақ кетпейді. Ғасыр басында да мұсылманша оқығандар бір жакқа, еуропаша оқығандар екінші жакқа тартқаны мәлім. Орыс тілінің ықпалы күшейіп, орысша оқығандар саны артқан кенестік кезеңде біздің ғылым тіліміздің, терминологиямыздың даму бағытын солар белгілеп, үлкен өзгерістер жасағаны белгілі. Ғалым пікірінің дұрыстығын дәлелдеуге бүгінгі қазақ терминологиясынан жүздеген мысалдар келтіру еш қиындық туғызбайды.

Бесіншіден, Халел Досмұхамедұлы қазақтың биология-медицина, табиғат тану терминдерін жасап, қолданысқа енгізген ғалым. Ол қазіргі кейбір ғалымдарымыз сынды «қазақ тілінің мұндай ұғымдарды білдіруге мүмкіндігі жетпейді» деп өздерінің дәрменсіздігін мойындамай, өз ұлтының тіліне мін таққан жоқ. Керісінше, тілдің мүмкіндігін дұрыс пайдалана алмауды үлкен мін деп санады. «Ғылым атауларын дұрыстап таға алмай, тілімізді ғылым жолына сала алмай, кей жұрттарша араб пен парсыны, латын мен орысшаны араластырып былжыратсақ, бұл тіліміздің жарлылығынан, кемдігінен емес, кітеп жазушыларымыздың нашарлығынан, өз тілін әбден білмегендігінен болады» (Жануарлар, Бірінші бөлім, Алғысөз.) деген ғалым сөзі соны айғақтайды.

Ғылыми ұғымды дәл бейнелеп, тіл тұтынушыларының көңілі-

нен шыға қоятындай термин жасау – тілді жетік білуді, шығармашылық шеберлікті, көп ізденісті қажет ететін өте күрделі шаруа. Ғалым оны жақсы түсінді. Сөйте тұрып, жауапкершіліктен, қиындықтан қашқан жоқ. Ол қазақ ұлтына, оның ғылым тілін, терминдер қорын жасауға қызмет студі өзіне міндет санады. 1921 жылы Ташкент қаласында жарық көрген «Табиғат тану» оқулығының алғы сөзінде ол «Термин табу бек қиын. Сөйткенмен қолдан келгенінше терминдерді нағыз қазақ сөзінен алдық. Қата кеткен терминдер болса, хат арқылы білдірулерінізді өтінеміз» – десе, «Жануарлар» атты еңбегінің екінші бөлімінің алғы сөзінде «Сөздің көбі жат жануарлар тұрасында болғандықтан, ғылым атауларын дұрыстап тағу жөнінде көп бейнет шегілді. Ғылым атауларын қолымыздан келгенінше түсінікті қылуға тырыстық» деп жазыпты.

Алаш зиялысының қазақтың өз тілінде термин жасаудың бейнетін көргеніне, ғылыми ұғымдардың атауларын қазақша жасауға шын бас қатырғанына еш күмән келтіре алмаймыз. Өйткені, оның сөзіне істеген ісі нақты дәлел болады. Ғалым қазақ баласына арнап жазған оқу құралдары мен оқулықтарының қай-қайсын ашып қарасаңыз да, кірме атаулар үлесі өте аз. Ондағы терминдердің негізгі басым бөлігін автордың өзі ұлт тілінде жасағанын көруге болады. Ұлт тілінде термин жасау тәжірибесі орнықтамаған, термин үлгілер тұрақтай қоймаған кезеңде тыңнан термин жасау батыл қадам, бастамашылдық қана емес, бұл ғалымның асқан ізденімпаздығын, алдына үлкен мақсат қоя білгендігін көрсетеді. Бұл орайда белгілі тілші ғалым Р.Сыздықтың «Өзіне дейін ешбір үлгісі жоқ, терминологиясы мүлде жасалмаған әр алуан ғылым салалары бар екендігі қаперіне кіріп шықпаған қазақ оқушыларына зоология, анатомия, табиғаттану пәндерінен оқулықтар жазу – қай халықтың тарихында да сирек кездесетін құбылыс, ал қазақ дүниесінде теңдесі жоқ харекет болды»⁴ деген сөзі орынды айтылған.

Ғалымның терминология мәселелеріне арналған еңбектері мен қаламынан туған терминдері туралы тілші ғалымдар мен сала мамандары тарапынан сөз бола бастауы Халелтанудың қолға алынып, оның мұрасын зерттеуге ынта білдірушілердің артып отырғанын байқатады. Халел Досмұхамедұлының таңдамалы еңбектерін жинақтап, бастырып шығарушылар ғалым еңбектеріндегі кейбір терминдердің жарыса қолданылғанын дұрыс

4. Сыздық Р. Халел шыңдары // Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы. Алматы, 1998. 24-6.

анғарған. «Х.Досмұхамедұлының еңбектеріндегі ғылыми жаңа (жасанды) терминдердің бірен-сараны енді қалыптасу процесінде болғандықтан, екі түрлі жазылғаны байқалады. Мысалы, осы күнгі *оттегі* деген термин бірде *қышқылтұым*, енді бір жерлерде *қышқылтұм* деп жазылған»⁵.

Оқулықтардағы терминдердің барлығы дерлік ғалым тарапынан алғаш жасалып, қолданысқа жаңадан енгізіліп отырған сол кезең үшін бұл табиғи нәрсе. Оның біз қарастырған еңбектерінде де *ет // борша, қан жүйесі // қан таратушы жүйе, ақ түйіршік // ақ түйір, қызыл түйіршік // қызыл түйір, даниық // түйіртпекиік, кіндік түйіршік // кіндік бүйінішік, ауаның қысуы // ауа қысуы, ұлта // өрім сияқты жарыса қолданылған. қатар ұсынылған терминдер кездеседі. Бұл терминологияның алғаш жасалу, қалыптасу кезеңі үшін қалыпты құбылыс деп саналады. Ұсынылған терминдерді бірнеше електен өткізіп, қалың жұртшылықтың талқысына салып отырған қазіргі кезеңде де көптеген терминдер ұзақ мерзімге дейін тілде орныға алмай, жарыспалылыққа жол беріліп жатады. Әрине, қазіргі жағдай сұрыптау, терминологиялық сараптау жұмыстарының тиісті деңгейде жүргізілмеуінен болып жатса, ХХ ғасыр басында ондай жұмыстарды атқара қоятындай білікті биологтар мен лингвистер қауымының өсіп жетіле қоймағаны белгілі. Соған қарамастан, осыншама қыруар жұмысты аз ғана қазақ оқығандарының атқаруы теңдессіз тірлік екенін айтпауға болмайды. Қазіргі таңдағы алаш зиялыларына деген халық құрметінің артуы, олардың өмірі мен шығармашылығымен танысуға деген ынтаның зор болуының сыры – осы тұлғалардың туған халқының тағдыры үшін аянуды білмей адал қызмет етуінде жатса керек. Халел Досмұхамедұлы да өткен ғасыр басындағы азаматтық тұғырынан айнамай, алаш алдындағы перзенттік парызына адал болған халқымыздың аяулы ұлдарының бірі. Сондықтан да Халел Досмұхамедұлы сынды ұлтының мүддесі үшін аянбай еңбек етіп, қазақ ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті тұлғалардың мұрасына мұқият болу, оларды зерттеп-зерделеп қажетімізге жарата білу бүгінгі ұрпақтың міндеті. Бұл бағыттағы істер әлі де жалғасын таба беретіндігіне сенім мол.*

5. Редакция алқасынан // Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы. Алматы, 1998. 9-5

II.4.1. Халел Досмұхамедұлының еңбектерінде қолданылған терминдер

«Жануарлар» атты еңбегінің екінші бөлімінде қолданылатын терминдер: *Аужайра* (клетка), *кеңірдек түтіктері*, *пілеуір қуысы*, *таптастыру* (классификация), *түсім-шығыс* (смета), *дарухана* (аптека), *бұхырлау* (дезинфекция), *жұқпалы ауру*, *орта дәуір т.б.*

Жануарларды таптастыруы: топ – тап – бөлім – жыныс – ұру – түр.

Жануарларды сегіз топқа бөледі: жап-жайшалар, бір қуыстылар, бұлттар, тікенділер, құрттар, былжылдақ тәнділер, буын аяқтылар, сүйектілер.

Шапанша, *арқалық* (бел омыртқа), *жорғалаушылар* (қазіргі бауырмен жорғалаушылар), *сүт емшілер* (сүт қоректілер), *сауытшықтар* (балықтың қабыршықтары), *желбезек қақпақтары*, *торсылдақ*, *борша* (ет), *мый қобдишасы*, *толпашық*, *көлденең қанат*, *ұшты қанат*, *инешік*, *сүйеу сүйектер*, *иін белбеу*, *қорда*, *ас сіңірім* (қазіргіше ас қорыту), *дем алыс мүшелер* (қазіргіше тыныс алу), *желбезек қабығы*, *қан жолы*, *қан ыдыстары*, *жүрекшік*, *қарыншық*, *қақпақшық*, *тамыршық*, *қолқа*, *қышқылтуым* (оттегі), *тән жылылығы*, *қышқылдану*, *зәр шығаратын мүшелер*, *естік және сезім мүшелер*, *сыртқы естік мүшелер*, *ақ тамыр*, *бас естік мүшелер*, *сопақ мый*, *кіші мый*, *орта мый*, *алдыңғы мый*, *іскеулік түйіршік*, *іскеулік тамыр*, *жан сызықтар*, *кезеген неріб*, *түрткі*, *сездіруші нерібтер*, *қимылдатушы нерібтер*, *сыртқы ақ қабық*, *ортадағы тамырлы қабық*, *ішкі тор қабық* (тор), *көздің дәнегі*, *көздің су әйнегі*, *қалташық*, *тұқымдық*, *жақпаны ауыздылар*.

«Жануарлар» атты еңбегінің екінші бөлімінде қолданылатын терминдер: Бір хужайралық жануарлар, тамыр-аяқпнылар, шы-быртқылылар, инфузориелер, микроскоп, протоплазма, түйіртпек, жалған аяқтар (псевдоподы), құрылғыш көпіршік (вакуол), қорғау қабық, хитин, нұммүлит, бейнет бөлу, хлоропил, қышқыл көмір (қазіргіше көмір қышқылы), паразит (бейнетсіз жер), трипанозомдар, көп хужайралық жануарлар.

«Жануарлар» атты еңбегінің үшінші бөлімінде қолданылатын терминдер: сегмент, қитын, артқы тесік (көтен), неріб тізбесі, кеңірдек (трахея), түрленбей өсуші, шала түрленіп өсуші, толық түрленіп өсуші, бұын, барлауыл, кобею, қос сыңарлық жануарлар, ұта (орім), жабын, арқау, мүше, мүше жүйесі, дем алатын мүше жүйесі, қан жүргізетін мүше жүйесі, зәр шығаратын мүше

(жүйесі), борша жүйесі, сүйек жүйесі, сезім мүше жүйесі, неріб жүйесі, ұлы даражалы жануарлар, төменгі даражалы жануарлар, қызыл түйір, қаңқа (сүйек тұтасы), бауырлық неріб тізбегі.

«Адамның тән тірлігі» атты еңбегінде қолданылатын терминдер: өлі табиғат, тірі табиғат, сұтуым, натыр, паспар поспор, нитірік азат, өзекті бұйым, өзексіз бұйым, құрама бұйым, калий, калтсий, қылор, мегнез, газ, күкірт, жазықтық, тік жазықтық, сагитал жазықтық, пүрентал жазықтық, жатық жазықтық (гөризентал), бітім, омыртқалы, мүше, қос мүше, дара мүше, мүше жүйесі, қаңқа (сүйек жүйесі), ет (борша) жүйесі, асқазан жүйесі, тыныс жүйесі, сідік жүйесі, шағылыс жүйесі, еркек түйірішік, ұрғашы түйірішік, қан жүйесі (қан таратушы жүйе), жүйке (неріб) жүйесі, тері (өн) жүйесі, ұлта, денелік ұлта, тұқымдық ұлта, өң (жабын) ұлта, демей ұлта (арқау ұлта), ет (борша) ұлта, жүйке (неріб) ұлта, сұйық ұлта (қан), түйірішік немесе құжайра, мекірон, шарана (пыратапылазым), түйіртпек, түйірпек торы, қыраматын, линін, данишық (түйіртпекшік), кіндік түйірішік (кіндік бұйінішік), көп түйірішікті жануар, без түйірішігі, ас баптаушы без, без өзегі, сідік түтіктері, жыбырлақ ұлта, түйірішікті аралық заты, епидерім, жалғау ұлта, шеміршек ұлта, сүйек ұлта, талды жалғау ұлта, май жалғау ұлта, тор жалғау ұлта, сілекей жалғау ұлта, шырыш тал (көлеген), пысық ұлта, бос ұлта, шырыш тал, сернімді ұлта, елес ұлта, май ұлта, тор ұлта, сілекей ұлта, қан ыдысы немесе қан тамыры, қан пылазым, қызыл түйірішік (қызыл түйір) – еритіресит, ақ түйірішік (ақ түйір) – лейкесит, қан тақташық (тұрамбасит), токсин, бактер, басытқы (антиоксин), небіринеген(небіріндегіш), небірин, сер (қанның сары сұй)гемегілебен, окси гемегілебен, қышқыл гемегілебен, артер қан, таза қан, бене қан, бұзық қан, лейкеситтің босұы, емикіретсиесі, опқырлық, пагеситез, лимті (сөл) безі, лимтіситсүйек ұлта, асеин, сүйек тақташықтар, ұзын сүйек, қысқа сүйек, жалтақ сүйек, ми қуысы,бөксе қуысы, бос байланыс, шиіе байланыс, жік, ұша, қайнап біту, қазық, сіңірмен байланысу, үндес жік, буын, буындасу, әйнек шеміршек, буын шеміршек, буын қуысы, жәрдемші сіңір, сенебей қабық, сенебей дорбасы, буын шеміршегі, буын дорбасы, буын дорбасының астары, буынның қуысы, кеуде, кеуде қаңқасы, иін сүйегі, бөксе сүйектері, дем алу, дем шығару, өкпе, танау (мұрын қуысы), танаудың аузы, мұрын тесігі, тамақ, көмей, көмекей, кеңірдек, жұтқышшақ, ұрт, кеңсірік сүйек, желбезек сүйегі, желбезек шемірісегі, қуан, оре

сүйек, танаудың жалы, маңдай сүйек, без дорбасы, иіскеуші бөлім, дем ауышы, тыныстаушы бөлім, сілекей қабық, жұтқынышақ, мойын омыртқа, ауыздың тесігі, көмейдің тесігі, танау бөлімі, есту түтігі, ауызтақи тұрбасы, жұтқынышақ безі (бадам), жұмсақ таңдай, ауыз бөлім, көмей бөлім, нақ секілді қуыс, өңештің аузы, көмейдің аузы, қалқан шеміршек, жүзік шеміршек, көмей қақпағы, шөміш шеміршек, көмей қуысы, жолақ ет, дыбыс сіңірі, дыбыс үлгідегі, астар қабық, дыбыс тесігі, жалған дыбыс сіңірі, тон, негізгі тон, қосымша тон, шу, дыбыс түсі, тембірі, дыбыстың күші, оңеш, шеміршек сақина, бұранық, оң бұранық, сол бұранық, қыл кеңірдек, бұранықшал, өкпенің ұясы, өкпенің албиелі, пілеуір, өкпелік пілеуір, қабырғалық пілеуір, өкпенің бөлімшігі, қан капирлері, тыныстау тетігі, кеңірдек түтіктері, пілеуір қуысы, тыныстау, басқалдақ ет, аралық ет, көк шандыр, құрсақ тыныстауы, қабырға тыныстауы.

Ю.Вангер. «Өсімдіктердің тіршілігі мен түзелуі туралы әңгімелер» (аударған Х.Досмұхамедұлы. Ташкент, 1924. 107б.) атты аудармасында қолданылған терминдер: Тамыршық, бұршиқ, бұтақ-шық, жан бұршиқтер, бұтақ, сабын жапырақ, жапырақның басы (жаймасы), жапырақның жұмсағы, үлкейтетін шолмек (шиша), сабақша, кесекше, ұяшық, көпіршік, текшешік, бұдыр, жапырақ, тамыр, сабақ, тұңғыш көпіршік, тыс, қабық, болуші шымылдық, әтіз (жүйек), жапырақшық, шуқырышақ, бұдырмақ, бұршиқшиқ, құртышық, құртышық құйырышығы, тамыршық, сабақшық, ақ зат (ақ), ұрық.

Ю.Вангер. «Денеміздің түзелуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелер» (аударған Х.Досмұхамедұлы. Ташкент, 1924. 130 б.) атты аудармасында қолданылған терминдер: мүше без, без, түкірік без, жылауық, тер без, ақыл тіс, емшек тіс, тісеу, нағыз азу, үлкен азу, шошақ тіс, күрек тіс, қызыл иек, тіс мойыны, емел (эмальды оспай атаған), тамақтың бапталуы, ас баптаушы мүше (асқазан), қышқылтқы, ақ жалпақ, крахмал, клейстр, түкірік, түкірік бездері, сілекей бездері, сілекей қабық, пергемент, ерітінді, ұақ қарын бездері, уытталу.

Ғалымның 1921-жылы Ташкентте жарық көрген «Табиғаттану» атты дәрістер жинағында төмендегідей терминдер қолданылады: Ауа, газ, ауаның қуысы, ауаның қысуы//ауа қысуы, тығыз ауа, сирек ауа, ауаның ағысы, салқын ауа, тозаң, күкірт қышқылтқысы, жану, қышқылдану, тоттану, жалын, жалынның өзегі, жалынның жарығы, жалынның шегі, күйе, металл, мығдын, руда, күлше,

кен, метал жылытырағы, асыл метал, тау жыныстары, кристал, жоса, шлэк, болат, шойын, темір, минерал, бронза, малахит, никкел, мелихор, қалайы, тсиңк, сынап, амалғам, күміс, алтын, кун тұтылу, ауа жарығы, планет.

«Мәшиненің күші» (1923 ж.) атты шағын еңбегінде мәшине, жел кеме, кара-айғыр (паравоз), отарба (поезд, вагон) сынды жаңа колданыстар кездеседі.

Х. Досмұхамедұлының тілге катысты жазылған еңбектерінде билік рай, етістіктің тұқылы, үнемді көсемше, ниетті көсемше, ұйғарынды есімше, сөздің басуы, наху, сарф сынды терминдер кездеседі. Алайда бізге бұл терминдердің авторы А. Байтұрсынұлы екені мәлім. Аханның еңбектері хронологиялық жағынан бұрын-ырақ жарық көргендіктен, Х. Досмұхамедұлының өзіне дейін А. Байтұрсынұлы жасаған (наху, сарф) сынды кірме атаулардан өзгесі) терминдерді колдануы заңды.

Ә.Р. Шокін, Е.Б. Керімбеков сынды медик-биолог ғалымдар 1931 жылы Х. Досмұхамедұлының көзі тірісінде «Жаратылыс тану терминологиясының орысша-казакша сөздігі» жарық көргенін айтады. Алайда біз әзірге осы еңбекті қолымызға түсіре алмадық. Х. Досмұхамедұлының казак терминологиясын қалыптастыруға сіңірген еңбегі туралы сөз етіп отырғандыктан, алдағы уақытта оған арнайы тоқталу міндетіміз деп санаймыз.

Жоғарыда берілген терминдердің біркатары ғалым еңбектерінде қайталанып берілсе, кейбіреулері келесі басылымдарда жана терминдермен алмастырылған. Ғалымның термин жасам тәжірибесі мен терминдерді колдану ерекшеліктерін анық сипаттау үшін біз оларды ғалым өз еңбектері бойынша беріп отырмыз.

II. 5. Жұмақан Күдеріұлы ұлт тіліндегі өсімдіктану терминологиясының негізін қалаушы

30-жылдары қуғын-сүргін көріп, ақыры сол солақай саясат үстемдік еткен уақыттың құрбаны болған ұлт зиялыларының қатарында қазақтан шыққан тұңғыш биолог-ғалым Жұмақан Күдеріұлы да болды. Ол 7-9 сынып оқушыларына арнап казак тіліндегі ең бірінші «Өсімдіктану» оқу құралын жазу барысында көптеген биология терминдерін де казак тілінде алғаш жасап, оларды колданысқа енгізген ғалым.

Ж. Күдеріұлы «Өсімдіктану» атты бұл оқу құралын 1926 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде оқып жүргенде жазған. Автордың өз қолымен жазған алғысөзінде («дәйектеме» деп берген) кітапты 1926 жылғы 10 мамыр күні аяқтағанын көрсетеді.

Бұл оқулықтың бірінші кітабы 1927 жылы араб әрпімен Москвада, ал екінші кітабы 1930 жылы латын әрпімен Қызылорда қаласында басылған. 1992 жылы екі кітабы да қазіргі жазуымызға көшіріліп, “Рауан” баспасынан жарық көрді. Кітаптың Мәскеуден шыққан басылымының мұқабасында автордың аты-жөні мен кітап атауы бірінші араб әліпбиімен, екінші оның астында латын әліпбиімен қазақша, үшінші ең төменгі жағында кирилл әліпбиімен орысша беріледі. Автордың аты-жөні арабша және латын әліпбиімен «Күдері ұлы Жұмакан» деп көрсетілсе, үшінші қатардағы орысшасында «Ж.Күдерин» деп берілген. Ал 1930 жылы латын әрпімен Қызылордада жарық көрген басылымда кітап авторының аты-жөні тек қазақша «Күдері ұлы Жұмакан» деп көрсетілген. Өз әкесі Маусымбай болса да ол тегін Маусымбайұлы емес. Күдеріұлы деп жазыпты. Ғалым кітаптарының мұқабасындағы аты-жөнінің берілуі оның да ғасыр басындағы алаш зиялылары сынды аты-жөнін «ұлы» нұсқасымен жазуға басымдық бергенін байқатады. 1992 жылы қайта бастырып шығарушылар да автордың аты-жөнін орысшадағыдай берген. Бізде оның жеке құжаттарында аты-жөнін қалай жазғаны жөнінде мәлімет жоқ. Алайда қызының «Лариса Күдерина» деп жазылғанына қарағанда төлқұжатында «Күдерин» деп жазылуы мүмкін деп пайымдауға негіз бар. Кейінгі жылдары ғалым есімі негізінен «Ж.Күдерин» деп көрсетіліп жүр. Соған қарамастан, біз тарихи әділеттілік үшін ғалымның аты-жөнін қарастырып отырған еңбектеріндегідей «Күдеріұлы Жұмакан» деп көрсеткен жөн деп санадық.

Осы соңғы басылымның алғы сөзін жазған биолог-ғалым Қабділрашид Қайым кітаптың ғалымдар мен мұғалімдердің іс жүзінде кең пайдаланып, жетекші құрал ступіне таптырмайтын қомақты еңбек екенін айта келіп, биология ғылымының докторлары Ғ.З.Бияшев пен А.Алманиязовтың пікірлерін келтіреді. Онда “биолог-ғалым Ж.Күдериннің “Өсімдіктану” кітабы қазірдің өзінде маңызын жоғалтқан жоқ. Ол әлі де болса қазақ арасына өсімдік өмірі жөнінде ғылыми білімді таратудың өте құнды құралы болып табылады” делінген.

Қазақ тілінде жазылған тұңғыш өсімдіктану оқулығы екендігіне және жарық көргеніне 80 жылдан астам уақыт өткендігіне қарамастан, бұл еңбектің бүгінгі күні жоғарғы ғылыми дәрежесі бар белгілі биолог ғылымдары тарапынан бұлайша бағалануы жалпы ғасыр басындағы қазақ зиялыларының кәсіби деңгейінің қаншалықты биік болғандығынан хабардар етумен бірге, солардың ішінде Ж.Күдеріұлының да орны бөлек тұлғалардың бірі екендігін көрсетеді.

Ғалымның биология ғылымын дамытуға қосқан үлесі мен оның еңбектерінің құнды жақтарын анықтау осы саланың мамандарының яғни, биолог-ғалымдардың еншісіне тиетін жұмыс. Біз төменде өтарапымыздан тіл маманы ретінде оқулық авторының қаламынан туған терминдері туралы ғана сөз стеміз.

Ж.Күдериннің 1927 жылы жарық көрген “Өсімдіктану” оқулығында 300-ге жуық қазақ тілінде жасалған терминдер мен көптеген қазақша өсімдік атаулары кездеседі. Бұл оқулықтағы терминдердің барлығы дерлік сөз болып отырған кезеңдегі қазақ зиялыларының термин шығармашылығында ұстанған қағидағтарына сәйкес жасалғандығының көрінісі. Мысалы, *аналық, аталық, тұқымдық, түйіршік, тостағанша, сабақша, қалбырша, қабықша, қалташа, қайықша*, сияқты терминдер морфологиялық тәсілмен. *аналықтың мойны, аналықтың аузы, ағаштың сүйегі, бұтақты тамыр жолы, жапырақтың тақпасы, тұқым жапырақшасы, ұялы тозаң, тұқымқап, қылиабұыт, гүлжапырақ* тәрізді терминдер аналитикалық тәсіл арқылы. ал *бұын, тарамыс, түйір, тұғыр, түк, тап, тыс, тегеурін, желек, жік, шаң, шырын, сақина, құноақ, өзек, сұрып, оба* сынды терминдер жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі арқылы жасалған.

Келтірілген мысалдардан байқап отырғанымыздай, өсімдіктану терминдерін жасауда ғалым қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін кеңінен пайдаланған. Бұл терминдердің көпшілігі қалыптасып, қазіргі өсімдіктану терминдерінің қатарынан орын алған.

Айталық, кезінде ғалым өз оқулығында алғаш қолданған *аналық, аталық, тозаң, сабақша, қабыршақ, қайықша, гүлжапырақ, қабықша, аналық аузы, аналық мойны* сияқты терминдерді бүгінгі ғылыми әдебиеттер мен оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің барлығынан ұшыратуға болады.

Бұл Ж.Күдериннің тек алғашқы оқулық авторы ғана емес, ғылым тілінің, өсімдіктану терминологиясының қалыптасуына үлкен үлес қосқан, осы істің басында тұрған қазақтың озық ойлы биолог-ғалымы екенін көрсетсе керек. Сондықтан да термин жасау мен өсімдіктану ғылымын қазақ тілінде сөйлетуге қосқан үлесін толық көрсету үшін оның еңбектері тілші ғалымдар тарапынан арнайы қарастырылатын да жөні бар. Біз бұл жерде ғалымның өсімдіктану оқулығында қолданылған терминдері төңірегінде ғана сөз етіп отырмыз. Оның бастауыш мектептің оқушыларына арналған “Әліппе”, “Халық әдебиетінің жинағы”, “Қоғамдық еңбек” атты хрестоматиясы, “Қой мен оның жүні”, “Кенеп”, “Кендір” сияқты еңбектерін

тілдік тұрғыдан қарастырар болсақ, Ж.Күдеріұлының қаламынан туған терминдер анықталып, оның ғылым тілінің дамуына қосқан үлесі де нақтылана түсер еді. Жалпы сол кезеңде қазақша еңбектер жазған, ғылым тілінің қалыптасуына қосқан үлесі бар барлық қазақ зиялыларының еңбектерін жан-жақты зерттеу ұлттық ғылым тілінің, терминологияның тарихы үшін өте қажет.

Ж.Күдеріұлы тілімізде бұрыннан бар бірқатар сөздерді жалпыхалықтық тілден алып, биология термині ретінде пайдаланған. Ғалым жасаған сондай терминдердің бірі – «тегеурін». Орыс тіліндегі “Шпорец” немесе “шпорец цветка” терминдерінің қазақша баламасы ретінде алынған бұл термин жалпы қолданыстағы сөздің терминденуі арқылы жасалған.

Түсіндірме сөздікте «тегеурін» сөзінің екі түрлі мағынасы берілген: “скпін, қарқын, пәрмен, қайрат, күш” және “қыран құстың алдыңғы үш тырнағына, жембасарына қарсы біткен артқы жалғыз тырнағы”.

Арнаулы сөздікте бұл терминге “жабық тұқымды өсімдік гүліндегі шірне жинаталатын күлтөжапырақшалар қуысы” деген анықтама берілген.

Ал Ж.Күдеріұлы өз еңбегінде арнаулы ұғымды былайша түсіндірді: “Кейбір өсімдіктердің желегінің төменгі жағы шыыршықталып шығып тұрады. Жалғыз бармақ сияқты болып тұрғаннан кейін оны тегеурін дейді. Тегеурін тұра тостағанша шешекте де, солпы тостағанша шешекте де болады”.

«Тегеурін» сөзінің лексикалық мағынасы мен тегеурін терминінің терминологиялық мағынасын түсіндіретін анықта-маларды салыстырып қарар болсақ, жалпы қолданыстағы сөздің метафоралану жолымен терминденгенін байқау онша қиынға соқпайды. Бір ғана лексемамен әр түрлі ұғымдардың таңбалануына, басқаша айтқанда, бір ұғым атауының екінші ұғым атауына алмасуына осы ұғымдардың сыртқы ұқсастықтары негіз болған. Яғни, өсімдіктану термині жалпы қолданыстағы «тегеурін» сөзінің түсіндірме сөздікте берілген екінші мағынасының метафоралануы арқылы туындаған. Оны термин жасаушының “жалғыз бармақ сияқты болып тұрғаннан кейін оны тегеурін дейді» – деген өз сөзі де дәлелдей түседі.

Оқулықтағы «тұғыр» термині де дәл осы жолмен жасалған. Түсіндірме сөздікте тұғыр сөзінің мағынасы “қолға үйретілген саят құстарының (бүркіт, қаршыға, ителгі т.б.) қонақтайтын орны, биіктеу ағаш қондырғы”, – деп түсіндірілген. Өсімдіктануда тұғыр деп “гүлсағак немесе сабақтың гүл орналасатын созындысын” – айтады.

Саят құстарының қонақтайтын орны мен сабақтың гүл орналасатын созындысы пішіндерінің (форма) ұқсастығы жалпы қолданыстағы сөздің терминденуіне себеп болған.

«Тұғыр» термині Ж.Күдеріұлы оқулығынан кейін «Ботаника» оқулықтары авторларының тарапынан бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Нақтырақ айтқанда, ол В.Н.Исаинде. (1954) – *гүл тұғыры*, В.А.Тетюрев пен Б.В.Игнатъевтің оқулықтарында (1954) – *гүл табаны*, ал Т.Мұсақұловта (1962) *гүл тұғыры*, *гүл кіндігі*, *гүл табаны* түрінде үш вариантта. Б.В.Всесвятскийде (1964) *гүл табаны*, В.А.Корчагина (1978) мен Р.Әлімқұлқызы бастаған авторлардың соңғы оқулығында (1993) *гүлтабан* түрінде қолданылған.

Алғашқы сөз болған тегеурін термині де кейінгі авторлар мен аудармашылар тарапынан өзгеріске ұшырап, қазір гүлтепкі түрінде тұрақтанды. Әрине, соңғы қалыптасқан терминдерді енді өзгертудің ешбір қажеті жоқ, алайда оларды Ж.Күдеріұлы жасаған қалпында қалдырғанда да қалыптасып кеткен болар еді.

Жалпы Ж.Күдеріұлы оқулығында кездесетін терминдердің шамамен бестен бірінен астамы яғни 15 пайыздайы жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі, тең жартысына жуғы (50 пайызы) синтаксистік тәсіл, 35 пайыздайы морфологиялық тәсіл арқылы жасалған. Өсімдіктану ұғымдарының деректілігіне (нақтылығына) байланысты болуы керек, жалпы әдеби тілдегі сөздер мағыналарының, метафоралану жолымен терминденуі көбінесе ұғымдардың сыртқы ұқсастықтарына (пішін, көлем, түр т.б.) негізделетіндігімен ерекшеленеді. Ал морфологиялық тәсілмен жасалған терминдер негізінен –лық/-лік (-дық/ -дік, -тық/ -тік), ша/-ше, -шық/-шік, -ыс/-іс, -лы/-лі (-ты/-ті, -ды/-ді), -сыз/-сіз, -у сияқты сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалады. Ал аналитикалық жолмен жасалған терминдер арасында *тұқымқап*, *тозаңқап*, *тамырқап*, *ұрыққап*, *жасалаужелек*, *жіпұяшық*, *қышқылқомір*, *гүлжапырақ*, *ожсаужапырақ* сөздердің біріктірілуі арқылы жасалған атаулардың да едәуір орын алатыны аңғарылады.

Ғалымның көптеген қазіргі тілші ғалымдар мен сала мамандары аударуға болмайды деп жүрген, осы уақытқа дейін аудармай қолданып келген терминдерді қазақша жасағандығы назар аудартады. Мысалы, «микроскоп» терминін – «асылшыны», «микроспоры» терминін – *аталықшаң*, («макроспоры» терминін – аналықшаң), «паразит» терминін – *аралтамақ*, «ядро» терминін – түйір, «ядрочко» терминін – *түйіршік*, «протоплазма» терминін – жалқаяқ, «хлорофилла» терминін – *көкіе*, «хлорофильное зерно» терминін – *көкіе түйір* т.б.

Бұрын қазақ ұғымында болмаған ғылыми ұғымдардың атауын жасау, басқа тілдердегі сөздерге ұтымды балама табу көп ізденісті қажет ететін машақаты мол күрделі шаруа екендігі даусыз. Қазақ білімпаздары осы қиындықтан қашпаған. Керісінше, олардың өздері маманданған немесе қажеттілікті өту мақсатымен алғашқы оқу құралдарын жазған салаларының терминдерін әуел бастан-ақ ұлт тілінде жасап қалыптаструды міндет санағаны байқалады. XX ғасырдың 20-жылдары оқулық жазып, термин жасама мәселесімен бетпе-бет келген өзге қазақ зиялылары сынды Ж.Күдеріұлы да термин жасаудың қиындығын атап көрсетеді. «Бұрын өсімдік туралы қазақша жазылған кітаптар жоқ. Орысша, яки басқа латынша сөздерді қазақшалау өте қиындық көрсетті» деп жазады ғалым.

Кірме терминдерді жазу мәселесінде де ғалым өзімен замандас алаш оқығандары сынды ұстанымға тоқтаған. Оған осы оқулықтағы *боспар* (фосфор), *боренке* (воронка), *беймаза* (мимоза) тәрізді терминдерді жазуы дәлел бола алады. Бұл жерде бір нәрсені атап айту керек. Ол – Ж.Күдеріұлының өсімдіктану терминдерін қазақша жасауға барынша көп көңіл бөлгендігі. 1927 жылы Мәскеуде басылған бірінші оқулықта қолданылған жүздеген терминдердің арасынан бар болғаны жоғарыдағы келтірілген үш-төртеуі ғана тілімізге бейімделіп аударылмай алынғандығынан оны анық байқауға болады. Сондай-ақ бұл деректер қазақтан шыққан жоғары кәсіби білім алған тұңғыш биолог ғалымының өсімдіктану терминологиясын жасаудағы, ғылым тілін қалыптастырудағы ұстанымын да көрсетеді.

Жұмақан Күдеріұлының 1930 жылы жарық көрген «Өсімдіктану» оқулығында қолданылған терминдер

Топырақ, қара топырақ, сұр топырақ, тоң топырақ, құм топырақ, тұз топырақ, шөл топырақ, балшық топырақ, балшықты топырақ, май топырақ, саз топырақ, құмайт топырақ, майда балшық топырақ, құнарлы шірінді топырақ, түп топырақ (материковая порода), топырақмаңыздылығы, топырақтың сіңіргіштік қасиеті, топырақтың жылу сыйымы, қызыл топырақ – қызыл қоңыр топырақ, қызыл күрең топырақ, қызғылт топырақ, құла топырақ, ақтаңдақ топырақ; сары топырақ – құрым топырақ, қоңыр топырақ, ақсары топырақ, ақшыл сары топырақ; көк топырақ – қара көк топырақ, көкіше топырақ, күл топырақ; боз топырақ – бозғылт топырақ, боз топырақ; шірінді, бөрленке (воронка), ерітінді, дымқылдық сыйымы, минерал заттар, лакмус

қағазы (құбылмалы қағаз), сахар (щелочи), қышқыл (кислота), өзекті зат (органическое вещество), тамыр, сабақ, жапырақ, бұтақ, шешек (гүл), өсімдік, өсімдібұтақ, өнімді бұтақ, өсімдік мүсіні, тұқым, дән, бұта, бактер, қауыз, қабық, кебек, екі бөлек дәнді тұқым, дара дәнді тұқым, бітім (тұқым бітімі), бітім қолқасы, бітім бүршік, тамыр бүрі, қабық ішіндегі жарты дән, жапырақ бүрі, қаптауыш, жібек тамыр, ұршық жұмыр тамыр, домалақ тамыр, бұтақты тамыр, тармақты тамыр, тұқ тамыр, жұп тамыр, біржылдық өсімдік, екіжылдық өсімдік, көпжылдық өсімдік, ағаш тамырлы өсімдік, тарам тамырлы өсімдік, тері қабық, жұқа қабық, қалың қабық, шел қабық, қуыс тамыр, түтікше, жапырақша, сабақша, тамырша, алғашқы жапырақша, жапырақтың беті, оптегі, өсімдіктің тамақтануы, жапырақ сабағы, буынқап (жапырақтың буынқабы), бірбетті жапырақ, көпбетті жапырақ, қос жапырақ, айналмалы жапырақ, тегіс жиекті жапырақ, ирек жиекті жапырақ, жырық жиекті жапырақ, жазық жапырақ, тал жапырақ, айыл жапырақ, жұмыр жапырақ, бүр жапырақ, көкше дән (хлорофильные зерна), жапырақ түгі, жапырақтың жұқа қабығы, жапырақтың жұмсақ бөлігі, тыныс жолдары, жапырақ тесігі, крахмал, крахмал дәні (крахмальное зерно), крахмал түйіріктері, тұқым, тұқымның құрылысы, тұқымның қабығы, жарылшақ, дәндік, ұшырғыш (машина), сұрыптағыш (машина), тұқымның шымылдығы, тұқымның өскелеңдігі, тұқымның шаруашылық жарамдылығы, тұқым шығымдылығы, тұқымды шашу, көпжылдық жұван сабақ, біржылдық сабақ, екіжылдық сабақ, соя сабақ, құрай сабақ, сабан сабақ, желілі сабақ, тік құрай сабақ, сабақ буыны, қаптама жапырақ, соймақабық, ағаш сүйегі, үшкірлі үйшік (парезенхимный), доғал үйшік (перенхимный), өсімдік ұяшықтары, сыртқы қабық, қатынасатын түтік жолдар, жұмсақ бөлік, аралас түтік жолдар, түтікше/түтікше жол, оралмалы жол, айналмалы жол (айналмалы түтікше), сүзгілі жол, сүзгілі ыдыс, асылшыны, шешекті өсімдіктер, шешексіз өсімдіктер, толық шешек, шала шешек, тостағанша, күлте, аталық, аналық, желек, жұбайлы шешек, жұбайсыз шешек, біруйлі өсімдік, екіүйлі өсімдік, тұғыр, астылы аналық, қатарлы аналық, үстілі аналық, күлтелі күлі, жеке желекті шешек, тұтас желекті шешек, гүл жапырақшасы, тозаңдық, жіпше, тозаң, тозаң ұясы, тозаңқап, бүрлік жатыны бүрлік, аналық аузы/ауыз, аналық мойны мойын, түйін, тұқымша, тұқым жолы, ұрыққап, өсімдіктің үйігуі, жеміс, жалған жеміс.

жемісқап, тұқым қабығы, жемістің еті, етті жеміс, құрғақ жеміс, сүйекті жеміс, сүйексіз жеміс, тұқымқап, бітеу жеміс, ашылмалы жеміс, түр, жыныс, тұқымдас, сұрып, сұрыптау, шешекті өсімдік, шешексіз өсімдік, шаңды өсімдік, жабық тұқымды өсімдік, ашық тұқымды өсімдік, бір дәнді өсімдіктер, екі дәнді өсімдіктер, жеке желекті өсімдіктер, тұтас желекті өсімдіктер, түссіз шешекті өсімдіктер, түйінді өсімдік, жоғары түйінді өсімдік, буыңқап, балақ жапырағы, балақ жапырақшасы, масақлы шешек, бір шешекті, екі шешекті, көп шешекті, сырқы қауыз, ішкі қауыз, мұрт, жабайы өсімдік, аталық шашағы, аналық шашақ/аналық шашағы, гүл жапырақ, күлте, гүл желегі, қалбырша, тұқым мамығы, бұрқырама, мақтаның құсығы, айырық желекті өсімдіктер, қалташа, саусақ жапырақ, астауша, екі ағайынды, қатар жапырақты өсімдік, үш жапырақты өсімдік, көпсаусақ жапырақты өсімдік, жай жапырақты өсімдік, қиықша, оралмалы сабақ, тұқымқап, желегі тіл сықылды шешек, желегі мұржа сықылды шешек, желегі мұржа тілді шешек, текемойын жапырақ, шешекқап, тік сабақ, бүтін жиекті жапырақ, төрт қырлы сабақ, жеміссіз тұқым, жемісті тұқым, солқылдақ, қайыңның бүрі, жалаңаш тұқымды өсімдіктер, жалған жеміс, бұтақты бұр, боздан қабы, шешексіз өсімдіктер, шаңсабақ, шаңқап, аналық тұқымшасы, аналық шаңы, арамтамақ (паразит), ұяша, жіп, жіпше, көбек, ұяшық, аяқша, түкті бактер, түксіз бактер, шаңмен осу, ноқат бактер (кокк), тізбелі бактер (стрептококк), сопақ бактер(батсек), қышқыл көмір (углерод), сүтұым (водород), қышқылтуым (кислород), жарықтуым (фосфор).

II.6. Жүсіпбек Аймауытұлы және қазақ терминологиясын жетілдіру мәселелері

Алаш зиялыларының арасында қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей атсалысқандардың бірі – Жүсіпбек Аймауытұлы. Ол жеке ғылым саласының терминдерін жасап, оларды қолданысқа енгізумен қатар өзге тілдерден термин қабылдау мен терминологиялық жұмыстарды жүргізудің өзіндік жолын ұсынып, жеке көзқарасымен ерекшеленген білімпаз. Сондықтан қазақтың аса дарынды каламгерінің төл терминологиямызды қалыптастыруға сіңірген еңбегі мен осы жолда ұстанған қағидаттарын жеке қараудың өзіндік себептері, негізі бар.

Жүсіпбек Аймауытұлының терминология туралы ойлары мен

оны қалыптастыру туралы негізгі ұсыныстары оның «Ақ жол» газетінің 1925 жылғы 1 мамырдағы санында жарияланған «Пән сөздері қалай табылады?» деп аталатын мақаласында айтылады.

Жүсіпбек Аймауытұлының терминологиялық көзқарасын сөз етпес бұрын мына мәселеге назар аударған жөн. 1924 жылы «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» Елдес Омарұлының баяндамасы негізінде терминологияны дамытудың қағидаттары ресми бекітілді. Алаш зиялылары, осы алқалы жиынға қатысқандар баяндаманы қызу талқылай отырып, ортақ пікірге, бір нәтижеге келді. Съез қаулысымен бекітілген қағидаттардың қолданысқа енгеніне бір жыл да толмай жатып Жүсіпбек Аймауытұлының қайта мәселе көтеріп, ресми белгіленген қағидаттардан ерекшеленетін, өзгешелеу жол ұсынып отыруы назар аудартады. Ж. Аймауытұлының аталған мақаласы Ахмет, Елдес, Халел сынды тіл білімпаздары мақұлдаған қағидаттардан бөлек жол ұсынуының өзі оның пікіріне ерекше мән беруді талап етеді. Сонымен терминологияны қалыптастырудың өзіндік жолын жұртшылық талқысына ұсынған осы мақалаға ретімен тоқталып көрейік.

Автор мақаласын былай бастайды: «Қазақ тілінде кітап көбейген сайын, пән сөздері де молайып келеді. Барлық пәнге керекті сөздерді ойлап тауып, жеткіземіз деп білім кеңестері әуре болып жатыр. Тәуір, ұғымсыз-қолайсыз сөздер де көп, қолданылып жүрген сөздер де көп. Сонымен жұрттың бірсыпырасы пән сөздеріне жарымай жүр. Бұл әңгіме былтыр білімпаздар кеңесінде де сөз болып еді. Әлде болса сөз болу керек көрінеді. Сондықтан пән сөздерін қалай табу туралы пікір ұсынып, ойшылдардың алдына салмақпыз» дейді.

Мақала авторының сөз бастасынан, мәселе қойысынан не аңғаруға болады? Біріншіден, ол терминологияны қалыптастыру мәселесінде атқарылып жатқан жұмыстардың бар екендігіне қарамастан, білім кеңесінің әлі де бұл істі жолға қоюға шамасы жетпей жатқанын аңғартып өтеді. Оның «жұрттың бірсыпырасы пән сөздеріне жарымай жүр» деуі атқарылған іс нәтижесіне қанағаттанбайтындығын байқатады. Екіншіден, білімпаздар съезі бекіткен терминология қағидаттарына қосары бар екендігін, онымен толық келісе алмайтындығын сыпайылап, ғылыми әдепке жеткізеді. «Бұл әңгіме былтыр білімпаздар кеңесінде де сөз болып еді. Әлде болса сөз болу керек көрінеді» деген жолдардан қаламгердің айтары аңғарылып тұр. Бұдан әрі ол осы ойын одан әрі түйіндей түседі. «Менің ойымша пән сөздерін мекемеде от-

ырып, жиылыспен, айтыспен, қол көтеріп, қаулы қылумен табуға болмайды-ау деймін» деу арқылы ол білім кеңесінің жұмысына да, съез қаулысымен бекітілген қағидаттарға да көңілі толмайтынын, мәселенің онымен ғана шешімін таппайдындығын айтып отыр.

Одан ары қарай автор терминологиялық жұмыстарды неліктен олай ұйымдастыруға болмайтындығының себептеріне тоқталып, оларды санамалап көрсетеді. Ол бірінші себеп ретінде мынаны айтады:

1. «Тіл» деген нәрсе біліммен бірге өсетін, өрбитін жанды нәрсе. Тілдің өсіп, өркендеуі де табиғи жол болуы керек. Жанды нәрсе өз ағынымен, өз еркімен, қысылмай, зорлық көрмей, өсіп жетілмек. Мәдениетіміз күшейсе, тіліміз өзінен-өзі күшейеді. Қалай күшейеді? Жана сөздерді қайдан алады? Байқап отырсақ, жат ұғым жат сөзді өзі кіргізетін көрінеді. Төңкерістен бері еріксіз кіріп кеткен жат сөздер бар. Оларды халық сіңіріп алып қойды. Жұрттың миына орнап қалды. Енді олардың орнына жаңадан қазақ сөзін тауып кіргізіп, жат тілді қуып шығамыз деп талпынғанмен болмайды. Бойға сіңіп кеткен асты қайта құсуға бола ма? Сол тәрізді, сондай бойға тарап кеткен сөздерге мысал мыналар: аптономия, республика, сәбет, кәменес, ісполком, сайоз, мандат, әгент, милисия, әтред, налог, кәператсия, метенгі, сабрание, әрістабайт, күнпескебайт, пұраба, контр, пұртокол, ыстаж, бұджет, кәтегерне т.б.

...Бұл сөздерді еш білімдар ойлап тауып кіргізген жоқ. Өмір кіргізіп отыр. Өмір кіргізген жаңалықты жауып тастауға болмайды. Сондықтан жат тілден кашамыз десек те каша алмаймыз».

Бұл Ж.Аймауытұлының білімпаздар құрылтайында бекітілген қағидаттарға қарсы келтіріп отырған бірінші дәлелі. Мұны оның терминологиялық қорды қалыптастыруда басшылыққа алып отырған ең басты ұстанымы деп те тануымыз керек.

Әрине, өзге тілдерден сөз алмайтын тіл болмайтыны белгілі. Бірақ автордың тілдің өркендеуін еркіне жіберіп, табиғи жолмен дамуына мүмкіндік беру керек деген пікірінің ғылыми негізі берік деуге болмайды. Ұлттың тілі ғылым мен техниканың, білімнің тілі ретінде қарқынды даму кезеңін басынан кешлеген уақытта оның табиғи жолмен қалыпты түрде өркендеуі мүмкін. Ал тілдердің өзара байланысы күшейіп, мәдениеттердің бір-біріне ықпалы артқан, ұлттың ғылым мен техниканы игеруге өз тілінде араласып, терминдер тасқыны, ақпараттар ағыны келе бастаған мезгілде тілдің өз бетінше дамуына жол беру қажет деген пікірге қосылу қиын. Себебі, терминологияның дамуын ыркына жіберген жағдайда,

біз көптеген қиындықтарға, проблемаларға тап болатынымыз анық. Терминологиядағы жүйесіздік, семантикалық сәйкессіздік, жарыспалылық, терминдердің үндесімсіздігі, терминологиялық бейберекеттік сияқты кемшіліктер дәл осы терминологияның дамуын қадағаламаудан, үйлестірмеуден туындайды. Әлем тілдерінің қай-қайсысында да тіл мәдениеті, тілдік нормалардың сақталуы жолындағы жұмыстар толастамай жүргізіліп отырады. Ал терминологиядағы кемшіліктердің орын алмауы үшін жүргізілетін жұмыс түрлерінің басын біріктіріп — «терминологиялық жұмыстар» деп атайды. Осы терминологиялық жұмыстар тілдің, терминдер қорының өз бетінше дамып, қалыптасуы үшін емес, керісінше сол терминдердің жасалуы мен қолданысын, олардың мағынасы мен құрылымын үнемі қадағалап, осы үрдіске саналы түрде араласып отыру үшін атқарылады. Мұндай жұмыстар мемлекеттік мәртебесі бар немесе білім беру мен ғылым, техника мен өндіріс салаларында қолданылатын барлық тілдерде жүргізіледі. Міне сондықтан да терминологияның дамуын өз ағымына жіберу керек деген тұжырымның негізі бар дей алмаймыз. Бұл орайда Жүсіпбек Аймауытұлының замандастары Ахмет Байтұрсынұлы мен Елдес Омарұлы, Халел Досмұхамедұлы ұстанған жолдың дұрыстығына күмән келтіруге болмайды. Олардың белгілеген қағидаттарының дұрыстығы сонда олар терминологияның дамуын өз ағымына, ырықна жіберуді емес, оны реттеп, ұлт тілінің заңдылықтары мен мүддесіне сәйкес реттеп, жүйелеп отыруды көздеді. Қазіргі терминтану ғылымында терминологияны дамытуды қадағалап, жоспарлап, үйлестіріп отыру қажеттілігі дәлелденді. Сондықтан жат ұғым кірсе онымен бірге сол ұғымның атауы да бірге кіруі керек деген токтам жасау негізсіз. Әр ұлт ұғымға өзіндік таным тұрғысынан карап, кез келген ұғымды өз тілінде атай алады. Ондай мүмкіндік болмаған жағдайда өзге тілдің атауын өз тіліне лайықтап, өзгертіп, қабылдаушы тілдің заңдылықтарына бағындырып қабылдай алады.

Мақаладағы жұрттың санасына сіңіп кеткен кірме сөздерді қуып шығуға болмайды деуінде белгілі дәрежеде шындық бар. Әсіресе кірме сөздер тым көбейіп кетсе, олардың бәрін ұлт тілінің өз сөзімен алмастыру өте қиынға соғатыны рас. Оған бүгінгі қазақ терминологиясындағы мыңдаған кірме терминдер нақты мысал бола алады. Алайда тілге кірген жат сөздерден мүлде арылуға болмайды деп кесіп айтудың да негізі бар дей алмаймыз. Мұндай пікірде біржактылық бар екендігін айту керек. Әлемнің көптеген тілдерінде ұзақ жылдар бойы қолданыста болған жүздеген өзге тілдік

атауларды төл сөздерімен алмастырылғанын дәлелдейтін деректер аз емес. Тіпті алысқа бармай-ақ мақала авторының өзі мысалға келтіріп отырған сөздерін алып қарасақ та оған көз жеткізуге болады. Оның бойымызға тарап кетті, енді оларды өзгертуге болмайды деп мысалға келтірген жоғарыдағы сөздерінің көпшілігін біз бүгін өзгертіп, қазақша нұсқасында қолданып жүрміз. Мәселен, мына атаулар: кеңес (совет), атқару комитеті (исполком), одақ (союз), жасак (отряд), салық (налог), жиналыс (собрание), тұтқындау (арестовать), тәркілеу (конфискация), құқық (право), хаттама (протокол), санат (категория). Бұлардың бірі ерте, бірі кеш тілге сіңіп, ресми бекітілген, жұртшылық қабылдаған сөздер қатарына енді. Мұндай мысалдарды әлі көптеп келтіре беруге болады. Сол себептен де қазақтың аса көрнекті қаламгері, көркем сөздің хас шебері Жүсіпбек Аймауытұлының білім-парасатын құрметтей отыра, оның терминологияны дамытуға қатысты бұл ұстанымының ғылыми-лингвистикалық негізі берік дей алмасак керек.

Жүсіпбек Аймауытұлы екінші себеп ретінде мынаны атап көрсетеді:

2. «Жаңадан жасалған сөздер күшпен тіл бола алмайды. Тілдің қолайлысы, ұғымға жайлысы алынады. Қолайсызы шығып қалып отырады. Тіршілік тартысында қандай талғау таңдау болса, тіл де сондай таңдау іздейді. «аухалтер» (аудандық халық тергеушісі), «кек» (кәсіпшілер кеңесі), «хан бөлбас» (ханшілік бөлімі бастығы), «сәрсендеме» (гимнастика) деген сөздер өтпейді. Бұларды тіл қыламыз десек зорлық болады. Ел «атком»-нан «исполком»-ды жақсы біледі. «Одақ»-тан «сайоз»-ды артық көреді: «сайоз»-дан нәрсе алады, «сайоз» ұйымнан пайдаланады. «ауылдық кеңес» дегеннен «ауылнай сәбет» дегенді жеңіл көреді. «Интернационал»-ды олай аударып, былай аударып, қазақтан қолайлы сөз таба алмай қойды. Бұл не? Тіл орынсыз бұрмалауды көтермейді екен».

Алдыңғы тармақта автор қазақ тіліне өзге тілдерден енген кірме атауларды жатсынбау керек, олар тілге сіңіп кетті десе, екінші тармақта ол жаңа сөздерді күштеп тілге енгізудің қажеті жоқ дейді. Мұнда да ол негізінен тілдің дамуын еркіне жіберу керек деген бастапқы ойын жалғастырып, сабақтай түседі. Жалпы алғанда жазушы кірме сөздерді аударып өз атауларымызды жасауға асынтаалылық таныта қоймайды. Айтқан ойы да, келтірген мысалдары да соны аңғартады. Оның жоғарыда айтқан сөздің қолайлысы, ұғымға жайлысы алынады дегені дұрыс. Бірақ сол қолайлыны, жайлыны анықтап, іріктеп, саралап отыруды жалпы халыққа жүктеп

коюдың реті жоқ. Ондай іспен мамандар, тілдің заңдылықтарын, сөзге, терминге қойылатын талаптарды білетіндер айналысуы тиіс. Тілге сәтсіз жасалған, тілдік нормаларға жауап бермейтін сөздердің де еніп кетіп, орнығып қалғаннан кейін солардан арыла алмай жататын жағдайларымыз да аз емес. Бұл тиісті саралау жұмыстарының уақытында өз деңгейінде жүргізілмегендігінен, істің кәсібилікпен атқарылмағандығынан орын алатын кемшіліктер. Автордың екінші пунктте халық «жақсы біледі», «жеңіл көреді» деп атап көрсеткен, қолдаған сөздерінің бірқатары уақыт өте келе қолданыстан шығып қалды. Керісінше, «ісполком» орнына ол сынаған – *атқару комитеті*, «сайоз» орнына – *одақ*, «ауылнай сәбет» орнына – *ауылдық кеңес* орнықты. Мұны уақыт сыны дейтін болсақ, сол кезеңде осы сөздерді жасап, қолданысқа енгізген зиялыларды тілге зорлық жасады дей алмасак керек.

Мақала авторы үшінші себеп ретінде мына мәселелерге тоқталады:

3. «Мектептердің пән сөздерін кеңседе жасау дұрыс емес. Пән сөзін пән маманы, кітап жазушы шығару керек. Ешбір ғалым пән сөздерін кеңседе шешкізіп, жасамайды. Кітап жазушы өзі табады. Бір ғалымның шығарған кітабында кейбір сөздер қолайсыз болса, екінші жазушы ол сөздерін түзеп, өзгертіп, жаңа сөз кіргізеді. Сөзді пән несі ғана шығармаса, бөгде кісілердің шығаруы мүмкін емес, өйткені әр пәнге жетік адамдар білім кеңесінде болмайды. Пән несі көп ойланып, көп еңбектеніп тапса, кеңес сөзге көп ойланып отыра алмайды. Білім кеңестерінің жиылысында болғанымыз бар, онда сөздер жете тексерілмей үстірт қаралатындығы, көп отырса, жалығып, қолайсыз сөздерді де ала салатыны байқалады.

Білім кеңестерінің сөз табуы ғылымға негізделген (академикалық) жол емес, бұтақ (қустарни) жол. Ілім негізімен шешу үшін пән сөздерін жасаушылар әр тілді (араб, парсы, түрік, Европа тілдерін) білетін (филолог) адамдар болу керек. Сондықтан тіл қарастыру жұмысы білімге негізделмей, жорамалдаумен, сипаттаумен «осынау қалай болар екен?»-мен шешіліп жүр».

Ж.Аймауытұлы бұл жерде «терминдерді кім жасауы керек?», «термин шығармашылығымен кімдер айналысуы тиіс?» деген мәселелерге өз пікірін айтады. Автордың айтып отырған ойы орынды. Әр саланың терминдерін сол саланың мамандары, оқулық, кітап жазушы авторлар жасауы керек. Өйткені олар сол өзі маманданған саласының ұғымдарын, олардың өзара байланысы мен ерекшеліктерін жақсы біледі. Бірақ мұнда мәселенің

екінші қыры бар. Сала мамандарының бәрі бірдей тілді, оның заңдылықтарын, терминге қойылатын талаптарды жақсы біле бермейді. Сондықтан да автор бұл мәселені ғылыми тұрғыдан дұрыс шешу үшін «әр тілді білетін филолог адамдар» шешуі керек деп түйіндейді. Яғни ол бұл тұста мәселенің екінші қырын да дұрыс байқай білген. Жекелеген терминологиялық жұмыстарды сала мамандарының атқаратындығына карамастан, жалпы қазіргі уақытта әлем халықтарының терминологиялық жүйесін жетілдірумен, жүйелумен және терминтануды ғылым ретінде зерттеп, пән ретінде оқытумен айналысушылар негізінен лингвистер болып отыр. Бұл терминнің сөз, сөз тіркесі ретінде тіл білімінің зерттеу нысаны болғандығынан болса керек.

Жүсіпбек Аймауытұлының білім кеңесінің жұмысына сын айтуына келер болсақ, оның сонау ХХ ғасыр басында айтқан пікірі бүгінгі күн үшін де маңызды болып отыр. Оның «Білім кеңестерінің жиылысында болғанымыз бар, онда сөздер жете тексерілмей үстірт қаралатындығы, көп отырса, жалығып, қолайсыз сөздерді де ала салатыны байқалады» деген сөзі дәл бүгінгі біздің Мемтерминкомға қатысты айтылғандай. Термин қалыптастыруға, оны жасау мен бекітуге деген жауапкершілігіміз бен бұл іске кәсіби тұрғыдан келу мәселесі бізде әлі шешімін таппай келеді. Қалай болғанда да ол кездегі аз ғана қазақ зиялыларының терминологияны қалыптастыруға қосқан үлесі өте зор. Халықтың сол кезеңдегі білім деңгейін, жалпы халыққа шақандағы оқығандардың үлесін, алаш зиялыларының терминологияны қалыптастыруда атқарған істерін ескерсек, сын айтудың өзі артықтау сияқты көрінеді. Соған карамастан, білім кеңесінің жұмысына оқығандардың үлкен талап қойып отырғанын көреміз. Ал оқығандарды айтпағанда, жоғары білімі барлар мен ғылыми атаққа иелердің өзі жүздеп, мыңдап саналатын бүгінгі таңда терминологияның көптеген мәселелерінің шешімін таба алмай, терминологиялық жұмыстардың тиісті деңгейде атқарылмай отырғандығын ақтап жату артық.

Алаш зиялысының атаған төртінші себебі мынадай: 4. «Бұл күнде білім кеңесі пән тілдерін жасап отырса, кітап жазушылардың нашарлығынан, пән мамандары жоқтығынан еріксіз жасап отыр. Тіл мамандары (филологтар) болмағанмен, бізде пән мамандары болу керек. Белгілі пәннің соңына түсіп, ізденген, кітап қарастырған адам азды-көпті сол пәнге маман болып алады. Бір адам әр түрлі пәннен жазбақшы болса, оныкі терең болмайды».

Ж. Аймауытұлы салалық мамандардың жоқтығынан, кәсіби деңгейлерінің төмендігінен терминдерді білім кеңесі жасап отырғанын

айтады. Оның бұл пікірін сол кезеңнің шындығы ретінде қабылдаған абзал. Химия, физика, астрономия, география, психология, биология сияқты түрлі салаларға маманданған жоғары білікті ұлттық ғылыми кадрлардың өте аз болғаны айдай ақиқат. Одан бері жағдай өзгерді. Біз қазір жиырмамыншы ғасыр басындағыдай, жоғары білімді пән мамандары жетіспейді дей алмаймыз. Жекелеген жана қалыптаса бастаған салаларда болмаса, ғылым мен техниканың қай саласын алсақ та, ғалымдар мен тәжірибелі практик мамандар баршылық. Әр саланың мамандарын дайындайтын оқытушы ұстаздар мен пән мұғалімдері жүздеп, мыңдап саналады. Бірақ соған қарамастан, қазақ терминологиясының негізгі бөлігі қазақ тілінде жасалып, термин шығармашылығы жоғары кәсіби деңгейде жүзеге аспай отырғанын немен түсіндіруге болады. Бұл ең алдымен, кеңестік дәуірде терминологияны ұлт тілінде дамытуға емес, оның орыс тілімен ортақтығын күшейтуге көп көңіл бөлінгендігінен, біздің терминологиямызды халықаралықтандыруға басымдық бергенімізбен байланысты. Қазақ балаларының мектепте орысша оқып, жоғары оқу орындарында ұлт кадрларының орыс тілінде білім алуы түрлі салаларды ұлт тілінде сөйлестірген тілге жетік мамандар тапшылығына әкеп соқты. Ж. Аймауытұлы атап көрсетіп отырғандай, XX ғасыр басында жоғары білімі бар мамандар тапшылығы қазақ терминологиясының дамуына кедергі келтірген болса, бүгін XXI ғасыр басында кеңестік дәуірде орысша оқып өсіп жетілген ұлттық ғылыми қауымның, зиялылардың елеулі бөлігі өз шығармашылығында қазақ тілін пайдалана алмайтындығы үлкен мәселе болып отыр. Кеше мамандар жетіспеушілігі қолбайлау болған болса, қазір мыңдаған білікті салалық мамандарымыз бола тұра, олардың ұлттық терминдерді қазақтың өз тілінің негізінде қалыптастыруға ғылыми шығармашылықта ұлт тілін пайдалана алмаушылығы тежеуіш факторға айналып отыр. Өйткені қазіргі ғалымдар мен салалық мамандардың елеулі бөлігі орысша тілі шығып, орыс тілінде білім алғандықтан, ғасыр басындағы қазақ зиялыларындай өз ұлтының тілін терең біле бермейді. Тіл білмейтін маманның ғылымды өз тілінде сөйлетуге, ұлттық терминдер қорын жасауға құлықты болмайтынын, тіпті құлқы болған күннің өзінде оған құзыреті жетпейтінін уақыт көрсетті. Сондықтан біз бұған білім саясатын жүргізуде, ғылыми кадрлар даярлауда ескерілуге тиісті стратегиялық маңызы зор ұлттық, мемлекеттік мәселе ретінде қарай отырып, осы бағытта атқарылатын жұмыстардың барлығын да ел мүддесіне сәйкес ұйымдастыруға баса мән беруіміз керек.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерін қорыта келіп, Ж.Аймауытұлы қазақ тілінің терминологиялық лексикасын қалыптастырудың, терминдер қорын жасаудың тиімді жолдарын көрсетіп, өз жобасын ұсынған. Оның мақала соңында түйіндеп берген 9 пункттен тұратын ұсыныстары, өз сөзімен айтқанда жобасы төмендегідей:

«Пән тілдерін табу қиын болатын көрінеді. Сондықтан жоғарыда айтылғандарды еске алып, сөз табу туралы менің ұсынатын жобам:

1. Сөз туралы қиналмай, тілді өз ағымына жіберейік. Ұнамды сөз алынып отырар да, ұнамсызы шығып қала берер.

2. Кіріп қалған жат сөздерден қашпайық. Орынсыз тілге зорлық қылмайық.

3. Сөзді пән мамандары, кітап жазушылар шығарсын.

4. Сөз таба алмайтын шәлдірік адамдар кітап жазбасын. Оқу кітаптарын педагогтар жазуы тиіс. Оқыту жолын білмеген адамның кітабы ұғымды болмайды. Педагогтің қаламға шебері жазу керек.

5. Жанадан сөз қосушылар тапқан сөздерін кітабына айрықша жазып отырсын.

6. Кітап жазушылар, екі-үш жыл өткенде, тіл туралы кеңесіп, табылған тілдерді қорытып отырсын.

7. Пән сөздері әйтеуір жаттап алынған сөздер, мейлі кітап бетінде мейлі газет-журнал бетінде болсын, орысшасымен бірге жазылып отырсын.

8. Қолайсыз алынған сөздер туралы баспа сөз бетінде сын жазылып, жобалар ұсынылсын.

9. Білім кеңесі (яки оның орнындағы мекеме) істей алса, жаңа шыққан сөздерді жинастырып, лұғат кітап бастырып шығарсын.

Міне осы жолмен ғана тіл мәселесін оңай шешуге болады деп ойлаймын. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралдағы» жаңа сөздері осы жолмен тарап кеткенін көреміз. Бұл табиғи жол деп жоримын».

Оның бұл ұсыныстарының бірқатары сол кезеңдегі терминологиялық жұмыстардың жүргізілуіне септігі тиіп, айтқан пікірлері замандас әріптестері тарапынан ескерілді, термин жасаушыларға, қазақ тіліндегі оқулықтар мен ғылыми кітаптар жазушыларға ой салды деп білеміз. Мәселен, Білім кеңесінің ұйғаруымен термин комиссиясы 1926 жылы «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», 1927 жылы «Пән сөздері» сияқты терминологиялық сөздіктерді бастырып шығарды. Сондай-сол кездегі жарық көрген оқулықтар мен ғылыми әдебиеттердің бірқатарында жаңа терминдер айрықша

шрифтпен беріліп, олардың орысша нұсқалары жақша ішінде беріліп отырды. Бірқатар әдебиеттерде жаңа терминдер сөздік түрінде кітап соңына енгізілді. Әрине, мұның бәрін тек Ж.Аймауытұлының ұсыныстары негізінде жүзеге асқан деуден аулақпыз, өзге алаш зиялылары тарапынан да, баспасөз бетінде түрлі ұсыныс-пікірлер айтылған. Алайда Ж.Аймауытұлының жоғарыда айтқан пікірлерінің арасында осы ұсыныстардың болғанын атап айту орынды. Сондай-ақ жазушының сонау өткен ғасыр басында жазғандарының ішінде бүгін де ескеруге болатын, ғылыми және практикалық құндылығын жоймаған ұсыныстардың да бар екендігін ескерусіз қалдырмаған жөн.

Алайда мына мәселеге ерекше назар аудармасқа болмайды. Ж.Аймауытұлы ұсыныстарының көпшілігі А.Байтұрсынұлы бастаған термин комиссиясының бағытымен сәйкес келгенмен, оның бірінші және екінші пункттердегі «тілді өз ағымына жіберейік», «кіріп қалған жат сөздерден қашпайық» деген басты қағидаттары Елдес қағидаттарымен толық қабыса бермейді. Оның терминологияны қалыптастыруға қатысты ұстанған бағытының басты ерекшелігі де осында. Жалпы тілдік деректер мен ғалымдардың бізге белгілі лингвистикалық мұралары Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Халел Досмұхамедұлы сынды алаш зиялыларының терминологияны қалыптастырудағы ұстанған бағыттары бір, көзқарастары ортақ екендігін, олардың қазақ тілінің терминдер қорын жасауда өздері бірлесіп белгілеген қағидаттар төңірегінде топтастасқандығын көруге болады.

Жүсіпбек Аймауытұлы біз сөз етіп отырған мақаласын 1925 жариялағанына қарамастан, Ахаң 1926 жылы Бақуде өткен бүкілодақтық түркология құрылтайында Елдес ұсынған қағидаттарды бүкіл түркі жұртына үлгі ретінде ұсынды. Ал бұл қағидаттардың 1924 жылы қазақ білімпаздарының бірінші съезінде бекітілгенін ескерсек, одан бір жыл кейін Жүсіпбек Аймауытұлы жобасындағы ұсыныстардың А.Байтұрсынұлы баяндамасында көрініс таппауы – Ахаңның Елдес ұсынған қағидаттарды толық қолдағанын көрсетеді. Егер одан да дәлірек айтар болсақ, 1924 жылғы Елдес баяндамасы мен 1926 жылғы Ахаңның баяндамаларында көрсетілген терминология қағидаттары толық сәйкес келеді.

Жат сөздерді қабылдау мәселесінде терминкор қалыптастыру ісіне араласқан өз замандастарынан өзгешелеу ұстанымда болғанмен, негізінен Жүсіпбек Аймауытұлы да барлық алаш зиялылары сынды терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру

бағытын қолдаған. Ол көптеген қазақша терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізген. ұлттық ғылым тілінің жасалуына белсене атсалысқан білімпаздардың бірі.

Ж.Аймауытұлы газет тіліне, терминдердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы қолданысына да ерекше мән берген. Ол 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің 405-ші санында жариялаған «Газет тілі қалай түзеледі?» деген мақаласында газеттердегі терминдер қолданысындағы ала-құлалықты бір ізге түсірудің жолдарын ұсынады. Ол өз тарапынан төмендегідей 7 түрлі шараны жүзеге асыру қажет деп есептейді. «Толып жатқан мекеме аттары, қызмет аттары, кеңсе тілдері әлі бір ізге салынбай келеді. Тіл шокпытталып, қойыртпақ болып барады. Бұл қалыпта жүргізе беруге болмайды. Бұл туралы аудармашыларды да жазғыруға болмайды. Бұған шара істеу керек: мен сондай шараны ұсынамын:

1) Бұл мәселені жайға қарата бермей, әрі болса, 15 күннен қалдырмай газет басқармасы өзі қолданатын сөздерін тізсін (сөз аударушыларына тапсырсын, газеттен жинатсын, мекемелерден алсын, әйтеуір хат сөздер терілсін).

2) Білім кеңесі қабылдап, бекілген сөздер сол күйінде қолданылсын. Қолайсыз аударылған сөздер қайта қаралсын.

3) Тізілген сөздерді әуелі басқарма өзі аударсын. Өз шамасы келмесе, білім кеңесіне қаратып алсын. Оның қолы тимесе, газетке жарияласын, болмаса қаламшыларға қаратып, аудартып, солардың ең қолайлысы қабылдансын.

4) Әбден қабылданған дәусыз сөздер газет бетінде жарияланып отырылсын.

5) Сөзді аударарда, қай газет қай сөзді қалай аударып, қолданып жүргені де еске алынсын. Солардың ұнамды сөздері де алынсын.

6) Қабылданған сөздер орыс әліппесінің ретімен жазылып, басқармада ілулі тұрсын; лұғатына бөліп басылсын, өзге газет басқармаларына да жіберілсін.

7) Ұғымсыз, тың сөздер алғашқы кезде орысша, қазақшасы қатар (біреуі жақша ішіне) жазылып отырсын.

Басқарма бұл іске кірісетін болса, қызметіне дайындық әркімдер солай ойлайды деп сенемін.

Бұлай қылмасақ, тіліміз бұзылады, шокпыт болады. Ел ұқпайды. Баспа сөздің қадірі кемиді, оқымайды. Зиян шегеміз».

Ж.Аймауытұлының бұл ұсыныстарын газет редакциясы бірден қабыл алады. Осы мақаланың соңына басқарманың мынадай түсініктемесі беріледі: «Басқармадан: орысшадан аударма

сөздердің бір ізге түсе алмай келе жатқаны – талассыз мәселе. «Еңбекші казак» бұл іске кірісуші. Жат сөздердің казакшасы бұдан былай газетте жарияланып отырылады».

Жазушы пікірінің ескеріліп, ұсыныстарының баскарма тарапынан талассыз қабылдануы – ең алдымен ол жасаған ұсыныстардың дәлелділігін, екінші жағынан оның зиялы қауым алдындағы беделін де көрсетеді. 20-жылдардағы казак баспасөзінің бет алысын қадағалап, оның тіліне, сөз қолданысына, терминдердің аударылуы мен бірізділігіне ұдайы мән беріп отырған, орын алып отырған кемшіліктерді көре білген адам ғана осындай нақты ұсыныстар жасай алмақ. Ал оның жасаған ұсыныстарының қабыл алынып, «Еңбекші казак» газетінің кірме терминдер аудармаларының жұртшылыққа жария етіліп отыруы – Жүсіпбек Аймауытұлының терминологиялық жұмыстардың жүйеге түсуіне ықпал еткен тұлғалардың бірі болғанын айғақтайды.

Жалпы бұл мақалада баспасөздің терминологияны қалыптастырудағы рөлін атап көрсетумен қатар терминдерді біріздендіру мәселесі де көтеріледі. «Ұғымсыз сөйлемдер өз алдына, бір сөзді әркім әр түрлі, әйтпесе, бір кісінің өзі әр түрлі аударып жүреді. Бір жерде «Сабнарком», бір жерде «халық кемесерлер кенесі», бір жерде «ҚазЦИК», бір жерде «Қазатком». Келіспейді. Не орысшасын қысқартып қолдану керек, не бәрін де қазақша алу керек. Кейде «пәлесе», кейде «пәлещие», кейде «кәперашине», кейде «кәпратип», біресе «инструктор» болып отырады» – деп жазады мақала авторы.

Мұнда автор қысқартылып алынған гибрид (аралас) атаулар мен кірме терминдердің түрлі нұсқада жазылып, түрліше аударылып жүргендігіне назар аударып, оларды біріздендіру керектігін айтады. Бұл мәселе термин шығармашылығында үнемі кездесіп отыратын, бүгін де жиі ұшырасатын құбылыс. Терминологияны біріздендіру мәселесімен мамандар мен арнаулы құрылымдар үздіксіз айналысып отыруы тиіс. Қазак оқығандарының, оның ішінде Жүсіпбек Аймауытұлы сынды көрнекті қаламгердің бұл мәселеге сонау ХХ ғасыр басында-ақ көңіл аударуы – алаш зиялыларының басым көпшілігінің ұлттық ғылым тілін қалыптастыру ісінен шет қалмағанын көрсетеді.

«Кітап, құрал жоқтықтан осы күнгі газет, журналдар мектепке кітап орнында қолданылып тұр. Ендеше, газеттеріміз – әрі хабар, әрі кітап болып отыр. Газет сөзі әлгіндей болып отырса, оны қалай оқытарсың?» деп жазады автор. Оның бұл пікірі ХХ

ғасыр басындағы қазақ қауымының жай-күйін, білім беру ісінің, баспасөздің рөлі мен кемшіліктерін жақсы білетін алдыңғы қатарлы ұлт зиялысының сөзі сендігі еш күмән туғызбайды. Жазушының баспасөз бетіндегі термин қолданысын реттеуге қатысты айтқан пікірлерінің бірқатары әлі де құнын жойған жоқ. Оларды ескерсек, қазіргі баспасөздегі термин қолданысында орын алып жататын кейбір кемшіліктерге жол берілмеуіне септігі тиер еді.

II.6.1. Жүсіпбек Аймауытұлы және қазақтың психология терминдері

Арнаулы салалардың терминдерін негізінен тіл мамандары мен әр саланың өз мамандары жасайды, қалыптастырады. Өлемдік тәжірибеде солай. Ал тілші ғалымдар мен ғылым мен техниканың, өнердің, өндірістің түрлі салалары бойынша кәсіби мамандар қалыптаспаған, жетіспеген жағдайда ондай міндетті кім атқаруы керек. Қазақ терминологиясының қалыптасу тарихына зер салсақ, XX ғасыр басында жоғары білікті мамандар қауымы қалыптаса қоймағандықтан, бұл істі алғашқыда ұлтымыздың орта және жоғары білімі бар оқығандары атқарыпты. Олардың көпшілігі өзі маманданған салаларының ғана атауларын жасаумен шектелмей, өзге ғылым салаларының терминдерін қалыптастыруға атсалысыпты. Солардың бірі – Жүсіпбек Аймауытұлы. Ол белгілі қазақ каламгері, сөз зергері. Ол қазақ прозасының озық туындыларын туғызып қана қойған жоқ. Білікті мамандар жетіспей жатқан кезеңде елдің оқыған азаматы ретінде қазақ терминологиясының жасалуына, ұлттық ғылым тілінің қалыптасуына да үлес қосуды өзіне парыз санады. Сөйтіп, психолог болмаса да, каламгер Аймауытұлы қазақ тіліндегі психология оқулығын жазды. Оқулық жазу барысында ондаған терминдерді жаңадан жасады немесе орыс тіліндегі, шет тілдеріндегі нұсқаларынан қазақшаға аударды. Оның психология ғылымын қазақша сөйлетуге алғаш атсалысқан қазақ зиялысы сендігін атап айтқан орынды. Бұл орайда Қ. Жарықбаев, С. Қалнев сынды ғалымдардың «Қазақ тәлім-тәрбиесі» (Алматы, 1985) атты еңбектерінде «Ұлттық ғылыми психологиялық терминдерінің белгілі жүйеге түсуі де Ж. Аймауытов есімімен байланысты» деген пікірлерін әділ айтылған деп білеміз. Оған жазушының XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары жарық көрген «Психология» оқулығын жазу барысында өзі жасаған немесе тіліміздің лексикалық қорынан алып, терминдік мағынада қолданған көптеген атаулары дәлел бола алады.

Біз Ж.Аймауытұтының 1926 жылы Қызылорда – Ташкентте жарияланған «Психология» оқулығын сүзіп шыққанда, онда шамамен 300-ден астам терминнің қолданылғанын анықтадық. Ғылым тілі жана қалыптаса бастаған кезеңде жарық көрген еңбек болғандықтан, және біз психолог болмағандықтан жекелеген сөздердің терминдік мағынада жұмсалғанын аңғармай калуымыз да мүмкін екендігін жөкке шығармаймыз. Дегенмен, сондай бірлі-жарым атаулар болмаса оқулықта қолданылған терминдер негізінен толық жинақталды десек болады. Оқулықта кездесетін терминдердің жалпы саны – 320 шамасында. Олар мына терминдер:

Санашылдық, затшылдық, жан, жан күйі, жан жүйесі (психология), тән, сана, адамгершілік, әділдік, ізгілік, жауыздық, әдет, салт, мінез, түс көру, құрғақ даналық (метофизика), зейін, зерде (рассудок), зат (материя), деректі заттар, саналаушы (создающий), жаратылмыс (существо), рух, рух субстанциясы, ерсілі-қарсылы қисын (теория взаимодействия), қуат (энергия), қуат сақтаузаңы, келістік (гармония), болмыс, жан-тән бірлігі (ионизм), тәжірибелі психология, құрғақ даналық (метофизика), құрғақ даналық психология, зейіндік психология, саналаушы, мен, жаратылмыс (существо), жан тіршілігі, ерсілі-қарсылы қисын (теория взаимодействия), түйсік (восприятие), ақыл, қайрат, ұшқыр қайрат, тұтқыр қайрат, сезім, сыртқы сезім, перне, бөгеуші перне, бөгеуші перне, ұғым, жад (память), қиял (воображение), жаңғыртушы қиял, жасаушы қиял, көркемдік қиял, ойлау, көңіл, ынта, ілтипат, пайым, шіміркеніс/шіміркену (раздражение), шіміркенгіштік (раздражительность), шіміркендіргіш (раздражитель), парыз, болмыс, қабілет, білу қабілеті, жан қабілеті, саналы қайрат, затшыл, жандықтар, қылық (поведение), жандықтардың қылығы, заттың бөлімдері (молекула), көлемдік (пространство), тәжірибелі бақылау, жай бақылау, сұрау (анкета), ым (мимика), ымдасу (патомима), болжау қисыны (теория вероятности), өзін бақылау (самонаблюдение), әлеуметтік адам, дана ақыл, сара ақыл, амал етуші дене (организм), қозғыштық (возбудимость), түрткі (стимул), қуат (энергия), уыз (белок), шілтер (клетка), бір шілтерлі, кішкене бөлімше (атом), саңлау мүшесі, жүйке, сезгіштік, шығыршық, жүйкенің түйінішегі, рефлексті қозғалыс, ішкі қоздырғыштар, без шырындары, шартты рефлекс, сілекей бездері, әдет, соқыр сезім (инстинг), жад (память), жұлтын ми, түйсіктеу, машықтау, зерде, дауыстау, жұртшылық, масылдық, қосақтық, еліктеу, жаңғырту, жаңғыртығын (резонатор).

жүйке саласы, ми, жұлын, кіндікке шабушы жүйкелер, кіндік-тен тараушы жүйкелер, қозғаушы жүйкелер, сезу жүйкелері, қорғаушы жүйке, жүйке шілттері, бытырама жүйкелер, ұзыншақ ми, уарлы көпір, көру түймесі, төрт тобелік, кішкене ми, ұлы ми, ұзын жықпыл, селеу жықпыл, Роланд жықпылы, жүйкенің қозуы, шала рефлекс, түске соқырлық (дальтонизм), сыртқы құлақ, орта құлақ, ішкі құлақ, құлақ қошқары, шыбықша, Корти доғасы, негізгі желбіреуік, сәуле тары (сетчатка), көз алмасы, таяқша, селеу бас, қызылды сезуші тал, жасыл түсті сезуші тал, күлгін түсті сезуші тал, сипау, сипалау жүйкелері, иіскеу, дәм айыру, дене сезуі, буынның беті, жылбыс қабық, шаршау сезімі, саңалау мүшелері, көз әлпеті, беттің ымы (мимика), ақжарқын күлкі, шат күлкі, қорқу, имену, ынталану, таңдану, рахаттану, күлду, жылау, ұялу, ұялшақтық, қозым (возбуждение), шыдамсыздық, түйсіктену, қорғану, ішкі серпіліс (реакция), сүйекке біткен серпілду, жүре табылатын серпілду, сыртқы сезім (оцущение), дене сезімі, көру сезімі, ырықсыз қозғалыс (рефлекс), тегіне тарту (атавизм), табынғыштық, табынғыштық (фетишизм), тіршілік ету именісі, именшектік, паңдық, зымияндық, көңгіштік, күншілдік, озбырлық, сараңдық, таңсыққойлық (любопытство), еліктеу, еліктегіштік, қорқыныш, үрей, аңсау (любопытность), күйректік (сентиментализм), соқыр наным (фонатизм), тентектік, меншік сезімі, зерделі құлық, саңлау (оцущение), әсер, жаңғырту, перне (представление), мұрат (идея), тәжірибехана, ояныс, талдар (волокну), перне іліктестігі (ассоциация), орайлас іліктестігі, ұқсас іліктестік, іліктестік заңы, сандырама әуес, ынта, тұма ынта, жасанды ынта, мүдде, кіндіктес әдіс, жиынды әдіс (комплексный метод), ілтифат (внимание), еріксіз (ырықсыз) ілтифат, ырықты ілтифат, тоғысты пернелер, жадқа сақтау, еске түсіру, іліктестік беріктігі, жұлма жад, жабайы іліктестік, меңзес іліктестік, серпілду, түйсіктегіш (апперсепсия), оңашаландыру, көлемдік, көретін көлемдік, сипап білетін көлемдік, қозғалуден білетін көлемдік, сәуле торы, сары таңба, жалты перне, талдау (анализ), іріктеу (абстракция), сіңістіру (ассимиляция), ұластыру (синтез), тұқымдас перне, сөйлесу, сөз, даналық (разум), пайымдау (суждение), тайқалақтау, күдіктену, алдану (иллюзия), елес (галлюцинация), топшылау (рассуждение), қорытынды (умозаключение), жалтылау (индукция), жалқылау (дедукция), ерік (воля), икемдік, еркіндік, лажсыздық, бостандық, ұйқы, түс, көз байлау (гипноз), теріс қылық, бассыздық (анархия), әлеуметшілдік, дене (организм),

дара (индивид), тап психологиясы, дәліс өнері (техника), құқық (право), көркемдік (эстетика), апперцепция, субстанция, стигмограф, гистограф, кардиограф, спирометр, пневмограф, енизм, оксидаза, ион, тропизм, кислота, рефлекс, хлороформ, алкоголь, нейрон, нервит, дернит, агрофия, анзия, камертон, спектр, эфир, эмоция, молекула, процент.

Психология терминдерін жасауда оқулық авторы қандай қағидатты басшылыққа алды деген сұрақтың туындары сөзсіз.

«Бір фәлсәфәні керекті жеріне кіргізіп, көбінесе, өмірге керекті, пайдалы сөздерді тердік. шама келгенше, бас қатырарлық пән сөздерінен қаштық. Ұғымсыз, жат сөздердің орысшасын жақшаға алып қойып отырдық» деген автордың өз сөзінен, оның терминдерді жасауда, қолдануда қандай ұстанымдарға сүйенгенін, не мақсат көздегенін аңғаруға болады.

Оқулық жазушының қаламынан туындаған терминдерге талдау жасау арқылы да оның ұстанымын, терминжасамдағы өзіндік қолтаңбасы мен пайдаланған тәсілдерін анықтауға болады. Ең алдымен, өзге тілден сөз қабылдау мен өз тіліміздің ішкі мүмкіндігін пайдалану мәселесіндегі Жүсіпбек таңдаған жол қандай, ол қай бағытқа басымдық берді дегенге келсек, оның оқулықтағы қолданған терминдерінің шығу тегіне, тілдерге қатысына мән бергеніміз жөн. «Психология» оқулығында қолданылған терминдерді ұлттық және кірме атаулардың ара-салмағына қарай жіктер болсақ, тілдік деректер мынаны көрсетеді: Жоғарыда «Психология» оқулығында қолданылған терминдердің жалпы саны 320-дай болады дедік. Оның ішінде 300-ге жуығын, 90 пайыздан көбін қазақша жасалған немесе дайын қалпында өз тілімізден алынған төл атаулар құрайды. 30 шақты өзге тілден алынған атаулар кездеседі. Олар *апперцепция, оксидаза, ион, тропизм, кислота, рефлекс, хлороформ, нейрон, нервит, дернит, агрофия, анзия, камертон, спектр, эфир, эмоция* тәрізді атаулар. Оқулықта орыс тіліндегі жазылуын сақтамай, қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп қабылданған атаулар бірлі-жарым ғана. Мәселен, *фәлсәфә, түфалкі* сынды. Жалпы өзге тілдерден аударылмай қабылданылған кірме атаулар оқулықтағы бүкіл терминдердің шамамен 8-10 пайызға жуығын құрайды. Ендеше, бұл статистикалық деректерге сүйене отырып, оқулық авторы психология терминологиясын қалыптастыруда ұлт тілінде термин жасауға, қазақ тілінің өз мүмкіндігін барынша тиімді пайдалануға басымдық берді деп қорытынды жасауға толық негіз бар.

Терминологиялық қорды қалыптастырудың өзіндік ерекшеліу жолын ұсынғанмен. Жүсіпбек Аймауытұлының негізінен іс жүзінде жеке термин шығармашылығында ғасыр басындағы алаш зиялылары ұстанған бағытынан алшақ кетпегенін анық аңғаруға болады.

Жүсіпбек Аймауытұлының терминжасам тәжірибесі, ол пайдаланған сөз тудыру тәсілдері қандай екен деген сұрақтың жауабын іздер болсақ, тағы да оның оқулығындағы терминдердің лексикалық мағынасына, морфологиялық және синтаксистік құрамына назар аударуымызға тура келеді. Бұл тұрғыдан келгенде мынаны айтуға болады:

1. Ж. Аймауытұлы қазақ тілінің лексикалық қорында бұрыннан бар төл атауларды тура өз мағынасында немесе оларға ғылыми ұғымға тән қосымша терминдік мағыналық реңк бере отырып пайдаланған. Мысалы, оқулықтағы *жан, тән, сана, әдет, салт, мінез, зейін, зерде, зат, рух, қуат, мен, түйсік, ақыл, қайрат, сезім, перне, ұғым, қиял, көңіл, ынта, ілтипат, пайым, парыз, қылық, қабілет, күлкі, ми, жұлын, қорқыныш, үрей, ұйқы, түс, жүйке, қуат, уыз, сөз, мұрат, елес, ерік, тап, ым, жад, жандықтар, түрткі, шығыршық, шілтер, әсер, талдар, мүдде, дене, дара, құқық* сынды психология терминдері осы қатарға жатады. Бұлар тілден дайын қалпында алынған атау сөздер, зат есімдер. Бірақ бұлардың мағыналарының тарьлдуы мен кеңеюі, терминдену деңгейі бірдей емес. Осы қатарға *ойлау, түйсіктеу, машықтану, дауыстау, жаңғырту, қорқу, имену, алдану, ынталану, таңдану, аңсау, рахаттану, күлу, жылау, ұялу, қорғану, тарту, еліктеу, серпілу, пайымдау, ұластыру, топшылау, сұрау, сипау, иіскеу, түйсіктену, оңашаландыру, талдау, сөйлесу, іріктеу, күдіктену, сіңістіру, айыру, тайқалау, жалтылау, жалқылау* сынды қимыл атаулары немесе тұйық етістік формасындағы атауларды да қосуға болады. Бұл атаулардың семантикалық өзгерістерге ұшырауы жоғарыдағы есім сөздерге ұқсас. Айталық, *ойлау, күлу, жылау, ұялу, қорғану, тарту, еліктеу, қорқу, имену, алдану, таңдану, аңсау* сынды етістіктерге ғылыми мағына жүктелгенмен, олардың тілде бұрыннан бар жалпыхалықтық мағынасы басымдыққа ие болып тұр. Бұл терминдердегі тірек мағына тілдегі қарапайым ұғымды білдіріп келген бастапқы лексикалық мағыналары. Ал *жаңғырту, сипау, жалпылау, жалқылау, түйсіктеу, оңашаландыру, талдау, түйсіктену* сынды атауларда жана қосылған семантикалық реңк, терминдену үдерісі кезінде үстелген ғылыми атауға тән семантикалық белгілер

басым. Яғни, халық тілінде бар сөзге автор тарапынан қосымша жүк арту, жанаша мағыналық ренк беру байқалады.

Төл атаулар дегенде олардың арасында ертеректе араб. парсы тілдерінен қабылданып тілімізге сіңіп кеткен әдет. қиял. ынта. іл-типат, пайым, парыз. мүдде сынды сөздердің де бар екенін айту керек. Түбі арабтікі болғанымен, тіліміздің заңдарына бағынып қабылданып, қазақтың өз сөзіне айналып кеткендіктен оларды төл атаулар ретінде қарастырғанымызды айту керек. Тілімізде бұрыннан бар сөздерді терминдендіру, лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер оқулықтағы барлық терминдердің 3/1-ін (үштен бірін) құрайды. Бұл лексика-семантикалық тәсілдің оқулық авторы тарапынан өнімді пайдаланылған көрсетеді.

2. Оқулық авторының психология терминдерін жасауда ең өнімді пайдаланған сөз тудыру тәсілі – синтаксистік тәсіл. Екі немесе үш сөздің тіркесуі арқылы жасалған көп сынарлы терминдер оқулықтағы қолданылған терминдердің жартысына жуығын, яғни 50 пайызға жуық бөлігін құрайды.

жан күйі, жан жүйесі, түс көру, ұшқыр қайрат, тұтқыр қайрат, жаңғыртушы қиял, жасаушы қиял, деректі заттар, рух субстанциясы, ерсілі-қарсылы қисын, қуат сақтау заңы, жан-тән бірлігі, тәжірибелі психология, құрғақ даналық, құрғақ даналық психология, зейіндік психология, жан тіршілігі, ерсілі-қарсылы қисын, сыртқы сезім, бөгелуші перне, бөгелуші перне, көркемдік иіміркеніс/шіміркену, білу қабілеті, жан қабілеті, саналы қайрат, жандықтардың қылығы, заттың бөлімдері, тәжірибелі бақылау, жай бақылау, болжау қисыны, өзін бақылау, әлеуметтік адам, дана ақыл, сара ақыл, амал етуші дене, бір шілтерлі, кішкене бөлімше, саңлау мүшесі, жүйкенің түйіншегі, рефлексті қозғалыс, ішкі қоздырғыштар, без шырындары, шартты рефлекс, сілекей бездері, соқыр сезім, жұлын ми, жүйке саласы, кіндікке шабушы жүйкелер, кіндіктен тараушы жүйкелер, қозғаушы жүйкелер, сезу жүйкелері, қорғаушы жүйке, жүйке шілтері, бытырама жүйкелер, ұзыншақ ми, уарлы көпір, көру түймесі, төрт төбелік, кішкене ми, ұлы ми, ұзын жықпыл, селеу соқырлық, сыртқы құлақ, орта құлақ, ішкі құлақ, құлақ қошқары, Корти доғасы, негізгі желбіреуік, сәуле тары, қоз алмасы, селеу сезуші тал, сипалау жүйкелері, дене сезуі, бұынның беті, жылбыс қабық, шаршау сезімі, саңылау мүшелері, қоз әтеті, беттің

ымы, ақжарқын күлкі, шат күлкі, оам ұялшақтық, ішкі серпіліс, сүйекке біткен серпіліс, жүре табылатын серпіліс, сыртқы сезім, дене сезімі, көру сезімі, ырықсыз қозғалыс, тіршілік ету именісі, соқыр наным, меншік сезімі, зерделі құлық, орайлас іліктестігі, ұқсас іліктестік, іліктестік заңы, сандырама әвес, тұма ынта, жасанды ынта, кіндіктес әдіс, жиынды әдіс, перне іліктестігі, еріксіз (ырықсыз) ілтифат, ырықлы ілтифат, тоғысты перне-лер, жадқа сақтау, еске түсіру, іліктестік беріктігі, жұлма жад, жабайы іліктестік, меңзес іліктестік, көретін көлемдік, сипап білетін көлемдік, қозғалумен білетін көлемдік, сәуле торы, сары таңба, жалпы перне, тұқымдас перне, көз байлау, тап психологи-ясы, әдіс өнері, құрғақ даналық, теріс қылық.

3. Морфологиялық тәсілмен жасалған терминдер оқулықтағы барлық терминдердің 7/1-ін, пайызға шаққанда 15%-ға жуық бөлігін құрайды. Синтаксистік және морфологиялық тәсілге қарағанда бұл тәсілмен жасалған терминдердің үлесі біршама төмен екендігін көруге болады. Қосымшалар арқылы жасалған терминдер мыналар:

әділдік, ізгілік, жауыздық, икемдік, еркіндік, лажсыздық, бостандық, көркемдік, келістік, шіміркенгіштік, көлемдік, қозғыштық, сезгіштік, масылдық, қосақтық, әлеуметшілдік, бассыздық, жаңғырықтырғыш, түйісктегіш, шіміркендіргіш, шыбықша, таяқша, қозым, шыдамсыздық, табынғыштық, имен-шектік, паңдық, зымияндық, кәнгіштік, күншілдік, озбырлық, даналық, сараңдық, таңсыққойлық, еліктегіштік, күйректік, тен-тектік, көлемдік, адамгершілік, жұртшылық, саналаушы, жара-тылмыс, болмыс, ояныс, қорытынды, затшыл, тәжірибехана.

Бұл терминдердің негізгі бөлігі зат есім тудыратын -лық/-лік, (-дык/-дік, -тық/-тік) жұрнағын жалғау арқылы жасалған. Ал -ғыш/-гіш (жанғырықтырғыш, шіміркендіргіш, түйісктегіш), -шілік/-шылық (адамгершілік, жұртшылық), -ша/-ше (шыбықша, таяқша,) -шы/-ші (саналаушы), -ыс, -мыс, -шыл, -ынды, - хана жұрнақтары арқылы бірді-екілі терминдер жасалғаны болмаса, аса өнімді пайдаланылмаған.

Жүсіпбек Аймауытұлының «психология» оқулығында кездесе-тін терминдердің барлығы да оның қаламынан туындаған авторлық терминдер деген қорытынды жасауға болмайды. Олардың арасын-да сол дәуірде түрлі оқу құралдарын жазып, сөздіктер жасаған өзге оқығандардың қаламынан туындаған терминдер де бар екендігін айту керек. Ж. Аймауытұлы бұл еңбегінде өзімен замандас зиялылар

жасаған сондай бірқатар биология, медицина, педагогика, әдістеме терминдерін пайдаланған. Ондай терминдердің қайсыбірі жиырма-сыншы жылдардың мерзімді баспасөзінде қолданылып жүрсе, енді бірқатарын термин комиссиясы бекітіп, жинақ түрінде жариялаған еді. Сондай-ақ Ж.Аймауытұлының ғасыр басында жарық көрген алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарынан да олардың авторы жасаған терминдерді алып пайдалану мүмкіндігі болды. Жүсіпбек қаламын туындағандары негізінен психологияның төл терминдері. Психология пәнін қазақша оқытуға арналған алғашқы оқу құралының авторы ретінде оның көптеген ғылыми ұғым атауларын жасауға, аударуына тұра келген. Ж.Аймауытұлын қазақтың ұлттық психология терминологиясын алғаш жасаушы, қалыптаструшы, оның негізін қалаушы деп таныған орынды.

••••

Ж.Аймауытұлы құралында психология терминдерімен қатар *сүтас (хрусталь), есірткіш сусындар (алкогольные напитки), талғақ /талғақ ауру, білімдан, жандық дүниесі (жануарлар дүниесі), шойын жол, ақыл жұмысы, дене жұмысы, санақ білімі (статистика), жаңашыл (либерал), жалишы (пролетариат), қисын (теория), түр салу (орнаментика), сұрақ-қағазы (анкета)* сынды әр түрлі салаға қатысты атаулар да қолданылады.

Ж.Аймауытұлының «Жан жүйесі мен өнер таңдау» атты 1926 жылы жарық көрген еңбегінің соңында «Пән сөздері (термины)» деген атпен кітабында қолданылған терминдерінің қазақша-орысша сөздігін береді. Онда 427 атау қамтылған. Онда терминдермен бірге *бильярд, вокзал, бой-скаут, академия, половец, квартал, директор, диқаншы* сынды түрлі атаулар да, пән аттары мен етістіктер де ұшырасады. Оларды мәлімет ретінде сол калпында беріп отырмыз:

Пән сөздері (термины)

Бұл кітаптың ішіне кіргізілген пән тілдерін, ұғымсыз сөздерді әліп-би ретімен тіздім. Қай жағынан қарасақ та, бұл өте пайдалы. Бұған ешкім талас ете алмайды. Қазақ тілінде әрбір кітап жазушылар осы жолды қолданса, жақсы болар еді.

А

Алжәбір	- алгебра
Ақсүйек	- аристократ
Атлас	- атлас
Аспап	- прибор
Академия	- академия
Аквариум	- аквариум
Ауа	- атмосфера, воздух
Ауа райы	- климат
Әлпет	- выражение
Әсер	- впечатление
Ақыл	- ум, разум
Ақыл тетігі	- высший центр (мозга)
Әлем	- вселенная, мир
Ашу	- гнев
Адамгершілік	- нравственность, мораль
Адамшылық ғылымы	- гуманитарные науки
Арман	- идеал
Айқасын	- реакция (психологическая)
Әуез өнері	- музыка
Әуестік	- любопытство
Абзалы	- лучше
Әдіс, амал	- метод, техника
Әдістеме	- методика
Әдіс ғылымы	- технология
Анықтама	- определение
Айналысуға	- обращаться
Айыруға	- разбираться, ориентироваться
Аудан	- площадь
Аға	- председатель
Ағым	- течение, процесс, ход
Ауыспалық	- преемственность
Әдет	- привычка

Алпауыт	- помещик
Әр затты	- разнородный
Әңгіме	- рассказ
Ара	- среда, отношение
Айнала, орта	- среда, сфера, окружающий мир
Асылы	- сущность
Әлеумет ғылымы	- социология
Әлеумет	- общество
Әлеуметтік	- социальный, общественный
Азаттық	- каникулы
Әдіспілдік	- тактичность
Әдемілік сезімі	- эстетическое чувство
Әдемілік пәні	этика
Әлем ғылымы	- космография
Аманат	- залог

Б

Бедел	- авторитет
Белсенді	- активный
белсеніс	- активность
Белсенсіз, жадағай	- пассивный
Бильярд	- бильярд
Бой-скаут	- бой-скаут
Вокзал	- вокзал
Бажайлы	- выразительный
Басты	- главный
Баяндама	- доклад
Бұхара	- демократия
Балалық	- детство
Бірегейлік	- единство
Баулу мектебі	- единая трудовая школа
Басы	- начало занятий
Бақылау, байқау	- наблюдение
Байыптауға	- соотносить

Байыш, найым	- соображение
Білідргіш	- справочник
Бірлестік	- коллектив
Басыбайлы	- крепостной
Квартал	- квартал
Бор	- мел
Болмашы	- незначительный, второстепенный
Білімдендіру	- образование
Бап, бабына	- пункт
Байланьс	- связь, взаимодействие
Басқыш	- ступень
Беталыс	- тенденция
Болмыс	- факт
Бағыт	- направление
Бәсеке	- состязание, конкуренция, соревнование

П

Педагогика	- педагогика
Пысықтау	- повторение
Піскен	- зрелый
Политехникум	- политехникум
Пайдакүнем, пайдакес	- утилитарный
Пішін	- фигура
Пішіндеме	- геометрия
Пердесіз	- непосредственно
Половец	- половцы
Печенек	- печенеги
Программа	- программа

Т

Талдау	- анализ
Тап	- класс, вид
Тартыс	- борьба
Түйсік	- восприятие

Түйін	- теорема, вывод
Түр	- форма, вид
Тәрбие	- воспитание
Тәжірибе	- опыт, эксперимент
Туынды	- производный, генетический
Тәртіп	- дисциплина, порядок
Тетік	- механизм
Тәптіш	- деталь
Тілек	- требование, желание
Тарих	- история
Тексеруде	- исследовать, разбирать, ревизовать
Текше	- куб
Тәжірибехана	- лаборатория
Тұрпаг, үлгі	- модель
Тетік ғылымы	- механика
Тау жынысы, жер жынысы	- горные породы
Түс	- свет
Тұс	- страна света
Түсіндіру	- объяснение
Табыну	- культ
Тарау	- отрасль
Табыс, табу	- приобретение
Табиғат тану	- природоведение
Тыныштық	- покой, спокойствие
Тыныстау	- перемена (между уроками)
Тақырып	- тема
Тұрмыс жүйесі	- политическая экономия
Тоғышар	- обыватель, педант
Түбір	- корень, первоначальный
Тетелік	- последовательность
Тілсіз күш	- стихийная сила
Том	- том

Тыңғылықты	- успешный
Табанды, тұрлақты	- устойчивый, настойчивый
Тән тіршілігі	- физиология
Тұлып	- чучело
Төтен, тосын	- случайный, эпизодический
Талас, бәсеке	- состязание

Ж

Жұлдыз ғылымы	- астрономия
Желдеткіш	- вентиляция
Жанама	- второстепенный
Жаңғыртуға	- воспроизводить
Жетілту, жетілу	- развивать, развитие
Жағрафия	- география
Жалпы	- общий
Жору	- гипотеза, предположение
Жалкылау	- дедукция
Жалпылау	- индукция, обобщение
Жан қуаттары	- душевные силы
Жасанды	- искусственный
Жаратынды	- естественный
Жануар	- животное
Жік, жіктеу	- расслоение, классификация, разделение, дифференциация
Желі	- конспект
Жентектеме сурет	- лепка
Жоспар	- план
Жүйе	- система
Жан жүйесі	- психология
Жемісті, үнемді	- продуктивный
Жәт	- прилежание
Жат	- оригинальный, новый
Жад	- память
Жандандыруға	- одухотворять
Жеткіншек	- отрок

Жиынды	- итог
Жоба	- предложение, проект
Жасауға	- производить, создавать
Жабайы	- простой, элементарный
Жагдай	- условие, положение
Жол	- путь, принцип
Жүзе ғылымы	- прикладная наука
Жан қию	- самоотречение
Жетекші	- руководство
Жігіттік	- юношество

Ш

Шек	- граница, ограничение
Шарт	- условие, требование
Шындық	- истина
Шын	- правда
Шолу	- обзор, очерк
Шұқыма, түйтінек	- кустарничество
Шама тілі	- математика
Шебер	- ремесленник, мастер
Шеберлік	- ремесло
Шара	- способ, выход
Шама	- величина, силы
Шығарма	- сочинение, произведение
Шығарғыштық	- творчество
Шоғыр	- совокупность
Шыныққан	- закаленный, зрелый

Д

Дерек (білім жүзінде)	- материал
Деректі	- конкретный, реальный
Дерексіз	- отмеченный, абстрактный
Дербес	- исключительный, самостоятельно
Даньшпан	- гений
Дәуір	- века

Дидактика	- дидактика
Дифтерит	- дифтерит
Дәулет	- достояние
Директор	- директор
Диканшы	- земледелец, хлебороб
Дарқан	- знаток, профессионал
Дара	- индивидуальный
Дана	- мудрый
Даналық	- мудрость
Дағды	- навык
Дәме, ереуіл	- претензия
Дәстүр	- традиция
Дәл	- точно
Дәлді	- тождество
Даму	- эволюция
Дәріс	- лекция

Р

Ресми	- официальный
Риясыз	- бескорыстный
Рух	- дух
Ру	- род
Реңк	- влияние
Руханилар	- духовенство

З

Зарлауықтық	- зубрежка
Зат	- вещество, предмет, материал
Затшылдық	- материализм
Заман	- эпоха
Зейін	- рассудок
Зеректік	- способность
Зерттеуге	- исследовать, изучать
Зенгір	- голубой

С

Сан жүйесі	- арифметика
Сөйлеу түрі	- излагательная форма или акроматическая форма
Сазай	- возмездие
Саулық сақтығы	- гигиена, гимнастика
Сенім	- доверие
Саты	- таблица, постепенность
Сорап	- каста, сословие
Суреттеу	- представление
Суретгі сөз, суреттеу	- описание
Сезім	- ощущение
Сурет	- картина, рисунок
Сандықша	- прямоугольник
Серуен-сейіл	- экскурсия
Себепкер	- фактор
Себеп	- причина
Сылтау	- повод, предлог
Сарқыт, сарқыншақ	- пережитки
Сері	- рыцарь
Созылмалы	- растяжимый
Сабақ реті	- расписание уроков
Сәйкес	- соответствующий
Сана	- сознание
Салт-сана	- идеология
Салдар	- следствие, последствие
Социалдық	- социальный, социалистический
Сымбат өнері	- скульптура
Сифр	- цифра
Сәулет өнері	- архитектура
Сөз өнері	- словесность
Сын-сипат	- качество, признак
Сіңіру	- усвоить

Сыңар жак	- односторонний
Сырлы әдебиет	- художественная литература

Ғ

Ғасыр	- век
Газ	- газ
Ғылым	- наука
Ғамал	- действие

Ф

Пән	- наука, учебный предмет
Пікір	- мнение, взгляд, идея, мысль
Пәлсафа	- философия
Философ	- философ
Фотографияшы	- фотограф

Қ

Қожалық	- власть, диктатура
Қызмет	- деятельность
Қозғауыш тетік	- двигательный центр
Қорытынды	- заключение
Карта	- карта
Құрылыс	- конструкция, устройство
Қара шаруа	- крестьянин
Құлық, хұлық	- нрав
Қылық	- поведение
Қылмыс	- преступление
Қатынас	- отношение, взаимоотношение
Қол өнері	- ручной труд
Қайталау	- реакция
Қолма-қол	- непосредственный
Құмарлық	- страсть
Құбылыс	- явление
Қоздыруға, қыздыруға	- возбудить
Қалып	- форма
Қалыпты	- формальный

Қасиет	- свойство
Қайрат	- воля
Қанау	- эксплуатация
Қатал	- строгий
Қазына	- сокровище
Құрал	- пособие, орудие

К

Көзқарас	- воззрение, взгляд
Көрініс	- выставка
Көшірме	- выписка, копия
Кеңсешілдік	- бюрократизм
Келістік	- гармония
Кен жұмысы	- горное дело
Кен	- руда
Көз	- источник
Кескіндеу	- изображение
Комиссия	- комиссия
Капитал (байлық)	- капитал
Коллекция (жинақ)	- коллекция
Курс	- курс
Кіндіктес	- концентрический
Көркемдік	- красота
Көрікті жер	- ландшафт
Кез, кезек	- момент
Көңіл, күйі	- настроение, чувство
Күзет	- надзор
Көлем	- объем
Көлемді	- пространство
Көмірлі зат	- органическое вещество
Химия	- химия
Күйлеу	- похоть
Көрнекі	- наглядный
Кексе	- пожилой

Кері кету	- регресс
Күш	- сила
Кемел	- совершенство
Күрделі	- сложный
Кейіпкер	- тип
Кинематограф	- кинематограф
Кәсіп	- промысел, промышленность
Кәдігі	- обыкновенный, нормальный

Л

Лұғат	- словарь
Лицей	- лицей

М

Мән, мағына	- значение, смысл
Мәселе	- вопрос, задача, проблема
Мағсұд, мақсат	- цель, задача
Мағлұмат	- сведение, значение, материал
Маңыз	- значение, влияние
Мазмұн	- содержание
Мазмұндау	- изложение
Мүдде	- интерес, цель
Мәдениет	- культура
Махаббат	- любовь
Машықтау	- минерал
Минерал	- минерал
Микроб	- микроб
Мезгіл	- период, срок
Маман	- специалист
Меншік	- собственность
Мейірімділік	- гуманность
Мүше	- элемент, член
Мінез	- характер
Менмендік	- эгоизм
Мағлұматшы	- энциклопедия

Н

Назар	- внимание
Ниет	- намерение
Негіз	- основа, основание, принцип
Нысан	- символ
Нүкте	- точка
Нәтиже	- результат

О

Озат, үздік	- даровитый, талантливый
Озаттық	- дарование
Орасан	- значительный, чрезмерный
Ой	- мысль
Ойлау	- мышление
Ой жүйесі	- логика
Оңтай	- прием
Отан тану	- краеведение
Орта	- среда, сфера
Оқу	- учение

Ө

Өсімдік	- растение, растительность
Өмір	- жизнь, действительность
Өлшеуіш	- единица, мерка
Уалаят	- край, страна
Өнер	- искусство, профессия
Өз	- оригинал
Өнім	- продукт
Өнеге	- пример
Өсу, өну, өркендеу	- развитие
Өркен	- задатки
Өзгеріс	- реформа
Университет	- университет
Өрнек	- формула, орнамент

Ұ

Ұйым	- организация
Ұғым	- понятие
Ұста	- ремесленник
Оқиға	- событие
Ұластыру	- синтез
Ұшқары, үстірт	- поверхностный

Ү

Үлгі	- образец
Үлгілі	- классический, образцовый
Үйірлік	- общение
Үстірт	- плоскогорье
Үрдіс, үнемі	- постоянный
Үкім	- произвол

Е

Ерсі, тұрпайы	- безобразный
Ерік	- воля
Ескерту	- напоминание, примечание
Елігу	- влечение, увлечение
Еліктеу	- подражание
Ес	- дух
Едәуір, жөпшенді	- значительный
Инженер	- инженер
Есеп	- задача, отчет
Ереже	- правила, положение, норма
Еңбек	- труд
Еңбектестік	- сотрудничество
Ермек	- спорт, развлечение
Ізгілік	- добро

Ы

Ыліктік	- ассоциация
Ылтипат	- внимание
Ықпал	- воздействие, влияние

Инспектор	- инспектор
Ырымшылдық	- предрассудки
Ынта	- интерес
Справка	- справка
Ықтиқат	- убеждение
Істей білу	- умение
Емтихан	- экзамен
Ыспаттау	- доказывать

И

Игілік	- благо
Иемдену	- владеть, обладать
Институт	- институт
Икемділік, икемдік	- склонность, наклонность
Иман	- вера, убеждение

П

Пәмән	- постоянно, всегда
-------	---------------------

Х

Қиял, қиялдау	- воображение
Хал	- случай, положение
Харекет	- занятие
Құқық	- право
Құлық	- нрав
Қажет (әжет)	- необходимо
Үкімет	- правительство

II.7. Мағжан Жұмабайұлы және қазақ тілінің педагогика терминологиясы

XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы туралы сөз болғанда Мағжан Жұмабайұлының есімін де ескерусіз қалдыра алмаймыз. Ол да өз замандастарымен қатар қазақ тіліндегі алғашқы оқу құралдарын жазып, ұлт тілінде термин жасауға атсалысқан алаш зиялыларының бірі. Мағжан Жұмабайұлы «Бастауыш мектепте – ана тілі» (Ташкент, 1923). «Сауатты бол» (Мәскеу, 1926) оқулығы, «Қызыл әскер әліппесі» (Мәскеу, 1926). «Педагогика»

(Ташкент. 1923) сөзбектердің авторы. Оның бұл сөзбектерінің ішінде терминдер негізінен соңғы аталған «Педагогика» атты құралында көбірек кездеседі. Біз автордың осы құралымен танысып, онда қолданыс тапқан терминдерді жинақтағанда 300-ге тарта термин қамтылғанын анықтадық. Олар мына төмендегі атаулар:

Дене тәрбиесі, өлшеу, жылылық, дем алу, тамыр соғу, қолдан асырау, емізік, аралас тамақтандыру, тісеу, ақыл тәрбиесі, құлық тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, жан тәрбиесі, жан көріністері, өзін бақылау, тап-тапқа бөлу (классификация), дене көріністері, өзін бақылау, ақыл көріністері, әсерлену, жалпы сезім, дене әсерленуі, сыртқы сезім, сыртқы сезім әсерленуі, көру, есту, сипау, иіскеу, тату, көру әсерленуі, көру//көру сезімі, көру нервалары, сығыр (близкорукий), есту// есту сезімі, иіскеу//иіску сезімі, иіскеу нервалары, сипау//сипау сезімі, сипау нервалары, қозғау нервалары, тату//тату сезімі, тату нервалары, ет сезімі, абай, ерікті абай, еріксіз абай, табанды абай, табансыз абай, ішкі абай, тысқы абай, әсер, жан толқындануы, бейғамдық, суреттеу, жалпы суреттеу, жалқы суреттеу, жабайы суреттеу, күрделі суреттеу, суреттеулер ассоциациясы, жақындық ассоциациясы, тұқымдастық ассоциациясы, ұқсастық ассоциациясы, қарсылық ассоциациясы, көршілестік ассоциациясы, замандастық ассоциациясы, себеп ассоциациясы, ес//зейін, жалқы ойын, жалпы ойын, ойлау, ұғым, жалпылау, шектеу, хукм, ой шығару, толық силлогизм, шолақ силлогизм, ішкі сезім, көңіл, еске түсіру, көру есі, есту есі, қозғалу есі, баланың есі, байлау, пысықтау, қиял (хиял), ерікті қиял, еріксіз қиял, ойлау, ұғым, жалпылау, шектеу, ұғымның іші, ұғымның ауданы, жабайы ұғым, күрделі ұғым, ұқсас ұғымдар, қабысатын ұғымдар, ұқсамайтын ұғымдар, қарсы ұғымдар, жалаңаштау (абстракция), жалпы ұғым, дербес ұғым, жалқы ұғым, тұқым ұғым, тор ұғым, жалпы ұғымның торі, дербес ұғымның тұқымы, бағынушы ұғым, бағындырушы ұғым, бірге бағынатын ұғымдар, хукм (хүкм), хукмнің іші, айтылыс, шешпе хукм, қоспа хукм, жалпы хукм, жалқы хукм, дербес хукм, бекітетін хукм, бекерлейтін хукм, кесімді хукім, шартты хукм, бөлмелі хукм, мүмкін хукм, шын хукм, міндетті хукм, ой шығару, ұйғару, қазия, орта термин, зор термин, толық индукция, кем индукция, ішкі сезім, ақыл көріністері, ішкі сезім көріністері, қайрат көріністері, жағымды ішкі сезімдер, жағымсыз ішкі сезімдер, жан күйі, өзімілдік (эгоизм), көпшілдік (альтруизм), ашу, қорқу, жеңіл қорқу, тынышсыздану, қатты қорқу, үрейі ұшу, уялу сезімі, өзіне-өзі разы болу сезімі,

аяу сезімі, достық сезімі, іш пысу, зерігу. аяу. бір түрлілік, сұлулық сезімі (эстетика), құлық сезімдері, ізгілік, қайрат, тартылу, ұмтылу, тілеу, дәлелдер күресі, бекіту, орындау, әдет, құмарлық, мінез, қайратты мінез, күшті мінез, берік мінез, жұмсақ мінез, тұма мінез, жан әсері, кәміл жас, қадақ, ұялу, ұят, ақыл, қайрат, ой, қуаныш, қайғы, байлам, ашу, ұйқы, бақылау, өзін бақылау, пішінішіл (физиономисть), орда бөлім, ми жұлыны, бұтақ бөлімі, егіз нерв, сезу нервалары, нерв ұшы, қозғалу нервалары, ордадан қашатын нервалар, мидың қажуы, тынығу, ақыл көріністері, ішкі сезім көріністері, қайрат көріністері, аңдау, орда нерва, әсерлену, әсерленудің іші, әсерленудің күші, әсерленудің тоны, орындастыру (локализация), сезім алдауы (иллюзия), елес, дене әсерленулері, ет әсерленулері, нерв әсерленулері, тамақтану әсерленулері, қан жүру әсерленулері, дем алу әсерленулері, жылылық әсерленулері, суықтық әсерленулері, тынығу т.б.

Мағжан елін ерекше сүйген, ұлтшыл болумен бірге еуропа мәдениетінің жетістіктерін, батыс поэзиясының озық үлгілерін, жыр жауһарларының түр-тұлғасын жатсынбаған ақын. Ол жөнінде М.Әуезов «...Мағжанды сүйемін. Европалығын. жарқырағын. әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының кара кордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан Арка кызын көріп-сезінгендей боламын. Мағжан — культурасы зор ақын» дегені белгілі. Мағжан мәдениетінің жоғарылығын поэзиясынан ғана емес, оның қаламынан туған оқу құралынан да байқауға болады. Ақынның стилі жатық, баяндау мәнері сыпайы да жағымды. Ойқы-шойқы. олпы-солпы жазу оған тән емес. Жазған құралы оқушысын баурап, кедергісіз жеңіл оқылады. Автордың білімділігі мен ішкі мәдениетінің жоғарылығы оның мәтін түзуі мен жазу, баяндау барысында анық байқалады. Педагогика оқулығы ұлттық танымға лайықталып, казак баласына арналып жазылған құрал болғанына карамастан, мұнда да оның еуропа, әлем мәдениетін жатсынбайтынын байқауға болады. Ол кең тараған халықаралық атаулардың, шет тілдері сөздерінің бірқатарын аудармай қолданады. Оған оқулықта кездесетін концепт, фантазия, категория, дедукция, индукция, аналогия, силлогизм, гипотеза, аффект, апатия, мотив, темперамент, сангвинник, холерик, флегматик, меланхолик, нерв системасы, перцепция, апперцепция, иллюзия, галлюцинация, ассоциация, гипотеза, аффект, темперамент, термометр, спиритуализм, идеализм, феноменализм, эмпиризм, физиономист, аппарат, паралич, афазия, лока-

лизация, перцепция, тон, эмпиризм, гимнастика сынды терминдер мен атаулар дәлел бола алады. бұл көрсетілген кірме атаулар жеке термин түрінде де жақындық ассоциациясы, тұқымдастық ассоциациясы, толық силлогизм, шолақ силлогизм, толық индукция, кем индукция, егіз нерв, сезу нервалары, эсерленудің тоны секілді екі сыңарлы терминдер құрамында да кездесіп отырады.

Мағжанның көптеген жаңа терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізу арқылы қазақтың төл терминологиясын қалыптастыруға елеулі үлес қосқаны күмәнсіз. Оның терминқорымызды қалыптастыруда Ахаң бастаған алаш оқығандары белгілеген бағытты қолдап, ғылым тілінің ұлттық сипатының ба-сым болуы қажет деп танығаны да анық. Солай бола тұрғанмен де өз замандастарының, алаш зиялыларының арасында еуропа халықтарының тілдеріне енген атауларды аса жатсынбай, оларды оқулықтар жазған өзге авторларға карағанда салыстырмалы түрде біршама көбірек пайдаланғаны да Мағжан Жұмабайұлы. Алаш арысының авторлығымен жарық көрген осы оқу құралында қолданылған терминдердің шамамен алтыдан біріне жуығын өзгеріссіз қабылданған кірме атаулар құрайды.

«Бізде бұрын жасалған пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге тап басқандай қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда, құрстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жаһан тілі болып кеткен шет сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиісті таппадым» деп жазады автор.

Бұл сөзінен оның да сол кезеңде қазақ тілінде алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарын жазған өзге авторлар сияқты оқытатын пәндерін меңгеруге қажетті қазақ тіліндегі термин сөздердің тапшылығы, оларды жасаудың қиындығы, ұлт тіліндегі терминжасам тәжірибесінің қалыптаспағандығы сияқты мәселермен бетпестелгендігін айқын аңғарамыз. Сондай-ақ автордың кең тараған атауларды аударуға қатысты өзіндік көзқарасын, ұстанымын да көруге болады. Осы ұстанымына сәйкес ол «Педагогика» оқулығында жоғарыда келтірілген бірнеше атауларды қазақ тіліне аудармай қолданған. Ал таза орыс сөздерін аударып алуды жөн санаған. Оқулыққа енген терминдерді аудару барысында бұл іске ол құрста оқыған мұғалімдерді де тартып, олардың көмегіне жүгінгенін де айтады.

Мағжанның терминжасам тәжірибесі туралы айтар болсақ, ол педагогика терминдерінің бірқатарын қазақ тілінің лексикалық

көрынан дайын калпында алып пайдаланған немесе оларға косымша терминдік мағына жүктеген. Мәселен, абай, ұят, ақыл, кайрат, ой, қуаныш, кайғы, байлам, ашу, ұйқы, көңіл, ұғым, мінез, әдет, елес, емізік, ес, зейін, ізгілік, қадак, әсер, сығыр сынды сөздер сол қатарға жатады. Қазақтың төл сөзі болып саналатын немесе ертеректе араб-парсы тілдерінен еніп тілімізге әбден сініп кеткен бұл атаулар негізінен өздерінің тура мағынасында жұмсалған. Мұндай атаулар жалпы тілдегі лексикалық мағынасын сақтай отырып, ендігі жерде белгілі бір пән атауы, ғылыми термин ретінде дәл дефиницияға ие болған. Жалпы халық түсінігіндегі қарапайым ұғым атауы терминологиялық өріске еніп, ғылыми ұғым атауы ретінде қолданыс тапқан.

М.Жұмабайұлы жазған «Педагогика» оқулығындағы дара тұлғалы терминдерің елеулі бөлігі қимыл атау (тұйық етістік) формасында болып келеді. Мысалы, аңдау, аяу, әсерлену, байлау, бақылау, бекіту, есту, жалпылау, жалаңаштау (абстракция), зерігу, ніскеу, көру, қорқу, ойлау, орындау, орындастыру (локализация), өлшеу, пысықтау, сипау, суреттеу, тату, тартылу, тілеу, тісеу, тынышсыздану, тынығу, ұйғару, ұмтылу, ұялу, шектеу сынды терминдер сол қатарға жатады.

Ал морфологиялық жолмен жасалған атауларға келсек, әдетте термин шығармашылығында өнімді жұмсалатын -лық/-лік (-дық/-дік, -тық/-тік) жұрнағының көмегімен туындаған бейғамдық, жылылық, құмарлық, өзімшілдік (эгоизм), көпшілдік (альтруизм), іссіздік сынды бірнеше атау кездеседі. Сондай-ақ оқу құралында -шіл және -ыс жұрнақтарын жалғау арқылы жасалған пішіншіл (физиономисть), айтылыс тәрізді бірді-екілі терминдер бар. Жалпы сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған терминдер көп емес. Олар санаулы-ақ.

«Педагогика» оқу құралындағы терминдердің басым көпшілігі – тіркесті терминдер. Ондай атаулар осы құралда кездесетін барлық терминдердің 50 пайыздан астам бөлігін құрайды. Олар негізінен екі сынарлы болып келеді, үш сынарлы терминдер саны шектеулі. Ондай терминдердің басымдығын жоғарыда беріліп отырған терминдер арасынан айқын аңғаруға болады. Мұны сала терминологиясының табиғатымен байланыса қарған жөн деп ойлаймыз. Жалпы терминтанушы ғалымдардың пайымдауына, тұтас терминологиялық лексиканы алып қарағанда да, кез келген жеке саланың терминологиясын алса да, оларды құрайтын терминдердің басым бөлігі екі немесе үш, одан да көп құрамды

терминдер болып келеді екен. Бұл әдетте негізгі ұғымнан өрбитін түрлік ұғымдардың басым болатындығына байланысты туындайтын объективті құбылыс. Педагогика саласының терминологиясынан соны байқауға болады. Мысалы, бір ғана «мінез» деген негізгі ұғымнан – қайратты мінез, күшті мінез, берік мінез, жұмсақ мінез, тұма мінез сынды мінез түрлерін білдіретін атаулар өрбисе, әсерленудің іші, әсерленудің күші, әсерленудің тоны, дене әсерленулері, ет әсерленулері, нерв әсерленулері, тамақтану әсерленулері, қан жүру әсерленулері, дем алу әсерленулері, жылылық әсерленулері, суықтық әсерленулері сияқты мына атаулардың барлығы да бір ғана «әсерлену» ұғымынан туындаған, оның түрлерін, өзге де қасиеттерін білдіретін ұғымдар. Бір ғана «ұғым» атауымен байланысты – ұғымның іші, ұғымның ауданы, жабайы ұғым, күрделі ұғым, ұқсас ұғымдар, қабысатын ұғымдар, ұқсамайтын ұғымдар, қарсы ұғымдар, жалпы ұғым, дербес ұғым, жалқы ұғым, тұқым ұғым, төр ұғым, жалпы ұғымның төрі, дербес ұғымның тұқымы, бағынушы ұғым, бағындырушы ұғым, бірге бағынатын ұғымдар деген терминдер тізбегі туралы да осыны айтуға болады. Ендеше, тіркесті терминдердің оқу құралында қолданылған барлық терминдердің тең жартысынан астамын құрауы терминологиялық жүйенің өзіндік ерекшелігімен байланысты деген тұжырымға тоқталуға негіз бар деп білеміз.

Оқу құралында бірқатар терминдер жарыса жұмсалады. Мысалы көру//көру сезімі, есту//есту сезімі, ніскеу//ніску сезімі, сипау//сипау сезімі, тату//тату сезімі, ес//зейін, хұкм //хұкм, қиял//хиял тәрізді терминдер сондай жарыса қолданылып отыратын атаулар қатарына кіреді. Қазақ тіліндегі сала терминдері енді ғана жасалып, әлі қалыптасып, қолданыс бірізділігі сақтала қоймаған кезең үшін бұл құбылысты табиғи нәрсе деп қабылдауға болады.

Бірқатар алаш зиялылары сол кезеңде -паз жұрнағын қолдандудың қажетсіздігін айтқан болса, Мағжан Жұмабайұлы керісінше, бұл жұрнақты жиі пайдаланғаны аңғарылады. Оған оқу құралында кездесетін автордың қолданысындағы ауырымпаз (31), бұзылымпаз (39), естімпаз (66), ұстампаз(85), жаттампаз(86), әсерленімпаз (93), құбылымпаз (122), іші пысымпаз(130), оянымпаз (132), еліктемпаз (152)сенімпаз (154) сынды сөздер дәлел бола алады.

Оқу құралы – келтірілген мысалдардың қазақ ұғымына сай, ұғымның өзінің өмір-тұрмысынан алынып отыратындығы мен байланысының жатық қазақы тілде болуымен бірден ерекшеленеді.

Сондықтан жеңіл оқылады, айтылған ой оңай да дәл ұғынылады. Көптеген оқу құралдарынан байқалатын орыс тілінің сөйлем құрылысына таңылған сірескен стиль, аударма құралдарға тән түпнұсқа тілге байлаулылық Мағжаннан аңғарылмайды. Термин, термин шығарамашылығына тікелей қатысты болмаса да, көзге бірден ұрып көріп тұрған ерекшелік болғандықтан, біз бұл жерде осы мәселеге сөз арасында ғана тоқталып отырмыз. Жалпы бұл арнайы қарастырып, кеңірек тоқталуға сұранып тұрған дүние.

Оқу құралындағы ордадан қашатын нервалар, төр ұғым, жалпы ұғымның төрі, табанды абай сияқты терминдер құрамындағы «төр», «орда», «табанды» немесе «қадақ» сынды ұлттық ұғыммен байланысты сөздердің терминдену арқылы жаңаша жұмсалтуынан оның авторының төл мәдениеті мен ұлт тілінен терең сусындағаны анық аңғарылады. Қай-қайсысы да қазақ тілін жетік білген, өз тілінен жери қоймаған ол кезеңдегі қазақ оқығандары үшін бұл қалыпты құбылыс болғанымен, бүгін олай деп айта аламаймыз. Бұдан ұлттық ұғымдарды ұқсастық негізде жаңғыртып, жаңартып, қолдану үшін де оларды білу, ұлттың тұрмыс-тіршілігімен етене таныс болу керектігі аңғарылса керек.

Мағжан жасаған ол қолданған терминдердің бәрі мінсіз болды, олардың бәрі тілдік айналымға еніп кетті деуден аулақпыз. «Жабайы ұғым», «жабайы суреттеу», «шолок силлогизм» сынды жекелеген терминдерді басқаша атауға да болар еді. Ол жасаған немесе өз замандастары ұсынған терминдердің бірқатары тірек термин ретінде бүгінге дейін қажетімізді өтеп отыр. Мәселен, дене тәрбиесі, дем алу, тамыр соғу, ойлау, әсерлену, ұғым, жалпылау, бекіту, әдет, құмарлық, мінез, пысықтау тәрізді көптеген терминдерді сол қатарға жатқызуға болады. Олардың бірқатары дәл сол бастапқы мағынасында енді біреулерлері сәл мағыналық өзгерістермен қолданылып жүр. Терминология уақыт өткен сайын дамып, жетіліп отыратын сөздер қоры екендігі белгілі.

Мағжан Жұмабайұлы қазақ тілі терминологиясының мәселелерімен, терминологиялық жұмыстарды жүргізу ісімен А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төреқұлұлы сынды тікелей айналыспаса да, ол қазақша оқу құралын жазып, ұлттық терминкордың қалыптасуына өзіндік үлес қосқан ұлт зиялысы. Оның қазақ тілінде алғаш педагогика оқу құралын жазып, осы саланың көптеген терминдерін жасағанын, қолданысқа енгізгенін айрықша атап көрсету орынды.

II.8. Нәзір Төрекұлды және кірме терминдерді қабылдау мәселесі

Тіліміздің ұлттық терминкорын қалыптастыруда тілдік және тілден тыс факторларға байланысты өзге тілдерден дайын атауларды көбірек қабылдап келгеніміз белгілі. Әсіресе, өткен XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап, орыс тіліне негізделген кеңестік терминкор қалыптастыру мақсаты көзделгендіктен, еуропа халықтарының тілдеріндегі атауларды орыс тіліндегі қалпында өзгертпей қабылдап келдік. Жетпіс жылдай осы бағыттан таймағандықтан, термин қабылдау арқылы сыртқы көздің есебінен атаулар қорын қалыптастыру бізде дәстүрге айнала бастады. Алайда осы терминкор қалыптастырудың сыртқы көзін пайдалануда сол отызыншы жылдарға дейін қазақ зиялылары түгелге дерлік басқа пікірде болды. Солардың қатарында жат сөздерді қабылдау, тіліміздің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп жазу туралы сонау жиырмамыншы жылдары-ақ арнайы еңбек жариялаған халқымыздың белгілі қайраткер ұлдарының бірі Нәзір Төрекұлды да бар.

Осыдан бірер жыл бұрынғана “Алаш” баспасынан Нәзір мұрасын жинақтап, зерттеп жүрген ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Ж.Әлмашұлының құрастыруымен Н.Төрекұлдының екі томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Көрнекті қайраткердің соңында қалдырған мұрасының “шаң басқан архивтерде” елеусіз жата бермей, қалың жұртшылыққа жетіп жатуы - қуанарлық та, құптарлық та іс. Бұл орайда бізде Н.Төрекұлдының жуырда жарық көрген шығармалар жинағына еңбеген 1926 жылы Мәскеуден басылып шыққан “Жат сөздер туралы” деп аталатын шағын еңбегін араб графикасынан қазіргі жазуымызға түсіріп, қайта бастырып шығардық. Өткен ғасырдың сонау жиырмамыншы жылдары қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынов кезеңінде жарық көрген бұл еңбектің терминтану тарихында өзіндік орны бар. Терминологияда күні бүгінге дейін шешімін таппай, ғалымдар тарапынан түрлі әңгіменің арқауы болып жүрген халықаралық терминдер мәселесін осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын арнайы сөз сткен бұл еңбекте бүгінгі терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында, шет тілдерінен термин қабылдауда назарға алатын құнды пікірлер аз емес.

Н.Төрекұлды осы еңбегін жазудағы мақсаты туралы: “Біздің бұл жазудағы тілегіміз: сол жат тілдерден қазақшаға кірген

сөздердің өзгеру заңын табу” дей келіп, ол жарыса қолданылып, әр түрлі жазылып жүрген сөздерді бір ізге түсіріп жазу – бір жағынан бүгінгі жазуымызды тәртіпке келтірсе, екінші жағынан, тіліміздің болашақтағы дамуына да үлгі болатынын айтады. Олардың жөнге салған ісінің болашаққа үлгі болып қалыптасып қалатындығы жөніндегі ойын автор өз сөз қолданысында “тілдің келесіде баюына жол тазалау” – деп береді.

Н.Төрөкұлұлы қазақтың білімді, зиялы азаматы ретінде шет тілдерінен термин қабылдаудың тілдік заңдылықтарын анықтап, соған сәйке жазу үлгісін қалыптастыруды өзіне міндет санайды. Өзге тілдерден сөз қабылдамай тұра алмайтындығымызды айта келіп, ол – “...сертсіз, заңсыз жат сөздерді бос қоя беру де жарамайды, опыр-топыр болып, тіліміздің негізгі заңдылықтарын бұзып, тас-талқанын шығарып жібереді” – дейді.

Автордың бұл ойы да, “Қазақ тіліне кірген жат сөз болса, қазақтың тымағын киген жалпақ қазақ сөзі болып кірсін” деген ұстанымы да өзімен замандас. А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы сынды қазақ зиялыларының пікірлерімен үндесіп, сабақтасып жатыр. Олардың барлығы да шет тілдерінің сөздері тіліміздің дыбыстық-құрылымдық заңдылықтарына бағындырылып қабылдануы қажет деген тұжырымға тоқталады.

Мәселені арнайы зерттеген тілші ғалымдардың көрсеткен мәліметтеріне сүйенсек, тіліміздің лексикалық қорының 30 пайыздан астамын араб-парсы сөздері құрайды екен. Бұл тұрғыда Нәзір Төрөкұлұлы сол жиырманшы жылдары-ақ тілімізге енген араб-парсы сөздерінің игерілуін, көптеген нақты мысалдармен көрсетіп берген. Оның тілімізге сіңіп кеткен араб-парсы сөздердің қалай және қандай өзгерістерге ұшырай отырып қабылданғанын анықтау арқылы өзге тілдердің сөздерін де игерудің жолын табамыз деуі – тіліміздің сол кезеңге дейінгі даму тарихы мен сөз қабылдау тәжірибесіне жіті назар аударып білген зерек зерттеушінің аса байқампаздықпен айтылған, ешқашан құнын жоймайтын құнды пікірі. Зерттеушінің осы ойының бір түйіні ретінде айтылған – “Араб-парсы сөздеріне елдің баяғы заманда өзінен пішіп қойған үлгісі жалпы жат сөздердің барлығына жарамаса да, бірсыпырасына жарайды” – деген пікірі қазір де құнын жойған жоқ деп білеміз. Жалпы жиырманшы ғасырдың басында қазақ зиялылары көтерген термин мәселелерінің көпшілігі қазірге дейін шешімін таппай, қайтадан күн тәртібіне қойылып жатқан бүгінгі таңда олардың қай-қайсысының да еңбектерін елеусіз, пікірлерін ескерусіз қалдыруға тиіс емеспіз.

Бұл еңбегінде Нәзір Төреқұлды араб тілін жетік білетін білікті маман ретінде арабтың қай дыбысының қазақтың соған сәйкес келетін (жақын келетін) қандай дыбыстарымен алмастырылғанын, қалай танбаланғанын немесе кей дыбыстардың мүлде түсіп қалатынын көптеген мысалдармен нақты (сөз басында, ортасында және сөз соңында) көрсетіп берген. Сондай-ақ ол – “Жалғыз-ақ әріп ауыстырумен жат сөз қазақ сөзі болмайды. Қазақ сөзі болып әбден сіңуі үшін сөздің жалпы құрылысы қазақша болуы керек.” – дейді. Зерттеуші араб-парсы сөздерінің ішінде әсіресе жіңішке буынды сөздердің көп өзгеріске ұшырайтынын айта келіп, сияқты сөздердің құрамында өзгеретін әріптердің жоқ екендігіне қарамастан, қазақ тіліне кіргенде береке, керемет түрінде танбаланып, адам танымастай өзгеріске ұшырағанын мысалға келтіреді.

Н.Төреқұлды араб тіліндегі фатха, кесре, гамма және тәшдидтің біздің тілімізге қалай қабылданғанын да көрсетеді. Мәселен, жіңішке буынды сөздердің құрамындағы фатха тілімізге көбінесе е болып өтетінін көрсететін бірнеше мысалдар келтіреді. Сол сияқты гамманың ү, ұ, о болып, кесренің е, ы, і болып қабылданатынын да, л, м, н әріптерінің қатар келмейтінін(тәшдид) де көптеген нақты мысалдармен көрсетіп береді.

Автордың “Татарда араб-парсы сөздерін бұзбай алу, айту мінезі бар. Бұл мінез қазаққа жарамайды” дей келіп, татар тілінен бізге де сол сөздерді өзгеріссіз қабылдауға жол беруге болмайды деген пікірі де орынды айтылған.

Кезінде бізге парсы тілінен енген - кер, - паз, - стан сияқты қосымшаларды қазір біз аса жатсына қоймайтынымыз, олардың тілімізге сіңісті болып қалғаны белгілі. Н.Төреқұлды бұл қосымшалар “үндестік заңын ойран қылады”, сондықтан олардың жалғануы арқылы жасалған жұмыскер, білімпаз, өнерпаз, әсемпаз, Қазақстан, Татарыстан сияқты сөздерді осы қалпында қалдырмай, -ғыш, -гіш, -шы, -ші сияқты төл жұрнақтарымызбен алмастырып немесе білім иесі, қазақ елі, татар елі деп өзгертіп алған дұрыс деп санайды.

“Жат сөздердің” бірінші бөлігі араб-парсы тілінен енген сөздерге арналса, екінші жартысы “Аурупа сөздері” деп аталады. Аурупа сөздері туралы әңгіме бастағанда-ақ автор – “Жалпы құрылысына қарағанда араб-парсы сөздеріне пішкен заңдарымыз аурупа сөздеріне де жарайды десек, үлкен жаңылыс болмайды. Аурупа сөздері де араб-парсы сөздеріндей өзгеруге тиіс” – дейді.

Жалпы Ахаң бастаған алаш зиялылары мен Нәзір Төрекұлұлының шет тілдерінен термин қабылдауға қатысты көзқарастарында айтарлықтай алшақтық жоқ. Алдымен өз тіліміздің мүмкіндігін пайдалану мен өзге тілдер сөздерінің барлығын да тіліміздің дыбыстық-құрылымдық заңдарына бағындырып қабылдау мәселесінде Н.Төрекұлұлы Қазақстан білім ордасының белгілеген қағидаттарымен, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы сияқты ұлт зиялыларының ұстанымдарымен келіседі. “Жат сөздер” авторы ұсынысының білім ордасы бекіткен қағидаттардан негізгі айырмашылығы – ол араб-парсының, түркілердің емес, еуропа тілдерінің сөздеріне басымдық беру қажет деп санайды. Оның себебін бір сөзінде ол “Біздің мәдениет кеңес мәдениетімен бірге кетпек. Біздің алдымыздағы 50-60 жыл ішінде қазақ баласы орыс мектебін көрмей, жоғары білімді алмайды (қазіргіше - ала алмайды)” деп, түсіндірсе, келесі сөзінде “Қазақ тілі жетпеген сөзін Ыстанбол мен Қазаннан іздемей-ақ ауропадан алады. Үйткені қазақ кедей болса, көбінше әзірге мәдениет, техникке терминдеріне кедей. Осылай болған соң тілдес елдердің өздері жетпеген терминдерін ауропадан алып отырған шақта “далделсіз” тура ауропадан алсақ не болады?!” – дейді.

Н.Төрекұлұлының еуропа сөздерін делдалсыз-ақ тікелей тұнұсқа тілден алайық деген ұсынысы дұрыс-ақ. Бірақ бұл мәселе 1924 жылы білім ордасы бекіткен қағидаттардан көрініс тапқан болатын. Елдес Омарұлы сиезде жасаған баяндамасы бойынша қойылған сұрақтарға жауап бергенде: “Түркі халықтарының бәріне ортақ жалпы түрік сөзі болмаса, – түрік халықтарының кез келген біреуінде бар сөзді жақын көрудің қиысыны болмайды. Қазақта жоқ сөзді басқа түріктерден іздеу керек – деген жобаны: түрік халықтарының бәріне ортақ сөздерден іздеу керек – деп түсіну керек”⁸ дейтін түсініктеме берген еді. Оның үстіне сиезде Н.Төрекұлұлы да баяндаманы талқылауға қатысып, өзінің айтқан болатын. Жалпы білімпаздар сиезінің “Иаурыпа халықтарының бәріне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің дыбыстарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын” деген қағидатты бекітуі Н.Төрекұлұлы ұсынысының алаш зиялылары жасаған қағидаттардан толық көрініс тапқанын көрсетеді.

Н.Төрекұлұлының М.Дулатұлының тұжырымдарына қатысты айтқан сыни пікірлерінің арасында да ескеретін тұстар аз емес.

⁸ Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Орынбор, 1925, 84-б.

Алайда ондай пікірлердің бірқатары ғылыми көзқарастарының ашақтығынан, ұстанған қағидаттарының бөлектігінен туындамағаны, оның басқа себептері бар екендігі аңғарылып тұр. Жалпы алаш зиялылары белгілеген терминология қалыптастыру қағидаттарының дұрыс жасалғандығына күмән келтіру қиын. Оны Қазақстан білім ордасының жұмысына барынша сын көзбен қарай отырып жазған, жан-жақты білімді қазақ зиялысы Н.Төрекұлұлының осы еңбегінен де көруге болады. Егер 1924 жылы сиез бекіткен қағидаттардың ғылыми негізінің қандай да бір осал тұсын байқағанда, Н.Төрекұлұлы өзіне тән өткір тілімен “тіліп-тіліп” айтқан болар еді.

Кітапшаның “Ауропа сөздері” деп аталған екінші бөлігінде де автор еуропа тілдеріндегі қай дыбыстың қалай өзгертіліп алынуы керектігін немесе араб сөздерін алғандағыдай жолмен қабылдауға болатынын көрсететін мысалдар келтіреді.

Нәзір Төрекұлұлының жиырмамыншы жылдары термин, терминология мәселелері жөнінде сөз еткен қазақ зиялыларының көпшілігінен «Қазақ тілінен лайық сөз табылмайтын болғанда, пән сөзді асыл түбірінен алу керек» деген пікірімен ерекшеленеді. Ол еуропа тілдерінің сөздерін бізге дейін қабылдаған тілдерден емес, аралық делдал тілдің көмегісіз тікелей түпнұсқа тілден алған дұрыс санайды. Бұдан ол еуропа терминдерін өзгертпей жазуды қолдады екен деген түсінік тұмауға тиіс. Ол еуропа сөздерін де араб тілінен енген сөздер сынды тіліміздің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп, өзгертіп алу керек деді. Оған ғалымның «Жаңа келген араб сөзінен жаңа сөз жасау қазақ тіліне қиын. Ауропа сөзін тілегенімізше бұзып, жаңа сөз жасау жеп-жеңіл» деген өз сөзі дәлел болады. Ол араб сөздеріне қарағанда еуропа сөздерін қабылдауға басымдық беру керек дегенімен, еуропа сөздерін де қалағанымызша өзгертіп алуды қолдайды.

Н.Төрекұлұлының бұл еңбегі кірме сөздерді тіліміздің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып қабылдау тұрғысынан А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлдарының, жалпы алаш зиялыларының көзқарастарымен сәйкесіп жатқан, көп тілді білетін білікті маман ретінде өз тарапынан қосқан нақты ұсыныстары мен тұжырымдары бар, осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын жазылғанына қарамастан, күні бүгінге дейін ғылыми құндылығын жоймаған кітап. Кірме терминдерді жазу бізде әлі толық шешімін таппаған, соңғы жылдары мамандар тарапынан жиі сөз болып жүрген мәселе. Бұл мәселені шешу барысында Н.Төрекұлұлының еңбегі ескерусіз қалмайды деп ойлаймыз.

«Еңбекші казак» газетінің 1926 жылдың 14 сәуіріндегі санында «Кітап сыны» деген айдармен аты-жөнін “Т.” түрінде қысқартып берген азаматтың “Жат сөздерге” жазған рецензиясы жарық көрді. Онда пікір білдіруші Н.Төрекұлұлының кейбір ойларына қатысты сыни пікірлер де айтылумен қатар – “Тегінде Нәзір кітабы казак тілін таза сақтауға едеуір шылбырдың ұшын береді. Нәзір казак тіліндегі сингармонизм жолын қуаттаушы жазушы. Мұндай кітаптар шыға беруіне тілектеспіз” – деп, бұл кітаптың құнды жақтарын айта келіп, сөзін аяқтапты.

Жарық көрген кезде де оң бағасын алған бұл еңбектің, кірме атауларды қабылдау мәселесі әлі шешімін таба қоймаған қазіргі кезеңде де қажетімізге жарайтынына еш күмән келтірмейміз.

II.9. Міржақып Дулатұлы математика терминдерін алғаш жасаушы

20-жылдары емле, аударма, газет тілі, терминжасам сияқты тілдің түрлі мәселелері жөнінде сөз қозғап, ұлт мәдениеті мен ғылымының өркендеуіне айрықшы атсалысқан казак оқығандарының бірі Міржақып Дулатұлы болды. М.Дулатұлының көпшілікке көбірек таныс «Қазак тілінің мұны» және баска да тілдің қолданысы мен түрлі мәселелеріне арналған макалаларын жеке арқау еткен жөн болар. Біз термин, казак терминологиясының қалыптасу, даму тарихы жайлы сөз етіп отырғандықтан, М.Дулатұлының осы мәселеге қатысты еңбектеріне ғана тоқталмақпыз. Ол «Жауыздық нызамнамасы», «Терминдер туралы», «Қазак тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға», «Газет тілі оңды болсын» сияқты макалаларында термин жасау мен аударма барысындағы кемшіліктерді сөз етеді. Мәселен, жазушы 1924 жылы «Ақ жол» газетінің 436-санында жарияланған «Жауыздық нызамнамасы», «Баяғы «Жауыздық нызамнамасы» (№ 464) атты екі макаласында да «Қылмыстық кодексті» аудару барысында орын алған кемшіліктерге, ондағы сәтсіз терминдерге тоқталады. Ол: «Сондықтан «Қылмыс заңы» бізге түсінікті де, мынау «Жауыздық нызамнамасы» жат, топас, ерсі көрініп тұр. «Нызамнамасы» – «нызам» болсын, намасына жол болсын» дегіміз келеді. Кітапты ақтарып, әр жерін көзбен шолып өткенде, жалғыз бұл «нама» емес, өзге «нама»-лар да толып жатыр екен. Мәселен, міндетнама, еғланнама, мағлұматнама, жазанама, қуәнама, өтірікнама сияқты. Бұл неғылған қаптап кеткен нама екенін түсіне алмадық. Түркістан қазағы «жаза, заң, нызам, қуәлік, өтірік» деген сөздерді «нама»-

сыз-ақ айта білетін еді. Тегінде бұл «нама»-ларды аудармашы өз жанынан қосып жіберсе керек» деп сапасыз аударылған кітапты сын тезіне алады. Автор бұл мақалаларында жаңа жасалып жатқан терминологиясындағы кемшіліктерді, термин жасау барысында жұрнақты орынсыз жалғауға жол берілгенін көрсетеді. Біліктілігі төмен аудармашының жауапсыз ісін мысалға ала отырып, салалық терминдерді аударуға, жасауға үлкен жауапкершілікпен қарау керектігін ескертеді.

Міржақып Дулатұлы өзге авторлардың терминжасам мен аудармадағы кемшіліктерін атап көрсетумен ғана шектеліп қалған жоқ. Ол өзі термин жасап, терминдерді қазақшаға аударды. Оның бұл бағыттағы атқарған ісі – «Есеп құралы» атты оқу құралын жазу барысында жүзеге асты. Математиканы қазақ баласына қазақша оқыту мақсатын көздей отырып жазған осы еңбегінде ол көптеген терминдер жасады, бірқатар терминдерді орыс тілінен тікелей аударды. Қазақ тіліндегі оқу құралдарының көпшілігі 20-жылдардың басынан бастап жарық көре бастағаны белгілі. М.Дулатұлының «Есеп құралы» 1914 жылы Орынборда басылуының өзі көп нәрсені аңғартады. Оның бұл құралы Аханның «Әліппе» мен «Тіл – құрал» сынды еңбектерімен қатар жарық көрген. Яғни, қазан төңкерісіне, 20-жылдарға дейін-ақ қазақ тіліндегі оқу құралының авторы болып, бұл іске алғашқылардың қатарында араласқан алаш зиялысы. М.Дулатұлының осы алғашқы құралының өзінде сан, цифр, бірлік, ондық, жүздік, қосу, алу, азайту, бөлу, көбейту, көбейту кестесі, қадақ, пұт, сн, ұзындық, кем, артық, есе артық, есе кем, шақырым, саржын, сағат, минут, секунд, алу белгісі, қосу белгісі, көбейту белгісі, бөлу белгісі, есеп, бұрыш сынды математика терминдері қолданылады. Қарапайым арифметикалық ұғымдарды білдіретін бұл атаулардың дені күні бүгінге дейін тұрақты қолданылып, математика тілінен берік орын алды. Ал М.Дулатұлының 1927 жылы Қызылордада басылған «Есеп құралы» (Екінші жылдық) атты оқу құралында 1914 жылы басылған құралдағы кездесетін атаулардан өзге мына төмендегідей терминдер кездеседі:

Есеп сызғышы, бірінші жүздік, шапшаң санау, деректі сан, тік бұрышты үшкіл, төрткіл, метр жүйесі, шотка салу, өлшеу, ескі өлшеу, жаңа өлшеу, ірі өлшеу, сантиметр, бөршек, дүйім, мысқал, кез, десте, километр, тонна, килограмм, грамм, миллиметр, литр, дюжина, тік төрткіл, аудан, қабырға, айырма, десятина, жарты десятина, шетбөрт, шетбөрек, шегеру, көбейту сатысы, сандықша, шаршы, толық ондық, екі цифрлы сан, бөлшек, дөңгелек, шаршы

кез, шаршы пұт, шаршы таяк, шаршы бөршек, шаршы дүйім, шаршы дециметр, шаршы таяк, кума метр, кума кез, ширек, қалдық сан, үлес сандар, процент, дөнгелек ондық, гектар, өспе сан, өсірме сан, өсінді сандар, бөлінбе сандар, бөлме сандар, ондық бөлік, есеп сатысы, кесе сызықтар, бұрыштық.

Оқу құралының кейінгі басылымы, бастапқы шыққан басылымынан біршама күрделеніп, жаңа ұғымдар қосылған. Соған сәйкес алғашқы құралдағы терминдермен қоса тағы жоғарыдағы көрсетіліп отырған бірқатар терминдер қосылған. Білім алушыларға математика ұғымдарының атаулары мен қоса геометриялық фигуралардың атаулары, ұлттық өлшем бірліктерімен қатар олардың орыс тіліндегі және әлем тілдеріне кең тараған атаулары таныстырылады. Қазақ баласының ұғымына қонымды болуы үшін автор сөз болып отырған құралдардың екеуінде де мысқал, кез, қадақ, пұт, шақырым сынды ұлттық өлшем-мөлшер атауларын қолданған. Есеп құрастыру, мысал келтіру барысында да автор қазақтың тұрмыс-салты мен тіршілігіне табан тіреп отырады. Жалпы оқу құралы қазақ баласының ұлттық таным-түсінігін, өскен ортасын, этностың өзіндік болмысын ескере отырып жазылғандығымен ерекшеленеді. М.Дулатұлының екі оқу құралында қазақша-орысша жарыспа нұсқаларымен қосып алғанда барлығы 80 шақты термин қолданылады. Олардың арасында километр, тонна, килограмм, грамм, миллиметр, литр, дюжина өлшем-мөлшер бірліктері мен тік бұрышты үшкіл, төрткіл, тік төрткіл, дөнгелек геометриялық фигуралардың атаулары да бар. Оқу құралдары бастауыш мектептің екінші жылдығына арналып отырғандықтан, терминдер санының аса көп болмауы да табиғи нәрсе. Алайда бұл құралдарда математика пәнінің ең қарапайым да басты ұғымдарының атаулары қамтылған.

Оқу құралындағы бірлік, ондық, жүздік және алу, қосу, бөлу, көбейту, азайту, шегеру тәрізді терминдер тізбегі мен деректі сан, белгілі сан, кіші сан, үлкен сан, өспе сан, өсірме сан, өсінді сан, бөлінбе сан, бөлме сан сынды терминдер ұғымдар жүйесінің ерекшелігіне сәйкес бір терминдік бойынша жасалған. Ал -ша, -ма, -тық сөз тудырушы жұрнақтары арқылы морфологиялық тәсілмен жасалған сандықша, айырма, бұрыштық тәрізді терминдер пішіні жағынан ықшамдылығымен, мейлінше жаңа атау болуымен ерекшеленіп тұр.

Міржақып Дулатұлының бес томдық шығармалар жинағының 4-томының алғысөзін жазған педагогика ғылымдарының до-

кторы Серғазы Қалиұлы былай деп жазады: «Ал енді Міржақып Дулатұлының сол кезде бірнеше рет басылып шыққан «Есеп құралы» кітабын парактап отырсаңыз, төрт түрлі ерекшелігімен көзге түседі. Біріншіден, орыс, татар, мешер (башқұрт), т.б. мәдениеті өркендеген елдердің оқулығына карап отырып, тыннан тілімізге жүзге тарта математикалық жаңа терминдер енгізген. Мәселен, косынды, қосылғыш, ондық сандар, бірлік сандар, теңге, тиын, шақырым, қарыс, сүйем, екі белгілі сандарды көбейту, көбейткіш, көбейтінді, есе артық есе кем, бөлу, бөлгіш, бөлінді, пұт, қадақ, баспа табак, мыңның ішіндегі сандардың жазылуы, таңба, алу, көбейту кестесі, сағат, минут, секунд, алыпсатар, еңбекақы, азайтынды, қалдық, сан т.б.».

Педагог ғалымның М.Дулатұлының казакша математика терминдерін жасап, терминқор қалыптастыру ісіне атсалысқан алаш зиялыларының бірі екендігін атап көрсетуі орынды. Дегенмен оның оқу құралындағы алыпсатар, еңбекақы, баспа табак сынды сөздерді терминдер қатарына қосуының негізі бар дей алмаймыз. Сондай-ақ, «мыңның ішіндегі сандардың жазылуы», «екі белгілі сандарды көбейту» деген сөйлемдер де математика термині бола алмаса керек. Сондай-ақ оның өзі алғысөз жазып отырған М.Дулатұлы шығармалары жинағының төртінші томында берілген «Есептану құралының» екі басылымынан да біз қосынды, қосылғыш, көбейткіш, көбейтінді, бөлгіш, бөлінді, азайтынды деген терминдерді кездестіре алмадық. Алғысөз авторы мүмкін оқу құралдарының басқа басылымдарынан алды ма, ол жағы айтылмайды. Сондай-ақ алғысөздегі «татар, мешер (башқұрт), т.б. мәдениеті өркендеген елдердің оқулығына карап» деген жолдар біздің қызығушылығымызды оятып, назар аудартты. М.Дулатұлының терминжасам тәжірибесінен, кейбір терминдерді аударуынан орыс тіліндегі терминдер үлгісі (бұрыштық, дөңгелек ондық, өспе сан т.б.), аңғарылады. Ал татар, башқұрт тілдерінің үлгісі бар деген ой ашылып, айтылып нақты тілдік деректермен дәйектеле түссекенде орынды болар еді. Әрине, Серғазы Қалиұлы терминтанушы ғалым емес, ол М.Дулатұлының жасаған терминдерін арнайы зерттеп те отырған да жоқ. Соған қарамастан, оның М.Дулатұлының математика терминдерін жасаушы екендігін алғаш атап көрсетушілердің бірі екендігін айтқан жөн. Ол ұлт зиялысы шығармашылығының өзі байқаған бір ерекшелігін атап көрсетіп отыр. Ал біз М.Дулатұлының терминжасам тәжірибесіне арнайы тоқталып отырған тіл маманы, терминтанушы ретінде осы

мәселеге қатысты айтылған әр тұжырымға мұқият назар аударуды міндет санағандықтан, С.Қалиұлының қысқаша пікірінің әр сөзіне мән беруге тырыстық.

Сонымен қорыта айтқанда, қазақтың көрнекті қаламгері, халқымыздың қайраткер ұлы Міржакып Дулатұлы ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыруға айрықша атсалысып, математика пәнінің бастауыш мектеп оқулықтарынан бастап қолданылатын негізгі атауларын алғаш жасаған тіл жанашыры.

II. 10. Қошқе Кеменгерұлы және термин мәселесі

XX ғасырдың 20-жылдары қазақ тілінің түрлі мәселелерін сөз еткен, оның терминологиялық қорының қалыптасуына атсалысқан алаш қайраткерлерінің бірі – Қошқе Кеменгерұлы. Ол өткен ғасыр басындағы ұлттық ағартушылық бағыттың көрнекті өкілі. Алған мамандығына келсек, ол алдымен 1913 жылы Омбыдағы ауыл шаруашылығы училищесінің ауыл шаруашылығы бөліміне түсіп, оны 1918 жылы аяқтаған. Одан кейін 1918 жылы Сібір ауыл шаруашылық және өндіріс институты ветеринария факультетінің медицина бөліміне оқуға түсіп, оны төртінші курсы бітірген соң 1924 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне ауысқан. Ташкентке ауысқаннан кейін ол газет-журнал жұмысына араласады. Орта Азия университетінде және Түркістан әскери училищесінде қазақ тілінен сабақ береді. Оның журналист, жазушы ретіндегі қызметі Омбыдағы ауыл шаруашылығы училищесіне түскен жылдардағы газет ісіне араласқаннан басталса, тілші ретінде қалыптасу кезеңі Ташкентте басталады. Ғалымның бүгінге дейінгі белгілі еңбектерінің ішіндегі тілге қатыстылары 1928 жылы Ташкентте, 1929 жылы Қызылордада жарық көрген екі кітаптан тұратын – «Жабыропалықтар үшін оқу құралы», Г.Архангельскийдің авторлығымен (Қ.Кеменгерұлының редакторлығымен), 1927 жылы жарық көрген Қ.Кеменгерұлының лекциялары негізінде дайындалған «Қазақ тілінің грамматикасы» және 1925 жылы Мәскеуде Қ.Кеменгерұлының басқаруымен жарияланған – «Орысша-қазақша тілмаш». Сондай-ақ оның мақалалары мен түрлі жиындарда сөйлеген сөздерінде де тіл мәселелеріне қатысты ойлар мен ұсыныс-пікірлер бар. Солардың бәрін жинақтап, алаш зиялысының лингвистикалық мұрасын жан-жақты қарастырудың маңызы зор. Әрине, тіл мамандары тарапынан ғалым мұрасы біршама зерттеле бастағанын да айту керек. Бұл орайда О. Жұбаеваның 2002 жылы қорғалған «Қ.Кеменгерұлының

тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары» тақырыпты кандидаттық диссертациясын атау орынды. Біз бұл тұста өз тарапымыздан негізінен оның терминологияға қатысты ойлары мен еңбектерінде қолданған терминдері жөнінде ғана сөз қозғап отырмыз.

XX ғасыр басында жарық көрген еңбектердің бірі Қошке (Қошмұхаммед) Кеменгерұлының басқаруымен басылған “Қазақша-орысша тілмаш” деп аталған сөздік. “Қазақша-орысша тілмашты” құрастырғандар: Қошке (Қошмұхаммед) Кеменгерұлы, Мұстафа Бұралқиев, Есім Байтасов, Абдолла Байғасқин, Шәкір Баймаханов, Ғаббас Дәулетбеков, Сұлтан Темірбеков, Төлеутай Сәрсенбаев, Қ.Кеменгерұлы тілмашты құрастырушылар қатарында болумен бірге, оның жалпы редакциясын да басқарған.

Қошке (Қошмұхаммед) Кеменгерұлының шығармаларын құрастырып, алғысөзі мен түсініктемелерін жазған филология ғылымдарының кандидаты Рәзия Рүстембекова бұл сөздік жөнінде “құрастырушылар, Қошкеден басқасы, тілші де әдебиетші де емес. Бірақ аса қажетті істі атқаруға белсеніп кіріседі... Сөздік тіл дамыту тарихындағы тұңғыш құрал болғандықтан ғана емес, мазмұнымен де құнды рухани қазынамыздың қатарында”⁹ – деп жазады.

“Қазақша-орысша тілмашка” дейін де бірқатар еңбектердің жарық көргенін ескерсек, Р.Рүстембекованың тілмашты «тіл дамыту тарихындағы тұңғыш құрал» деген пікірімен келіспеушілердің табылары сөзсіз. Ал оның өзге келтірген мәліметтері де, сөздіктің мазмұны жөніндегі пікірі де орынды.

Сол кезеңде жаңадан жасалған көптеген терминдердің жалпы филологиялық сөздікке енгізілуі ондай терминдердің сала мамандарының шеңберімен шектеліп қалмай, қалың жұртшылықтың арасына тез тарап, санасына сіңіп, қалыптасып кетуіне септігін тигізді деп білеміз. Өйткені екі тілді аударма сөздікті жалпы жұртшылық жаппай пайдаланады.

Тілмаштың алғы сөзінде авторлар «В данное время, с связи с переводом научных книг, у нас сильно идет словообразование» деп жазады. XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары қазақ тілінің сөзжасам қабілеті артып, көптеген жаңа атаулардың қолданыла бастағаны бізге сол кезеңде жарық көрген әдебиеттер мен мерзімді басылымдар арқылы жақсы мәлім. Ұлттық ғылым тілін қалыптастыру мәселесі қолға алынып, ел зиялылары бұл іске үлкен

⁹ Қошке (Қошмұхаммед) Кеменгерұлы Шығармалар А., 1995. 13-б.

мән беріп, олардың өздері тікелей атсалысып отырған кезеңде басқаша болуы да мүмкін емес еді. “Қазақша-орысша тілмашта” авторлардың өздері айтып отырған сол кезеңдегі жаңа жасалған атаулар көптеп қамтылған. Мысалы, аласылы (кредитор), артыс (нагрузка), аударыс (переворот), бересілі (должник), бірік (коллектив), білдіргіш (справочник), үлдірік (плёнка), үнемші (экономист), ортақшыл (коммунист), ортақшылдық (коммунизм), құрама (федерация), құралық (календарь), сәрсендеме (гимнастика), заман хат (мемуары), делегей (центробежный), шендестіру (антитеза), шығарғыштық (творчество), дәуірлес (современник), әріптес (соученик), тартым (конъюктура), дерексіз даналық (метафизика), шама тілі (математика), тек мүше (элемент), жермай (керосин), жан жүйесі (психология), тіл қисыны (стилистика), әуез өнері (музыка), адамшылық (гуманность), тәжірибақана (лаборатория), тетік (механизм), тетік күш (механическая сила), тетік ғылымы (механика), жауапкер (ответчик), шаңдақтық (тычинка), зейіндеме (рассуждение), салт-сая (идеология), саудагершілік (коммерция), сылау (массаж), керкету (регресс), кездеме (мануфактура), кенсешілдік (бюрократизм), келістік (гармония), мәжілісқат (протокол заседания), мұқам (жаргон), мұқыр (дезинфекция), алас (дезинфекция) т.б.

Тілмашты сүзіп шыққанда біз жиырмасыншы жылдары жасалған жоғарыдағы сынды терминдер мен жаңа қолданыстардың сөздікке мольынан енгізілгенін аңғардық. Бұл сөздік авторларының жаңа атауларды тілмашқа көптеп енгізуі – олардың алаш зиялыларының терминологияны қалыптастыруда ұстанған бағытын қолдайтындығын және сол атаулардың көпшілік санасына сіңіп, кең таралуына мүдделі болғандығын көрсетеді. Егер тілмаштың жалпы редакциясын басқарушы Қ.Кеменгерұлы немесе өзге авторлар басқаша көзқараста болып, қазақ тілінде жасалып жатқан атаулардың лексикалық қордан орын алуын қаламаған болса, онда оларды сөздікке енгізбеген болар еді. Екінші жағынан, ондай атаулардың зиялылар мен жұртшылық тарапынан дұрыс қабылданып, баспасөзде, өзге де әдебиеттерде жаппай қолданыла бастауы да олардың сөздіктегі реестр сөздер қатарынан орын алуға себеп болғанын назардан тыс қалдыруға болмайды. Тілмаш авторлары алғысөзде бұл еңбектерін негізінен еуропалықтарға арнадық деп жазады. Жалпы сөздік типі жағынан терминологиялық немесе оқулық сөздік емес, жалпыға арналған екі тілді аударма сөздік. Сондықтан бұл сөздік түрін белгілі бір мамандық иелері ғана пайдаланып қоймайды, қалың жұртшылық қажетіне жарағанда алыды.

Сондай-ақ терминдік мағынада жұмсалған немесе қазақ тілінде жана жасалған термин сөздің орыс тіліндегі қай терминнің баламасы екендігін де анықтау мүмкіндігіне ие болады. Негізінен белгілі бір саланың мамандары көбірек пайдаланатын терминологиялық сөздік сияқты емес, екі тілді аударма сөздікке жұрт көбірек жүгінеді. Сол себептен де онда қамтылған жаңа терминдердің таралу аудиториясы кеңіей түседі. Міне бұл тұрғыдан келгенде, “Қазақша-орысша тілмаш” ХХ ғасыр басында жасалған қазақ терминдерінің көпшілікке таныла түсуіне белгілі дәрежеде ықпал еткен сөздік деуге толық негіз бар. Әрине, бұл сөздікке енген терминдер мен жаңа сөздердің бәрі бірдей тілде орнығып қала алмады. Оған жоғарыда келтірілген мысалдағы атаулар дәлел. Бірақ оның себебін ондай атаулардың сәтсіз жасалғандығынан немесе сөздік авторларының жаңа сөздер мен терминдерді талғамсыз енгізе бергенінен деп түсінуге болмайды. Олай болуының басты себебі – сол жиырмасыншы жылдардың соңына, отызыншы жылдардың басына қарай ұлт тілінде термин жасауда алаш зиялылары ұстанған бағыттың өзгертіліп, терминологияны қалыптастырудың басқа арнаға бұрылуы. Терминологияның халықаралық сипатын арттыру, советтік терминологиялық қор қалыптастыру бағытының белгіленуі алаш оқығандарының қаламынан туындаған көптеген терминдердің қолданыстан шеттетілуіне негіз болды. Соның салдарынан көптеген ұтымды жасалған атаулар лексикалық қорымыздан орын ала алмады. Керісінше, өміршеңдік танытып, терминқорымызды толықтырғандары да аз емес. Олардың қатарына осы сөздікте қамтылған мынадай атауларды жатқызуға болады:

Әдістеме – методика, әкім – администратор, власть, әкімдік – административность, зиялы – интеллигент, мінездеме – характеристика, отаршыл – колонизатор, отаршылдық – колонизаторство, сарап – экспертиза, сарапшы – эксперт, тозаң – пыль, үндестік – сингармонизм, отаншыл – патриот, отаншылдық – патриотизм, дәріс – лекция, урок, салым – вклад, сөгіс – выговор, сезікті – подозрительный (подозреваемый, юр.), сұйықтық – жидкость, құқық – право, ұйым – организация, етістік – глагол, етіс – залог, балама (эквивалент), бақылаушы (наблюдатель) т.б.

Бұл терминдердің едәуір бөлігі тілдік қолданысқа бірден еніп кетсе, ал кезінде заман ағымына байланысты шеттетілген әдістеме, әкім, әкімдік, зиялы, сарап, сарапшы, отаншыл, отаншылдық, дәріс, салым, құқық сынды бірқатарын кейінгі кезеңде 90-жылдардан бастап қайта қажетімізге жарата бастадық. 20-жыл-

дарда жарық көрген әдебиеттерден, газет-журналдардан және осы сөздіктен алынған бұл атаулар қазір кеңінен қолданыс тауып отыр. Сөздіктен сұрыптап алып, қолдануға болатын сәтті баламаларды әлі де кездестіруге болады. Айталық, *ауғын (переселенец), аужай (положение), тауал (энергия), тамтық (остаток), сіңім (питательность), ыспар (практик)* сынды бірқатар атауларды дәл сөздіктегідей мағынада болмаса да, мағынасын жаңғыртып, осыған жуық мағынадағы баламасы табылмай жүрген кейбір кірме атаулардың орнына қолдануға болады.

Өзге тілдегі атаулардың барлығына бірдей дәл балама табу оңай іс емес екендігі белгілі. Ұлт тіліндегі термин шығармашылығының алғашқы кезеңдерінде кейбір ұғым атауларына балама таппаған жағдайда оларды сипаттай аудару, бір сөздің мағынасын екі немесе одан да көп сөз арқылы беру жиі байқалатын құбылыс болды. Тіпті қазіргі уақытта да ондай сипаттама түріндегі аудармаларды кездестіру қиын емес. “Қазақша-орысша тілмашта” *ұшқыш машина (аэроплан), қызметкер саны (штат), көрікті жер (ландшафт), жырық саға (дельта), от тау (вулкан), дарынды сөз (поэзия), әлем-тапырақ (хаос), әдемілік пәні (эстетика), әдіс ғылымы (технология), бет алыс (тенденция), тұрпат үлгі (модель), қару құрал (вооружение)* сияқты сипаттай аударған атаулар біршама. Жат тілдік атаудың қандай ұғымды білдіретіндігін түсіндіру, олардың мағыналарын жалпы сипаттап болса да қазақ тілді қауымға ұғындыру маңызды болған кезең үшін бұл да қажет еді. Алайда еуропалықтар мен славияндарға олардың тілдеріндегі атаулардың қазақша баламасы мынау деп беру тіл үйренушілерге қиындық туғызатындығын да жоққа шығаруға болмайды.

Ал кірме терминдерді жазу, оларды қазақ тіліне қабылдау мәселесіне келгенде, сөздік авторлары ХХ ғасыр басындағы алаш зиялылары ұстанған қағидатты басшылыққа алған. Тілмашта қазақша баламасы табылмаған атаулардың барлығы дерлік ұлт тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес өзгертілген нұсқасында берледі. Оған сөздіктегі мына төмендегі сынды атаулар айқын дәлел болады. Мысалы, *әгент (агент), әктіп (актив), әлжебір (алгебра), бағызал (вокзал), бексіл (вескель), декірет, мәшине, мәшинеші, магнет (магнит), панар (фонарь), жағрапия (география), жанарал (генерал), жантар (янтарь), зауыт (завод), сыйпыр (цифра), кәссі (касса), көлексие (коллекция), күріс (курс), кемесие (комиссия), кібитансие (квитанция), кимше (химия), мекрүп (микроб), натарыс (нотариус), өктебір (октябрь), үйез (уезд), енженер (инженер), бартал (квартил) т.б.*

Терминдердің емлесі мәселесінде осы тілмаш жарық көрген 1925 жылдары да одан кейінірек те Қ.Кемеңгерұлының ұстанымының айқын болғанын көрсететін деректер кездеседі. 1929 жылғы маусымның 2-4 аралығында Қызылорда қаласында орфография мәселелеріне арналып өткен ғылыми конференцияда сөйлеген сөзінде Қошке Кемеңгерұлы кірме терминдердің емлесі туралы ұсыныстарын ортаға салды. Орысша сөйлеген сөзінде ол өз ойын былай деп түйіндейді. «Тепер вопрос об орфографировании иностранных терминов... Если мы в основу орфографии казакских слов кладем фонетический принцип, за некоторым исключением, то, мне кажется, излишне поднимать вопрос об орфографировании иностранных слов по морфологическому принципу». Ғалым кірме терминдерді жазуда фонетикалық қағидатты басшылыққа алуды дұрыс деп санайды. Тілмашқа енгізілген кірме терминдер де осы қағидатқа бағындырылып жазылған. Қ.Кемеңгерұлының осы конференцияда сөйлеген сөзіндегі орыс тілінің кірме терминдерді қабылдау тарихын мысалға келтіруі де назар аудартады. Ол екі тілдің термин қабылдауын салыстыра баяндайды. «У русских вводились термины не революционно, а эволюционно, в течение веков, даже сохраняя влияние греческое, церковно-славянское, затем влияние Западной Европы. В течение трех с половиной столетий получилось освоение терминов русской письменностью. Мы вынуждены вводить громадное количество терминов в течение 5-10 лет»¹⁰.

Ол қазақ тілінің мыңдаған терминдерді қысқа мерзімде қабылдауға мәжбүр екендігін айта отырып, одан әрі оларды қабылдау кезінде морфологиялық құрылымына назар аудару керектігін алға тартады. Бұдан ғалымның кірме терминдерді де төл сөздеріміз сынды фонетикалық қағидатқа негіздеп жазғанмен, олардың түпнұсқа тілдегі қалпын анықтауда морфологиялық қағидатқа сүйенуді қолдағанын көруге болады.

Қ.Кемеңгерұлының редакторлығымен жарық көрген “Қазақша-орысша тілмаш” қазақтың лексикография тарихында өзіндік орны бар сөздік болумен қатар, XX ғасыр басындағы ұлт тіліндегі термин шығармашылығынан көрініс беретін, терминжасам үрдісінен хабардар стетін және кезінде жаңадан жасалған терминдердің қалыптасуына белгілі дәрежеде ықпал еткен еңбек. Әр кезеңде бұл

¹⁰ «Фонетический принцип научно-орфографической конференции, созванной 2-4 июля 1929 г. Редколлекцией Советом НКПС и ЦКЗНТА. Алматы, 1930.

сөздік жөнінде заман ағымына сай айтылған пікірлер мен сындар да болды. Отызыншы жылдары оның құндылығын мүлде жоққа шығарғысы келген сынаржак сындар айтылса, тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейінгі жылдары алаш мұрасына көңіл бөліне бастаған жылдарда негізі берік дәлелді тұжырымдар жасаушылармен қатар кейде ғылыми нақтылықтан гөрі үстірт пайымдаулар мен жалпы дәріптеулерге жол берген пікір айтушылар да кездесіп жатады. Алаш мұрасына адал болу, оны зерттеуге үлкен жауапкершілікпен қарау бүгінгі ұрпақ парызы екендігі даусыз. Сондықтан құрғақ дәріптеуге ұрынбай, сол кезеңде жарияланған еңбектердің жетістіктері мен кемшіліктерін ашық көрсетіп, оларды кәсіби біліктілікпен талдап, ғылыми құндылығын анықтай отырып ұрпақ қажетіне жарату міндет.

30-жылдары М.Қайыпназарұлы «Социалды Қазағыстан» газетінде жарық көрген «Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін» деген мақаласында «Оқу кемесеретінің термин кемесесінде алашшыл оқығандардың ықпалы күшті болып тұрған кезде Кемеңгер ұлының басқаруымен бір сөздік (сылобар) шыққан; ол жалпы алғанда ұлтшылдық бағытында болды; білім жағынан толымды бола алмады»¹¹ деп жазды.

Сөздіктің алашшыл оқығандардың ықпалы күшті болып тұрған кезеңде жарық көргені рас. Алайда бұл сөздікті М.Қайыпназарұлы айтқандай, «білім жағынан толымды бола алмады» деу негізсіз. Дәлірек айтқанда, сын айтушының қандай толымсыздық туралы айтып отырғаны түсініксіз. Пікірін дәлелдеп, нақты мысалдар келтірмейді. Ал «ұлтшылдық бағытында болды» дегені, бұрын аударылмай алынып жүрген терминдердің аударылуы, сөздікке қазақша жасалған терминдердің көптеп енгізілуі болса керек. Қазақтың ұлттық терминологиясын қалыптастыру, ұлттың өз тілінде жаңа терминдер жасауы ұлтшылдық белгісі емес, бұл тіршілік етіп жатқан тірі тілдерге тән табиғи үрдіс. Сөтсіз жасалған, ғылыми ұғымның мазмұнын қамти алмайтын терминдер болса, оларды нақты көрсетіп, ондай атаулардың кемшіліктерін айқындап берсе, ондай сынның пайдасы болар еді.

Ал 1926 жылы «Оқушы» деген бүркеншік атпен жарық көрген шағын пікірде сөздіктің қажеттілігі, кейбір сөздердің берілуі мен аудармаларының дәл еместігі орынды атап көрсетілген. Мәселен.

¹¹ Қайыпназарұлы М. Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін. «Социалды Қазағыстан» 10 қазан 1932, № 232.

пікір білдірушінің мына келтірген деректері көңілге қонады. «Әр жерінен актарып қарағанымызда, бұл тілмаштың кемшілігі де аз еместігі көрінеді. Мәселен, аюланбақ – медвежится, шешелемек – называть матерью, этештенбек – петушиться деген сықылды. Кей сөздерге берген мағаналары қазақша да емес, жатық та емес, түсінікті де емес. Мәселен: тауқымет – насилие, гадауат – вражда, саранжам – порядок, шапағатшы – заступник, соламай – все, что есть, тоңғармақ – опрокинуть, тазданбақ – плешиветь, ақыланбақ – отказываться от оказания другому бесплатных услуг, гарық болмақ – утонуть.

Мұндай қолайсыз сөздер бірін-саран теріс мағаналар табыла беретін көрінеді. Бұл кемшіліктер екінші басылымда түзетілуі керек»¹².

“Еңбекші қазақ” газетінің 1926 жылғы 24 қарашадағы санында «оқушы» деген бұркеншік атпен жазылған автор пікіріне Қ.Кемелгерұлы жауап береді. “Қазақша-орысша тілмаш” туралы түсініс» деп аталған бұл жауабында сөздік редакторы 400-дей сөздің баспадан кәте терілгенін, аюланбақ, шешелемек, этештенбек сөздерінің еуропалықтар үшін қажетті екенін және тауқымет, гадауат, саранжам, соламай, тазданбақ, ақыланбақ сынды өзге де сөздердің қай авторлардан, қандай кітаптардан алынғанын көрсетеді. Сөздік редакторы өз ұстанымдарын дұрыс деп санайды. Сыни пікір айтушының ешбір ұсынысын қабылдай алмайтынын айтады.

Тілмашқа тауқымет, гадауат, саранжам, шапағатшы сынды тілімізде қолданыс тауып жүрген сөздердің енгізілуі де, оған қатысты жазылған «оқушының» пікіріне Қ.Кемелгерұлының дау айтуы да өте орынды. Ал енді аюланбақ, шешелемек, этештенбек сынды сөздердің берілуіне қатысты «оқушы» пікіріне құлақ асу керек еді деп білеміз. Өйткені бұл үлгідегі сөздерді реестр ретінде бермей, түбірін және қандай қосымшалар арқылы мағына туындап тұрғанын көрсетілгені немесе қимыл атауы түрінде берілгені ұтымдырақ болар еді.

“Қазақша-орысша тілмаш” туралы өзге де айтылған пікірлер бар. Мәселен, «Ақ жол» газетінің № 431 санында «Тілмаш жайынан» деген мақала жарияланған. Сондай-ақ кейінгі кезеңде де бұл сөздік жөнінде тілші, әдебиетші ғалымдар тарапынан сөз қозғаушылар болды. О.Жұбаева, Р.Рүстембекова, Н.Кемелгеров, Д.Қамзабекұлы сынды авторлардың бірі бұл сөздікті ХХ ғасыр басындағы қазақ

12 Оқушы. «Еңбекші қазақ», 1926 жылғы 12 қыран, № 225 (662).

лексикографиялық мұрасы ретінде лингвистикалық тұрғыдан арнайы қарастырса, екіншілері оны қайта бастырып шығарып, алғысөзін, түсініктерін жазды. Ал біз оны терминологиялық сөздік болмаса да XX ғасыр басындағы терминжасам үрдісі жөнінде мол мәлімет беретін сөздік ретінде қарастырдық.

XX ғасыр басында еңбек еткен алаш зиялылары сынды Қ.Кемеңгерұлы да ұлт тілінде термин жасауға, өзге тілдегі атауларды қазақшаға аударуға ерекше мән берген. Оның бұл ұстанымына берік болғанын ісінен де сөзінен де көруге болады. «Терминдерді алу туралы кейбіреу басқа елдер қалай атаса, қазақшаға айналдырмай-ақ, біз де солай атайық десті. Бұл – тіпті адасқан пікір. Күйіміз келсе, сөзіміз жетсе, қазақшалаңдырып алуымыз керек. Мәселен, «геометрия»-ны қазаққа геометрия десек, көзіне түк елестемейді. Ал «пішіндеме» десек, қазаққа таныс, елестейді. Сондықтан терминді қазақша алуға дауласуда мән жоқ»¹³.

Ғалымның осы пікірінен оның кірме терминдерді қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес өзгертіп қабылдаудан гөрі, қазақша термин жасауға баса мән бергенін көруге болады. Кірме терминдерді сол қалпында өзгерпей, қазақшаға аудармай алуды ол «адасқандық» деп санайды. Олай істеуге барынша қарсы. Ғалым сонау өткен ғасыр басында «терминді қазақша алуға дауласуда мән жоқ» деген тұжырым жасаса, бүгін «терминді қазақшалап әуре болудың мәні жоқ» дейтін пікірді қолдаушылар аз емес. Біз кенестік дәуірдің 30-жылдардан бергі 60-70 жылында қазақ тіл білімі дамуының, оның терминологиялық қорын қалыптастырудың бастауында тұрған Қ.Кемеңгерұлы сынды алаш зиялыларының осы ұстанымдарын ескермей, олардың пікірлеріне құлақ асып, термин шығармашылығында олар басшылыққа алған қағидаттарға тиісті дәрежеде назар аудармағандық. Олардың ұстанымдары 30-жылдардың бас кезінде қатаң сынға алынса, кейіннен мүлде ұмыт қалып, ғылыми айналымнан шығып қалғандай. Сол себептен де қазақ терминологиясының ұлттық сипатын әлсіретіп алдық. Алаш мұрасына, олардың ұлттық ғылым тілін дамытуда ұстанған бағытына, басшылыққа алған терминжасам қағидаттарына қайта жүгініп жатуымыз кездейсоқтық емес. Бұл қажеттіліктен туындап отырған әрекет. Өткенімізді парықтап алмай тұрып, алға қадам басуымыз қиын.

13. Кемеңгерұлы Қашқарлы сөзі. Орта мәселелер туралы айтылған пікірлерінің бірі. «Алаш зиялыларының шығармалары», 1927 жыл.

інгі жетпіс жылға жуық тарихында терминология дамуының бұл кезеңіне, алаш зиялыларының атқарған істеріне, ұстанған бағыттарына тек теріс баға беріліп келді. Оларды негізсіз қаралау, кінәсіз айыптау орын алды. Алашшылдардың тілді, оның терминологиясын дамытуда ұстанған жолы көп ұлтты кеңес одағының жүргізіп отырған тіл саясатына жасалған қарсылық, кертартпа бағыт деп танылды. Буржуазиялық, ұлтшылдық, пантүркішілдік, пуристік бағыттың тамырына балта шабу қажет деген ғылыми негізі жоқ жалаң ұраншылдық, әсіре белсенділік жаппай белең алды. Ол – кеңестік саяси-идеологияға негізделген сыңаржақтық, казак зиялыларының атқарған істерін бір жақты бағалау еді. Ал шын негізінде қазақтың ғылым тілінің, терминологиясының дамуына Ахмет Байтұрсынұлы бастаған казак зиялылары өздері осы істің басында болған 10-15 жыл көлемінде өлшеусіз үлес қосты. Олар казак терминологиясының даму бағытын, ғылыми қағидастарын белгіледі, ұлттық терминкордың негізін қалыптастырды, ұлт тіліндегі терминжасам үлгісін көрсетті және термин шығармашылығының тәжірибесін қолға алып, бұл істе нақты нәтижелерге қол жеткізді.

Сондықтан да негізсіз бұрмаланған тарихи шындықты қалпына келтіріп, олардың ұлт тілін дамыту мен оның терминкорын қалыптастыруда атқарған істеріне әділ бағасын беру өз алдына, біздің осы саладағы ісіміздің ілгері басуы үшін олардан үйренетініміз де аз емес. Мұндай мақсатымызға біз алаштың тілдік мұрасын жинақтап, оларды жан-жақты зерттеу арқылы ғана қол жеткізе аларымыз анық.

Бұл кезеңде терминологияны дамыту стихиялы түрде жүзеге асқан жоқ. Қазақ зиялылары ұлттық терминкор қалыптастырудың басты қағидастарын талқыға сала отырып, ресми бекітті. Білімпаздар сиезінің арнайы қаулысын шығарды. Өз жұмыстарын жүргізуде сол қағидастарды басшылыққа алды. Алаш зиялыларын айыптаушылар олар пуристік бағыт ұстанды деген кінә тағады. Сол кінәлаушылар алаш зиялылары әлем тілдеріне кең тараған халықаралық терминдерді өз тіліміздің заңдылықтарына сәйкестендіріп қабылдауды өздері жасаған қағидастарының бірі ретінде белгіленілген көргісі де, айтқысы да келмеді. Түркі тілдеріне жататын қазақ тілінің өзімен түбі бір туысқан тілдерінен сөз алуын, осы тілдер арасындағы терминалмасуды да кері кеткендік деп санаушылар болды. Қазақ зиялыларының туыстас тілдер арасында терминалмасым болуы қажет деген ұстанымдарын кеңестік ғалымдар мен қызыл белсенділер олардың кемшілігі

Жоғарыда келтірілген пікірінде Қ.Кемеңгерұлы геуметриге десек, қазақтың «көзіне түк елестемейді» депті. Бұл бір карағанда аса көңіл аударуды қажет етпейтін сөз сияқты болып көрінуі мүмкін. Шындығында олай емес. Керісінше, ғалымның осы пікірі айрықша назар аударуды қажет етеді. Терминологияда «термин мағынасының ұғынықтылығы» (прозрачность значения термина) деген ұғым бар. Кеңес ғалымдарының өзі бұл мәселеге кейіннен 70-80 жылдары ғана ден қойды. Қ.Кемеңгерұлының жиырма бесінші жылдары-ақ ұлт тілін тұтынушыға терминнің белгілейтін ұғымы жөнінде ашық мәлімет беріп тұруы керек деуі айрықша құнды пікір. Алаш зиялыларының лингвистикалық мұрасына тереңірек үңілген сайын мұндай ғылыми құндылығын жоймаған тұжырымдарды әлі кездестіре беретіндігімізге күмән келтіре алмаймыз.

Қошке мұрасын зерттеуші О.Жұбаева «Мұрағат деректеріне зер салсақ, Қ.Кемеңгерұлы жаратылыстану, химия пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударғанынан хабардар боламыз. Сонымен қатар мұрағат қорында Қ.Кемеңгерұлының 1925 жылдың 16 қарашасында «Ауылшаруашылық ғылымы» атты кітапты аударуға келісім беретіні жайында хаты сақталған» деп көрсетеді. Ғалымның осы аталған және өзге де аудармалары мен «Орысша-қазақша сөздігі» табылып жатса, оның қаламынан туындаған көптеген терминдерін де анықтаудың, оның терминжасам, аударма тәжірибесінің ерекшеліктерін көрсетудің де мүмкіндігі туындары сөзсіз. Сондықтан тілші ғалымдардың, Қошкетанушылардың бұл бағыттағы ізденістері әлі де жалғаса беруге тиіс.

20-жылдардағы қазақ терминографиясы

III .1. Термин, терминология мәселелерінің мерзімді
баспасөз беттерінде сөз болуы

Қазақтың ғылым тілінің, терминологиясының қалыптасу тарихында ХХ ғасыр басындағы жарық көрген мақалалардың, оқу құралдарының, сөздіктердің алатын орны айрықша. Бұл кезеңде терминологияны қалыптастыру ісімен қазақ тіл білімінің негізін қалаушы аса көрнекті ғалым А.Байтұрсынұлы және онымен замандас, мұраттас алаш оқығандары айналысқандығы белгілі. Бұл кезең оныншы жылдардан басталғанымен алаш зиялыларының қарқынды жұмыс істеген уақыты 1920 жыл мен 1930 жылға дейінге он жылдай уақытты қамтиды. Соңғы он-он бес жыл көлемінде Алаш зиялыларының шығармалар жинағы жарық көрді. Сол кезеңде жарық көрген терминдер сөздігі мен зерттеу еңбектері қайта басылып шықты. Олардың қатарына «Пән сөздері», «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі», Н.Төреқұлұлының «Жат сөздер туралы» сияқты еңбектерді қосуға болады. Кезең келбетін айқындау бағытында жүргізілген ізденістеріміз де жоқ емес. Бұл кезеңнің ерекшелігі. Аханның терминологияны қалыптастырудағы рөлі туралы бірқатар мақалалар жарық көргенімен, жүйелі жазылған, терең лингвистикалық талдау жасалған осы кезеңнің толық сипатын ашып көрсететін іргелі ғылыми еңбек әлі жариялана қойған жоқ. Ондай іргелі еңбек осы кезеңде жазылған ірілі-ұсақты еңбектерді, мақалаларды, сөздіктерді жинақтап, оларды ғылыми сараптау арқылы жазылары сөзсіз. Біздің жнырмасыншы жылдары жарық көрген бірқатар еңбектерді қайта бастырып шығарып, сол жылдары жарық көрген мақалалардың жинағын құрастырудағы басты мақсатымыз – алаш зиялыларының қазақ терминологиясын дамыту бағытында атқарған істерін, жұртшылыққа таныстыра отырып, олардың қалдырған мұрасы арқылы сол кезеңнің тұтас келбетін айқындау болатын. Олай дейтініміз, кеңестік дәуірдің 30-жылдардан кей-